

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



The Maria Grzegorzewska  
**UNIVERSITY**  
established 1922



**III ТОМ**



педагогика ғылымдарының докторы,  
ҚПҒА академигі БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған  
«ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА,  
ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»  
атты Халықаралық педагогикалық оқуларының

**ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК**

«НЕПРЕРЫВНОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ИННОВАЦИОННАЯ ПАРАДИГМА, ТЕХНОЛОГИЯ И МЕТОДИКА»,  
посвященные 60-летнему юбилею доктора педагогических наук,  
академика АПНК  
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

**COLLECTION**

"CONTINUING PEDAGOGICAL EDUCATION: INNOVATIVE PARADIGM, TECHNOLOGY AND  
METHODOLOGY", dedicated to the 60th anniversary of  
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA  
KLARA ZAYDARBEKYZY BUZAUBAKOVA

Тараз, 15 наурыз 2023 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х. ДУЛАТЫ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ  
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ),  
КАРАБЮК УНИВЕРСИТЕТІ (ТУРЦИЯ), БРАГАНСА ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
(ПОРТУГАЛИЯ), МАРИЯ ГЖЕГОЖЕВСКАЯ УНИВЕРСИТЕТІ (ПОЛЬША), ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
АҚПАРАТТАНДЫРУ АКАДЕМИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАН),  
БІЛІМ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЛИГАСЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТЫ  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ  
ШАДРИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ (РОССИЙСКАЯ  
ФЕДЕРАЦИЯ), УНИВЕРСИТЕТ КАРАБЮК (ТУРЦИЯ), ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
БРАГАНСА (ПОРТУГАЛИЯ), УНИВЕРСИТЕТ МАРИИ ГЖЕГОЖЕВСКОЙ (ПОЛЬША),  
МЕЖДУНАРОДНАЯ АКАДЕМИЯ ИНФОРМАТИЗАЦИИ (КАЗАХСТАН), КАЗАХСКАЯ ЛИГА  
ЭКСПЕРТОВ ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
M.KH. DULATY TARAZ REGIONAL UNIVERSITY  
DEPARTMENT OF PEDAGOGY  
SHADRINSK STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY (RUSSIAN FEDERATION) UNIVERSITY OF  
KARABUK (TURKEY), POLYTECHNIC INSTITUTE OF BRAGANZA (PORTUGAL), THE MARIA  
GRZEGORZEWSKA UNIVERSITY (POLAND), INTERNATIONAL ACADEMY OF INFORMATIZATION  
(KAZAKHSTAN), KAZAKH LEAGUE OF EDUCATIONAL EXPERTS

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі  
БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған  
«Үздіксіз педагогикалық білім беру:  
инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты  
Халықаралық педагогикалық оқуларының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
Международных педагогических чтений  
«Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма,  
технология и методика», посвященные  
60-летнему юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК  
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

MATERIALS  
International Pedagogical Readings  
«Continuing pedagogical education: innovative paradigm, technology and  
methodology», dedicated to the 60th anniversary of  
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA  
KLARA ZAYDARBEKKYZY BUZAUBAKOVA

ТОМ 3

2023 жылы 15 наурыз  
15 марта 2023 года  
15 march 2023

«Dulaty university»  
баспасы  
Тараз, 2023

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

**Редакционная коллегия: Елубаева М.С., Ушакбаева К.Р., Конакбаева Т.Е.**

**Ответственный редактор: Бузаубакова К.Д.**

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі Бузаубакова Клара Жайдарбекқызының 60 жылдық мерейтойына арналған **«Үздіксіз педагогикалық білім беру: инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты Халықаралық педагогикалық оқуларының материалдары.** – Тараз: Dulary university, 2023. Том 3. - 598 б.

**ISBN 978-9965-37-416-6**

**Материалы Международных педагогических чтений «Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма, технология и методика»,** посвященные 60-летнему юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК Бузаубаковой Клары Джайдарбековны – Тараз: Dulary university, 2023. Том 1. – 187 с.

Жинаққа «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялауға; білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын және цифрлы білім берудің заманауи трендерін айқындауға, педагогтердің шығармашылық әлеуетін жетілдіруге, педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеуге арналған материалдар енгізілген.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған.

В сборнике размещены материалы по модернизации системы непрерывного педагогического образования в рамках национального проекта «Качественное образование «Образованная нация»; выявлению современных тенденций профессиональной подготовки педагогических кадров и определению современных трендов цифрового образования в условиях глобализации образования; совершенствованию творческого потенциала педагога; раскрытию сущности современных педагогических технологий, повышающих качество образования; изучению инновационного опыта лучших вузов мира в подготовке педагогических кадров.

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, студентов, магистрантов, докторантов.

Материалы публикуются в авторской редакции.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-9965-37-416-6**

## «ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨНІМ-2023» БАЙҚАУЫНЫҢ КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ  
ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы  
**БҰЙРЫҚ**



МИНИСТЕРСТВО  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Некоммерческое акционерное общество  
«ТАРАЗСКИЙ  
РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТИ»  
**ПРИКАЗ**

14.03.2023  
Тараз қаласы

№ 111 чх  
город Тараз

**«Үздіксіз педагогикалық білім беру:  
инновациялық парадигма, технология  
және әдістеме» атты Халықаралық  
педагогикалық оқулары  
байқауына комиссия бекіту туралы**

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 113 тармағының 15 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ Ұстаз институты «Педагогика» кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 15-наурызында педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі К.Д.Бузаубақованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Үздіксіз педагогикалық білім беру: инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты Халықаралық педагогикалық оқулары аясында өткізілетін «Үздік педагогикалық өнім-2023» байқауына келесі комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия алқасы	Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Жұмыс орны, қызметі
Комиссия төрағасы	НҰРМҰХАНБЕТ Данияр Ысқақұлы	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма мүшесі - Зерттеулер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, Тараз қ., Қазақстан
Комиссия мүшелері	БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна п.ғ.д., профессор	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, Тараз қ., Қазақстан
	СКОРОБОГАТОВА Наталья Владимировна психол.ғ.к., профессор	Ғылыми және инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор, Шадринск мемлекеттік педагогикалық университеті, Шадринск қ., Ресей Федерациясы
	ПШИБЫЛЬСКИЙ Блажей профессор	Мария Гжегожевский атындағы университеті профессоры, Варшава, Польша
	ЖАМПЕИСОВА Корлан Кабыкеевна п.ғ.д., профессор	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

005541

БИБРАИМЖАНОВ Калибек Турдыгазиевич п.ғ.д., профессор	Педагогика және психология факультетінің деканы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы п.ғ.д., профессор	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
КАЛИМЖАНОВА Роза Лаиковна PhD доктор, доцент	6B01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының жетекшісі, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті, Арқалық қ., Қазақстан
БАЙНАЗАРОВА Турсынай Бейсембековна п.ғ.к., профессор	Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан
ИСМАГУЛОВА Айнагуль Ерболатовна фил.ғ.к.	«Серпіліс» жобалау офисінің жетекшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
АБИШЕВА Гульнара Абдрахмановна	Білім Сарапшыларының Қазақ Лигасы Президенті, «КРІ ВІЛІМ» білім беру орталығының Бас директоры, Алматы қ., Қазақстан
ДРЕЙТ Наталья Александровна	№68 гимназия мұғалімі, Алматы қ., Қазақстан
ҚҰРМАНБЕКОВА Сұлушаш Сәтбекқызы	«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ басқарма төрағасы, Тараз қ., Қазақстан
ОМАРБЕКОВА Фазиза Шайдулинқызы	Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Білім сапасын басқару және тұлғаны әлеуметтендіру» бөлімінің жетекшісі, Тараз қ., Қазақстан
ДЖАНГАРАШЕВА Ардақ Толепбаевна	Шу қаласы, Төле би орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры, Жамбыл облысы, Қазақстан

Негіздеме: Ұстаз институты «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі К.Д.Бузаубакованың қызметтік хаты.

Басқарма Төрағасы – Ректор



М. Байжуманов

**«ҮЗДІК ОҚУЛЫҚ»:  
«ҮЗДІК ОҚУ ҚҰРАЛЫ» /  
«ҮЗДІК ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҚҰРАЛ»**

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ БАСҚАРУ ҚҰЗЫРЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Абдуллаева Күләш Мухтаровна

Ы.Сулейменов атындағы №37 орта мектебі, Тараз қ.

ӘОЖ 005:371

КБЖ 65.290-2

A14

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті Әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (хаттама №5 «27» наурыз 2021 жыл).

## Пікір берушілер:

К.Ж. Бұзаубақова- Д.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ж.А.Ускенбаева -Халықаралық Тараз инновациялық институты педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

## Редакция алқасы:

**Ғ.Ш.Омарбекова** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Білім сапасын басқару және менеджмент» бөлімінің жетекшісі.

**К.М.Абдуллаева** Тараз қалалық білім бөлімінің №57 орта мектебінің директоры.

«Стратегиялық менеджменттің басқару құзыретіндегі рөлі»- көмекші құрал. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті Тараз, 2022. – 52 бет.

ISBN 978601-7320-77-5

Көмекші құралда менеджмент, менеджмент түрлері мен функциялары, стратегиялық бағыттары мен басқаруды жоспарлау, ұйымдастыру, жетекшілік ету туралы бағыт-бағдар берілген. Білім беру реформасына сәйкес бақылау, бақылаудың түрлері мен бағалау әдістері, мектепті басқаруға қатысты менеджерлік дағдылар және аттестациядан өтуге арналған тесттер жинағы көрсетілген.

Көмекші құрал білім саласының қызметкерлеріне, мектеп басшыларына, әдіскерлер мен педагог қызметкерлерге арналған.

ISBN978601-7320-77-5

ӘОЖ 005:371

КБЖ 65.290-2

A14

© Абдуллаева К.М. 2022 ж.  
Омарбекова Ғ.Ш.

## Кіріспе

«Стратегиялық менеджменттің – басқару құзыретіндегі рөлі» аты әдістемелік көмекші құралдың мақсаты – білім беру ұйымдары басшыларын аттестаттаудан өткізуде ұлттық біріңғай тестілеуіне дайындықты күшейту, мотивациялық бағдар беру. Мектеп басшыларын аттестациялау кезінде Ұлттық біліктілік тестілеу тапсыру барысында бірқатар қиындықтар туындағаны белгілі, мәселен дайындық материалдарының болмауы, педагогикалық менеджмент бойынша оқулықтардың болмауы, сұрақтардың жүйесіздігі т.с.с.

Ізденістің өзі - процесс. Сондықтан ізденіс, дайындық барысында тестілеудің мектеп басшыларының қаншалықты басқару деңгейінің өсуіне, басқару құзыреттіліктерінің дамуына септігін тигізді. Тестілеуге дайындықта басшылардың стратегиялық менеджмент, басқару құзыреттілігі туралы кітаптар оқуларына тура келді. Яғни бұл да мемлекеттің білім саласында құзыретті басшы тағайындауына, олардың басқару шеберлігінің дамуына тың серпін бергені анық.

Білім беру ұйымының басшылары басқару үдерісін ұйымдастырып, оның тиімділігін арттыру үшін міндетті түрде «Стратегиялық менеджменттің» негізгі теориялық концепцияларын, мазмұнын, тәжірибедегі қажеттілігін дұрыс түсініп, іс жүзінде қолдануға дайын болуы керек. Оны тестілеуге дайындық барысында түсінуге болады. Әр мектеп директоры стратегиялық менеджментті оқу барысында басшылық еткен қызмет барысында кейбір кемшін тұстарды байқауға болады.

Қазіргі ұсынылып отырған көмекші құралда өз қызметімді құрал ретінде алдағы тестілеуге қатысатын білім беру ұйымдарының басшыларымен дайындық барысындағы тәжірибемен бөлісуді жөн көрдім. Қанша жылдан бері білім саласында басшылық қызмет атқарып жүргеннен кейін стратегиялық менеджментті жетік білу қажет. Сондықтан Москва қаласы «Синергия» университетіне «Білім саласындағы менеджмент» факультетінің магистратура бөліміне тапсырдым. Қазіргі таңда білімімді қашықтықтан жалғастырып жатырмын. Бұл да менің кәсіби дамуыма үлкен септігін тигізді. Яғни басшы заман талабына сай өз басқару деңгейін жетілдіріп отыру қажет.

Ең бірінші қиындық туындаған біз бұрыннан білетін педагогикалық менеджмент сұрақтарының болмауы. Әрине өзімізден бірінші болып тапсырған әріптестерімізден кері байланысы өте құнды болды. Демек, стратегиялық менеджмент, персоналмен жұмыс, адам ресурстарын басқару бойынша сұрақтар кездескенін білдік. Оқу құралдары тізімі кеш келгені басшыларға дайындыққа аз уақыт берілгені болды. Өзімнің тәжірибемен бөлісер болсам, Р.Гриффиннің «Менеджмент» оқулығы көп пайдасын тигізді. Себебі бұл оқулықта менеджмент бойынша барлық бөлім және тараулары мысалдары мен егжей-тегжейлі түсіндірілген. Сонымен қатар К.Б.Бердалиев, Г.Б.Нұрсейтованың «Персоналмен жұмыс» кітабы да көп көмек берді. Сонымен, құрметті әріптестер, тәжірибедегі менеджмент бойынша тәжірибе алмасуда барлықтарыңызға сәттілік тілейміз!

## **БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСİNДЕ БАЛАСАҒҰН ҰСТАНҒАН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Жүсіп Баласағұн (Баласағұни) — XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Ол замандастары мен өзінен кейінгі ұрпақтарға тек дарынды ақын ғана емес, сондай-ақ Орта ғасырдың атақты ғалымы, дәлірек айтсақ, табиғаттану, ризият (математика), фәләкيات (астрономия), тарих, араб-парсы тіл білімі, тағы басқа толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама-ғалым ретінде жақсы мәлім болған. Ал, Жүсіп Баласағұнның есімін әлемдікәдебиет тарихына мәңгілік өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір әдеби мұрасы — «Құтадығу біліг» («Құтты білік») дастаны. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық саяси-өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тағы басқа жөнінде аса қызықты әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды. Кезінде кітапты Шығыс патшалары көшіртіп алдырып оқитын болған. Бір қызығы, бұл еңбекке әр елде әр түрлі ат берген ирандықтар Фирдоусидің «Шахнамасымен» қатар қойып, «Шахнамаи түркі» («Түркі Шахнамасы») деген. Шың елінің (Солтүстік Қытай) адамдары «Адабул-мүлік» («Әкімдердің әдептілігі») деп, ал Машын (Оңтүстік Қытай) жұрты «Айнкүлмамлакат» («Мемлекет тәртібі»), Шығыс елдерінің әкімдері «Зийнатул-умаро» («Әмірлердің сән-салтанаты»), турандықтар «Құтадғубіліг» («Құтты білім») деп атаған. Дастанды зерттеуші-ғалымдар орыс тіліне де түрліше аударған. В.В.Бартольд кітаптың атын орыс тіліне «Патшаларды ақылға шақыратын білім» («Знание, образующее царей»), С.Е.Малов — «Бақыт кітабы» («Книгасчастья»), А.А.Валитова - «Басқару туралы білім» («Наукаобуправлении»); В.В.Радлов - «Бақыт сыйлайтын білім» («Знание, дарующее счастье»); В.Томсон - «Бақытты болу өнері» («Искусство сделать сячастливым»); С.Иванов - «Құтты білім» («Благодатное знание») деп аударған. Бұл атаулардың қай қайсысы болса да, «Құтты білік» дастанының мемлекетті басқару істеріндегі моральдық-этикалық, адамгершілік мәселелеріне арналғанын дәлелдей түседі. Жүсіп Баласағұни «Басшы қабандай қайсар, қасқырдай күшті, сауысқандай сақ, қаршығадай қырағы болсын. Бастық елді билеу, шаруашылықты ұйымдастыру туралы жазылған ғылымның негізін жақсы білуі қажет. Халықты дұрыс басқару үшін басқару ғылымын меңгермей болмайды» деп айтып кеткен. Яғни басшы қасиеттерімен қоса басқару ғылымы деп менеджмент салаларын жетік меңгеру қажет деп келтірсе, «Ел билеушілердің ең негізгі міндеті — халқына адал қызмет ету, соларды бақытқа жеткізуді ойлау, сөйткенде ғана басшы жұрттан сүйіспеншілік, қадір-құрмет күте алады» деп, менеджмент саласында адалдық құндылығын ең басты міндет екенін атап айтқан. Ия шынында да басшы қызметінде ақылдылық, білімділік пен қоса ең бірінші адалдық қажет. Ол әділ шешім шығару, қызметкерлеріне шындықпен қарау, ақиқаттан қорықпау. «Ақылмен іс қылған бек елге сүйкімді болады» деп, басқару әдісінде ақыл мен парасаттың орнын бөлек қойған.

Жүсіп Баласағұнның өмірі туралы мәлімет мүлдем аз сақталған. Философ-ғалым өз өмірі мен ақындық қызметі жайындағы кейбір деректерді «Құтты білік» дастанының соңғы үш тарауында қысқаша түрде, үстірт қана әңгіме етеді. Міне, ақынның осы өзі жазған мәліметтерге қарағанда, Жүсіп Баласағұн орта ғасырда Қарахан әулеті билік жүргізген мемлекеттің бір кездегі астанасы Баласағұн шаһарында дүниеге келген. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты кітабында Жүсіп Баласағұнның ескіше жазғанын айта келе, ойшыл ғалымның қазақтың Ұлы жүзі, соның ішінде Елсау бидің немересі Албанның Қас-Қажыл тұқымымнан шыққандығын еске алады. Жүсіп білімді Фараб (Отырар), Қашғар, Бұхара қалаларынан алады. Араб, парсы тілдерінде еркін сөйлейді. Өзінің атақты философиялық-диалектологиялық «Құтты білік» дастанын Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтауы кездейсоқ жайт емес еді. Өйткені сол кездегі түркі тілдес тайпалардың мәдени өмірінде Қашқар қаласы



зор рөл атқарғаны мәлім. **X–XII ғғ.** Қараханидтер әулеті билік құрды. Соғыссыз, мамыражай, бейбіт өмір сүргісі келетін ру-тайпалар Орта Азия төңірегінде өркендеп өсіп келе жатқан Қарахан мемлекетіне бірігіп, мемлекеттің ел басқару жүйесі нығая бастады. Қарахан мемлекетінің көшпелі билік ордасы Қашқар қаласында болды. Қашқар сол кездегі Ұлы Жібек жолының бойындағы мәдениеті, әдебиеті, экономикасы дамыған ірі қалалардың бірі болған. Қарахан мемлекетін елдің ұлы көсемі, атақты Табғаш Қара-Боғрахан билеген. Осындағы «Табғаш» деген сөз *күшти, пәрменді* деген мағынаны білдіреді. Ал «*Боғра*» деген сөз *Бура*, қашаннан да өте алып-жойқын күштіліктің белгісі. Осыдан Табғаш Қара-Боғрахан дегеніміз Батыл Қара-Бурахан (Қара-Бура) болып шығады. Қара-Бурахан Орта Азия халықтары әрқайсысы өздеріне жақын тартып, біздің үлкен бабамыз деп құрметтейді, ұлы тұлға санайды. Қазақтар, ұйғырлар, қырғыздар, тәжіктер, өзбектер, түріктер, тағы басқа ұлт өкілдері әрқайсысы өздеріне иемденеді. Өйткені Қара-Бурахан өзінің әділдігімен де, тазалығымен де, батырлығымен де, адамгершілік-білімділік қасиеттерімен де бүкіл Орта Азия халықтарының, батыр, билері мен ғылым-білім жаршыларының және қарапайым халықтың жоғары қолдауына ие болған. Ұлы Жібек жолымен келетін жаңалықтарды, ғұлама ғалымдар мен дін таратушыларды, Ислам дінінің қасиетті таза дін екенін айрықша қолдап отырады. Қара-Бурахан ел басқаруда өзіне де, өңірлерді басқарушы хандар мен барлық билік өкілдеріне де төрт түрлі ұстанымды, негізгі, өзекті мәселе ретінде қояды. Әділдік- Әділеттік- Ақ жолды жаза баспас әділ үкім басшының ысымы, осыған қарап бұқара халық та әділ болады, қоғамда әділеттілік қалыптасады. Адалдық-Тазалық- Жүрегі адал, ділі таза, ақпейілді, кешірімшіл, кең пейілді, саналы халқы мен би-сұлтандары көп мемлекет әрдайым бақытты-бақуатты деп келтірген. Ұлы Хас Хажыб — әмірші-патшаның көрер көзі, естір құлағы. Ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ ұлы уәзір — қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен колөнершілерге патша атынан әмір береді. Елшілерді қабылдап, шығарып салып отырады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалайды. Әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тындап, оны Тағбаш Қара-Бураханға жеткізіп отыруы тиіс. Бұған қарап, Жүсіп Баласағұнның патша сарайында қандай қызмет атқарғанын ғана емес, сонымен бірге ақын «Құтты білікте» өзіне өте жақсы таныс мәселелерді мейлінше терең біліп барып жазғанын да аңғарамыз.

«Құтты білік» дастаны — мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдарын сөз ететін ел басқарудың ережелері мен заңдарын, мінез-құлық пен әдет-ғұрып нормаларын қамтыған көркем туынды. Этикалық-дидактикалық сарында жазылып, ғибрат-уағыздарды бейнелі көркем тілмен жырлайтын бұл шығармада бекке, уәзірге, әскербасына, хаджибке, елшіге, хатқа түсірушіге, қазынашыға, аспазға, емшіге, түс жорушыға, жұлдыз санаушыға, өлең шығарушыға, диқанға, малшыға, кәсіпкерге, саудагерге және басқаларына қажетті қасиеттер әңгіме болады. Данагөй Жүсіп Баласағұнның қырағы көзі бүкіл қоғамды төменнен жоғарыға дейін қамтиды. Басшы мен бірге ел басқаруда қоғамның барлық қызметкерлері өз үлесін қосудаға адамзатқа қажет барлық рухани адамгершілік қасиеттерді атап кеткен.

Ежелгі Шығыс ілімі бойынша, әлемді төрт нәрсе ұстайды: жер, су, ауа, от. Осы төрт нәрсенің әлемнің үйлесімі жасалады. «Құтты білікте» қоғамдағы, өмірдегі үйлесім осы төрт нәрсенің тұрады. Дастанның басты идеясы мынадай төрт принципке негізделіп жазылған .

**Біріншісі**, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды нақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді.

**Екіншісі**, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын, деген тілек. Бақ-дәулетмәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

**Үшіншісі**, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық ролі уәзірдің баласы Ұғдүлмiш (Өгдүлмiш) бейнесінде жырланады.

**Төртіншісі**, қанағатынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруiш Одғұрмiш (Одғұрмыш) бейнесі арқылы әңгіме болады. Дастанның белгілі бір мағынада елдегі Ата Заң (Конституция) қызметін атқаруы. Жүсіп Баласағұн шығармасы Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарған. Ол үшін автор өз еңбегінде патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез- құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам — ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады. Бұдан кейін ақын патшаның көрер көзі, естір құлағы «Хас Хажыб», яғни бас уәзір, міндеттерін тізбектеп, зор білгірлікпен айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы тиіс. «Құтты білікте» елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет дейді ғұлама .

Баласағұни ел басқаратын әміршіге, бекке мейлінше жоғары талаптар қояды. Ел басқарған адам өте зерек, іскер болса ғана мемлекет гүлденіп, қазынасы алтын-күміске толады, халқы бақытты болады деген пікір айтады

Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,  
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.  
Бәрінсоныңалаламайбөлектеп,  
Басқаратынқандай болу керек Бек?  
Елігүлдеп, байыпбектіңбағына,  
Даңқытарап, өссехалық саны да!  
Қазнатолып, күміссудайағылса,  
Шоқтығыөсіп, күшінеәлемтабынса.  
Әскертолып, тұрсақүшідігірлеп,  
Тұрмыс, заңдытураласайыммен,  
Бектіңаты бар жаһанғатараса,  
Күн-күнсайынкұтыартсатамаша.  
Бекті күшін туған олар анадан,  
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған  
Бектіңісі, тек бектердің еншісі –  
Бектерісін, ұғар бекке теңкісі.  
Бек халықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер.  
Бек дегенің білікпенен берік тұр,  
Білік кетсе, бек қалады — желік құр...

Дастанда Қара-Бураханға (Бограханға) елдібасқаруәдісі мен жаулап алғанжерлерге тәртіп орнату тәсілдері жөнінде ақыл айтылады. Елді өз қолыңда ұстау үшін бірыңғай күш қолдану, қылыш жұмсау жеткіліксіз, қоластындағы халыққа ақыл-айламен айтқаныңды істеті білу керек деген пікір білдіреді.

Жалпы, басқару мәселесінде Баласағұн ұстанған рухани құндылықтар — қайырымдылық, парасаттылық, ізгілік, тәрбиелі адамға тән іс-әрекет.

### «ДАНАЛЫҚ ФЕНОМЕНІ»

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Е.Ө.Бектұрғановтың әлеуметтік желіде жарияланған «Даналық Феномені» атты мақаласы да қолға қалам алуға себепші болатын. Мақалада Фарабидің қазіргі заманда әлі зерттеліп ұшына жетпеген басқару құзыреттілігін сол заманда жазып кеткені туралы баяндалады және басшының бойында болу керек 12 қасиетті атап өткен.

Әбу Насыр әл-Фарабидің мол мұрасының ішінде мені ерекше қызықтырып, ерекше таңғалдырғаны – **«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары»** деген трактаты. Айталық, қазір «мемлекеттік басқару құрылымы» деген ұғым бар. Мемлекет құрылымы толық зерттелген бүгінгі күнде мұндай ұғым таңсық та емес шығар. Бірақ ол осыдан он бір ғасыр бұрын, қаланың құрылымы және оларды басқару жолдарын жан-жақты көрсетіп кеткен. Мысалы, өз кестесінде қаланың өз ішінде ауылдардан, орамдардан, көшелерден, үйлерден тұратынын есептеп, қалалардан мемлекет құралатынын, ал мемлекеттердің бүкіл әлемді құрайтынын жазған.

Содан кейін қаланы басқару жолдарын жазған. Қала басшысы кім болуы керектігін, оның бойында қандай қасиеттер болуға тиіс екенін ашып көрсеткен. Әл-Фараби «қала басшысы 12 қасиетке ие болуы қажет» дейді. Осыған қысқаша тоқтала кетейін. Қала басшы болатын адамға қойылатын бірінші талап – оның он екі мүшесі сау, денсаулығы мықты болуы керек. Сонымен қатар айтқан сөзді жылдам ұғып, оны тез арада игеріп алуға тиіс. Сөзді тыңдай білетін және жадында сақтай алатын, түсінетін адам болуы абзал. Төртіншіден, ақылды, парасатты және ең ұсақ-түйек деген мәселенің өзін назардан тыс қалдырмайтын адам болуы қажет. Бесіншіден, ойларын анық және нақты жеткізетін шешен (оратор) болуы керек. Қазіргі жас мемлекеттік қызметшілерге әл-Фарабидің «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» деген өсиет сөзі сабақ болса екен. Алтыншыдан, басшы боламын деген кісі білім мен ілімге махаббаты зор, оқудан шаршамайтын, өзінің рухани байлығын ұдайы жетілдіре беретін адам болуы керек. Тамақ жеу мен сусын ішу мәдениетін меңгерген, құмарлықты жек көретін адам болуға тиіс. Шындықты сүйетін, өтірікке және оны айтатындарға төзбейтін адам болуы қажет. Жаны таза, намысын бағалайтын адам болуы керек. Ұлы ғұлама өз трактатында «динар, дархамға мойынсұнбайтын» деп жазған, яғни, бүгінгі тілмен айтсақ, «парақорлықты жек көретін адам» басшы болуға лайықты деп есептейді. Ол табиғатынан адалдықты жақсы көретін, арамдықты және тиранияны жек көретін адам болуы керек. Трактаттағы он екінші талап – басшы өз айналасындағы адамдарға және басқаларға әділ болатын, әділет жолындағыларға көмек беретін және әділеттілікпен болған шығындарды өтейтін, еш нәрседен қорықпайтын батыл адам болуға тиіс. Басшыға қойылатын бұдан артық қандай біліктілік талабы болуы мүмкін?!

Әл-Фарабидың осы еңбегін «қаланы басқаратын адам көрсетілген талаптарға сай келсе, қала тұрғындары бақытты болады, қала халқы бақытты болса, бүкіл ел бақытты болады. Бір ел бақытты болса, барлық ел бақытқа бөленеді. Сол арқылы бүкіл дүниежүзі құт-берекеге кенеледі. Егер бір қала, бір мемлекет бақытты болмаса, қиын жағдай туғанда мемлекеттер бірін-бірі қолдап тұрмаса, онда елдер де, халықтар да бақытты болмайды» деп түсінуіміз керек. Бүгінгі таңда бүкіл әлемді әуре-сарсаңға салған коронавирус індеті кезінде мемлекеттер бір-біріне гуманитарлық қолдау көрсетіп жатыр. Егер әлем елдері бірігіп, күш салмаса, осы індетті жеңіп шығудың өзі екіталай нәрсе. Әл-Фараби қай кезде де ынтымақтың маңызы зор екенін сол заманда айтып, ескертіп кеткен. Оның осы ойлары біздің қазіргі жағдайымызға дәлме-дәл келіп тұр. басқару мәселесінде Баласағұн ұстанған рухани құндылықтар Әл-Фараби басшының қандай болуы керектігін айта келе, бір адамның бойынан 12 қасиеттің түгел табылуы қиын шығар дейді. Бірақ соның жартысын, яғни алтауын өз бойына сіңірген адам басшы болса, ол басқарған қала өркендейтін, бақытты қала болады деп тұжырым жасайды. «Егер басшының бойында бұл алты қасиет болмаса, онда оның жанындағы серіктері, орынбасарлары сондай ізгі қасиеттерге ие болуы керек» - дегені басшы жан-жағындағы орынбасарларын сол қасиеттеріне тән таңдау қажет дегені емес пе? Қаланы басқаратын адамның өзі әділ және адамгершілік қасиеті жоғары болуға тиіс деп шарт қояды. Бірақ, ең бастысы, «шаһарды басқаратын адамның басқа барлық қасиеті бола тұра, даналық қасиеті болмаса, қаланың болашағы бұлыңғыр» деп тұжырымдаған.

Осы тұрғыда қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілерге, соның ішінде жаңа талапқа сай кейбір саяси қызметкерлерге біліктілік талаптарын қойғанда әл-Фараби атап өткен қасиеттерді ескерсек, олардың бойында сол қасиеттердің болуын талап етсек, жөн болар еді. *Е.Ө.Бектұрғанов «Даналық Феномені» 2020-ж*

Біз оқыған менеджмент, стратегиялық басқаруды, басшы дағдылары мен құзыреттілікті Фараби мың жыл бұрын жазып қалдырған. «Қаланы басқаратын адам» деп - қазіргі менеджер, басшы, директор, жалпы ұйымдастырушыларды мегзеген деп ойлаймын.

Енді көмекші құралда менеджмент, стратегиялық басқару тақырбын тарқатсақ.

## МЕНЕДЖМЕНТ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

**Менеджмент дегеніміз** – ұйымдық мақсаттарға ұтымды және тиімді қол жеткізу үшін, ұйымның ресурстарына (адам, қаржы, материалдық және ақпараттық) бағытталған әрекеттер (жоспарлау және шешім қабылдау, ұйымдастыру, басқару және бақылауды қоса алғанда) жиынтығы.

**Менеджер**- ұйым ішінде басқару процесін жүзеге асыруды жауапкершілігіне алған тұлға.

Менеджмент тарихы мен теориясының маңызын қазіргі заман және менеджмент тарихы пайда болғаннан бастап қаншама осы саланы зерттеуші ғалымдар зерттеді, дәлелдеді. Менеджменттің тарихи тағылымы басқа менеджерлерге қателерді жібермеуге септігін тигізеді. Менеджментке деген қызығушылық бұрыннан қалыптасқан бірақ соңғы жүз жылда ғана нақты дәлелденген. Ғалымдардың зерттеуі бойынша классикалық менеджмент көз қарасының екі басты бөлімі бар. Олар ғылыми менеджмент және әкімшілік менеджмент.

**Ғылыми менеджмент**- жеке қызметкерлердің тиімділігін және жұмыс тәсілдерін жақсартуға байланысты- деп көрсеткен Р.Гриффин «Менеджмент» кітабында.

**Әкімшілік менеджмент**- көбінесе ұйымдардың құрылымы және тиімді операцияларды ұйымдастыруға байланысты.

Бәрімізге белгілі менеджмент туралы кітаптарды оқығанымызда менеджменттің функциялары немесе басқарудың функциялары:

1. Жоспарлау және шешім қабылдау (іс-шаралар бағытын анықтау)
2. Ұйымдастыру (ресурстар мен іс-әрекеттерді ұйымдастыру)
3. Жетекшілік ету (адамдарды басқару және ынталандыру)
4. Бақылау (іс-әрекеттерді бағалау және қадағалау)

Ескеруіміз қажет бұл қызметтер қатып қалған осы жүйе арқылы орындалады деген ойдан аулақ болуымыз керек.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

**Стратегиялық басқару дегеніміз не?** Стратегиялық басқаруды динамикалық үрдістердің өзара тығыз байланысты жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Бұл процестер бірінен соң бірі келеді. Стратегияның негізгі мәні - бизнесті қоршаған ортаға бейімдеу. Тек осы жағдайға сәйкес болғанда ғана жақсы дамуға болады. Стратегияны үдеріс ретінде қарастыруға оның үш белгіленген сатылары дәлел болады: стратегиялық талдау, стратегиялық таңдау, стратегия мен менеджменттің іске асуы. Стратегиялық

менеджментте осы тәсіл орындалу барысында қадамдары белгілі бір дәрежеде біріншісінен екіншісіне өтеді. Стратегиялық дамуды еңгізу және миссияны анықтау.

Стратегиялық мақсат қойылымы мен тапсырмалардың жетістікке жетуі.

#### Стратегиялық жоспарлау түрлері

- ✓ Ұйымдастырушылық ортаны талдау
- ✓ Екеуінің біреуін таңдап алу
- ✓ Стратегияны таңдау
- ✓ Стратегияны іске асыру
- ✓ Тактика
- ✓ Саясат
- ✓ Тәртіптер
- ✓ Ережелер / <https://melimde.com/n-a-baranova-g-e-esimhan-strategiyali-menedjment.html/>

**Стратегиялық менеджмент** – көздеген мақсаттарға жету барысындағы ұйымның ұзақ мерзімді жоспарларын басқару деп айтуға болады, стратегиялық басқарудың негізін күтпеген жағдайлардан тұратын өзгерістер құрайды. Стратегиялық басқару — бұл бірінші кезекте жеке кәсіпкерлік қызмет. Стратегиялық басқару-ұйымның мүмкіншілігі, стратегиялық мақсаттардағы жетістігі, сонымен қатар ішкі құрылымы мен ұйымның сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделіп, жетістікке жетуді қамтамасыз етеді.

**Жедел түрде басқару** стратегиялық басқарудан айырмашылығы мақсатқа жетудің бір позициясын қолданады, яғни күтпеген жерден кенеттен болатын аяқ асты өзгерістерге ұйымның қарсы көрсететін реакциясы, басқарудың осы түрімен көбінесе орта буындағы менеджерлер айналысады.

Стратегиялық талдаудың негізгі мақсаты ақпарат жинау. Бұл талдаудың ішкі және сыртқы екі кезеңі бар. Негізгі мақсаты талдаудың күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында ішкі талдау жүргізіледі. Стратегиялық таңдау талдаудың нәтижелерін зерттеуден басталуы керек. Стратегия мен менеджментті іске асыру стратегиялық талдау мен таңдауға қарағанда әлдеқайда қиындау үдеріс.

Ұйымдастыру қызметінің бөлімдеріне **жұмыс орнын жобалау**(адамның жұмысқа қатысты жауапкершілігін анықтау, яғни лауазымдық міндеттер), **мамандандыру**(еңбек бөлінісі тұжырымдамасынан шығады яғни штаттық кесте) Мамандандырудың тағы бір бөлігі жұмыс тобы (пәндер бойынша бірлестіктер ).

#### **Бағыну жүйесі**

1.Бұйрықтар тізбесі

2.Тар және кең ауқымды басқару

«Стратегия» деген сөздің өзі грек тілінен «соғыс құралы» деген мағынаны білдіреді, демек ұйымды басқару барысында менеджердің тиімді дағдылары, әдіс-тәсілдері. Ол үшін алдымен мақсатқа жету қызметтерімізді айқындап алуымыз қажет. Міне осы жерде басқару функциялары немесе қызметтері өте қажет.



Олар: 1.Жоспарлау және шешім қабылдау (ұйымның мақсатын таңдау және оған қол жеткізу үшін дұрыс шешім қабылдау).



2.Ұйымдастыру (әрекеттерді және ресурстарды топтастырудың ең жақсы жолын айқындау).



3. Жетекшілік ету (ұйымның мүдделері үшін қызметкерлерді ынталандыру) -мотивация.



4.Бақылау (мақсаттарға қол жеткізу үшін күнделікті әрекеттерді бақылау және түзетіп отыру).



Жұмыс орнын жобалау дегеніміз-адамның жұмысқа қатысты жауапкершіліктерін анықтау. Ең көп кездесетін түрі-жұмысты мамандандыру. Басқа баламаларға жұмыс орындарын алмастыру, оны ірілендіру, еңбек аясын кеңейту, жұмысты сипаттау тәсілі және жұмыс топтары.

Бағыну міндеттерін орнату бұйрықтар тізбесін нақтылаудан басталады. Басқару ауқымы ұйымның жауапкершілік пен биліктің иерархиялық әлде аз деңгейлі ұйымдық құрылымға жататынын жартылай шешеді. Соңғы жылдары аз деңгейлі ұйымдық құрылымға көшу тренді байқалады. Өкілеттіліктерді бөлу-жұмысты бөлуден басталады. Жұмысты бөліп тарату-менеджерлер өзінің жалпы жүктемесінің бір бөлігін басқаларға тапсыруы. Басқаруды орталықсыздандыру-бұл бүкіл ұйым ішінде жүйелі түрде жұмысты бөліп тапсыру процесі. Басқаруды орталықтандыру деген - жоғары буын менеджерлері қолындағы билік пен күш-қуатты ұдайы сақтап тұру. Басқарудың орталықсыздандырудың тиісті деңгейіне бірнеше фактор әсер етеді.

Үйлестіру дегеніміз-ұйымның әртүрлі бөлімдерінің қызметтерін бір-бірімен байланыстыру процесі. Бөлімдер арасындағы біріккен, тізбекті және екі жақты өзара тәуелділік үйлестірудің ең басты себебі. Үйлестіруге қол жеткізу үшін менеджерлер біраз тәсілдерді жұмылдыра алады. Электрон үйлестіру өте маңызды болып барады. Ұйымның ішіндегі лауазымдарды жіктеу жолдарын қарастырсақ: Желілік бөлімшедегі лауазым-ұйым мақсатына жету үшін жауапты бұйрықтардың тікелей тізбегіндегі лауазым. Штаттық лауазым-желілік бөлімшедегі желілік бөлімшедегі лауазымдарға тәжірибе ұсыну, ақыл-кеңес беру және қолдау көрсетуге ниеттенген лауазым. Әкімшілік қарқын -басқару лауазымдары штаттық лауазымдарда шоғырланған деңгей.

## БИЛІК ТҮРЛЕРІ

1.Басқаруды орталықсыздандыру-бүкіл ұйым ішінде орта және кіші буын менеджерлерге өкілеттік пен билік жүйесі түрде беріліп отыру процесі.

2. Орталықтандыру- жоғары буындағы басшылардың қолындағы билік пен күш қуатты ұдайы сақтап тұру процесі. Қызметтерімізді анықтап алдық, екінші қадам: нені жоспарлайтынымызды анықтау. Олар: адами, қаржы, материалдық және ақпараттық ресурстарды жоспарлаймыз, ұйымдастырамыз, жетекшілік етеміз және бақылаймыз.

Ұйымдық дизайн- құрылымдық элементтер мен бүкіл ұйымды басқару үшін қолданылатын элементтер арасындағы қатынастардың жиынтығы. Ұйымдық дизайн- стратегияларды жүзеге асыру барысындағы ұйымдастыру мақсатына жету үшін жоспарларды жүзеге асыру құралы. Ұйымдық дизайнның екі әмбебап көзқарасы бар. Олар : бюрократиялық модель және мінез-құлық моделі.



**Бюрократиялық модельді** Макс Вебер зерттеген. Оның зерттеуі бойынша: бюрократия- заңды және ресми жүйесіне негізделген ұйымдық дизайн моделі. Бұл белгілі ережеге бағыну. Менеджерлер қызметкерлерімен ара-қашықты сақтау, қаталдық, жауапкершілік секілді басқару стильдері қамтылған. Бұл күшті тұстары. Өкінішке орай әлсіз тұстары бар. Бюрократиялық модель әлсіздікке және қатаңдыққа алып келеді. Бюрократияның салдарынан ұйым ішінде қызметкерлердің әлеуметтік процесі ескерусіз қалуы мүмкін.

**Мінез-құлық моделі- басқарушылық ой-пікірдің адами қарым-қатынас мектебі.** Менеджмент зерттеушісі Ренсис Ликерт кейбір ұйымды басқарушылардан тиімдірек етіп тұрған не екенін анықтау үшін бір неше ірі ұйымды зерттеген. Ол бюрократиялық модельді қолданған ұйымдардың қарым-қатынас моделін қолданғанға қарағанда тиімсіз екенін зерттеген. Мінез-құлық моделінің де бюрократиялық модель сияқты жақсы және жаман тұстары бар. Оның ең бастысы- ұйым қызметкерлерінің құндылығын атай отырып, адам мінез-құлқына ерекше назар аударатыны. Ликерт пен әріптестері **гуманистік** тәсіліне жол салды. Өкінішке орай мінез-құлыққа бағытталған тәсіл бойынша 4-жүйе бойынша бір жолы бар. Бір ұйым үшін жақсы тәсіл екіншісіне сәйкес келмеуі мүмкін.

**Технология-** материалдар мен ақпараттар тәрізді күрделі қаражат жұмсалудың тауар немесе қызмет түрі сынды өнім өндіруге айналдыру қолданылатын қайта құру процесі. Технология ең тиімді ұйымдық дизайнды анықтауға ықпал етеді. Мұны Джоан Вудворд зерттеді.

**Ұдайы оқып үйренуші ұйым** - өзгеріп отыратын қажеттіліктер мен мұқтаждарға орай әрекет ету үшін өзін-өзі ұдайы өзгеріп отырып барлық қызметкерлерінің жеке дамуымен олардың үздіксіз оқуына мүмкіндік беру үшін жұмыс істейтін ұйым. Менеджерлер ұйымды құрудың бір ғана тәсілі бар деп санаудан аулақ болу керек. Әдет бойынша бюрократиялық модельді басқаруда тиімсіз деп санауға болмайды. Мектептің стратегиялық жоспарын немесе даму жоспарын жоспарлағанда болжау , миссия , мақсат-міндеттерімізді анықтау шешім қабылдаудың ең маңызды жолы. Міне осы жерде ұйымның сыртқы ортасы мен ішкі ортасының ықпалы анықталады. Ұйым ортасының табиғатын және көптеген ұйымдар үшін орта мүдделеріне сәйкес болудың маңызын талқыласақ , ұйымның табысқа жетуі немесе сәтсіздікке ұшырауында орта факторлары маңызды роль атқарады. Менеджерлер ұйым мен орта арасындағы қолайлы тепе-теңдіктерді сақтау керек.

## ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ОРТА




Ұйым мәдениеті дегеніміз-ұйым мүшелері негізінде не бар ,ол қалай жұмыс істейді, оның маңызы неде екенін түсіну үшін қажет құндылықтар , қарым-қатынас, наным-сенімдер, іс-әрекеттер жиынтығы. Менеджерлер ұйымның жақсы жұмыс істеуі үшін мәдениеттің қаншалықты маңызды екенін түсіну қажет. Жоғарғы табысқа жеткісі келген басшылар басқарудағы рөлдері мен дағдыларын тиімді қолдану қажет. Басқару дағдыларына тоқталсақ: тұлға аралық, коммуникативті, ақпараттық, техникалық, ой-тұжырымдау, шешім қабылдау, бағалау және уақытты жоспарлау.





**Ой тұжырымдау дағдысына** мысал келтіретін болсақ: 10 қызметкер және менеджермен сауалнама өткіздіңіз. Сіз жұмыс орны, басқару бойынша білгіңіз келді. Сауалнама нәтижесі бойынша қызметкерлермен сұхбаттасу өткіздіңіз. Сіздің басқару ауқымыңыз лайықты деп таныдыңыз ба? Немесе керісінше ме? Ой тұжырымдау дағдысы осы кезде іске саласыз.




**Тиімді бағалау дағдысына:** Сіз мектепте пән бірлестіктерді біріктіруді жөн көрдіңіз. Сол бойынша бірнеше пікірлер болды.

Бірінші себебі: Мұғалімдер қысқаруына байланысты мұғалім санын орталықтандыру тиімсіз деп баға бердіңіз. Екінші себебі: Пәндер бірлесіп зерттеу жұмыс жасауына мүмкіндік туады. SWOT идеясы ұйымның сәтті тұстары мен мүмкіндіктерді пайдаланып, әлсіз тұстарын болдырмау. Мысалы мектепте оқушылардың білім сапасы былтырғы оқу жылына салыстарғанда төмендеді және ҰБТ нәтижесі салыстырмалы түрде төмендегенін байқадыңыз. Төмендегідей SWOT талдау жасауға

болады.

Жақсы коммуникация дағдылары менеджерге өз қарамағындағыларға жауапкершілікті бөліп тапсыруға көмектеседі. Жауапкершілікті жүктеу, жұмысты бөліп тапсыру, бағыну міндеттілігін құру осы үш қадам менеджердің ең басты жоспарлауда міндеттері. Адам бірі-бірімен жақсы қарым-қатынаста болса қарама-қайшылық болмайды, керісінше ұжымда жұмысты бөліп алу процесі орнайды.



Басшыда техникалық дағды болмаса ұйымда жұмыс жүру қиын, мысалы өзі сабақты жөнді бере алмайтын басшы сабақ процесін талдай алмайды деген сөз. Ұйымда болатын қарама-қайшылықтарды шешу үшін басшының тұлға аралық дағдысы көп көмегін берсе, болашақты болжап алдағы жоспарды тиімді жасау үшін ой-тұжырымдау дағдысы қажет болады.

Тестте мынадай сұрақ кездесуі мүмкін: *Сіз осы айда семинар-конференция ұйымдастыруды жоспарлап отырсыз. Сізге семинар бағдарламасын әзірлеп оларды қатысушыларға хабарлау қажет. Жауапты орынбасарларыңызға бекітілген тапсырмаларды интернет желісі арқылы жіберуді дұрыс санадыңыз. Атқарып отырған жұмысыңыз басшының қай дағдысына жатады? Жауабы: коммуникативті дағды.*

Стратегия ең алдымен өндіріс деңгейіндегі ағымды басқарумен жоғары деңгейдің айырмашылығын көрсетеді. Оның көптеген анықтамалары бар. Мысалы: стратегия – дамудың жалпы бағыты, басқарудың жоғарғы деңгейіндегі шешімдерді талап ететін әлеуетті қызмет. Стратегиялық басқару дегеніміз - ол ұйымдардың қоршаған ортамен өзара қатынастарын басқару барысындағы ұйымдардың мақсатын жүзеге асыру миссиясы т.б. Ең бастысы басқару құзыретімізде жаңылыспай ұтымды ресурстарды пайдаланып, тиімді әрекеттер ұйымдастыру. Стратегия-ұйымның мақсаттарын орындаудың кешенді жоспары. Ал стратегиялық менеджмент бизнестің мүмкіндіктері мен қиындықтарын жақындату тәсілі-тиімді



стратегияларды қалыптастыру мен іске асыруға бағытталған кешенді және тұрақты басқару процесі. Сонымен қатар тиімді стратегиялар ұйым мен оның ортасы арасындағы жоғары деңгейдегі үйлесімге және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.



Белгілі Қазақстандық менеджмент саласын зерттеуші К.Б. Бердалиев өзінің «Стратегиялық менеджмент» оқу құралында Стратегиялық менеджментте миссия – философия және алдын ала арнау, ұйымның өмір сүру мәні. Нақтылау айтқанда, ұйым не үшін қызмет етуі керек және оның басқаруға қарағанда қандай айырмашылығы бар деген сауалға жауап береді. Миссия дегеніміз – ол ұйымның анық көрінетін жалпы мақсаты. Ол мынадай негізгі сауалдарға жауап береді: - ұйым не үшін қызмет етеді (оның себептері)?; - негізгі тұтынушылары кімдер және ұйым олармен қандай қатынаста болады?; - ұйымның негізгі философиясы неде, ол қоғаммен, өзінің тұтынушыларымен қандай қатынаста болады?; - қызмет етудің негізгі қағидалары қандай?. Ұйымның негізгі мәселесі, оның миссиясы – қандай адами қажеттілікті қанағаттандыру қажет деген сауалға жауап беру. Кез келген ұйымның стратегиялық басқарудағы маңызды бөлшегі – ол миссия мен өзінің меншікті мақсаттарын анықтау. Миссия деген ұғымды аударғанда оны мақсат деп түсінуге болады. Жалпы стратегияны, әсіресе стратегиялық басқаруды негізгі, басты мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланатын әдіс ретінде пайдалануға әбден болады. Мақсаттардың пайда болу негізінде олардың иеленушілерінің қызығушылық қасиеттері жатыр: ұйымдардың иелері; ұйымның қызметкерлері; ұйымның өнімін сатып алушылар; ұйымның іскерлік серіктестігі; жергілікті қоғам және жалпы қоғам. Ұйым мақсаттары – ол оның нақтылық хал-жағдайын сипаттау, жақсы жағдайға қол жеткізу. Жалпы мақсаттар ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді, орта мерзімді болып жіктеледі. Ол мақсаттар анықтау үрдісінде мынандай сатылардан өтеді: - жан-жақты байқалатын трендтерді анықтау; - жалпы ұйымдар үшін мақсаттарды белгілеу; - мақсаттар иерархиясын құру; - жеке мақсаттарды белгілеу- деп келтірген. (К.Б.Бердалиев «Стратегиялық менеджмент» 20-бет) Шешім қабылдау мен жоспарлау басқару процесінің маңызды функцияларының бірі. Жоспарлау процесі -ұйымның алға қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін орындайтын ең маңызды менеджерлік функция. Шешім қабылдау -жоспарлаудағы ең басты мәселе, себебі жоспарлаудың әрбір процесі шешім қабылдаудан тұрады.

Стратегиялық жоспарлау- ойда жүрген болжау, болашақта қалай дамытып іске асуы керек деген ой-пікір. Ол жүзеге асу үшін қандай әзірлік, іс-тіршілік және қандай мақсаттар барын анықтау қажет. Жоспарлау - басқарудың бір қызметі. Яғни басқару объектісі ағымда және болашақта қалай дамуы керек екендігі туралы ең тәуір (жақсы) баламаны таңдай білу қажет. Бұл балама басқару объектісінің мақсатына және мүмкіндіктеріне (ресурстарға) сәйкес болуы керек. Жоспарлау иілмелі, басқару объектісінің өзінің және сыртқы ортаның ұдайы өзгерулеріне бейімделуге қабілетті болуы керек. Олар нысанаға алынған мақсаттарға, әсіресе, нарық субъектілерінің қажеттерін қамтамасыз етуге бағытталған. Нарықтық экономика жағдайында басқару объектісінің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін, мықтылығын және жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету - жоспарлаудың негізгі міндеттері. Басқа тағы бір міндеті – мәліметтік-бағдарлық. Тәжірибеде жоспарлаудың көптеген түрлері бар. Олардың ішінде – оперативтік, тактикалық, орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік, орталандырылған, кооперативтік, бизнес-жоспарлау және

т.б. бар. Әдістер және технологиялар бойынша: орталандырылған (директивті) және орталықсыздандырылған, мөлшерлі, индикативті жоспарлау болып бөлінеді. (К.Б.Бердалиев «Стратегиялық менеджмент» 42-бет).

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



Тиімді мақсат қоюдың кедергілері:

- 1.Қате марапат жүйесі
- 2.Серпінді және күрделі орта
- 3.Мақсат қоюды қаламау
- 4.Өзгерістерге қарсылық таныту
- 5.Шектеулер

Бұл кедергілерді дұрыс жолға қоюға арналған әдістер:

- 1.Мақсат қою мен жоспарлаудың мәнін түсіну
- 2.Коммуникация және қатысу
- 3.Бірізділік тексеру және толықтыру
- 4.Нәтижелі сыйақы жүйесі

### Рейнжениринг- ұйымның барлық ауқымындағы үлкен қайта құру

Табысты болу үшін **Рейнжениринг** бүкіл ұйымды жүйелі және кешенді бағалауды талап етеді.

**Адамдарды , қарым-қатынастарды және іс-әрекетті өзгерту.**

Ұйымдық өзгерістің үшінші ауқымы адам ресурстарына қатысты. Мысалы фирма өз жұмыс шеңберінде өзгеріс болу қажет деп шешім қабылдайды. Өтемақылар себебінен тек өзгерісті қажет деп танытын және соған дайын қызметкерлерді ынталандыру жүйесімен қалдырады.

**Адам ресурстары менеджменті**- тиімді адамды жұмысқа тарту, оларды дамыту, және қолдауға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы. Адам ресурстарын басқару үнемі өзгеріп отыратын ортада жүзеге

асады. Олар үш ортаны қалыптастырады: **Стратегиялық маңыздылығы, Құқықтық орта, Әлеуметтік орта** .

Адам ресурстары атқаратын қызмет ұйымының барлық дерлік аспектілеріне үлкен әсер етеді. Адам ресурстарын тиімсіз басқару ұйым өнімділігінің төмендеуіне әсер етеді. Пайдасын және табысын төмендетеді.

### АДАМ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖМЕНТІ



Бақылау-басқарудың ең маңызды функциясы екені белгілі. Сондықтан ол стратегияның да функциясы болып табылады. Оның (бақылаудың) өзі стандарт орнату, қол жеткізген нәтижелерді өлшеу және толықтыру әсерін қамтиды. Стратегиялық бақылау – ол стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалардың орындалуы туралы ақпарат жинақтау мен өңдеу, параметрлерді салыстыру, ауытқуларды анықтау үдерістерімен айналысады. Стратегиялық бақылау тиімді болу үшін мынадай сипаттамаларға ие болуы керек: дәл өз кезінде өткізілуі, нәтижеге бағдарлануы, оңайлығы, үнемділігі, ұйымның миссиясына сәйкестігі. Стратегиялық бақылаудың қазіргі даму үрдісі мынадай: бақылау функцияларының қайта бөлінуі; бақылаудың ақпаратпен қамтамасыз етуінің жақсаруы; бақылаудың мазмұнының өзгеруі. Стратегиялық бақылау – бақылаудың ерекше түрі. Стратегиялық бақылаудың ағымдағы бақылаудан айырмашылығы - стратегиялық нәтижелер стратегиялық мүдделерге сәйкес болуында. Бақылау жүйесін көптеген құбылыстарды сараптауға пайдаланады (акциялар бағасы, инвестицияларды қайтару, трансферттік бағалар, жеке жетістіктер, бюджеттік стандарттар, нәтижелердің мөлшері, әлеуметтік жауапкершілік). (К.Б.Бердалиев «Стратегиялық менеджмент» 45-бет).

Басқару теориясында көптеген түсініктердегі қайшылықтардың, шиеленістердің де өз алдында анықтамалары мен талқылаулары бар. **Қайшылық** дегеніміз – екі немесе одан да көп жақтардың арасындағы келіспеушілік. Екі жақ немесе әр топ өздерінің көзқарасын немесе мақсатын орындауға тырысады, сол мақсаты үшін қарсыласына кедергі жасайды. Көптеген адамдар қайшылықтар мен шиеленістерді үстемдік ету, қастандық, тартыс, дау-дамай және жанжал деген түсініктермен салыстырады. Сол себептен оларды болдырмау керек деген тұжырымдамаға келеді. Бірақ ұйымдарда шиеленістердің болмауы мүмкін емес. Басқарудың адамгершілік мектептеріндегі зерттеушілер де шиеленістерді болдырмау керек деген. Олардың ойларынша, қайшылық немесе шиеленіс ұйымдардағы тиімсіз қызмет белгісі және нашар басқарудан пайда болады деп тұжырымдаған. Қайшылықтар әрқашан дұрыс мінездемеге ие бола бермейді. Кейбір жағдайларда ол жеке адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға немесе ұйымдардың мақсаттарына жетуіне кедергісін тигізеді. Сонымен, қайшылық функционалды, яғни ұйым тиімділігінің жоғарлауына әсерін тигізеді немесе дисфункционалды жеке бастың

қанағаттанбаушылығын төмендетеді, сондай-ақ, топтардың да сұранысын қанағаттандырмайды (К.Б.Бердалиев «Стратегиялық менеджмент» 47 б.)

**Өзгеріске қарсылық еңсеру-** Менеджерлер қарсылық бар екен деп өзгерістен бас тартпау керек. Ол үшін қарсылықты еңсеруге бірнеше әлеуеттер бар

**Қызметкерлерді қатыстыру-** өзгеріске қарсылық еңсеруге ең тиімді әдіс.

Өзгерістерді жоспарлап, оларға қатысатын қызметкерлер өзгерістің себептерін жақсырақ түсінеді.

**Білім беру және коммуникация-** қызметкерлердің өзгеріс қажеттігі және болайын деп жатқан өзгерістен күтілетін нәтижелер жайлы оқып-үйрету олардың қарсылығын азайтады.

**Оңайлату-** тек қажетті өзгерістерді ғана енгізу. Сол өзгерістерді алдын-ала дұрыстап хабарлау.

- d. vacuum \_\_\_\_\_ **the washing-up / the sink / the rugs**
- e. clean \_\_\_\_\_ **the shower and sink / the game / Mum**
- f. lay \_\_\_\_\_ **the dog / the table / the bathroom**
- g. do \_\_\_\_\_ **the points / the housework cup / the washing-up**
- h. walk \_\_\_\_\_ **the car / the dog / the shelves**

#### Inductive approach ( Индуктивті әдіс).

Бұл әдіс нақты тұжырымдамадан басталып, кең жалпылау мен теорияларға баратын қорытынды жасаудың бір түрі ол жалпы тұжырымдар жасау үшін кейбір нақты бақылаулар мен шаралардан басаталады. Индуктивті әдіс үш кезеңнен тұрады: бақылау, үлгіні түсіну/сақтау және теорияны құру.

#### Step1.

##### Observation(Байқау кезеңі )

- Here you need a lot of examples


- Or else they won't make it to the next step

### Present Continuous

She is having breakfast

He is reading a book

### Step2.



Үлгіні түсіну және сақтау /Understand and save the pattern.

- Find sentences with the same ending in the sentences
- What word group these words belong to?
- Find the auxiliary verb
- Find the wordsing ending

### Present Continuous

I am reading a book

We are reading a book

You are reading a book

You are reading a book

He is reading a book

They are reading a book

She is reading a book

### Step3.

### Forming a rule. ( ереже құру)

In a sentences the suffix **ing** is attached to the main verb . Mean an action that is happening at the same time.

Aset is driving a car

They are swimming

I am playing baseball

We are writing letter

### Step1.

### Observation (Байқау кезеңі )

- Here you need a lot of examples
- **Present simple**
- Teacher with students together they make sentences from the words and pictures on the board . Fruit and vegetables . The teacher write what he didn't like and the teacher what her mother and father didn't like. Students help him . What has different? We don't use (S) I,We,They.We can use (S) She,He, It.
- For example:
- I don't like onion
- We love cucumber
- She loves mango
- He likes potato



- They like apples
- He likes banana
- It hates grapes

### Step2.

- **Үлгіні түсіну және сақтау /Understand and save the pattern.**
- **Present Simple**
- The teacher with the help of students composed a question sentence according to the sentence structure . These students are very interesting and easy to make pictures and words .
- Do you love onion? Yes I do
- Do you love grapes? No ,I don't
- Does she loves lemon? Yes ,she does.
- Does he likes tomato? No , he doesn't

### Step3.

- **Creating a rule. ( ереже құру)**

#### Present simple

Students know where the suffix **S** is placed and how to write the interrogative form . this method reveals students' interest and knowledge of the language .



#### Craftwork ( Қолөнер )

**Қолөнер** – бұл халықтық қиялдың инклюзивті табиғатын көрсететін қолданбалы өнер түрі,әлеуметтік мәдениөнім. Қолөнерге қатысты болуы мүмкін : қолөнер пайдалы және сәнді заттар толығымен қолмен немесе қарапайым құралдарды қолдана отырып жасалған жұмыс . Бұл арнайы дағды мен арнайы құралдар мен әдістерді қолдануды қажет етеді.

Әдістің түрлері: тоқымадан, аппликация, қағаз өнер ,қыш және шыныдан , зергерлік бұйымнан, сурет салу немесе кескіндеме.

- 1) **Birthday hat** .Осы әдістердің ішіндегі тиімдісі қатты картоннан және тоқыма жіп , желімді пайдаланып жасалатын туған күн қалпағын жасау. Оқушы берілген видеоға қарап туған күнге

киетін қалпақ түрін жасау өте қызықты және оңай. Бұл әдемі қалпақтарды туған күн немесе тб кештерде пайдаланса болады .



<https://www.youtube.com/watch?v=mHzhvqnTEVQ>

2) **Painting.** Оқушыларға осы әдіс тез, әдемі әрі оңай. Бұл жұмысқа түрлі қағаз , желім , түрлі –түсті қарандаштар , түйме , қағаздан жасалған тарелке керек . Оқушы ақ түсті тарелкеге түрлі түсті қағаздан иттің құлағын қиып алып жапсырады ,мұрнын, иттің көзіне түймені ыстық желіммен жапсырады , аузын маркермен сызып салады. Бұндай әдемі туындыларды сыйлыққа берсе де болады .



<https://www.youtube.com/watch?v=DNKfu0pYiKo>

### Total Physical Response( жалпы физикалық реакция )

Сөйлеу мен іс-әрекетті үйлестіруге негізделген тілді оқыту әдісі ,ол физикалық (қозғалыс ) белсенділігі арқылы тілді үйретуге тырысады. Негізгі қағидалар студенттерге материалдарды жақсы есте сақтауға және түсінуге көмектесетін жатығулар арқылы оқу атмосферасын құру. TPR әдісінің түрлері :“What are they”, “ Who is faster?” , “ Little actors”, “ Five little monkeys ”



<https://www.youtube.com/watch?v=XzzVfP813b0>

1)“ **Where are they?**”Барлық балалар көре алатындай барлық суреттерді қабырғаға жапсырамыз . Оларға барлық карталарды қайда тұрғандарын , есте сақтауды өтінеміз. Оқушы карталарды біраз қарап болған соң қайта жапсыруды сұраймыз. Мұғалім енді сұрақ қояды . “ Where is cow?” оқушы сиырдың қай жануардың жанында тұрғанын табу керек. Егер тапса ол оқушы балл жинайды . Егер таппаса ойыннан шығады.

We will put all the pictures on the wall so that all children can see . Please tell them where are cards . Please have the student put the cards back in the box after looking at them for a while . The teacher asks the questions .“ Where is cow?”the students has to find out which animal the cow is standing next to. If a student finds it ,he gets point and if not , it is out of the game.



2)“ **Little actors**” Students memories the words in the dialogue and draw a picture .Students are given time. At the end of the time 6 student go to the board and say the sentences they have memorize. They stand on the numbers given in the dialogue .Finally , one student describes what the general dialogue is about. This method is effect for students and helps to develop vocabulary.

“Кішкентай актерлер”Оқушылар диалогтағы сөздерді нөмерленгендері бойынша жаттайды және суретін салады. Оқушыларға уақыт беріледі. Берілген уақыт біткен соң оқушылар тақтаға шығып өддерінің жаттаған сөйлемдерін айтады. Диалогте берілген нөмерлер бойынша тұрады. Ең соңында бір оқушы жалпы диалог не туралы соны баяндап береді. Бұл әдіс оқушыларға тиімді және сөздік қорын дамытуға көп көмегін тигізеді.




[Yandex.kz](https://yandex.kz)

«**Jamboard**» Қашықтықта оқытуда онлайн тақтамен жұмыс жасау тиімді, құрал ретінде пайдалану болады. Онымен ойындар ,ертегілер , жаттығулар жасауға болады. Сонымен қатар топқа да бөле аламыз , суреттер қоя аламыз , оқушыларда өз бетінше жаза алады.



[https://www.youtube.com/results?search\\_query=google+Jamboard+activities+your+students+will+love](https://www.youtube.com/results?search_query=google+Jamboard+activities+your+students+will+love)

«Quizziz» көмегімен сіз оқушыларға арналған үздік онлайн сабақ сабақтарын, қашықтықтан оқытуға арналған ресурстарды өзіңіз құрастыра аласыз, бағалау құралдарымен таныса аласыз. Оқушылардан үй жұмысын, кері байланыс сұрағанда өте тиімді.



<https://www.youtube.com/watch?v=pUC8Fe>

#### (6) Қорытынды

Жаңартылған білім беру бағдарламасы ұстаздардың оқу процессіндегі рөлін өзгертіп қана қоймай, белсенді оқудың әдіс-тәсілдерін қолдануларын қажет етіп отыр. Пәннің ерекшеліктерін қарамастан *белсенді оқу әдістерін қолдану оқушыларымыздың* келешекте *қоғамның белсенді мүшесіне* және *терең ойлану арқылы инновациялар жасай алатын* тұлғаға айналуы үшін маңызды. Бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тілін оқытуда әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының тілге деген қызығушылығын артырып, өз ойын еркін жеткізіп, жалпы алғыр, шапшаң

болуына жетелейді. Жаңартылған білім беруге сай әдіс-тәсілдерді, Google Jamboard (интерактивті онлайн тақта), Quizizz және т.б. ойын түрлері ашып көрсетілген. Google Jamboard интерактивті онлайн тақтасын пайдалана отырып, сөздік қорын дамыту, ауызекі сөйлеу, тыңдалым және айтылым дағдыларын дамыту үшін, берілген әдіс-тәсілдің түрлері арқылы орындалған жаттығуларды оқушылар қызығушылық танытып, жылдам және қатесіз орындауға тырысады. Quizizz викториналық сұрақтарға жылдам жауап беріп, жаңа сабақты бекіту барысында қолданылатын ойын түрінің бірі.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған әдістемелік құралға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы әдістемелік құралды пайдалана отырып, жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол

### Әдебиеттер тізімі

1. « Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу ». Петров А.В 2001 ж.19-22 бет
2. « Бастауыш мектептегі ойын технологиясын арқылы оқыту ». Калмыкова Е.В 2007 ж.5-8 бет
3. « Шет тілін оқытуда бейнефильмдерді қолдану » Е.Нұрланбекова. Шет тілін оқыту әдістемесі. 2005 ж. №2 17-18 бет
4. Бочарова Л.П. 1996; - 27б. «Игры на уроках английского языка в младших классах для развития речевых навыков и умений»
5. Гальскова Н.Д. 2004; - 55б. Теория и практика обучения иностранным языкам. Начальная школа.
6. Jones, M.S., Levin, M.E., Levin, J.R. & Beitzel, B.D. 2000. Can vocabulary-learning strategies and pair-learning formats be profitably combined? *Journal of Educational Psychology*, 92, 256-62.
7. Shing, Y.S. & Heyworth, R.M. 1992. Teaching English Vocabulary to Cantonese-speaking Students with the Keyword Method. *Education Journal*, 20, 113-129.

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХЫ

**Идиросова Гужан Бердімбайқызы**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.







## БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖИНАҒЫ

Кенжебекова Фарида Турехановна

№7 А. Пушкин атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы Қордай ауданы

**Бұл әдістемелік құралдың мақсаты** – барлық жастағы, соның ішінде орта буын сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

### Міндеттері:

- Сабакты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тындау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

### Күгілетін нәтиже:

- Сабакқа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

### Алғы сөз

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақтың философ жазушысы М.О.Әуезов айтқандай «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» демекші тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін білім екендігі баршаға мәлім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. **Семантикалық карта** (Heimlich, 1986) - әңгіменің тірек терминдері арқылы оқушылардың ассоциацияларын анықтауға бағытталған графикалық органайзер болып табылады.

1 қадам. Тірек сөзді таңдау, ол сирек қолданылатын немесе оқушыларға белгісіз сөз болуы мүмкін. Дегенмен, ол мәтінді түсінуде маңызды болу керек.

2 қадам. Оқушылар ұсынған мінездемелерді жіктеудің негізгі сұрақтарын анықтау.

3 қадам. Оқушылардың ұсыныстарын жаза отырып, сөздің барлық жіктеулерін қамтуы үшін, оларға өз сұрақтарын қою.



Есімдіктің түрлері	Өзімдікі	Әркім	Мынау	Ешқашан	Қанша?	Күллі	Біз
Жіктеу							+
Сілтеу			+				
Өздік	+						
Сұрау					+		
Белгісіздік		+					
Жалпылау						+	
Болымсыздық				+			

**Терминдер арқылы болжау**-оқушылардың оқығалы отырған мәтіндерін болжауға итермелеуге бағытталған тәсіл.

1 қадам.Мәтіннен қандайда бір жолмен байланыстыратын 4-5 сөз таңдап алу.

2 қадам.Өз беттерімен ойлануға уақыт беру,сонан соң олар жұптарында өз әңгімелерін құра алады.

### **2-жаттығу.(6-сынып,7- бет)**

Адам сияқты **сөзде** де алуан тағдыр бар.Ол да баста **сәби** боп туады,ер жетеді, қартаяды. Кейде сөздер **қарғайып** барып, **қайта жасарады**, кейде тұрмыста болған өзгеріске ілесе алмай, кейін бірте-бірте солғындап, қағажуда қалып, жаңа сөзге жол береді немесе тың **мағына** тауып,**жаңғырып**,жаңаша ұғымға ие болады.

**Әдеби үйірмелері (топтық тергеу)**-сыныптағы оқушылардың барлығы және шағын топ құрамында қатысқандықтан команда жауапкершілігіне үйретеді,сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға және түсінуге мүмкіндік береді.Сондай-ақ материал көлемінде қалып қоймай,кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады.

1 қадам.Мұғалім (немесе сынып)зерттеу үшін дәлелденген және қызықты мәтін таңдайды,(Мұғалім мәтін берместен бұрын,егер ол үй тапсырмасы емес ,сабақ уақытында жасалатын жұмыс болса,зерттеу жұмысына қатысты қажеттіліктерді жинап алу керек).

2 қадам.Мұғалім сыныпты алты адамнан топтарға бөліп, мәтінмен таныстырады. Мұғалім құралдардың бастапқы топтамаларымен таныстырады және рөлдерде жұмыс жасау барысында, осы құралдарды қалай пайдалану керектігін түсіндіреді.

**Баяндап беруші** - оның міндеті өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып,осы оқиғаның мазмұнын дайындау;

**Зерттеуші**-оның міндеті(мәтінге байланысты)басты кейіпкердің мінезін немесе басты оқиғаны жан-жақты меңгеру және сипаттау.Сондай-ақ бұл жаңа сөздерді меңгеру және суреттеу немесе өткен тапсырманың қалған бөлігі болуы мүмкін.

**Сұрақтар құрастырушы**-негізгі оқиғаларды қамтитын немесе әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды.Бастысы,оқушылар сұрақ қоюдың өлшемдерін ,төменгі және жоғары деңгейлердің бөлінуі туралы ескерсе болады.

**Сілтемелер табушы**-оның міндеті әңгіменің тақырыбын / руханилығын ашатын немесе құптайтын кез келген сілтемелерді –белгілі және аздап белгілі афоризмдер және мәтелдер табу;

**Бейнелеуші-суретші**-оның міндеті әңгімедегі кейіпкерге немесе оқиғаға ауызша суреттеу;

**Дәнекер**-оның міндеті негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстыру.

3 қадам. Оқушылар зерттеу құралдарымен танысады, зерттеу жүргізу бойынша сұрақтар қояды және топтарында рөлдерді бөліп алады.

4 қадам. Оқушылар ой шақыру және мұғалімнің қатысуымен пікірталас жүргізуге, ақпараттың басқа көздерін пайдалануға құқылы.

5 қадам. Оқушылар өзінің зерттеуін жоспарлайды. Мұғалім оларды аралап жүріп, зерттеулерін өткізу бойынша ұсыныстарын суретке түсіріп беруін сұрай алады.

6 қадам. Оқушылар зерттеудің өз бөліктерін мәтінді толық қамту үшін талқылайды.

7 қадам. Оқушылардың мәтінді зерттеу уақыты бірнеше минутқа, ал кейде бірнеше күнге созылуы мүмкін. Мұғалім сыныпта ортада тұрып, әр оқушының жауапты рөлін қадағалайды, топтардың зерттеу жұмыстарына көмектесе алады.

8 қадам. Топ сыныпқа презентациясын жоспарлайды. Олар өздерінің ең маңызды жаңалықтарын көрсетеді. Презентация белсенді және қызықты болу керек, сонымен қатар оған топтың барлық мүшелері қатысу керек. Бағалау жоғарыда көрсетілгендей, осы сабақтың соңындағыдай болуы мүмкін.

Егер бұл тапсырма сыныптағы уақытқа есептелген болса, онда мұғалім нұсқалардың арасынан таңдай алады: а) әртүрлі топтардан рөлдер бойынша шақырады, егер олар басқаша жасаса, қалғандары толықтырады; б) «**Аквариум**» нұсқасы – сыныптың ортасында бір топ өз жұмысын ұсынады, қалғандары айнала отырады-бақылайды, ескертпелерді түртіп алады, сонан соң пікірталасқа маңызды және ұсынушылар жеткіліксіз ашты деп санаса толықтырады. Бағалау критерийі басқаша 10 балл көлемінде есептеледі.

### *100-жаттығу. (6-сынып, 64 бет)*

#### **Бақытты сәттер**

Бірнеше жылдар өтті. Абай үшін бұл еңбек мезгілі, өнер іздеу дәурені болған. Оқу мен жазу оның ендігі тірлік тыныс тәрзіді.

Бұл күндегі Абай ақын атын анық алған. Сол ақындық еңбегін енді халыққа етер азамат қарызы деп біледі.


Өмірден, көп кітаптан тапқан сан-салалы күйлер, ойлар ендігі шақта өз өлшеуін тауып, ақынның уәзінді, соны жырларына араласқан-ды. Қыс пен жазды кітап соңында өткізген шақтарын Абай ең бір бақытты кезінде санайды. Бұл жылдарда ол ел бүлігі атқамінерді, жеміт болыс, ұлық-сымақты сан рет әділ ашуден жазалаған-ды. «Ел мінездері» деген өлеңдері сахара ішіндегі сотқар мен бұзардың талайын таңбалаған.

**Венн Диаграммасы.** Оқушыларды синтез/анализ/бағалау жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне әкелетін салыстыра білу қабілетін дамытуды пайдаланылады. Гогнитивті психологияға сәйкес бұл қызмет түрінің басқа артықшылығы схема түрінде синтезделген ақпараттың есте жақсы сақталуы болып табылады. Сабақты бекіту үшін бұл стратегия тиімді болып есептеледі, бірақ сабақтың итермелеу сатысында да пайдалануға болады. Егер Венн Диаграммасы сабақтың басында қолданылса, сабақтың соңында оған міндетті түрде қайта оралып, ақпаратты толықтыруға ұсыныс беріледі. Біз сабақтың басында салыстырғалы отырған құбылыс туралы не білетінімізді схема түрінде айқындап жинақтаймыз. Сабақтың соңында бар білімімізге жаңа ақпаратты толықтырып қана қоймаймыз, алдағы білімімізді нақтылаймыз, мүмкін кей ақпараттарды өзгертерміз, басқа дөңгелекке ауыстырамыз.

1 қадам. Жеке, кейін жұпта-салыстырылған құбылыстардың айырмашылығы немесе ортағын ойлауға уақыт беріледі.

2 қадам. Айқастырылып екі үлкен дөңгелек сызылады, оның ортаңғы бөлігі (біздің жағдайымыздағыдай бірнешеу) болады. Ортаңғы бөлігіне ортақ мәліметті жазамыз, жеке бөліктерге әр құбылыстың өзіне тән айырмашылықты жазамыз.

## Венн Диаграммасы



**Аралас қозғалма/ Жұптас-тапсырманы** арасында оқушылар бір-бірімен араласып, өзіне ақпаратпен бөлісіп, ойын толықтыратын жаңа серіктестер табуына мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Сыныптастар бір-бірімен кездейсоқ кездесу арқылы өздерінің әлеуметтік дағдыларын-мәселені шешу барысында ұйымдаса білу білігін дамытады. Жұмыс тез арада 2-5 минут көлемінде өткізілуі қажет.

1 қадам. Сұрақтарды алдын ала ойластыру.

2 қадам. Жұмыс ұйымдасқан түрде өту үшін алдын ала тәртіпті түсіндіру керек. Қозғалыс және жұмыс жасау жолдары тек мұғалімнің белгісі арқылы жүзеге асырылатыны туралы біледі.

3 қадам. Белгі беріңіздер. Қозғалыста болуға 1 минут уақыт жеткілікті. Сонан соң «Қатып қозғалмандар» командасын беріп, тапсырмамен жұмыс жасауларын өтініңіз.

4 қадам. Тапсырманы орындау үшін оқушыларға уақыт жеткілікті берілу керек. Сонан соң өз орындарына оралуын сұраңыз.

**129-жаттығу. «Рекордтар шежіресімен» таныс болыңдар, сан есімдерді құрамына қарай талдаңдар. (6-сынып, 129- бет)**

### Он бір жаста университет бітірді.

Американдық Эндрэгон Истивуд де Меллоның тілі бір жарым айлығында шығып, алғашқы сөздерді айта бастапты. Екі жасында-ақ әріптерді жаттап алған ол үш жасқа толғанда еркін оқып, жаза білген. Ол 11 жасында жоғары оқу орны-университетті бітірген.

«Ей, балақан, сен мұнда неғып жүрсің? Тездетіп табаныңды жалтырат!» Сегіз жасар Истивудты Калифорния университетінің жанындағы колледж аудиториясының табалдырығын тұңғыш аттаған кезде ересек студенттердің бірі осылайша қарсы алған еді. Сонда шамданған ол үн-түнсіз портфелін ашып, университет басшыларының рұқсат қағазын көрсетіп: «Мә, оқы, егер қара танысан» деген.

**РАПТ:** Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

**Жуан-жінішке сұрақтар:** оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Мысалы:

Мен сумын.Мен Жер бетінің төрттен үш бөлігін алып жатырмын.Менсіз жер жүзінде тіршілік болмайды,сондықтан да халықта мені «Су-тіршілік көзі» деп атайды.

**Қолжазба күнделігі:** мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікірін жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады.

**Миға шабуыл стратегиясы** – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс –тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:


— Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды.

— Жұмыс пікірдің сапасына емес, санаына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады).

– Барлық пікірлер «бірауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы.

– Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

Мысалы:



**INSERT немесе түртіп алу стратегиясы** — түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» — білмеймін, «-» — мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды — деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Білемін V	Жаңалық +	Қайшы -	Түсінбейтін ?
Зат есім-сөз табы. Кім? Не? деген сұрақтарға жауап береді.	Зат есімнің мағыналық түрлері	Орыс тілінде Кім? деген сұрақ тірі жанның барлығына қойылады.	Деректі және дерексіз зат есім

**Sinkuein немесе бес жолды өлең стратегиясы** – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады.

1.1-ші жол 1 зат есім (Көктем)

2.2-ші жол тақырыпты сипаттайтын 2 сын есім (Шырайлы,шуақты)

3.3-ші жол 3 етістік (ериді,жылиды,оралды)

4.4-ші жол сезімді білдіретін 4 сөзден құралған 1 сөйлем (Барлық тіршілік көңілденді тірілді)

5.5-ші жол тақырыптың мәнін ашатын 1 сөзден құралған синоним (Жазғытұрым)

**Кубизм стратегиясы** – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жана білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды.

6 жағында 6 тапсырма болады.

1.Суреттеңіз (өз ойы бойынша суреттеу)

2.Салыстырыңыз (заттың ұқсастығын және


айырмашылығын анықтау)

3.Басқа заттармен байланыстыру.

4.Зерттеңіз.(саралаңыз,зерттеңіз,қалай жасалғанын айтыңыз)

5.Қолданыңыз.(қалай қолданылатыны туралы айтыңыз)

6.Талқылаңыз (өз пікіріңізді дәлелдеңіз,жаңа туған пікірмен ой бөлісіңіз)



**Блум таксономиясы** – жеке тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс. Блум таксономиясы негізінен «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясымен тақырыптас, өзектес бір мақсат мүддеге бағытталады. Блум таксономиясы алты кезеңнен тұрады.



Блум таксономиясы бойынша сұрақтар үлгілері:

Тақырыбы: Стикер

1. Білу:Бұл не? Жай қағаздан қандай ерекшеліктері бар?
2. Түсіну: Стикердің қандай пайдасы бар?
3. Қолдану:Стикерді қандай жағдайларда пайдалануға болады?
4. Талдау: Стикер не үшін жіне кім үшін маңызды?
5. Жинақтау: Сіздің сыныптастарыңыздың осы затқа деген көзқарасы қандай?
6. Бағалау: Стикер өмірдегі қандай нақты заттарды алмастыра алады?

**Логикалық ойындар.**

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тындап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген

белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Осы мақсат, міндеттерді орындау үшін мұғалім түрлі жұмыстарды ұйымдастыруы қажет. Ол жұмыстардың негізі болып әрқашан түрлі ойындар қала береді.

***Ойынның аты: “Ұйқасын тап!”***

Ойынның мақсаты: Балаларды өлең құрастыруға баулу.

Ойынның шарты: Өлең жолдарында айтылуға тиісті ұйқас сөздерді табу.

Қайсы күні қандай сабақ,

Қалай менің үлгерімім?

Еш жаңылып қалмай, санап

Жүреді ылғи ... .

Ой маржанын тере білген

Әр жазушың, әр ақының.

Әр сөзінді еmemін мен,

Ана сүті – ... .

Дастастырып әріптермен,

Білімге жол салып берген,

Алдымнан шам жағып берген

Айналайын ... .

Мекендеген портфелімді,

Беттер аппақ, ақ көңілді.

Қызаратын қатем үшін

Кірлетпеймін ... .

***Ойынның аты: “Мағынасы қандай?”***

Ойынның мақсаты: Оқушыларды сөздердің мағыналарын ажырата білуге үйрету.

Ойынның шарты: Өлең жолдарына сүйеніп, қарамен жазылған сөздердің мағыналарын табуы тиіс.

Қайыпбайдың, карашы,

Қандай ерке баласы.

Нан жемейді нансаңыз,

Тек қант пен бал – асы.

\* \* \*

Тұр уылжып жемістер,

Еңбек қызды егісте.

Күз – береке,

Күз – ырыс,

Тер сіңіріп,

Жеміс тер!

\* \* \*

– Үй бола ма ауласыз?

Қоршап таста бау – бақты, –

Деп ем,

Інім:

– Аула сыз

Тартады, – деп зар қақты.

***Ойынның аты: “Жалғасын тап”***

Ойынның шарты: Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөздер жазылады. Олардың жалғасын табу керек

1. Ұяда ... .

Ұшқанда ... .

2. Көп ...

Терең ...

***Ойынның аты: “Жылдам жауап”***

Ойынның шарты: Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі.

Әзіл аралас сұрақтар:

Қар жана ма?

Келіннің сөзі қандай, баланың сөзі қандай?

Көрдім деген неше сөз, көрмедім деген неше сөз?

Ананың сүті мен баланың тілі бірдей дейді. Сонда қалай?

Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?

Адамның қай жеріне нан піседі?

Сиырдың сүті қай жерінде?

Қандай бала сүйкімді?

Қандай кілт аспанда болады?

Тауық түс көре ме екен?

### Ойынның аты: “Сөйлем құра”

Ойынның шарты: Оқушыларға екі заттың суретін көрсету арқылы сөйлем

Мысалы: алма мен аю

1. Аю алманы көрді.

2. Аю орманда жүріп келе жатып, алманы көрді.

3. Алма ағашын көрген аю тез жинап алғысы келді.

### Тақырыбы: Мен

кіммін?

Мақсаты: Баланың өз бойындағы қасиеттері мен қылықтарын таразылауға үйрету. Әрі ол арды жақсы, жаман деп жіктей білуге, ажыратуға үйрету. Әділ болуға, шыншылдыққа тәрбиелеу. Әр бала параққа екі бейне салады. Біреуі: күліп тұрған бала-күннің бейнесі. Бұл бейненің жан-жағына тек қана өз бойындағы жақсы қасиеттерін жазады. Екінші сурет: қабағын түйіп, түнеріп тұрған бала-күннің бейнесі. Бұл суретке керісінше өз бойындағы өзіне ұнамайтын қылықтарын жазады. Ең соңында әр бала өз жұмысына өзі баға береді. «Шыншыл бала» атағы беріледі.

5. Ребус:

I топ						
II топ						
III топ						
IV топ					?	

Көбе й темі з


Ойлан! Жарайсың!

**Пицца әдісі**—жаңа сабақты бекіту немесе қорыту кезеңдерінде пайдаланылатын тәсіл. Оқушылар пицца пішіндегі қос параққа өздерінің сұрақтары мен жауаптарын жазады.

1 қадам. Мұғалім әр топқа немесе жеке оқушыға пицца пішіндес қағаздарды таратады.

2 қадам. Екі қарсылас топ бір-біріне есімін атап сұрақтарын жазады, пиццаларды алмастыру арқылы өзіне қойылған сұраққа жауап береді.

3 қадам. Пиццаларды бір-бірімен қайта алмастырып, қарсыласының жауабын тексеріп, дұрыс немесе бұрыстығын айтады.



**Желпуіш әдісі**-оқушылар парақтан желпуіш жасайды.Желпуіш әдісі оқушының сабақты қаншалықты меңгергендігін анықтайды.Сабақтың үй тапсырмасын тексеру,бекіту немесе қорыту кезеңдеріне пайдалануға таптырмас әдіс.

1 қадам.Желпуіштің бір бөлігіне топтағы оқушылар қарсылас топтағы оқушыларға арнап сұрағын жазады.Қарсылас топ та өз сұрақтарын дәл осылай желпуіштің бір бөлігіне жазады.

2 қадам.Топтар желпуіштерін алмастырады.Бір-бірінің сұрақтарына жауап беріп,желпуіштерді қайта алмастырады.

3 қадам.Бір-бірінің жауаптары туралы пікірлерін айтады.



**Ортада қалам**-дарынды оқушыларды анықтау мақсатында пайдаланылатын әдіс.Бұл әдісті үй тапсырмасын тексеру, жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде пайдалануға болады.

1 қадам.Мұғалім ерекше қаламды оқушыларға ұсынып,өткен тақырыптарды немесе белгілі бір тақырып туралы не білетіндерін айтуды сұрайды.

2 қадам.Оқушы қаламды қолына алып, тақырып туралы мәліметтер береді.Өз ойын айтып болған соң қаламды жанындағы оқушыға ұсынады.Осылай қалам әрі қарай жылжи береді.



**Ортада доп**-оқушылардың қызығушылығын арттыратын бірден-бір тиімді әдіс.Бұл әдісті жүзеге асыру үшін доп қажет.Бұл әдісті жеке оқушыға да,топтасып жұмыс жасағанда да қолдануға болады.

1 қадам. Мұғалім белгілі бір оқушының жанына жақындап, есімін атап, сұрақты айта отырып допты лақтырады.Оқушы допты тосып алып,мұғалімнің сұрағына жауап беруі тиіс.

2 қадам.Мұғалім осылай барлық оқушыларға сұрақ қойып шығады.

**Ыстық орындық**-оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін тексеруге бағытталған әдіс. Ортаға орындық қойылады.Әдіс «Ыстық орындық» деп аталғандықтан,орындыққа отырған оқушы сыныптағы оқушылардың қойған сұрақтарына жылдам жауап беруі тиіс.Бұл әдіс оқушының зеректігі меной шапшаңдығын анықтау мақсатында да пайдаланылады.

**Сиқырлы конверт**-оқушының тапқырлығын қалыптастырады.Мұғалім тақырыпқа байланысты бір сөзді жазып конвертке салып қояды.Кез келген оқушы шығып конверттегі сөзді қимылмен,мимикамен ғана көрсетеді.Өзге оқушылар оның қандай сөзді айтқысы келгенін анықтайды.



**Автор орындығы:** бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында пайдаланылады. Қазақ әдебиеті сабағында аталған әдісті қолдану өте тиімді. Оқушылар автор орындығына отырып, шығармадағы кейіпкердің образына еніп, өз пікірін білдіреді. Кейіпкері туралы әңгімелейді және оның орнында өзі болса жағдайды қалай өзгертетінін айтады.

### Блиц-кездесу

Өрпітесіңіз өкеуіңіз, біреуіңіз тұрсаңа, ал екіншіңіз қарама-қарсы жаққа қарап отырыңыз.

Бірінші қатысушыда келесі өрпітесіне әтпей тұрып, төменде көлтірілген негізгі сөзді (дерді) түсіндіру үшін бер-жоғы 30 секундты бар – мұғалім түсіндіру үшін негізгі сөзді мысал ретінде көлтіреді.



Сіздің негізгі сөзіңіз:

### Он сұрақ!

Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.



### Константинополь

Бүгінгі таңдағы сөзден барынша көп қысқа сөздерді құрастыру қажет.



Сіздің нәтижеңіз қандай?

өте жақсы: 10 және одан да көп сөз  
жақсы: 8 және одан да көп сөз  
жаман емес: 6 және одан да көп сөз

### Серпілген сауал

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.



Мысалы,  
“Джимми, Сандраның жауабы туралы сен не ойлайсың?”  
“Сандра, Карлдың жауабын барынша кеңейту үшін оны қалай дамытуға болады?”  
“Карл, өстігеннің барлығын бір жауапқа қалай біріктіруге болады?”

### Леонард!

Сіздің топтың екі қалған оқушысына бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін түсіндіру үшін сізде бір минут бар:



Конвөрттен бір сөзді бір рет алу

Сөздің өзін ағамай түсіндіру

Сөзді талқан бірінші адам конвөрттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді!

Бұл сабақтың көп үшін рөлдердің сөзін өткізген кезде пайдаланыңыз.

### Тақырыптық теннис

3 адамнан топқа бөлініңіздер: 2 ойыншы және судья

Мен тақырыпты айтқан сөз сөздер жазылған барілген тақырыпқа қатыса бер сөздерді айта бастайсыздар, бірауларның тоқтағаны дейін жалғаса беріңіз.

Топтың үшәші нәтижелік сөздерді жазды және есеп жүргізеді.

Есеп:  
Теннистік ойындағы есеп-шот қолданылады (1,5 - 0, тең және 1,0 - немесе, екібір нәтижелік сөз таба алмаған кезде 1 болып беріледі).




### Тыңдайтын үшбурыштар



Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:

СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

ХАТШЫ үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.

(Рөлдерді анықтау үшін “Бірге ойланамыз” тәсілі қолданылуы мүмкін – рөлдермен ауысуға болады (қазір немесе кешіректеу).

### Сұрақтары бар қорап

Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады.



## Крестиктер-нөлдіктер

1	2	3
4	5	6
7	8	9





### Ереже

1. 1-ші команда (нөлдіктер) кестеден сәл таңдайды.
2. Мүқалы сол нөмірдегі сұрақты оқиды.
3. Жауап дұрыс болған жағдайда, 1-ші команда сол квадратқа крестік қояды.
4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда, 2-ші команда (крестіктер) сұраққа жауап береді және сол квадратқа крестік қоюға мүмкіндік алады.

## Кезбе тілші

Топтарда сұрақтар туралы жауаптар бағдарламасын жасау қажет. (Мысалы: су тасыны. Гастингстегі айналасына т.б.)



1-оқушы:  
Телефон соғылып жатқанын ұсытып, темін бояу орны алған оқиғалар туралы хабарлайды. (мысалы: су тасынаменен дегені)

2-оқушы:  
Телестудиядағы диктор; элементтік ақпарат береді.

3-оқушы:  
Тілші оқиға орнынан ақпарат ұсынады.

4-оқушы:  
Тілші сұхбат алатын күйде.

### «Креативті матрица» тәсілі

Проблема Қандай мәселе?		
Адамдар Кімдер?		
Орын Қайда, қай жерде көрініс тапты?		
Себеп Не себептен?		
Шешу жолдары Сен қалай ойлайсың?		



### «Пирамида тарихы» әдісі

Жолдың номерін сөздің саны білдіретін, «пирамидаға» сыйғызылған ерекше құрылым жатыр:

- 1) басты кейіпкердің аты (тақырыптың);
- 2) мінездеме немесе сипаттама;
- 3) әрекеттің орны (пайдалану);
- 4) проблема;
- 5) жағдайдың өрісін сипаттау;
- 6) проблеманы шешу үшін не қолданылды.
- 7) проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау.

### КАРТОЧКАЛАР ИЕРАРХИЯСЫ

Бұл тапсырма оқушыларға идеялар мен ақпаратты басымдығы бойынша орналастырып, неге бұлай орналастырғандарын дәлелдеп, талқы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осыған ұқсас «Гауһарлар иерархиясын» қараңыз.

#### Сыныпты жоспарлау

Оқушылар тақтаның немесе қабырғаның жанында жұмыс істейді. Немесе топтарға үстел басында жұмыс істеуге болады.

#### Жұмыс алгоритмі

- Шағын топтардағы оқушыларға бірнеше карточка беріледі.
- Оқушылар оларды маңыздылық/басымдығына қарай орналастырады. Оларды тігінен немесе қатарлап қоюға болады.
- Бұдан кейін оқушылар сынып ішінде сұрақты талқылауды бастар алдында бір-бірінің рейтингілерін салыстыра алады.
- Осы тапсырманы орындағаннан кейін жауап алу жүргізу пайдалы болуы ықтимал.
- Идеяларды одан әрі зерделеу үшін «Бес сұрақ» сияқты басқа әдістерді пайдалануға болады.

### «Бес сұрақ» әдісі

Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді. Ақпарат жинақтауға арналған тапсырмалар үшін осы әдіспен бірге «Идеялар тасқынын» мен «Стикерлер топтамасын» қолдануға болады.

#### Жұмыс алгоритмі

Үлкен қағаз бен маркер керек.

Оқушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады.

Ұсыныстар оқу плакатында жазылады.

Мұғалімдер идеяларды дамытып, одан арғы идеяларды зерделеу үшін бір сұрау есімдігін пайдаланады.

Мұғалімдер идея/ұсыныс толық қарастырылғанша дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.

### «БІР МИНУТ» әдісі

Бұл әдіс оқушыларда оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ белсенді тыңдау дағдысын дамытады. Аталған әдісті **«Ыстық орындық»** тапсырмасымен байланыстыруға болады. **Сыныпты жоспарлау** топқа қаратып бір «ыстық» орындық қойылады. Сондай-ақ барынша жайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында «ыстық» орындықты дөңгеленіп отырған балалардың ортасына қоюға болады.

#### Әдісті жүзеге асыру алгоритмі

- Оқушылар тиісті тақырыпты зерделеп, өздері негізгі деп санайтын ақпаратты атап көрсетеді. Оқушыларға рөлді топта немесе жеке зерттеуіне болады.
- Оқуға берілген уақыттан кейін оқушылар «ыстық» орындыққа отырып, бір минуттың ішінде өздерінің басты қорытындысын/ақпаратын ұсынады.
- Басқа оқушылар мұқият тыңдаулары керек, егер де олар «ыстық» орындықтағы баланың тақырыптан ауытқығанын немесе қайталанғанын, күмәнді деректер келтіргенін аңғарса, олар наразылық білдіре алады. Мұндай жағдай орын алса, уақыт тоқтатылады.
- Ұйымдастырушы наразылықтың дұрыс/бұрыстығын шешіп, өз шешімін дәйектеуі қажет.
- Егер де наразылық дұрыс деп танылса, онда «ыстық» орындықтағы оқушы ойыннан шығып, орындықты босатады. Наразылық танытқан оқушы ұпай алады.
- Егер де наразылықтан бас тартылса, онда оқушы басқа наразылық білдірілгенше дейін немесе бір минут аяқталғанша өз сөзін жалғастырады. Егер оқушы өзіне тиесілі минут бойынша «ыстық» орындықта отыра алса, ұпай алады.
- Қосымша тапсырма ретінде оқушылармен **«Тұжырымдамалық карта»** ойынын ойнауға болады, ойын барысында олар «Бір минут» тапсырмасын орындаған кезде алған барлық ақпаратты жинақтайды және құрылымдайды.

### Ойын жинақтау әдісі

Түсінік- бұл логикалық түрде ресімделген зат туралы жалпы бір нәрсенің идеясы.

Ойын жинақтау әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең және толық мәлімет береді.

Ойын жинақтау 3 кезеңмен өткізіледі.

1) Мұғалім ұғымдар сипаттамаларына кіріспе береді.

Бұл сипаттамалар бойынша оқушылар қандай түсінік туралы әңгіменің өрбігенін.

2) Мұғалімнің ұғымға қосымша мінездеме енгізу.

Сипаттамалар осы ұғымға жататындығын оқушылар анықтауы қажет.

3) Сабақта әлі айтылмаған оқушылар өздерінің сипаттамаларын беруге тиіс.

Осы ұғым бойынша оқушылар қорытынды жасайды.

### «Сүйсіну» әдісі.

«Жағымды» тарихи қайраткерлерді оқығанда қолданады. Өзіңе ереше ұнайтын қасиеттерді табу, оларды атау не үшін екенін түсіндіру.

### Р А Ф Т

Жазушы немесе әңгімелеуші өзіне рөл таңдайды яғни мәтінді өз атынан емес жазады.

- Р – рөл, кімнің атынан құралған мәтін

- А- аудитория, кімге жолданған мәтін

- Ф- форма

- Т – тақырып

«А Ә Б В»

Сыныптағы оқушының әрқайсысына А, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. Олардан қалғандарының карточка-жауаптарына қарамауын өтініңіз.

1-қадам. А сұхбаттайды Б тыңдайды, В сұхбаттайды Г тыңдайды;.

2-қадам керісінше.

3-қадам әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топта бөліседі.

**«А,В,С»**

А-сұрақ қояды.

В-жауап береді.

С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.

Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

### **«Айдаһар»**

Оқушыларды сергітіп алу үшін бәрін бір-бірінің белінен ұстатып тұрғызады. 1-оқушы «айдаһардың басы», соңындағы оқушы «құйрығы». Басы құйрықты ұстап алу керек.

### **«Айқын мақсат қоя отырып»**

- Сабак басталар алдында тақтаға мақсатты жазыңыз.
- Оқушылармен өздері оқып жатқандарын неліктен оқитыны туралы әңгімелесіңіз.
- Қысқа мерзімді мақсаттарды ұзақ мерзімді мақсаттармен сәйкестендіріңіз (мысалы, М.Әуезовтің жұмысына талдау жүргізу өзге де ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізумен қатар, мәдени жақтарын кеңінен түсінуге және талдау дағдыларын дамытуға әкеледі).
- Оқушылар сабақтың/блоктың/пәннің мақсаттарын айқын түсінгеніне көз жеткізіңіз.
- Мақсаттарды оқушылармен бірлесіп әзірлеңіз.

### **21. «Айна»**

Оқушылар жұптасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (немесе партада отырып та болады). Олардың біреуі қолдарымен, аяқтарымен, денесімен, бет-әлпетімен әртүрлі қимылдар жасайды, ал екінші оқушы оларды айна секілді қайталайды: оңды сол қылады, солды оң жасайды. Бір минуттан кейін оқушылар рөлдерімен алмасады.

### **«Айналмалы бекеттер»**

Әр шағын топты бекетте орналастырып, арандататын сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді.

### **«Айырмашылығынеде?»**

Оқушыларға екі түрлі мәтін немесе екі түрлі сурет көрсетіңіз. Екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтауды сұраңыз. Жауаптарын дәлелдеп отырулары керек.

### **«Аквариум» әдісі**

«Аквариум әдісі» - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын тандайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.

Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.

### **«Ақындар мен жазушылар»**

Топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін ақын-жазушыларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Бір топта бірінші айтылған тұлға өздерінде қайталанса, сызып тастап отырады. Қай топтың тізімінде тұлғалар тектері көп қалса, солар жеңімпаз.

**«Алдын-ала берілген атаулар»**

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Бұл тапсырманы күрлендіруге де болады. Ол үшін алдын-ала берілген атаулардың ішіне сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөзді қосуға болады. Мәселен, биология сабағында «Фотосинтез, жасуша, хлорофилл, терезе» сөздерін келтіруге болады. Бұл жерде соңғы сөз оқшаулау және сабақ тақырыбына тікелей қатысы жоқ, сонда да оқушылар олардың өзара қатысы мен байланысы туралы өз ойларын келтіруі керек.

#### **«Алма, шие, өрік, банан»**

Оқушылар орындықтарды шеңберлей орналастырып жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «Шие!» деп, не «Алма, өрік!» деп, немесе «Алма, шие, өрік, банан!» деп), сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын атайды.

#### **«Алфавит»**

Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с. Қорытынды сабақтарда, емтиханға дайындықта, есте сақтауын дамытуда көмекке келеді.

#### **«Ара ұясы» техникасы**

Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.

#### **«Арқаға жазылған комплименттер»**

Әр оқушының арқасына түйрегішпен (немесе скотчпен) А-4 форматындағы қағаз бекітіледі. Оқушылар сынып ішін аралап жүріп, бір-бірінің арқаларындағы қағаздарға жылы, жұмсақ сөздер жазып, бірін-бірі мақтайды. 2-3 минуттан кейін олар қағаздарын алып, шағын топ ішінде бір-біріне жазылған комплименттерді оқып береді.

#### **«Арқаға массаж жасау»**

Оқушылар шеңбер құрып тұрады да, мұғалімнің айтуы бойынша оңға бұрылып, ілгері қарай жүреді. Әр оқушы алдында тұрған жолдасының арқасына массаж жасауы керек. Бір минуттан кейін шеңбер теріс айналып, қайтадан алдында тұрған сыныптастарына массаж жасайды.

#### **«Арқаға сурет салу»**

Бұл ойында барлық әрекеттерді үнсіз жасау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің артынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең артында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап, ағаш, автомашина т.б). Тапсырма: соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрғанның арқасына өзінің арқасына салынған затты салады.

Суреттер салынып біткеннен кейін мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады.

#### **«Артығын алып таста»**

Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен байланысты) көрсетіңіз. Олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтауы керек.

#### **«Ассоциативті қатар»**

Мұғалім тақтаға бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Оқушыларға бір бетке тақтаға жазылған сөзден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. тастап, Сабақ тақырыбына қатысты ассоциация-сөздерді бір қатарға жазып шығу керек. Оқушылар сөздерді оқып, артық деп санаған сөздерді алып сабақ тақырыбын тұжырымдайды. Мысалы: ертегі, «Қобыланды батыр», кейіпкерлері, жыр, оқу, Тайбурыл...

Мұғалім парақтарды жинап алып, оқушылармен бірге жазылған ойларды қорытындылайды. Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық-құрылымды сызба немесе ойларына сәйкес тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады (оқушының өз тәжірибесі). Мұндай жұмыстар оқушылар мен мұғалімге ойын жіктеуді ғана емес, өздеріндегі субъекті тәжірибелерін ескере отырып, жаңа тақырыпты жоспарлауға мүмкіндік береді.

#### «Ассоциацияның көмегімен көрініс»

Қатысушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (пикникке алып шығатын немесе қызығушылығына байланысты) ұйқастырып айту керек. Мысалы: Есімім – Жантас, ұнататын сусыным – квас; Есімім – Жанар, ұнататын жемісім – анар т.с.с.

Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуларына болады.

#### «Атаулар (терминдер) кестесі»

Сабақ басында тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі атауларды (терминдерді) жазып, оқушыларға оларды мынандай кестеге түрлендіруді ұсынамыз:

№1 атау	№2 атау	№3 атау
Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері	Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері	Атау туралы білімдері, мағлұматтары, түсініктері

Оқушылар бұл тапсырманы алдымен жекелей (2-4 минут) орындап, одан кейін кестелерін топ (немесе жұп) ішінде оқып, талқылап, толықтырады (3-6 минут). Сыныптық талқылау барысында (4-6 минут) мұғалім оқушылардың өз кестелерін жариялауды ұсынады немесе тақтада келтірілген кестені оқушылардың жауаптары бойынша толтырылады.

Сабақ соңында бұл кестеге қайта оралып, келтірілген мәліметтердің дұрыс/бұрыстығы анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. С. Мирсеитова. «Оқыту ізденіс ретінде және Ізденіс оқыту ретінде» Қарағанды, 2011 ж.

2. А.А. Қасымбек, А.К. Шыныбаева «Қазақ тілі» жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. «Арман-ПВ» баспасы, 2015 ж.

3. [Ғаламтор желісі «Ustaz.kz»](http://Ustaz.kz), «Білімділер порталы»

## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – ТӘЖІРИБЕНІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСТЫ КӨЗІ

Кожаметова Замира Рахметкуловна

Ғ. Мұратбаев атындағы гимназиясы, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

Егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндет етсе, өркениетке жету үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Сол білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді өз тәжірибесіне енгізіп отырады. Осы тұста оқушыға сапалы білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуын талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім өз кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін үнемі ізденіп, сынып деңгейіне, оқушылардың жетістік деңгейіне, қолданатын әдіс-тәсілдеріне тұрақты зерттеу жүргізіп отыру керек.

Сыныптағы және ұжымдық іс-әрекеттегі зерттеулер – сыныпты және мұғалімнің өзін және шәкірттерін жете тануына, мақсат қоя жұмыстану арқылы кәсіби жетілуіне бағыт сілтейтін құралдар десек болады. Білім сапасы – басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдерді атап көрсетуге болады. Сондай тәсілдердің бірі - білім кеңістігінде кенінен танымал жапондық Lesson Study тәсілі. Lesson Study сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып

табылады. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson Study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Бұл құралды жазуда «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығындағы өзгерістермен толықтырылған), «Lesson Study: нұсқаулық» Пит Дадли, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кеңесі ұсынған мұғалімге арналған нұсқаулық, «Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері» басшылыққа алынды. Біздің бұл ұсынғалы отырған көмекші құралдың мақсаты – мектептегі, сыныптағы білім сапасын арттыру, сабақ процесін жақсартуға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімдісін анықтауға бағытталған Lesson Study зерттеуін жүргізуде мұғалімдерге әдістемелік көмек ұсыну.

Әдістемелік ұсынымда Lesson Study зерттеуі, оның жүргізілу барысы мен мақсаты туралы теориялық түсінік беріледі. Практикалық бөлімде мектебімізде өткізілген Lesson Study зерттеуі бойынша өз іс-тәжірибемізбен бөлістік. Жоспарлау, сауалнама жүргізу үлгілерімен, сондай-ақ сыныптағы түрлі деңгейлі оқушыларды таңдап алу, бақылау картасын толтыру, сабақтарды талдау мен оқушылармен сұхбат жүргізу бойынша ұсынбалар берілді. Бұл ұсыным мектеп мұғалімдеріне сыныптағы Lesson Study зерттеуін жүргізуге бағыт-бағдар береді деген ойдамыз.

### **«Lesson Study» туралы түсінік**

Lesson Study -мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда негізі қаланған. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson Study деп атады.

1999 жылға дейін Жапондықтардан басқа Lesson Study-ды аздаған адамдар ғана білетін. Тек Жапониядағы мұғалімдер ұзақ уақыт бойы Lesson Study-ды тәжірибеде қолданған. Жапониядағы Lesson Study-дың маңызы бүкіл әлемге танымал болды. Оның қуатты импульсын 1999 жылы жарыққа шығарылған «Оқытудағы олқылықтар кітабынан» (Teaching gap) байқауға болады. «Teaching gap» - Lesson Study -ды бүкіл әлемге танымал еткен алғашқы кітап. Teaching gap 1995 жылы Жапонияда, Германияда және АҚШ-та тоғызыншы сыныпта математика сабағының бейнежазбасына негізделген зерттеулер талдамасының есебі болып табылады. Талдау көрсеткендей, Жапониядағы сабақтар оқушыларға және олардың ойлауға уақыт беруіне көзделген. Жапониядағы сабақтардың аса жоғарғы деңгейіне Lesson Study -ды ендіру көмегімен қол жеткізген.

Бүгінгі мектеп партасындағы әрбір бала – ертеңгі болашақтың иесі. Сондықтан болашақтың иесі – алдымызда отырған оқушыларға алғашқы күннен бастап-ақ сапалы білім, саналы тәрбие беріп, білімнің нәрлі қайнарымен сусындату үшін ұстаздар қауымы педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негіздерін дұрыс қолдана білуі тиіс. Сондай-ақ, оқушыларды шығармашылық бағытта, жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

*Lesson Study* тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

- әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, алшындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- *Lesson Study*-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға;
- *Lesson Study* мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

**Lesson Study** орта мектептерде негізгі пәндер бойынша келесі мақсаттарды қамтиды:

- оқушылардың білім деңгейін көтеру;

- оқыту әдістемесін жетілдіру;
- оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу.

Ұақыт өте келе Lesson Study үдерісінде бірқатар қадамдар қалыптасты:

- Lesson Study тобы оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін өзара келіседі, үдеріс барысында барлық мүшелер бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болады.
- Топ зерттеудің сұрақ түрінде рәсімделген түйінді идеяларын келіседі және нені, кімді оқытуды анықтайды.
- Топ мүшелері зерттеудің түйінді идеяларына қатысты жауап табу үшін әдебиеттерді зерделейді және жоспарлау кезінде оларды пайдалану үшін нәтижелерін қорытады.
- Топ зерттеу сабағының ортасында қандай сыныптың және қандай үш «зерттелетін оқушының» болатынын шешеді және оқу үлгерімі жоғары, орта және төменгі деңгейдегі сынып топтарын ұсынады.
- Топ зерттеу сабағын «зерттелетін оқушылардың» менгеруіне ерекше назар аудара отырып, оны жоспарлайды.
- Бір мұғалім зерттеу сабағын жүргізеді, осы уақытта басқалары – «зерттелетін үш оқушыға» ерекше көңіл бөлу арқылы қадағалайды және ескертпелерді жазып отырады.
- Мұғалімдер осы зерттеу сабағы туралы олардың пікірін түсіну үшін бірнеше оқушылармен сұхбат жүргізеді.
- Топ зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізеді.

Талқылау белгіленген құрылым бойынша жүреді:

- Жоспарлау үдерісінде жасалған алдын-ала болжамдармен салыстыра отырып, «зерттелетін оқушылардың» оқуын қадағалау және болған айырмашылықтардың себебін анықтау;
- Тұтас сыныпты оқыту;
- Зерттеу сабағының барысы және оқыту үдерісі;
- Белгіленген және зерделенгендердің негізінде және соларға сәйкес келесі зерттеу сабағының мақсатын қою;
- Келесі Lesson Study-ді топпен бірлесе жоспарлау.

#### **Жалпы зерттеуді жүргізу барысын келесі кезеңдерде қарастыруға болады:**

1. Ұйымдастыру, жоспарлау.
2. Сабақты зерттеу.
3. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу.

##### **1. Ұйымдастыру, жоспарлау кезеңі.**

Мектепте жаңа кәсіби оқыту әдісін енгізу ұнайтын бір топ мұғалімді іріктеп алыңыз (үш адам болғаны қолайлы болмақ). Бұл топтың құрамына басшылық өкілі мен мол тәжірибесі бар мұғалім қатысса, *Lesson Study* тиімді болады.

Күтілетін нәтижелерді анықтап, топ мүшелерінде өздерін сырттан қатаң бақылауға алынғандай сезімтудырмай, кідірместен «тәуекелге бел бууға» мүмкіндік беретін негізгі ережелерді белгілеу мақсатында мәжіліс өткізіңіз. *Lesson Study* барысында топтың барлық мүшелерінің кәсіби білім алушы ретінде мәртебесі тең болады.

Белгілі бір мектептің, сыныптың немесе белгілі бір жас мөлшеріндегі топтың қажеттіліктері негізінде қаралатын мәселені белгілеп алыңыз, мысалы: топтық жұмыс арқылы оқыту үшін пікірталасты қолдану қағидаттары.

Сабақтарды жоспарлауда, бақылауда және талдауда *Lesson Study-дің* жалпы нысандарын пайдаланыңыз (үлгілері осы кітапшада берілген).

Бірінші *Lesson Study-ді* жоспарлау үшін мұғалімдерге арнайы уақыт бөліңіз (кем дегенде бір сағат).

*Lesson Study* кезінде олардың уақытын бағалаңыз және *Lesson Study* аяқталғаннан кейін бірден немесе көп уақыт өткізбей талқылау жүргізуді қамтамасыз етіңіз.

Жұмыс барысына белсенді түрде қызығушылық танытыңыз.

*Lesson Study-ді* жүргізетін топқа өз нәтижелерін әріптестеріне көрсетулері үшін арнайы мүмкіндік ұсыныңыз (педагогикалық кеңес, коучинг және т.б.).

Топтың бұл мүшелерін келесі *Lesson Study-ді* өткізу үшін жаңа топты ұйымдастыруда педагогикалық ұжымның көшбасшылары ретінде пайдаланыңыз.

Тақырып анықталған соң, жоспарлау кезеңі басталады. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер тобы бірлесе отырып зерттеуді жүргізу жоспарын құрады. Жоспар үш кезеңді қамтиды: ұйымдастыру, зерттеу сабақтарын өткізу, қорытындылау. Ұйымдастыру кезеңі бойынша сауалнаманы өткізу, қорытындылау, тақырыпты анықтау, жоспар құру, оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі (А,В,С) оқушыларды белгілеу,



күтілетін нәтижелерді анықтау, бірлесе отырып сабақты жоспарлау, арнайы бақылау кестесін жасау, талдау, талап критерийлерін белгілеу, жұмыс картасын жасақтау сияқты жұмыстар белгіленіп, өткізілетін уақыты, жауапты адамдар белгіленеді.

Екінші зерттеуді өткізу үшін пән мұғалімі мен бақылаушы мұғалімдердің іс-әрекеттері жоспарланады, сабақты өткізу мерзімі мен жауапты тұлғалар белгіленеді.

Соңғы бөлімінде зерттеуді қорытындылау мен тарату, бөлісу шаралары, жауаптылар мен өткізу мерзімі белгіленеді.

Осылайша зерттеуді жүргізу жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітуге ұсынылады.

- *Lesson Study*-ді қандай сыныпта өткізетіндігіңізді анықтап алыңыз, содан кейін әртүрлі білім алушы топтың шынайы өкілі болып табылатын үш оқушыны: жалпы дағдылар немесе жекелеген пәндер үшін қажетті дағдылар бойынша сыныпта оқитын оқушылардың ішінен жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтардың үшөкілін тандап алыңыз.

-*Lesson Study* бағытында жұмыс істейтін әрбір оқушының деңгейін анықтап алыңыз.

-*Lesson Study*-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтетініңіз туралы қысқа да нұсқа жазып алыңыз.


-Өзіңіз жетілдіргіңіз келетін немесе пайдалануды жоспарлап отырған оқыту әдісінің қолданылу ретіне назар аудара отырып, сабақтың әр кезеңін жоспарлаңыз. Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай реакция күтетіңізді жазып отырыңыз: өзінің тақырыпты игеру қарқынын көрсету үшін әр оқушы әрбір кезеңде не істейді.

-Қандай ресурстар қалай қолданылатындығын және тақтада не жазатыныңызды барынша дәл анықтап алыңыз, әрбір кезең үшін уақыт шеңберін белгілеңіз.

-Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (оқушыларды) қадағалайтынын келісіп алыңыздар. Барлығы екі оқушы қадағалап, үшінші оқушы назардан тыс қалмайтынына сенімді болыңыз.

**2.Сабақты зерттеу кезеңі.** *Lesson Study* тәсілі кем дегенде үш *Lesson Study*-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды (төмендегі 1-суретті қараңыз).

**1-сурет.** *Lesson Study* циклі (Дереккөз: *Бемлексем университеті, «Оқыту мен оқудағы шеберлік*



орталығының» оқу құралы: *Lesson Study, Dudley, P. (2011)*

Алғашқы сабақтың жоспарын бірінші циклді өткізуші мұғалім жоспарлайды, өткізеді. Өзге қатысушы мұғалімдер, яғни топ мүшелері сабақты бақылайды, үш деңгейдегі оқушыларды, олардың сабақтағы жетістік деңгейлерін бақылап, жазып алып отырады. Арнайы бақылау парағы жасақталады. Әрбір цикл аяқталған соң, түрлі деңгейдегі оқушылардан сабақ бойынша сұхбат алынады. Сабақты бірлесе талқылап, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, келесі сабақты жоспарлауға қажетті ұсыныстар береді, келесі сабақты бірлесе жоспарлайды. Осылайша бірнеше цикл қайталанып отырады.

**3.Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу кезеңі.** Бұл кезеңде *Lesson Study* зерттеуіне қатысушы мұғалімдер тобы қорытынды отырысын өткізеді. Сабақ өткізген мұғалімдер өздерінің сабақтары, ондағы қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігі, А,В,С деңгейлі оқушылардың жетістік деңгейі туралы рефлексивтік есеп дайындап, оқуды жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстарын жеткізеді. Модератор пән иелерінің рефлексивтік есептері негізінде қорытынды есеп дайындайды, күтілетін нәтижелерге қаншалықты қол жеткізуге болатынын саралап, нақты ұсыныстар белгілейді. Зерттеу кезеңдері толық аяқталып, қорытындыланған соң зерттеу нәтижелері мектептегі әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік немесе педагогикалық кеңес отырыстарында қаралады, сабақты жақсарту бағытындағы ұсыныстар жалпы ұжым мүшелерінің назарына ұсынылады.

## Математика пәні бойынша «Lesson Study» өткізу тәжірибесінен

### 1. Ұйымдастыру , жоспарлау кезеңі

Зерттеу тобының тақырыбын анықтау, мақсатын айқындау негізінде топтың бірінші отырысы өткізіліп, хаттамаланды.(Хаттама үлгісі берілді).

Хаттама № 1

Ұақыты: 18.11.21ж

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Жетілдіретін іс-әрекеттерді анықтау;
2. Сауалнама қорытындысымен танысу.
3. Зерттеу тақырыбын анықтау.
4. Зерттеу тобының мақсатын айқындау.
5. Зерттеу тобының құрамы, атқаратын қызметтерін айқындау.

1. Топ модераторы З. Р. Кожаметова 1-тоқсанның білім сапасы бойынша математика пәнінің төмендігін айта отырып, қай тақырыпты меңгеру оқушыларға қиындық туындатқанын сұрады. Зерттеу тобының мүшелері математика пәнінен оқушылардың есептің шартын түсініп, шешу жолын анықтау проблемасын атап өтті.

2. 4 «А» сынып жетекшісі Байдешова Ф. Н, 3 «В» сынып жетекшісі Кусемисова С. Қ, 3 «Б» сынып жетекшісі Наржанова З. Т. сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысының нәтижесімен таныстырды. Сауалнама нәтижесі бойынша 3 «Б» сыныбында есептің шартын түсінуде қиналатын 6 (31%), есептің шығарылу жолын өздігінен шеше алмайтын 9 (47%) оқушы; 3 «В» сыныбында есептің шартын түсінуде қиналатын оқушының 46%, есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 53%; 4 «А» сыныбында есептің шартын түсінуде қиналатын оқушының 40 %, есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 50 % оқушы көрсетті.

3. Сауалнама нәтижесін ескере отырып, зерттеу тобының тақырыбы анықталды. «Тірек-сызба әдістері арқылы 3-4 сынып оқушыларының есепті өздігінен шығару дағдысын қалай игертуге болады?»

4. Топ мүшелері біріге отырып, зерттеу тобының жұмыс жоспарын, мақсатын айқындады. Зерттеу мақсаты: математика пәнінен есепті өздігінен талдап, шығару дағдысын қалыптастыратын тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

5. Топ мүшелері қызметтері бөлінді.

Сыртқы сарапшы: КушEROVA Ж. Е. облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері;

Данаева А. Т. аудандық оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері.

Модератор: Кожаметова З. Р.

Хатшы: Меирхан М. С.

Математика пәнінің мұғалімдері: Кусемисова С. Қ Байдешова Ф. Н. Наржанова З.

Қаулы:

1. Сабақты зерттеу тобының құрамы бекітілсін.

Сыртқы сарапшы: КушEROVA Ж. Е. облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері;

Данаева А. Т. аудандық оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері.

Модератор: Кожаметова З. Р. Хатшы: Меирхан М. С. Математика пәнінің мұғалімдері: Кусемисова С.

Қ Байдешова Ф. Н. Наржанова З.

2. Сабақты зерттеу тобының тақырыбы, жұмыс жоспары бекітілсін.

Модератор: ..... Кожаметова З. Р.

Хатшы: ..... Меирхан М. С.

Зерттеу тобы мүшелерімен кеңесе отырып, 4«А», 3 «Б», 3 «В» сыныптарында сауалнама өткізілді.

3 «Б» сынып оқушыларының зерттеу проблемасын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Сауалнама оқушылардың есеп шығару, теңдеу шешу дағдысына байланысты сұрақтардан құрастырылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 2 ( 8 % ), есептің шартын түсінуде қиналатын 8 (32%) , есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 10 (40%)

, теңдеу шешу жолында қателесетін 4 (17%) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 7 ( 28%) оқушы анықталды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Кейде
1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналамын.	2	12	5
2	Есептің шартын түсіну қиын .	8	8	3
3	Есептің шешу жолын өздігімнен анықтай алмаймын.	10	7	2
4	Теңдеу шешудің жолында қателесемін.	4	15	
5	Математика пәнінен сыныптастарымның көмегіне мұқтажбын.	7	10	2
6	Мұғалімнің көмегінсіз тапсырманы орындай алмаймын.	7	10	2

3 «В» сынып оқушыларының зерттеу проблемасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама оқушылардың есеп шығару, теңдеу шешу дағдысына байланысты сұрақтардан құрастырылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша 3 «В» сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 4 ( 27 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 7 (46%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 8 (53 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 3 (20 %) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 6 ( 40 %) оқушы анықталды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Кейде
1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналамын.	4	8	3
2	Есептің шартын түсіну қиын .	7	6	2
3	Есептің шешу жолын өздігімнен анықтай алмаймын.	8	5	2
4	Теңдеу шешудің жолында қателесемін.	3	12	
5	Математика пәнінен сыныптастарымның көмегіне мұқтажбын.	6	7	2
6	Мұғалімнің көмегінсіз тапсырманы орындай алмаймын.	7	7	1

4 «А» сынып оқушыларының зерттеу проблемасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама оқушылардың есеп шығару, теңдеу шешу дағдысына байланысты сұрақтардан құрастырылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша 4 «А» сыныбында амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 3 ( 14 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 7 (31%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 8 (37 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 3 (14 %) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 6 ( 28 %) оқушы анықталды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Кейде
1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналамын.	3	19	
2	Есептің шартын түсіну қиын .	7	10	5
3	Есептің шешу жолын өздігімнен анықтай алмаймын.	8	10	4
4	Теңдеу шешудің жолында қателесемін.	3	19	
5	Математика пәнінен сыныптастарымның көмегіне мұқтажбын.	6	16	
6	Мұғалімнің көмегінсіз тапсырманы орындай алмаймын.	6	14	2

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен есептің шартын түсініп – талдау жұмыстарын қолға алу керектігіне назар аударылды. Осы қорытындыдан бізде мынадай зерттеу сұрақтары туындады:

1.Оқушының есепті түсінуіне, шешу жолын анықтай алуына тірек-сызба әдісінің ықпалы қандай болады?  
2.Оқушылардың есепті өздігінен шығаруда кездесетін кедергілерді қалай жоюға болады?

Зерттеу сұрағына сүйене отырып, зерттеу тобының тақырыбы анықталды.

Зерттеу тақырыбы: «Тірек-сызба әдістері арқылы 3-4 сынып оқушыларының есепті өздігінен шығару дағдысын қалай жетілдіруге болады?»

Зерттеу мақсаты: математика пәнінен есепті өздігінен талдап, шығару дағдысын қалыптастыратын тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

Осы мақсатта алдымен зерттеу тобы құрылды:

№	Аты-жөні	Пәні	Зерттеу тобындағы қызметі
1	Байдешова Ф. Н.	Бастауыш	Бақылаушы

2	Күсемисова С. Қ.	Бастауыш	Бақылаушы
3	Наржанова З.	Бастауыш	Бақылаушы
4	Меирхан М. С.	Бастауыш	Хатшы

*Зерттеу тобының бірінші отырысы өткізіліп, Lesson Study-ді өткізу жоспары құрылып, бекітуге ұсынылды. (жоспар үлгісі берілді)*

*Фокус топпен кәсіби әңгіме барысынан көріністер*



Сабақты зерттеу жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Қорытынды
1	Отырыс №1. Жетілдіретін іс-әрекеттерді анықтау: 1.Сауалнама қорытындысымен танысу. 2.Зерттеу тақырыбын анықтау. 3.Зерттеу тобының мақсатын айқындау және жұмыс жоспарын жасау. 4.Зерттеу тобының құрамы, атқаратын қызметтерін айқындау.	18.11.21 ж	Сынып туралы мәлімет, зерттеу тобының құрамы, жұмыс жоспары. Хаттама
2	1.Математика пәнінен есепті өздігінен меңгертуге әдістерді анықтау, талдау. 2. А, В, С оқушыны анықтау. 3. Бақылау парақтарын әзірлеу. -сыныпты бақылау парағы; -оқушыларды бақылау парағы; 4.Зерттеу сабақтарының кестесін құру.	21.11.21 ж	Әдіс-тәсілдер Бақылау парағы Сабақ кестесі
3	Зерттеу сабақтарын өткізу, талдау, келесі сабақты жоспарлау. Оқушылардан сұхбат алу.	3.12.21 ж- 20.12.21 ж	Сабақ жоспары, сурет, видео, хаттама.
4	Зерттеу сабақтарының 1-циклын қорытындылау. Математика пәнінен тиімді әдістерді анықтау.	21.12.21 ж	Математика пәнінен тиімді әдістер

Модератор: \_\_\_\_\_ Кожаметова З.Р.

*Зерттеу тобының екінші отырысы өткізіліп, математика пәнінен есепті өздігінен меңгертуге қолайлы әдістер таңдалып, «бақыланушы» оқушылар анықталып, зерттеу сабақтарының кестесі құрылды. (Хаттама үлгісі берілді).*

Хаттама № 2

Ұақыты: 21.11.21ж

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Математика пәнінен есепті өздігінен меңгертуге әдістерді анықтау, талдау.
2. А, В, С оқушыны анықтау.

3. Бақылау парақтарын әзірлеу.

4. Зерттеу сабақтарының кестесін құру.

1. Топ модераторы З. Р. Кожаметова «Фишбоун», «ФИЛА», «Хатқалташа» әдістерін ұсынды. Топ мүшелері әдістердің қолданылуын талдап, «Фишбоун» «Хатқалташа» әдісін қолданып көруді бірауыздан мақұлдады. Зерттеу сабақтары жоспарланды.

2. А, В, С оқушылары анықталып, әр оқушыдан күтілетін нәтижелер анықталды.

3. Сабақты, оқушыны бақылау парағын топ мүшелері бірге әзірледі. Топ модераторы З. Р. Кожаметова бақылау парағына әдіс-тәсілдерді, оқушының іс-әрекетін нақты жазу қажеттігін атап өтті.

4. Зерттеу сабақтарының кестесі құрылды. Әр мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бойынша тақырыптарын анықтады. Топ мүшелеріне ыңғайлы уақытқа сабақ уақыты қойылды.

Қаулы:

1. Бақылау парақтарының кестесі қабылданын

2. Зерттеу сабақтарының кестесі бекітілсін.

Модератор: ..... Кожаметова З. Р.

Хатшы: ..... Меирхан М. С.

### Зерттеу сабақтарының кестесі:

І-цикл

№	Аты-жөні	Сыныбы	Кабинет	Күні	Сабақтың тақырыбы
1	Кусемисова С. Қ.	3 «в»	17	4.12.21ж	Тонна. Грамм
2	Байдешова Ф. Н.	4 «а»	3	5.12.21ж	Бірлескен есеп
3	Наржанова З.	3 «б»	4	6.12.21ж	Есептер шығару
4	Кусемисова С. Қ.	3 «в»	17	10.12.21ж	Толық ондықтар мен жүздіктерді көбейту және бөлу.
5	Наржанова З.	3 «б»	4	12.12.21ж	Дөңгелек сандарды ауызша көбейту және бөлу.
6	Байдешова Ф. Н.	4 «а»	3	13.12.21ж	Қарама - қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептер.
7	Кусемисова С. Қ.	3 «в»	17	18.12.21ж	32*2, 320*2, 32*20 түріндегі көбейту тәсілдері.
8	Байдешова Ф. Н.	4 «а»	3	19.12.21ж	Қарама - қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептер.
9	Наржанова З.	3 «б»	4	20.12.21ж	32*2, 320*2, 32*20 түріндегі көбейту тәсілдері.

*Топ мүшелерінің екінші отырысында әр сыныптағы А,В,С деңгейлі оқушылар анықталып, күтілетін нәтижелер белгіленді.*

### А, В, С оқушыларға сипаттама

#### 3 «Б» сыныбы

Деңгейі	Сипаттама	Күтілетін нәтиже
А	Сабақты жақсы оқиды. Мінезі тұйық, ұқыпты.	Өзіндегі ақпаратпен өзгемен бөлісуді үйренеді. Жұбымен ынтымақтаса жұмыс жасайды.
В	Өз білгенін ешкіммен бөліспейді, ұқыпты, жауапкершілігі мол. Есепті шешуде қателіктер жібереді.	Топтық, жұптық жұмыстарға араласу арқылы өз білімімен бөліседі. Есепті түсініп, шешу жолын дұрыс анықтайды.
С	Білімі қанағаттанарлық. Сыныптастарының көмегіне мұқтаж. Есептің шартын түсінуде, шешу жолын анықтауда қиналады.	Есептің шартын түсінеді. Сыныптастарымен ұжымда жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Сынып жетекшісі: Наржанова З.Т.

## 3 «В» сыныбы

Деңгейі	Сипаттама	Күтілетін нәтиже
А	Тапсырманы дұрыс орындайды, бірақ өз біліміне сенімсіз қарайды.	Өзіне сенімділігі артады, топта жұмыс жасау арқылы есептің шешу жолын сыныптастарымен талдайды.
В	Есепті шешуде қателіктер жібереді. Сыныптастарының көмегіне мұқтаж.	Топтық, жұптық жұмыстарға араласу арқылы өз білімімен бөліседі. Есепті түсініп, шешу жолын дұрыс анықтайды.
С	Тапсырманы шапшаң, тез орындауға тырысады. Есептің шартын түсінуде, шешу жолын анық тауда қиналады. Мұғалімнің көмегі не мұқтаж.	Есептің шартын түсінеді. Сыныптастарымен ұжымда жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Сынып жетекшісі: Кусемисова С. Қ.

## 4«А» сыныбы

Деңгейі	Сипаттама	Күтілетін нәтиже
А	Мінезі тұйық, өз ісіне ұқыпты. Ешкіммен ашылып сөйлеспейді. Сабақты жақсы оқиды. Бірақ, өзіндегі ақпаратпен бөліспейді.	Өзіне сенімділігі артады, топта жұмыс жасау арқылы есептің шеш. Топта, жұпта ынтымақтаса жұмыс жасайды.
В	Сабақта үлгерімі ортадан жоғары. Мінезі бірқалыпты, өз ойын еркін жеткізе алмайды. Есепті шешуде қателіктер жібереді. Сыныптастарының көмегіне мұқтаж.	Топтық, жұптық жұмыстарға араласу арқылы өз білімімен бөліседі. Есепті түсініп, шешу жолын дұрыс анықтайды.
С	Білім деңгейі төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ. Есептің шартын түсінуде, шешу жолын анық тауда қиналады. Мұғалімнің көмегі не мұқтаж.	Есептің шартын түсінеді. Сыныптастарымен ұжымда жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Сынып жетекшісі: Байдешова Ф. Н.

Зерттеу тобының екінші отырысында сабақты, оқушыны бақылау парағын топ мүшелері бірге әзірледі. (Үлгісі төменде берілді)

Сабақты бақылау парағы

Сынып: ..... Пәні: математика Күні: .....

Сабақ беретін мұғалім: .....

Зерттеуші мұғалім: .....

№	Тапсырмалар	Оқушылардың іс-әрекеті
1		
2		
3		
4		

Зерттеуші мұғалімнің ұсынысы, ескертпелері, қорытындысы:

---



---



---



---



---

Оқушыны бақылау парағы

Оқушының аты- жөні:

Деңгейі:

Пәні: математика Күні: .....

Сабақ кезеңдері	Күтілетін нәтиже	оқушы қалай жауап берді?	Келесі сабаққа ұсыныс
Сабақ басында			
Сабақ ортасында			
Сабақ соңында			
Қорытынды : Оқушы нені істей алды? Қандай нәтижеге жетті? Оның қандай дәлелі бар?			

Бақылаушы мұғалім: .....

Оқушы үні

Сабақтан кейін бақылаудағы оқушылармен сұхбат парағы

Сыныбы: .....

Күні: .....


Сұрақ	Оқушы жауабы
Саған сабақта бәрінен не ұнады?	
Сен нені үйрендің? Бұрын істей алмағандарыңнан қазір нені істей аласың? Нені жақсырақ істей аласың?	
Сабақтың қай бөлігі сен үшін барынша тиімді болды?	
Егер дәл осы сабақ басқа сыныпта өткізілсе, нені өзгертер едің? Неліктен бұл бөлігін өзгертер едің?	

Сабақ қорытындысы бойынша талқылауларды жазу

	Бақылаудағы А оқушы	Бақылаудағы В оқушы	Бақылаудағы С оқушы
Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді?			
Сыныптағы басқа оқушылар қандай нәтиже көрсетті?			
Енгізіліп жатқан әдіс қалай көмектесті немесе кедергілер келтірді?			
Қандай тосын оқиғалар болды?			
Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы әдістеменің қандай аспектілері түзетілуі керек?			

**2.Зерттеу сабақтарын өткізу кезеңі**

Желтоқсан айында жоспар бойынша үш циклдан тұратын зерттеу сабақтары өткізілді. Әр сабаққа зерттеуге қатысушы мұғалімдер қатысып, бақылау парағын толтырып отырды. Әр сабақтан кейін оқушылардан сұхбат алынды. Сабақ біткен соң топ мүшелері жиналып, сабақты талқылады, оң нәтижелерді анықтап, ұсыныстар беріп, келесі сабақтың мақсатын, күтілетін нәтижелерін белгілеп отырды. Алдағы сабақтың жоспарларын бірлесе жоспарлап, әдіс-тәсілдердің ең тиімдісі таңдап алынды.



Сәтті/Сәтсіз тұстары	1-сабақ	2-сабақ	3-сабақ
Сәтті	1.«Фишбоун» әдісі есептің шартын түсінуде, сұрағын анықтауда тиімді. 2. «Сәйкестендіру» тапсырмасы тақырыпты бекітуде тиімді қолданылды.	1. «ДЕАЛ» әдісінде топтық жұмыста рөл бөлінгендіктен, барлық топ мүшелері жұмысқа ат салысты. 2. Есептің шартын «ДЕАЛ» әдісінің 2-бөлігін толтыру арқылы толық түсінуге мүмкіндік болды. 3. «Жағажай добы» әдісі формулаларды қайталауда тиімді болды. 4. «Көмек қобдишасы» әдісі арқылы сабақсоңында оқушылардан алынған кері байланыс келесі сабақты жоспарлауда маңызды болды.	1. Оқушылардың көп бөлігі есептің шешу жолына талдау жасап, шешуін дұрыс анықтады.  2. «Көмек қобдишасы», «Жағажай добы» әдістері
Сәтсіз	1.«Фишбоун» әдісінде есептің шешуін табуда қателесті, өйткені, бұл әдісте есептің	Оқушылар есептің шешу жолына талдау жасауда қателесті.	-



	шешуін табуда қателесті, өйткені бұл әдісте шешу жолын талдау қарастырылмаған. 2.Топта барлық оқушы жұмысқа қатыспады, тек көшбасшы оқушылар жұмыс жасады.		
Нені жақсарту қажет?	1.Есептің шешу жолына талдау жасау арқылы шешімін табатын әдістер қарастыру. 2.Топтық жұмыста оқушыларды рөлге бөлуді басшылыққа алу.	Оқушылардың есепті шешу жолына талдау жасау дағдысын жетілдіру.	Есеп шығаруда формулаға сүйену, формуланы қолдану дағдысын жетілдіру.


*Зерттеу сабақтарының қысқа мерзімді жоспарының үлгілері*

Пән: Математика	Мектеп:	
Күні: 5.12.21ж	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:4-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Бірлескен жұмыс	
Оқу мақсаттары	4.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорционал бөлуге, белгісізді екі айырмасы бойынша табуға берілген есептерді талдау және шығару;	
Алдыңғы білім	Шамалардың өзара байланысы.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p><b>Жаңа топ құру</b></p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Математика керек әр күнге, Математика қажет өмірде. Математиканы оқимыз, Миымызға тоқимыз. Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✚ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</li> <li>✚ Ұақытты үнемдейміз!</li> <li>✚ Нақты, дәл жауап береміз!</li> <li>✚ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</li> <li>✚ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</li> </ul> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру.</u> Математикалық диктант «иә, жоқ»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шаршының барлық қабырғасы тең.</li> <li>2. Ұақыттың өлшем бірлігі сағат.</li> <li>3. Тік төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары бір-біріне тең.</li> <li>4. Екі жағы шектелген түзу сызық сәуле.</li> <li>5. Үшінші класс мыңдар классы.</li> <li>6. Аудан табу үшін ұзындығына енін көбейту керек.</li> </ol> <p>Оқушыларды үш топқа бөліп, топтағы оқушыларға қағаздан қайық жасату. Бірінші топ 2 қайық, екінші топ 3 қайық, үшінші топ 4 қайық жасады. Олар бірлесіп 3 минутта қанша қайық жасады? Осы есепті шығару арқылы, жаңа сабақтың тақырыбымен танысады. Бірлесіп жұмыс атқарған кездегі өнімділік өнімділіктердің қосындысына тең:</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>

	<p><math>U = U_1 + U_2 + U_3</math></p> <p>Жұмысты табу үшін (орындалған өнімнің саны) бірлескен өнімділікті уақытқа көбейту қажет: <math>A = U_{\text{бірл.}} \cdot t</math></p> <p>Бірлесіп атқарған жұмыстың уақытын білу үшін жұмысты (орындалған өнімнің саны) бірлескен өнімділікке бөлу қажет :</p> <p><math>t = A : U_{\text{бірл.}}</math></p> <p>Мақсат қою:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай?</li> <li>-Тақырыпты қаншалықты түсінгенімізді тексеру:</li> </ul> <p>өнімділік, уақыт, жұмысқа кеткен уақыт, жұмыстың нәтижесі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Бірлескен өнімділік» дегеніміз не?</li> <li>2. «Бірлескен өнімділікті» қалай табамыз?</li> <li>3. Формула дегеніміз не?</li> </ol>													
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ережені толықтыр.</p> <p>I топ II топ III топ <math>A =</math> <math>V =</math> <math>t =</math></p> <p>Балалар дескрипторларды тұжырымдайды.</p> <p>Мен:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Өнімділік, жұмысқа шығындалған уақыт, атқарылған жұмыс шамалары арасындағы байланыс формуласын анықтаймын.</li> <li>-Шамалар арасындағы байланыс формуласын қолдана отырып, өнімділікті, жұмысқа шығындалған уақытты, атқарылған жұмысты есептеймін.</li> </ul> <p>№1 тапсырма. «Хат қалташа» әдісі арқылы топпен жұмыс</p> <p>Кесте бойынша есеп құрастыру және шығару.</p> <table border="1" data-bbox="293 965 1058 1133"> <thead> <tr> <th></th> <th><math>V</math></th> <th><math>t</math></th> <th><math>A</math></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1-тігінші</td> <td>5 бұй./сағ</td> <td rowspan="3">бірдей 3 сағат</td> <td rowspan="3">} бұйым</td> </tr> <tr> <td>2-тігінші</td> <td>8 бұй./сағ</td> </tr> <tr> <td>3-тігінші</td> <td>12 бұй./сағ</td> </tr> </tbody> </table> <p><math>5 + 8 + 12 = 25</math> (бұйым) – үш тігінші жасайтын бұйым.</p> <p><math>25 \cdot 3 = 75</math> (бұйым) – 3 сағатта жасайды.</p> <p>Жұптық жұмыс. «Мен – сен –біз» әдісі арқылы №2 есепті шығару. Екі шалғышы бірлесіп, 360 м<sup>2</sup> жердің шөбін шапты. Оның бірі – 1 сағат, екіншісі 2 сағат жұмыс істеді. Олардың жұмыс өнімділігі бірдей болса, олардың әрқайсысы қандай ауданның шөбін шапты?</p> <p>Шешуі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <math>1+2=3</math> (с) – жұмысқа кеткен жалпы уақыт.</li> <li>2) <math>360 : 3 = 120</math> (м<sup>2</sup>/с) – өнімділік.</li> <li>3) <math>120 \times 1 = 120</math> (м<sup>2</sup>) – біріншісінің шапқаны.</li> <li>4) <math>120 \times 2 = 240</math> (м<sup>2</sup>) – екіншісінің шапқаны.</li> </ol> <p>1. Оқушылар өз беттерімен тапсырманы ойластырып, оны орындайды.</p> <p>2. Жұптарымен ой бөліседі.</p> <p>Дескрипторларды тұжырымдайды.</p> <p>Мен:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс атқарылған уақытты анықтау;</li> <li>- өнімділікті анықтау;</li> </ul>		$V$	$t$	$A$	1-тігінші	5 бұй./сағ	бірдей 3 сағат	} бұйым	2-тігінші	8 бұй./сағ	3-тігінші	12 бұй./сағ	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Оқулық Жұмыс дәптерлері,</p>
	$V$	$t$	$A$											
1-тігінші	5 бұй./сағ	бірдей 3 сағат	} бұйым											
2-тігінші	8 бұй./сағ													
3-тігінші	12 бұй./сағ													
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.</p> <p>Ойтолғаныс кезеңі.</p> <p>«Фишбоун» әдісі арқылы 6 тапсырма ,8 тапсырма орындау.</p> <p>Есеп шығару алгоритмі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Бірлескен өнімділікті қалай білеміз?</li> <li>2) Екі сауыншы бірігіп, 4 сағатта неше сиыр сауады? <math>15 + 22 = 37</math> сиыр – екі сауыншы 1 сағатта сауады. <math>37 \cdot 4 = 148</math> сиыр – екі сауыншы 4 сағатта сауады.</li> </ol> <p>8-тапсырма (а).</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <math>1800 : 18 = 100</math> кәстөм/күн – 1-цех шығарады.</li> <li>2) <math>1800 : 9 = 200</math> кәстөм/күн – 2-цех шығарады.</li> <li>3) <math>100 + 200 = 300</math> кәстөм – екі цех орындайды.</li> </ol>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Оқушылар сабақтан алған</p>												

	<p>4) <math>1800 : 300 = 6</math> күн – екі цех өнім шығару үшін қажет.          Дескрипторларды тұжырымдайды.          Мен:          - бірлескен өнімділікті анықтау формуласын қолдану.          - жұмыс нәтижесінің көлемін анықтау формуласын қолдану.          «Үш қадамды сұхбат» әдісі арқылы кері байланыс.          Әр топ өтілген тақырып бойынша үш сұрақтан қояды. Үшінші топ қойған сұрақтардың маңыздылығы мен жауаптардың дұрыстығына сараптама жасап, топтардың жұмысына баға береді.</p>	әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.
--	---	---

Пән: Математика	Мектеп:
Күні: 13.12.21 ж	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 4-сынып	Қатысқандар саны: _____ Қатыспағандар саны: _____
Сабақ тақырыбы	Кездесу қозғалысына берілген есептер
Оқу мақсаттары	4.5.1.9 ** бір бағыттағы (қуып жету, қалып қою) қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдістермен шығару.
Алдыңғы білім	Шамалардың өзара байланысы: жылдамдық, уақыт, арақашықтық. Есепті теңдеу құру арқылы шығару.

Сабақтың барысы								
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар						
Сабақтың басы	<p>Жаңа топ құру</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>Мұғалім: - Балалар бәрімізде орнымыздан тұрайық. Бүгін бізге қонаққа келіп отырған ұстаздарымызбен сәлемдесіп жіберейік. Орнымыздан тұрып, ортаға шығайық.</p> <p>Сәлемдесу сәті.</p> <p>Үлкенге де сіз.</p> <p>Кішіге де сіз</p> <p>Құрметпенен сіздерге.</p> <p>Бас иеміз біз.</p> <p>-Бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін, Бәріміз орнымызға жайғасайық</p> <p>-Қозғалыста болатын қандай денені білесің?          (машина, мотоцикл, адам, жануар, құс)</p> <p>-Қозғалыста болмайтын ше? (заттар, тамақ, құрал т.с.)</p> <p>-Қозғалыстағы дене қандай бағытта болуы мүмкін?</p> <p>- Сонымен қозғалысқа қатысты қандай ұғымдармен таныспыз?</p> <p>-Жылдамдық дегеніміз не?</p> <p>Жылдамдық - уақыт бірлігі ішінде жүріп өткен қашықтық.</p> <p>«Сәйкестендіру» әдісі .</p> <p><b>Формулаларды өзара сызық арқылы сәйкестендіріңдер:</b></p> <table border="1" data-bbox="295 1467 638 1590"> <tr> <td><math>v =</math></td> <td><math>S : v</math></td> </tr> <tr> <td><math>t =</math></td> <td><math>S : t</math></td> </tr> <tr> <td><math>s =</math></td> <td><math>v \cdot t</math></td> </tr> </table> <p>Формулаларды өзара сызық арқылы сәйкестендіру.</p> <p>Дескриптор Білім алушы:</p> <p>-қозғалыс жылдамдығын табу формуласын анықтау;</p> <p>-арақашықтықты табу формуласын анықтау;</p> <p>-уақытты табу формуласын анықтау;</p> <p>Бағалау «Шапалақ» әдісі</p> <p>2 - тапсырмаға теңдеу құру керек. Қай сызба бойынша теңдеу құруға болады .</p> <p><b>Велосипедші сөреден бастап 35 км/сағ жылдамдықпен 3 сағ жүрді және оған мәреге дейін әлі 45 км жүру қажет. Сөре мен мәренің арақашықтығы қандай?</b></p>  <p><math>x</math> – барлық арақашықтық  <math>x - 35 \cdot 3 = 45</math></p> <p><math>x - 105 = 45</math></p>	$v =$	$S : v$	$t =$	$S : t$	$s =$	$v \cdot t$	<p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
$v =$	$S : v$							
$t =$	$S : t$							
$s =$	$v \cdot t$							

	<p><math>x = 105 + 45</math>  <math>x = 150</math>  <math>150 - 35 \cdot 3 = 45</math>  <math>45 = 45</math></p> <p>Мақсат қою:  – Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай?  – Бір-біріне қарама-қарсы бағытта қозғалған денелердің қозғалысына байланысты есептер шығару. Өрнек құрастырып, оны теңдеу түрінде шығарып көру.  Арақашықтығы 1 220 км болатын екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі пойыз шықты. Олар 10 сағаттан кейін кездесті. Бірінші пойыздың жылдамдығы 65 км/сағ. Екінші пойыздың жылдамдығын тап. Оқушылар сабақта мынадай қиындықтармен кездесе отырып, мақсат қояды. Әртүрлі тапсырмаларға өрнек құруды үйренуіміз керек.  <math>x</math> - екінші пойыздың жылдамдығы.  <math>x + 65</math> – пойыздардың жақындау жылдамдығы.  <math>(x + 65) \cdot 10</math> – екі қаланың арақашықтығы.  <math>(x + 65) \cdot 10 = 1220</math>  <math>x + 65 = 1220 : 10</math>  <math>x + 65 = 122</math>  <math>x = 122 - 65</math>  <math>x = 57</math>  <del><math>(57 + 65) \cdot 10 = 1220</math></del>  <math>1220 = 1220</math></p> <p>Ұжым болып талқылау кезінде мынандай алгоритм шығады.</p> <div style="border: 1px solid red; padding: 5px;"> <p>шығады. Екі дененің қозғалысына берілген есептерді теңдеудің көмегімен шығаруға болады. Ол үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Формуланы жаз;</li> <li>2. Есепті мұқият оқы және қозғалыстағы денелердің әрқайсысы үшін не белгілі екендігін анықта; арақашықтық, жылдамдық, уақыт;</li> <li>3. Теңдеу құрғанға дейін есептің барлық шамаларын бірдей өлшем бірліктеріне келтір.</li> <li>4. Нені табу керек екендігін анықтап, оны <math>x</math>-пен белгіле.</li> <li>5. Есептің барлық мәліметтерін қолданып, теңдеуді жаз.</li> <li>6. Теңдеуді шеш. Дұрыстығын тексер.</li> </ol> <p>ә) Теңдеу құрастыр және шығар.  Екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі пойыз шықты. Олардың бірінші жылдамдығы 72 км/сағ. Екіншісінің жылдамдығы 68 км/сағ. Егер екі қаланың арасы 420 км болса, олар қанша сағаттан кейін кездеседі?  <math>x</math> – кездескен уақыт  <math>72 + 68</math> – кездескен кездегі жылдамдық  <math>(72 + 68) \cdot x = 420</math>.</p> </div> <p>Жақындау жылдамдығы дегеніміз – екі автокөліктің жылдамдықтарының қосындысы.  Дескриптор  - есептегі ізделінді санды анықтау.  - есепке теңдеу құру.  - теңдеуді шешу.</p>									
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Жұптық жұмыс  Дескриптор <i>Білім алушы:</i>  - екі велосипедшінің жақындау жылдамдығын анықтау;  - Бір-біріне қарама –қарсы бағыттағы қозғалған нысандардың арақашықтығын анықтау;  - шешу жолын анықтау;  «DEAL» әдісі арқылы № 4 тапсырманы орындау.  D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).  E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).  A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).  L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).</p> <table border="1" data-bbox="288 1877 1286 2045"> <tr> <td>D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.</td> <td>E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау</td> <td>A – Analyse – талдау формуласы</td> <td>L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.	E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау	A – Analyse – талдау формуласы	L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу					<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Оқулық жұмыс</p>
D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.	E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау	A – Analyse – талдау формуласы	L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу							

	<p>№5.  <math>200 \text{ м/мин} = 200 \cdot 60 : 1\,000 = 12 \text{ (км/сағ)}</math> – Арманның жылдамдығы.  <math>24 : 12 = 2 \text{ (сағ)}</math> – Арманның жұмсаған уақыты.  Серіктің жылдамдығы – <math>12 \text{ км/сағ}</math>  Екі велосипедші де бірдей жылдамдықпен бірдей арақашықтықты жүріп өтті.  №6. Сызба бойынша есеп құрастыруға арналған шығармашылық жұмыс. Мәтін қысқа және түсінікті болу керек.</p> <p>а)  1) <math>5 + 6 = 11 \text{ (км/сағ)}</math> – жақындау жылдамдығы;  2) <math>44 : 11 = 4 \text{ (сағ)}</math> – кездесу уақыты.</p> <p>ә)  1) <math>75 \cdot 3 = 225 \text{ (км)}</math>  2) <math>330 - 225 = 105 \text{ (км)}</math>  <math>105 : 3 = 35 \text{ (км/сағ)}</math></p> <p>№8. Шешуі: <math>60\,000 : 60 = 1\,000 \text{ м/мин}</math>  Яғни, <math>2 \text{ км} = 2\,000 \text{ м} - 2 \text{ минутта жүріп өтуге болады.}</math>  Ал мәшине <math>3 \text{ мин жүрді, демек баяуырақ жүрді.}</math></p>	<p>дәптерлері,   Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
Сабақтың соңы	<p>Топтық жұмыс «Жағажай добы» әдісі арқылы сабақты қорытындылаймын.  «Жағажай добы» әдісі арқылы допты үлестіріп, топ басшысы тапсырманы келесі оқушыға береді, ол формуланы тауып, келесі оқушыға ұсынады.  -Кездесу қозғалысы кезіндегі жақындау жылдамдығының формуласын ата.  <math>V \text{ жақынд.} = V^1 + V^2</math>  -Кездесу қозғалысы кезіндегі жақындау жылдамдығы белгілі болғандағы уақытты қалай білуге болады? <math>t = S : V</math>  -Бір-біріне қарама-қарсы бағытта қозғалған нысандардың арақашықтығын қалай білеміз? <math>S = V \text{ жақынд.} \cdot t</math>  Әр топ басшысы кері байланыс береді.  Рефлексия:  Есепті теңдеу құру арқылы шығарған кезде, әдетте <math>x</math>-пен нені белгілейді?  Теңдеуді қалай құруға болады?  Түсіндір.  Теңдеудің көмегімен есепті шығару дегеннің не екендігін түсіндір.  Үй тапсырмасына берілетін №9 тапсырма жаңа сабақты бекітуге арналған.  <math>(x + 12) \cdot 3 = 81</math>  <math>x + 12 = 81 : 3</math>  <math>x + 12 = 27</math>  <math>x = 27 - 12</math>  <math>x = 15</math>  <math>15 \text{ (км/сағ)}</math> – екінші велосипедшінің жылдамдығы.</p>	
1 минут	Үйге тапсырма: № 6	Күнделікке жазу

Пән: Математика	Мектеп:	
Күні: 19.12.21ж	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 4-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептер	
Оқу мақсаттары	4.5.1.9. бір бағыттағы (қуып жету, қалып қою) қозғалысқа берілген есептерді арифметикалық әдістермен шығару.	
Бағалау критерийлері	Қарама-қарсы қозғалысқа берілген есептерді шығаруды үйрену.	
Алдыңғы білім	Шамалардың қатынасы: Жылдамдық, уақыт, арақашықтық.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Жаңа топ құру  Психологиялық ахуал қалыптастыру.  Мұғалім: - Балалар бәрімізде орнымыздан тұрайық. Бүгін бізге қонаққа келіп отырған ұстаздарымызбен сәлемдесіп жіберейік. Орнымыздан тұрып, ортаға шығайық.  Сәлемдесу сәті.  Үлкенге де сіз.  Кішіге де сіз</p>	Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

Құрметпенен сіздерге.

Бас иеміз біз.

-Бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін, Бәріміз орнымызға жайғасайық

-Денелер қай бағытта қозғалады?

-Арақашықтықтың жақындау жылдамдығын қалай табамыз?

-Сонымен қозғалысқа қатысты қандай ұғымдармен таныспыз?

-Жылдамдық дегеніміз не?

Жылдамдық - уақыт бірлігі ішінде жүріп өткен қашықтық.

Бір – біріне және бірінен – бірі қарама – қарсы бағыттарға қозғалғандағы жақындау / қашықтау / жылдамдығы жылдамдықтардың қосындысына тең.

«Сәйкестендіру» әдісі

**Формулаларды өзара сызық арқылы сәйкестендіріңдер:**

$V =$	$S : V$
$t =$	$S : t$
$s =$	$V \cdot t$

1. Уақытты табу үшін не істейміз?  $T = S : V$

2. Жылдамдықты табу үшін не істейміз?  $V = S : T$

3. Қашықтықты табу үшін не істейміз?  $S = V \cdot T$

4. Жақындау, қашықтау жылдамдығын табу үшін

не істейміз?  $V_{\text{жақ}} = V_1 + V_2$

Формулаларды өзара сызықарқылы сәйкестендіру.

Дескриптор Білім алушы:


-шамалардың өзара байланыс формулаларын жаза білемін;

-қозғалыс жылдамдығын табу формуласын білемін;

-арақашықтықты табу формуласын білемін;

-уақытты табу формуласын білемін;

Бағалау «Шапалақ» әдісі



Сызбаға қарайық.

-Сызбадан не көріп тұрмыз?

-Олар қозғалып келеді.

-Олар қалай қозғалып келеді.

-Автокөліктер бірінен-бірі қарама-қарсы бағытқа қозғалып келеді.

-Олар жақындап келе ме, әлде қашықтап бара ма?

-Олар қашықтап барады.

-Екі бағытқа қозғалған кезде қашықтау жылдамдығы жылдамдықтардың қосындысына тең болады.  $V_1 + V_2 = V_{\text{қашық}}$ .

$V^1 = 40 \text{ км/сағ}$  -----  $t = ? \text{ сағ}$  -----  $V^2 = 60 \text{ км/сағ}$

$60 + 40 = 100 \text{ (км/сағ)}$  - автокөліктердің бір-бірінен қашықтау жылдамдығы.

-Неше сағ кейін автокөліктердің арақашықтығы 300 км-ге тең болатындығын білу үшін не істейміз?

-Осы арақашықтықты қашықтау жылдамдығына бөлеміз, яғни

$t = S : V_{\text{қашық}}$ .

$300 : 100 = 3 \text{ сағ}$ .

-Бірінен – бірі қарама – қарсы екі бағытқа қозғалған нысандардың арақашықтығы қанша болатынын білу үшін не істейміз?

-Қашықтау жылдамдығын уақытқа көбейту қажет.

$S = V_{\text{қашық}} \cdot t$

$100 \cdot 3 = 300 \text{ км}$

Бірінен-бірі қарама-қарсы екі бағыттағы қозғалыс жағдайындағы қашықтау жылдамдығын табуды үйренеміз.

Мақсат қою:

– Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай?

- Бүгінгі сабағымызда бірінен -бірі қарама - қарсы екі бағыттағы қозғалыс

жағдайындағы қашықтау жылдамдығын табудағы есептер шығарып үйренеміз.

Қашықтау жылдамдығы дегеніміз – екі автокөліктің жылдамдықтарының қосындысы.

Сұраққа жауап


берген оқушыны

мадақтау,

толықтыру жасау,

тиімді кері

байланыс орнату.

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>Жұптық жұмыс</b></p> <p>-Әр сағат сайын мәшинелердің арақашықтығы қанша километрге тең?          -Қозғалыс кезіндегі арақашықтықты табу формуласын жаз:  <math>S = V_{\text{қашық}} \cdot t</math>  <math>100 \cdot 1\text{сағ} = 100 \text{ км}</math>   <math>100 \cdot 2\text{сағ} = 200 \text{ км}</math>   <math>100 \cdot 3\text{сағ} = 300 \text{ км}</math>   <math>100 \cdot 4\text{сағ} = 400 \text{ км}</math></p> <p>-Неше сағаттан кейін мәшинелердің арақашықтығы 300 км-ге тең болады?          -3 сағаттан кейін 300 км-ге тең болады.</p> <p><b>Дескриптор Білім алушы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- екі бағытқа қозғалған автокөліктердің жылдамдығын анықтау;</li> <li>- Бірінен-бірі қарама-қарсы бағыттағы қозғалған нысандардың арақашықтығын анықтау;</li> <li>-шешу жолын анықтау;</li> <li>-жауабын жазу;</li> </ul> <p><b>Топтық жұмыс.</b></p> <p>«DEAL» әдісі арқылы № 4 тапсырманы орындау.          D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).          E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).          A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).          L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).</p> <table border="1" data-bbox="271 840 1268 1008"> <tr> <td>D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.</td> <td>E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау</td> <td>A – Analyse – талдау формуласы</td> <td>L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу</td> </tr> </table> <p>Шарты: <math>V^1=60 \text{ км/сағ}</math>   <math>V^2=70 \text{ км/сағ}</math>   <math>t=4 \text{ сағ}</math>   <math>S = ?</math></p> <p><b>Шешуі:</b></p> <table data-bbox="271 1086 957 1209"> <tr> <td>1-ші тәсіл</td> <td>2-ші тәсіл</td> </tr> <tr> <td>1) <math>60 \cdot 4 = 240 \text{ (км)}</math></td> <td>1) <math>60 + 70 = 130 \text{ (км/сағ)}</math></td> </tr> <tr> <td>2) <math>70 \cdot 4 = 280 \text{ (км)}</math></td> <td>2) <math>130 \cdot 4 = 520 \text{ (км)}</math></td> </tr> <tr> <td>3) <math>240 + 280 = 520 \text{ (км)}</math></td> <td></td> </tr> </table> <p><b>5 тапсырма</b>  <math>V_1 = 66 \text{ км/сағ}</math>  <math>V_2 = 59 \text{ км/сағ}</math>  <math>t = 4 \text{ сағ}</math>  <math>S = ?</math></p> <p><b>Шешуі:</b></p> <p>1) <math>66 + 59 = 125 \text{ (км/сағ)}</math>          2) <math>125 \cdot 6 = 750 \text{ (км)}</math></p> <p><b>Жауабы:</b> 6 сағаттан кейін автобустардың арасы 750 км болады.</p> <p><b>6 тапсырма</b>  <math>V_1 = 70 \text{ км/сағ}</math>  <math>V_2 = 90 \text{ км/сағ}</math></p> <p>-Автокөліктердің қашықтау жылдамдығы қандай? <math>S = 320 \text{ км}</math>          -Автокөліктердің арасы неше сағаттан кейін 320 км болады?  <math>t = ? \text{ сағ}</math></p> <p>1) <math>70 + 90 = 160 \text{ (км/сағ)}</math>          2) <math>320 : 160 = 2 \text{ сағ}</math></p> <p><math>V_1 + V_2 = V_{\text{қашық}}</math>  <math>t = S : V_{\text{қашық}}</math></p> <p><b>Дескриптор Білім алушы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-шартын оқиды;</li> <li>-сызбасын сызады;</li> <li>-шартын құрады;</li> <li>-сұрағын анықтайды;</li> <li>-есептің шешу жолдарын іздестіреді;</li> <li>-формулаға сүйенеді;</li> </ul>	D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.	E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау	A – Analyse – талдау формуласы	L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу	1-ші тәсіл	2-ші тәсіл	1) $60 \cdot 4 = 240 \text{ (км)}$	1) $60 + 70 = 130 \text{ (км/сағ)}$	2) $70 \cdot 4 = 280 \text{ (км)}$	2) $130 \cdot 4 = 520 \text{ (км)}$	3) $240 + 280 = 520 \text{ (км)}$		<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Оқулық жұмыс дәптерлері,</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <div data-bbox="1308 1288 1484 1377">  </div>
D – Describe – шартын оқу, сызбасын сызу.	E – Explain – шартын құру, сұрағын анықтау	A – Analyse – талдау формуласы	L – Links – қорыту, шешуін өрнек түрінде жазу											
1-ші тәсіл	2-ші тәсіл													
1) $60 \cdot 4 = 240 \text{ (км)}$	1) $60 + 70 = 130 \text{ (км/сағ)}$													
2) $70 \cdot 4 = 280 \text{ (км)}$	2) $130 \cdot 4 = 520 \text{ (км)}$													
3) $240 + 280 = 520 \text{ (км)}$														

	-өрнек түрінде шешуін жазады; -мәнін табады; -жауабын жазады  Оқушылар орындап, топта тексереді.	
Сабақтың соңы	Топтық жұмыс. «Жағажай добы» әдісі арқылы сабақты қорытындылаймын. «Жағажай добы» әдісі арқылы допты үлестіріп, топ басшысы тапсырманы келесі оқушыға береді, ол формуланы тауып, келесі оқушыға ұсынады. -Кездесу қозғалысы кезіндегі қашықтау жылдамдығының формуласын ата. $V$ қашықтау. $= V^1 + V^2$ $v1 + v2 = V$ қашықтау. $t = S : V$ қашықтау. $S = V$ қашықтау. $\cdot t$ -Кездесу қозғалысы кезіндегі қашықтау жылдамдығы белгілі болғандағы уақытты қалай білуге болады? $t=S:V$ -Бірінен-бірі қарама-қарсы бағытта қозғалған нысандардың арақашықтығын қалай білеміз? $S=V$ жақынд. $\cdot t$ Әр топ басшысы кері байланыс береді. Рефлексия: -Сабақ бойынша сендерге қандай сұрақтар қиындықтар туғызды? Сол бойынша жазып, мына «көмек қобдишасына» саламыз. Келесі сабақта сол сұрақтарды ескеріп, талдау жасаймыз.	
1 минут	Үйге тапсырма: № 6	Күнделікке жазу

### Зерттеу сабақтарын өткізу барысынан көріністер



### 3. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу кезеңі

Сабақты зерттеу – кәсіби дамудың жарқын жолы

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл – сабақты зерттеу. Сабақты зерттеу - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдерінен зерттеу тобы құрылды. Мұғалімдерді біріктірген ортақ проблема математика пәнінен оқушылардың есепті шығару деңгейінің төмендігі болды. Аталған проблеманың шешу жолдарын іздестіру мақсатында 5 мұғалімнен тұратын топ құрылды. Зерттеу сұрағын анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама оқушылардың есеп шығару, теңдеу шешу дағдысына байланысты сұрақтардан құрастырылды.

3 «Б» сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесі бойынша сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 2 ( 8 % ), есептің шартын түсінуде қиналатын 8 (32%) , есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 10 (40%) , теңдеу шешу жолында қателесетін 4 (17%) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 7 ( 28%) оқушы анықталды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Кейде
1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналамын.	2	12	5



2	Есептің шартын түсіну қиын .	8	8	3
3	Есептің шешу жолын өздігімен анықтай алмаймын.	10	7	2
4	Теңдеу шешудің жолында қателесемін.	4	15	
5	Математика пәнінен сыныптастарымның көмегіне мұқтажбын.	7	10	2
6	Мұғалімнің көмегінен тапсырманы орындай алмаймын.	7	10	2

3 «В» сыныбында амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 4 ( 27 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 7 (46%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 8(53 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 3 (20 % ) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 6 ( 40 % ) оқушы анықталды.

№	Сұрақ	Иә	Жоқ	Кейде
1	Амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналамын.	4	8	3
2	Есептің шартын түсіну қиын .	7	6	2
3	Есептің шешу жолын өздігімен анықтай алмаймын.	8	5	2
4	Теңдеу шешудің жолында қателесемін.	3	12	
5	Математика пәнінен сыныптастарымның көмегіне мұқтажбын.	6	7	2
6	Мұғалімнің көмегінен тапсырманы орындай алмаймын.	7	7	1

4 «А» сыныбында амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 3 ( 14 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 7 (31%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 8(37 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 3 (14 % ) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 6 ( 28 % ) оқушы анықталды.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен есептің шартын түсініп – талдау жұмыстарын қолға алу керектігіне назар аударылды. Осы қорытындыдан бізде мынадай зерттеу сұрақтары туындады:

1. Оқушының есепті түсінуіне, шешу жолын анықтай алуына тірек-сызба әдісінің ықпалы қандай болады?
2. Оқушылардың есепті өздігінен шығаруда кездесетін кедергілерді қалай жоюға болады?

Зерттеу сұрағына сүйене отырып, зерттеу тобының тақырыбы анықталды.

Зерттеу тақырыбы: «Тірек-сызба әдістері арқылы 3-4 сынып оқушыларының есепті өздігінен шығару дағдысын қалай жетілдіруге болады?»

Зерттеу мақсаты: математика пәнінен есепті өздігінен талдап, шығару дағдысын қалыптастыратын тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

Зерттеу сабақтарын бастамас бұрын, әр сыныптан А, В, С деңгейдегі оқушылар анықталды, ол оқушыларға сипаттама берілді, зерттеу соңында оқушылардан күтілетін нәтиже анықталды.

Математика пәнінен оқушылардың есепті өздігінен шығару дағдысын жетілдіруде алғашқы сабақта «Фишбоун» әдісін қолданып көруді жөн көрдік. «Фишбоун» әдісін қолдану арқылы оқушылардың есептің шартын түсініп-талдауын ғана жетілдіруге болатындығы анықталды. Өйткені, бұл әдісте есептің шешу жолын талдау қарастырылмаған екен. Және оқушылар топта рөлге бөлінбегендіктен, жұмысқа барлық оқушы қатыса алмады. Сол себепті, екінші зерттеу сабағында:

1. Есептің шешу жолына талдау жасап, шешуін дұрыс анықтауға бағыттайтын әдіс қарастыруды;
2. Топтық жұмыста барлық оқушы қамтылатындай рөлге бөлінуіне жағдай жасау керек деп шештік.

Топ отырысында «ДЕАЛ» әдісін қолданып көруді ұйғардық. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар біріншіден, рөлдік тапсырма орындайды. Екіншіден, есептің шартын құрады, сызбасын сызады, шешу жолына талдау жасайды немесе есепті шешудің формуласын анықтайды, шешуін есептейді. Сонымен, екінші зерттеу сабағында «ДЕАЛ» әдісі ұтымды болғаны, топтағы оқушылардың жұмысқа толық қамтылуы және есептің шартын егжей-тегжейлі талдауы. Дегенмен, оқушыларға есептің шешу жолына талдау жасап, формуланы қолдану қиынға соқты. Бірақ, оқушылар бұл әдіске қызығушылық танытты. Оны сабақ соңында алынған сұхбаттағы А оқушының мына сөзі дәлел: «Маған есеп шығаруда «ДЕАЛ» әдісі ұнады. Өйткені, есептің шешу жолын талдап, түсінуге тырыстық.»


Сабақты талқылау барысында зерттеу тобындағы мұғалімдер үшінші зерттеу сабағында «ДЕАЛ» әдісін қолдануды жетілдіру қажет деп шештік.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің сәтті, сәтсіз тұстарын талдай келе, мынадай қорытындыға келдік:

Тұстары	1-сабақ	2-сабақ	3-сабақ
Сәтті	1.«Фишбоун» әдісі есептің шартын түсі нуде, сұрағын анықтауда ти імді. 2. «Сәйкестен діру» тапсыр	1. «ДЕАЛ» әдісінде топтық жұмыста рөл бөлінгендіктен, барлық топ мүшелері жұмысқа ат салысты. 2. Есептің шартын «ДЕАЛ» әдісінің 2-бөлігін толтыру арқылы толық түсінуге мүмкіндік болды.	1. Оқушылардың көп бөлігі есептің шешу жолына талдау жасап, шешуін дұрыс анықтады. 2. «Көмек қобдишасы», «Жағажай добы» әдістері

	масы тақырыпты бекітуде тиімді қолданылды.	3. «Жағажай добы» әдісі формулаларды қайталауда тиімді болды. 4. «Көмек қобдишасы» әдісі арқылы сабақ соңында оқушылардан алынған кері байланыс келесі сабақты жоспарлауда маңызды болды.	
Сәтсіз	1.«Фишбоун» әдісінде есептің шешуін табуда қателесті, өйткені, бұл әдісте есептің шешуін табуда қателесті, өйткені бұл әдісте шешу жолын талдау қарастырылмаған. 2.Топта барлық оқушы жұмысқа қатыспады, тек көшбасшы оқушылар жұмыс жасады.	Оқушылар есептің шешу жолына талдау жасауда қателесті.	-
Нені жақсарту қажет?	1.Есептің шешу жолына талдау жасау арқылы шешімін табатын әдістер қарастыру. 2.Топтық жұмыста оқушыларды рөлге бөлуді басшылыққа алу.	Оқушылардың есепті шешу жолына талдау жасау дағдысын жетілдіру.	Есеп шығаруда формулаға сүйену, формуланы қолдану дағдысын жетілдіру.

Әр зерттеу сабағынан соң, оқушылардың пікірін ескеру мақсатында бақылауға алынған оқушылардан сұхбат алынды. Сұхбат барысында оқушылар сабақта не үйренгендігін және тақырыпты түсінуге ненің көмегі болғандығын айтып өтті. Оқушылар сұхбат барысында сабақта қолданылған әдістер, яғни "ДЕАЛ", "Фишбоун" әдістері есепті шығаруда тиімді болды десе, енді бірі «Жағажай добы» әдісінің ұнағандығын, қашықтықты табуға берілген есептердің формуласын, көбейтудің қасиеттерін қайталауда көмегі болды деп жауап берді. Зерттеу сабағының 1-циклынан кейін 4 «А» сыныбынан алынған сауалнама нәтижесі бойынша сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 1 ( 5 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 4 (18%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 4 (18 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 1 (5 % ) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 3 ( 14 %) оқушы анықталды. 3 «В» сыныбында сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 2 ( 13 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 5 (33%) есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 6 (40 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 2 (13 % ) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 5 ( 33 %) оқушы анықталды. 3 «Б» сыныбынан алынған сауалнама нәтижесі бойынша сыныпта амалдардың орындалу ретін анықтауда қиналатын 1 ( 4 % ) , есептің шартын түсінуде қиналатын 6 (24 % ) , есептің шешу жолын өздігінен анықтай алмайтын 7 (28 % ) , теңдеу шешу жолында қателесетін 2 ( 8 % ) , сыныптастарының, мұғалімнің көмегіне мұқтаж 5 ( 20%) оқушы анықталды.



Қорыта келе, сабақты зерттеу тиімді екендігіне көзіміз жетті. Себебі ол мұғалімдерге:

- 1) әдеттегіге карағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- 2) мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- 3) оқыту нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- 4) Сабақты зерттеудің басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға;
- 5) Сабақты зерттеу мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана 2013
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей, 2012. www.cpm.kz
3. «Lessonstudy» как способ совершенствования практики обучения. Әдістемелік көмекші құрал. Астана, 2014.

## ДАМУ ОЙЫНДАРЫ

Копжасарова Карылгаш Шалабековна  
Сарыкемер мектеп- гимназиясы, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

XXI – ғасырға байланысты баланың дамуына ойын арқылы өз халқының салт-дәстүрлерін бойына сіңіруге арнайы балалар ойнайтын жас ерекшеліктеріне байланысты ойын ортасын құра отырып, балаларды ойната отырып, дамыту қарапайым дағдыларын қалыптастыру, шығарма - шылық құзыреттілігін арттыру өзектілігі туып отыр.

Сондықтан, балаларды өзара сыйластыққа, бауырмалдыққа, татулыққа тәрбиелеу мақсатында. Елімізде білім саласы айрықша даму үстінде. Кеңестік одақ кезінде аты естілмеген өзгерістер 30 жылда өмірімізге енді.

Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі балалардың танымдық дамуын іске асыру мақсатында білім беру процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану маңызы негізделді. Бала тәрбиесі – өте ерте заманнан бастап адамзатты толғандырып жүрген өмірдің өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ халқында «баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар. Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы танымы, түйсігі қалыптасады. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі.

Мектеп жасына дейінгі балалар, соның ішінде мектепалды даярлық топ балаларының жан-жақты дамуы үшін ойын түрлерінің ролі ерекше. Ұлы Абайдың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығының ерекшелігін көруге болады.

Ойын бала кезеңнен басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Ойын–балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Дамыту ойындары баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді.

Ойын шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады. Дамыту ойындар – адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды. Мектепалды даярлық топтарының басты міндеттерінің бірі, балалардың ой-өрісін, іс-қимылын, логикалық ойлауын жан-жақты дамыту.

**Мақсаты:**

Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтарын бойларына сіңіріп, рухани жан дүниесін байыта, білім бере отырып ойын арқылы дамыту.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ойын арқылы жұмыс жүйесін құру; бала тәрбиесіндегі ата-аналармен педагогтардың бірлескен іс - әрекеттерінің нәтижелі жолдарын қолдану.

**Міндеттері:**

- Ойын бірлестіктерін құру, жалғыз және топтасып ойнау дағдыларын қалыптастыру;
- Әр түрлі ойындарға қызығушылығын арттыру. Өз қалауы бойынша ойындар құру, таңдау іскерліктерін қалыптастырып, ойын барысындағы сергектігі мен қызығушылығын жетілдіру;
- Ойындарды жүргізу түрлерін үйрету: ойыншықтармен қысқа сюжеттер құру, ойынға қажет заттарды таңдау, дидактикалық ойындар мен қозғалыс ойындарын ережелерін сақтап ойнау;
- Үлкендердің көмегімен ойыншықтар мен заттарды өз орындарына орналастыру;
- Ойыншықтарды санына, көлеміне, мөлшеріне қарай ажырату, заттардың аттарын дұрыс атау, топырақпен, сумен, қармен ойнау барысында олардың ерекшеліктері мен қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау;
- Басқа балалармен қатар отырып, бірлесіп ойнату арқылы бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнату, бір-біріне кедергі жасамау, таласпай, бір топтамға келу, ойыншықпен кезектесіп ойнау сияқты тәртіптерді орындау арқылы үлкенмен де, құрдасымен де жақсы байланыс жасау дағдыларына үйрету;
- Тәрбиеші ұйымдастырған топтық ойындарға қатыстыру.

Ойын процесінде жолдастарына тілектестік қарым – қатынасын, олармен санаса білуді, қиын жағдайларда көмекке келуді, ойын материалын қолдануда келісім жасауды, дауларды әділ шеше білуді үйрету;

- Бірлескен ойында өзін - өзі ұстау ережелері мен нормаларын орындауға үйрету;
- Ойындар мен ойын материалдарына қамқорлықпен қарауға, өз бетімен оларды ретке келтіруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ойната отырып, оқыту әдіс-тәсілдер жүйесі анықталды.
- Балаларды дамытуда ойын іс-шаралары ұйымдастырылды.
- Ойын арқылы баланың психикасында сапалы өзгерістер туды (баланың зейіні, ойлауы, қиялдау қабілеті).
- Ойын арқылы дамытатын оқу ортасы құрылды.
- Отбасымен бірлесе отырып, ойын арқылы баланың шығармашылық ойлау қабілеті бағаланды.
- Оқу-тәрбие процесін ойната отырып, дамытуға ыңғайлап ұйымдастырылды.
- Ойынды балалардың өз халқының салт-дәстүрлерін бойына сіңіру. Құралы ретінде пайдалану, соның негізінде ұлттық сана-сезімі, ұлттық мәдениеті қалыптастырылды.
- Егер, осы бағдарламада айтылғандай балаға ойын арқылы тіл дамытуды жүзеге асыратын болсақ, онда бала бойында қалыптасу керек барлық құзыреттіліктерге қол жеткізіп, тұлғаға бағдарланған білім беруде жетістіктерге жетеді.

**Өзектілігі:**

Мектепке дейінгі жастағы бала туғаннан бастап бойындағы жақсы қасиеттерді ойын ойнау арқылы қалыптастырып, қолдануын үйренсе ғажап емес пе?

Ойын арқылы баланың психикасында сапалы өзгерістерді тудырамыз (баланың зейіні, ойлауы, қиялдау қабілеті).

Осы бағдарлама қарастырылып отырған тақырып өзекті деп санаймыз.

**Білім мазмұны**

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс - әрекет ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты

міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктелініп алынатын нақты мазмұнымен анықталады.

Бағдарлама ойындар, үстел – үсті ойындары, заттық дидактикалық ойындар, логикалық ойлау қабілетін және балалардың шығармашылығын дамытатын ойын тапсырмаларды қамтыған. Ойындардың қай түрін де жеке алып қарастырсақ, бұл ойындар баланың таным қабілетін, логикалық ой - өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттырады.

Ойындар – сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейтеді, шығармашылығын дамытады. Балалардың ой - өрісін, танымын, жаңа тақырыпты өз дәрежесінде меңгеруіне логикалық ойындар да зор ықпалын тигізеді.

Үстел – үстінде қолданатын ойындар – балалардың қимыл белсенділігін, ептіліктерін дамытады, өз ара бірлесіп ойнау қабілеттерін жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Жалпы дидактикалық ойын ережелері балаларды ұстамдылыққа, тәртіптілікке баулиды, сонымен қатар іздепаздықтарын арттырып, сөздік қорларын молайтуға көмектесіп, бағдарламалық материалдарды меңгеруіне ықпал етеді.

Сөздік дидактикалық ойындар - балалардың зеінін, ойлау қабілетін, байланыстыра сөйлеуін дамытады. Сондай – ақ, сөздік ойындар балалардың тілдерін ғана жетілдіріп қоймай, олардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтеді, баланы ойнай отырып ойлауға жетелейді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады.

Заттарды қолданатын ойындар - көбінесе дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады.

Әр түрлі көрнектіліктерімен ұйымдастырылған заттық ойындар балалардың есте сақтау қабілетін артырып қызығушылықтарын тудырады, тілдерін дамытады.

Ұрпақ тәрбиесі – қоғамның болашағы. Оған аса зор жауапкершілікпен қарау- әрбір саналы азаматтың борышы.

-«Ел болам десең – бесігіңді түзе»,- деп М.Әуезов деп айтты емес пе?

Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты.

«Дамыту ойындары» ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті аптасына 1сағат. Барлығы 32сағат

Р/с	Тақырыбы	Оқу қызметінің мазмұны және мақсаты	Қолданылатын әдістер	Ресурстар
1	Менің керемет есімім. Танысу	Оқушылармен танысу,әңгімелесу. Оқушыларды танымдық үрдістерін дамыту.Бір біріне ықыласпен қарауға және бірін бірі сыйлауға тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, ойын тапсырма, гул шоғы ойыны	Гүл шоғы, жазылған тілме қағаз.
2	Психологиялық даму деңгейі	Балалардың психологиялық дайындығын зерттеу,балалық таным процестерінің даму деңгейін мектептегі оқу процесіне лайықты екенін анықтау,бала күнделікті өмір мен мектептегі өмірдің айырмашылықтарын түсінетіндігін,өзін оқушы сезінетінін анықтау	Сұрақ жауап, ойын, тапсырмалар	Сұрақтар (10)
3	Мына суретте не жетіспейді?	Оқушылардың қабылдау қабілеттерін одан әрі жетілдіру,қызығушылық ахуалдарын жақсартуға тәрбиелеу.	Жинақ парақтар	Жинақ парақтар
4	Есінде сақта және нүктелерді қойып шық	Оқушыларды есте сақтау қабілеттерін дамыту,есте сақтау арқылы икемділікке шапшаңдыққа үйрету.	Тест «Есінде сақта және нүктелерді қойып шық»,ойын «Кім қалай дыбыстайды?»	Тест тапсырмалары суреттер

5	10 сөз әдістемесі	Қысқа мерзімде есте сақтауға үйрету,сөздік логикалық көрнекі бейнелі ойлау қабілетін дамыту ,психологиялық ахуалын жандандыру.	Он сөздік әдістемесі ойын.	Он сөзге байланысты суреттер
6	Бұл жерде не артық?	Балалардың бейнелі логикалық ойлау үрдістерін дамыту,психологиялық ахуалын жақсартуға тәрбиелеу.	Ойын «Матадағы менің орным», Ойын «Ойлан да аяқта»	Қима қағаз, жауап парақтары
7	Сандарды санайық	Ой болжамы арқылы логикалық ойлаудағы икемділікке үйрету,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту,сандарды есте сақтауды қалыптастыру.	Ойын тапсырма	Плакатқа жазылған сандар
8	Кім тапқыр?	Оқушылардың зейінің, көрнекі бейнелі ойлау қабілетін дамыту,есін,қиялын,таным процестерін дамыту,шапшандыққа,зейінділікке үйрету.	Сұрақ жауап, түсіндіру,әңгіме,ойын	Екі бақаның суреті қыстың суреті,күздің суреті
9	Суретке қарап әңгіме құрастыру	Балалардың белсенді сөздік қорларын анықтауға білімін жетілдіру,жалпы психологиялық жақсы ахуалдарын орнату,қияли қызығушылық қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу.	Әңгіме,әдістеме «сурет бойынша әңгіме құрастыр» ойын.	Суреттер
10	Менің жанұям	Отбасы мүшелері жайлы түсініктерін кеңейту, үлкендерді құрметтеуге,сыйлауға тәрбиелеу.	Әңгіме, сұрақ жауап	Оқулық,жеке мазмұндық суреттер,отбасы мүшелерінің суреттері
11	Менің досым	Балаларды айналаны,өзін тануына достарын бағалауға,құрметтеуге,ренжітпеуге үйрету.Оқушылардың тілдерін дамытып,ой өрісін кеңейту.Сөздік қорын байыту,есте сақтау қабілетін дамыту,достарын сыйлауға тәрбиелеу.	Сұрақ жауап,түсіндіру, әңгіме,әңгімелесу.	Оқулық,суреттер.
12	Есте сақтау қабілеті тексеру тесті	Оқушыларды өз еркімен алғашқы мектепке даярлығына төселдіру,көрнекі бейнелі ойлау қабілеттерін дамыту.	Сұрақ жауап, ойын	Тест қағаздары
13	Ойша суретпен саяхат	Ой болжамын қиялдарын дамыту,логикалық ойлау қабілеттерін жақсартуға тәрбиелеу.	Сұрақ жауап,әңгімелесу.	Қалам,қағаз, түрлігүсті қалам.
14	Кім тапқыр?	Оқушының зейінің,таным процестерін дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.	Сұрақ жауап, түсіндіру	Қыс суреті
15	Сөзді есіне сақта	Есте сақтауға машықтандыру,есте сақтау қабілеттерін дамыту,психологиялық жақсы	Ойын, тапсырма	Суреттер

		ахуалын және қызығушылығын арттыру		
16	Сикырлы гүлдер	Тақырып бойынша жалпы мағлұмат беру, таным процестерін дамыту, жалпы психологиялық ахуалды орнату, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.	Сұрақ жауап, түсіндіру	Гүлдер
17	Бөліп ал	Жаңа сабақты оқушыларға түсіндіру және үйрету, мінез құлық нормаларын игерту, бала саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, сезімталдыққа, ұстанымдылыққа тәрбиелеу	Түсіндіру, тапсырма, ойын	Жүгері, лобия, маш және т.б. дәнді дақылдар, ыдыс аяқтар.
18	Аңдар қалай дыбыстайды?	Жаңа сабақ арқылы білімдерін одан әрі дамыту, аңдарға деген қызығушылық қабілеттерін дамыту, сөйлеуге сурет бойынша әңгімелеуге тәрбиелеу.	Әңгіме, сұрақ жауап.	Аңдардың суреті
19	Графикалық диктант	Балалардың зейінділік деңгейін және естігенін парақ бетінде дұрыс қайта жаңғырту іскерлігін анықтау және үйрету, зейін деңгейлерін, есте сақтау қабілетін дамыту, психологиялық жақсы ахуалдарын, қайта жаңғырту іскерлігіне тәрбиелеу	Графикалық диктант, сұрақ жауап.	Ақтөс деп жазылған тілме қағаз фишка
20	Зейінді бол	Оқушылардың зейіндерін ерікті зейінділікке үйрету, ерікті зейінділік қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, зейінді болуға тәрбиелеу.	Сұрақ жауап	Доп.
21	Бояғышпен жұмыс	Ойлауды дамыта отырып, бояғышпен жұмыс арқылы балалардың білім, білік дағдыларын күнделікті іс әрекетте қолдана білуге үйрету, бейнелі ойлауын мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың ойлауының негізі түрінде дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа, бейнелі ойлауға тәрбиелеу.	Сұрақ жауап, ойын, тапсырма.	Қайықтың суреті
22	«Мен...» досыма тілек	Оқушылардың тілдерін дамытып, ой өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, айналаны өзін тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу	Әңгіме, әңгімелесу, сұрақ жауап.	Гүл, компьютер достық туралы суреттер.

23	«Гүл шоғы» тренинг	Қиялдарын, денедегі қысымды түсіруге үйрету, жақсы және жылы сезімдерге машықтандыру, белсенділікке тәрбиелеу.	Әңгіме, әңгімелесу, сұрақ жауап ойын	Гүл, доп.
24	Әңгіме-сұхбат	Мектеп туралы еркін сөйлеуге, әңгімелеуге үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін және сөздік қорларын дамыту, отансүйгіштік сезімдерін молайту, алтын ұя мектебін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу.	Әңгіме, әңгімелесу, сұхбат.	Мектеп туралы суреттер
25	Артығын тап	Оқушыларды мағыналық жағынан ортақ, артық заттарды табуға, ойлаудағы шапшандылыққа, икемділікке үйрету, логикалық ойлауға, зейін сақтауға тәрбиелеу, ұйымшылдыққа, белсенділікке тәрбиелеу.	Әңгіме, сұрақ жауап, ойын.	Тест «Артығын тап»
26	Кілемшені немен толтырамыз	Оқушыларды бейнелерді есте сақтай отырып, еске түсіруге үйрету, зейін деңгейлерін дамыту, икемділікке және белсенділікке баулу.	Әңгіме, сұрақ жауап.	Суреттер
27	Геометриялық фигуралар	Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері мен іс әрекет ерекшеліктеріне мінездеме беру, жеке тұлға формасына сәйкес типтік жағдайларда өзін өзі қалай ұстайтыны туралы болжамдарын дамыту, жеке тұлғаны дамыту.	Сұрақ жауап, түсіндіру.	Геометриялық фигуралар, сикырлы қап
28	Менің мінез құлқым	Оқушылардың жеке тұлғаларының қиялдарын дамытуға үйрету, қиял қабілеттерін дамыту, ойлауға, төзімділікке, ұстанымдылыққа тәрбиелеу.	Сұрақ жауап, түсіндіру, әңгіме.	Ақ парақ, қара қалам.
29	Жағымды сезімдер	Оқушыларды өз көңіл күйлерін жеткізе білуге жаттықтыру, логикалық ойлауын жетілдіру, дене шынықтыру жаттығуларын дұрыс жасауға үйрету.	Тренинг	Қарлығаш сезімдер
30	Жағымсыз әдеттен арылу	Балаларға өз өздеріне әдеп пен қызмет ете білу туралы	Түсіндіру	Оқулық



		қарапайым сөзбен толық әрі нақты түсінік беру.		
31	Үстел үсті ойындары	Маторикалық ойындар арқылы оқушылардың саусақтарының бұлшық еттерін қимылдатуға үйрету, қол қимылдарын дұрыс жұмыс жасауларын дамыту, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, іскерлікке тәрбиелеу.	Сұрақ жауап, ойын	Құрастырғыш мозайкалар
32	Бауырсақ ертегісін сахналау	Білімдерін одан әрі әңгімелесу арқылы дамыта отырып, сөз қорларын дамытуға машықтандыру, адамгершілікке, эстетика, этикаға тәрбиелеу.	Сұрақ жауап, түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу.	Оқулық, ертегі кейіпкерлері.

### 1.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Менің керемет есімім. Танысу

Мақсаты:

Оқушылармен

танысу,

әңгімелесу.

Оқушылардың танымдық үрдістерін дамыту

Бір-

біріне ықыласпен қарау және бірін бірі сыйлауға тәрбиелеу

Көрнекіліктер: гүл шоғы (қызыл), магнитофон, жазылған тілме қағаз

Күтілетін нәтиже:

Өзіндік тапсырмаларды орындауды;

Бір бірін сыйлай біледі.

Сөз таба білу.

Ұйымдастыру:

«Гүл шоғы» ойыны.

Тәрбиеші ойынға қатысушыларға бір-бір гүлден таратып әр бала өз атынайтып гүлді тәрбиешіге береді бәрінен гүл шоғы жыйналады.

Ойын әрі қарай жалғаса береді және өздерінің бойындағы жағымды эмоцияларды бір біріне айтып шығады.

Психологиялық сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып, Тынығып біз алайық.

«Жаңа ат ойла» ойыны

Ойын шарты: Қандай да бір затқа жаңа ат ойлап табу.

Мысалы: Қалам-жазғыш Пышақ – кескіш

Рефлексия:

Танысу тренингін жүргізу сәті.

Әр бала бір-біріне өзінің аты-жөнін кезек кезекпен айтып шығады.

сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықталады

Кері байланыс:



### 2.ҰОҚ. : Дамыту ойындары

ҰОҚ . тақырыбы: Психологиялық даму деңгейі

Мақсаты:

Балалардың психологиялық дайындығын зерттеу.

Балалық таным процестерін, даму деңгейін мектептегі оқу процесін лайықты екенін анықтау.

Баланың мектептегі өмір мен жай күнделікті өмірдің айырмашылықтарың, тәртіпті дұрыс түсінетіндігін, өзін жай бала емес, оқушы болып сезінетінін анықтау.

Зерттеу барысында балалардың арасындағы ұстанылатын этикалық міндеттерді сақтау.

Көрнекілігі: Сұрақтар (10)

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Есінде сақтай білуі

Түсінігі: Бір бірін сыйлай біледі.

Көрсете білуі: Ойынды ұйымшылдықпен ойнайды

Ұйымдастыру:

«Не үлкен?» ойыны

Ойын шарты: Ойын ойнаған кезде жүргізуші атаған заттарды қайтадан айтуға болмайды және балаларға қайталауға болмайды. Кім екі рет шатасса ойыннан шығады. Жеңімпаз балалар жүргізуші болады. Ойын әрі қарай жалғасын табады

Оқушылардың жалпы сынып бойынша даму деңгейін анықтау.

1. Аты жөнің кім?

2. Қай қалада тұрасың?

3. Ата анаңның аты жөні кім?

4. Нешеге дейін санай аласың?

5. Әріп танысың ба?

6. Мекен жайыңды ата?

7. Өлең, тақпақ, ертегі айта аласың ба?

8. Мектепке не үшін келесің?

9. Қазір жылдың қай мезгілі?

10. Түстерді атап берші?

Рефлексия:

Отырған балаларға сұрақ қойылады.

-Орындықтан не үлкен?

-Қаламнан не үлкен?

-Партадан не үлкен?

Кері байланыс:



3. ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Мына суретте не жетіспейді?

Мақсаты:

Оқушылардың қабылдау қабілеттерін одан әрі жетілдіру

Оқушылардың қабылдау қабілеттерін дамыту

Қызығушылық ахуалдарын жақсартуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әрбір оқушыға 1 суреттен жинақтарды таратып беру.

Күтілетін нәтиже:

Заттарды көрсете білуі

Бір бірін сыйлай біледі.

Заттарды ажырата білу.

Ұйымдастыру:

«Мына суретте не жетіспейді?» жинақ жауап парағы әрбір оқушыға таратылып беріледі. Жинақтың немесе әрбір суреттің маңызды бөлшегі жетіспейді. Балаларға жетіспейтін бөлшегін неғұрлым тезірек анықтап және атап көрсетіп тапсырма беріледі.

Жұмыс уақыты ұпай есебімен бағаланады. Кейіннен балалардың қабылдау үрдісінің даму деңгейлері анықталады.

«Мына суретте не жетіспейді?»

5-6 жастағы балалардың ойлауын психо диагностикалау үшін арналған. Кірістірілген тапсырманы орындамас бұрын, балаларға сурет көрсетіледі, оның сол жағында әрқайсысына бір нәрсе жетіспей тұрған балалар бейнеленген. Оларға жетіспей тұрған нәрселер осы суреттің төменгі жағында, бөлек бейнеленген.

Балаларға берілген тапсырманың мәні мынада: Неғұрлым аз уақытта тиісті балаларды атап, оларға жетіспей тұрған заттарды көрсету.

Нәтижелерді бағалау

10 ұпай-тапсырманы орындау

8-9 ұпай-тапсырманы орындау

4-5 ұпай-тапсырманы орындау

2-3 ұпай –тапсырманы орындау

ұпай-тапсырманы орындау

Рефлексия:

Кері байланыс:



4. ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Есіңе сақта және нүктелерді қойып шық

Мақсаты:

Оқушыларға есте сақтау арқылы, есте сақтаудағы икемділікке, шапшаңдыққа үйрету.

Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қырағылыққа, есте ұзақ мерзімде сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тест «Есіңде сақта және нүктелерді қойып шық»

Күтілетін нәтиже:

бос нүктелерді таба білуі

Ойынды ұйымшылдықпен ойнайды.

Заттарды ажырата білу.

Ұйымдастыру:

Әдістеме «Есіңде сақта және нүктелерді қойып шық»

Балалардың зейінін көлемін бағаланып, бейнеленген стимулдық (ынталандыру) материал пайдаланылады.

Нүктелері бар қағаз алдымен 8кші шаршыларға бөлінеді, кейіннен үстінде екі нүктесі, ал астында тоғыз нүктесі бар шаршылар бірінің астына бірі орналасып жиналады. зейінге байланысты ойын ойнаймыз. Мен саған нүктелер салынған қима қағаздарды бірінен соң бірін көрсетемін.

Ал кейін сен өзің сол нүктелері бос тор көздерге керек жерлеріне саласың.

Баланың көрген нүктелері қай жерде екенін еске түсіру.

Сергіту сәті:

Көк аспанға қараймыз

Кеткен құсты санаймыз.

Үшбұрыш болып тырналар,

Жылы жаққа бет алар.

Балалар ойын жайлы қандай такпақ білесіңдер?

-Мінекей балалар, біз қазір өте қызықты ойын ойнаймыз.

Ойын. «Кім қалай дыбыстайды?»

Ойынға қатысатын балаларды топтарға (ит, тауық, жылқы) бөлемін.

-Жүргізуші белгі берген уақытта ит тобындағы балалар иттің үргенін дыбыстауы керек.

-Дәл сол сияқты тауық, жылқы, мысық топтары да өз топ атауларын қорғап шығады

-Соңында жүргізуші өзі белгі берген уақытта топ бірдей өз дыбыстарын шығарады.

Рефлексия:  
 Балалар, сендерге бүгінгі ойынымыз ұнады ма?  
 Өз ойларыңды ортаға салыңдаршы?  
 Балалардың жауабы тыңдалады.

Кері байланыс:



5.ҰОҚ: Дамыту ойындары  
 ҰОҚ тақырыбы: 10 сөз әдістемесі

Мақсаты:

Қысқа мерзімде есте сақтауға оқуш бейнелі ойлау қабілетін дамытуға үй Оқушылардың қысқа мерзімде есте сақтау қабілеттерін дамыту. Психологиялық ахуалын жандандыруға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: 10 сурет

Күтілетін нәтиже:

Есінде сақтай білуі  
 Бір бірін сыйлай біледі.  
 Бір біріне қамқорлық сезімін көрсете алады.  
 Ұйымдастыру: «10»сөздік әдістемесі

Қысқа мерзімде есте сақтау үшін оқушыларға 10 сөздік суреттерді түсіндіремін. Оқушылардың жеке жеке қабылдауы үшін, суреттерді жеке жеке көрсетіп, қысқа мерзімде есте сақтау.

Мына суретте 10 сөз әдістеме ұсынылады. Оларды есіңе сақтауға және кейін тануға тырысып көр. Мен саған қазір көрсетемін.

Балалардың барлығы бейнелерді танығанынша жүргізіле береді. Жаңа сабақты дайын бол ойыны арқылы қорытамын.

Сергіту сәті  
 Қуыр, қуыр, қуырмаш  
 Тауықтарға бидай шаш.  
 Әй, әй балақан  
 Жамандықтан қаш.

Ойын. «Төрт құбылыс»  
 Балаларды шеңберге тұрғызып, ойын шартын түсіндіру.  
 Жүргізуші «су» десе қолдарын алдына созады. Ал «ауа» дегенде жоғары көтереді.  
 «от» дегенде қолдарын түсіреді.  
 Кім шатасса сол ойыннан шығады.

Рефлексия:  
 Балалар сендер ойынға жақсы қатыстыңдар. Енді бір бірімізді құшақтап, алғысымызды білдірейікші.

Кері байланыс:



Э  
 М  
 С

Оқушылардың бейнелі логикалық ойлау үрдістерін дамыту  
 Оқушылардың психологиялық ахуалын жақсартуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қима қағаз және әр балаға жауап парағы таратылып беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Артық затты таба білуі

Сұрақтарға толық жауап беру керектігін

Берілген тапсырмаларды орындайды

Ұйымдастыру:

Бейнелі –логикалық ойлауы мен ой операцияларының, талдау мен жалпылау процестерін зерттеуге арналған. Әрбір суреттегі бейнеленген төрт заттың біреуі артық зат болып табылады. Суретке зейін қойып қарап,қай заттың артық және неге артық екенін анықтап міндетті шешу керек.

«Бұл жерде не артық?»

5-тен 6 жасқа дейінгі балаларға арналған болғандықтан,балалардың бейнелі-логикалық ойлауы мен ой операцияларының,талдау және жалпылау үрдістері зерттелінеді.

Балаларға әр түрлі заттар бейнеленген суреттер беріледі.

Әрбір суреттегі бейнеленген төрт заттың біреуі артық зат болып табылады.

Суреттерге зейін қойып,қай заттың артық және неге артық екенін анықта.

Психологиялық ойын жаттығулар арқылы балаларға ойын ойнатып,көңілдерін өте жақсы сезімдерге баулу.

Ойын «Матадағы менің орным»

Жерде жатқан мата үстіне балалар белгі берген уақытта тұрып қалуға тиісті. Матаның өлшемін жүргізуші кішірейте отырып,ойынды жалғастырады. Бірақ ойында балалар мата бетінен шығып кетпеуі тиіс.

Ойын «Ойлан да, аяқта»

1. Лимон қышқыл, ал қант....(тәтті)

2. Егер үстел орындықтан биік болса,онда орындық....(үстелден аласа)

3.Екі бірден көп, ал бір....(екіден аз)

4.Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың? (қолмен)

5.Самал үйден Айманнан бұрын шықты, ал Айман .....(кейін)

6.Өзен арықтан терең, ал арық....(саяз)

Рефлексия:

Балалар айналамызда көңіл күйі көтеріңкі,жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып,бір бірімізге жақсы көңіл күй мен саулық тілейік.

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ажары!

Күліп өмір сүрейік!

-Рахмет балалар барлығың да жақсы қатыстыңдар!

Кері байланыс:



7.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Сандарды санайық

Мақсаты:

Ой болжамы арқылы логикалық ойлаудағы икемділікке үйрету

Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту,сандарды есте сақтауды қалыптастыру.

Оқушыларды ойлануға,есте сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Плакатқа жазылған сандардың суреті және тілме қағаздар.

Күтілетін нәтиже:

Сандарды санай біледі  
Берілген тапсырманы орындау керектігін  
Сандарды есте сақтай біледі

Ұйымдастыру:

Логикалық ойлау.

Оқушылардың есте сақтау логикалық ойлау және қысқа мерзімде есте сақтаудың көлемін  
Анықтауға арналады.

«Қазір мен саған сандарды айтамын, ал сен қайтала» деген сөздерді ести салысымен, оларды  
менің артымнан бірден қайталайсың. Әрбір қатарды естігеннен кейін, бала оны зерттеушінің  
артынан қайталауы тиіс. Бала қате жібергенге дейін қайталануы тиіс. Егер нәтижесінде баланың  
есту арқылы қысқа мерзімді есте сақтаудың көлемі анықталады.

Ал балалардың 1-ші және 2-ші сынаушыларда дұрыс есінде сақталған қатардағы сандар  
мөлшерінің максималды (барынша көп) жалпы санының жартысына тең болады.

Сергіту сәті

Біз ойнаймыз ойын, тра-та-та,тра-та-та

Ойынымыз Лавата қандай тамаша!

Біздің құлақтарымыз әдемі ме?

-Әдемі

Көршініке ше?

-Керемет.

Біз ойнаймыз ойын тра-та-та,тра-та-та

Ойынымыз лавата қандай тамаша!

Біздің көздеріміз әдемі ме?

-Әдемі

Көршініке ше?

-Керемет.

Біз ойнаймыз ойын тра-та-та,тра-та-та

Ойынымыз лавата қандай тамаша

Біздің мұрындарымыз әдемі ме?

-Әдемі

Көршініке ше?

-Әдемі.

Рефлексия:

Балалар бәріміз санауды жақсы біледі екенбіз. Ойын сендерге ұнады ма?

Олай болса мына гүлді алып, барлығың хош иісімен тыныс алындар.

Бір бірімізбен тату болайық.

Орнымыздан тұрып қоштасайық.

Кері байланыс:



8.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Кім тапқыр

Мақсаты:

Оқушылардың зейінін, көрнекі бейнелі ойлау қабілетін дамыту.

Оқушылардың зейінін,есін, қиялын және таным процестерін дамыту

Шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Екі бақаның суреті.Қыстың суреті.Күздің суреті.

Күтілетін нәтиже:

ойын ережелерін берілген тапсырманы орындау керектігін бір бірін сыйлай біледі

Ұйымдастыру:

Балалар бүгінгі сабағымыз күндегіден ерекше.

-Қонақ келсе құт дегендей бүгін бізге қонақтар келіп отыр.  
-Сабақ басталмастан Гүл шоғы ойынын ойнаймыз.  
Суреттерді мұқият қарап, олардың айырмашылығына, ұқсастығына, киімінің ерекшелігіне, түр-түсіне, қимыл-қозғалысына т.б. нақты көңіл бөлуін ұсынамын.  
-Балалардың айналадағы дүниені зерттеп білуге деген танымдық белсенділігін және оның зейінін қашан да құмардан шыққанша бақылау.

Ойын «Зейінді бол»

-Мен сендерге әр түрлі қимыл қозғалысты көрсетіп тұрамын.  
-сендер қайталап тұруға тиіссіндер.  
-Бірақ мен ескерткен қозғалысты, мысалы «қос аяқтап секіру» қозғалысын қайталауға болмайды.  
-Кім қайталаса сол ойыннан шығады.  
-Жүргізуші әр түрлі қозғалыстарды көрсетіп, қайталамайтын қозғалысты бірнеше көрсетеді.  
-Қай бала шатасса ойыннан шығады.  
-Ойынның жеңімпазы жүргізуші болады.  
-Сол бала қайталанбайтын қозғалысты өзі шығарады.  
Сергіту сәті.

Мынау -менің жүрегім. Бәрі осыдан басталған,  
Мынау –басым ақылды, Бәрін осы басқарған.  
Мынау -менің оң қолым. Мынау-менің сол қолым.  
Бір, екі, үш деп айтып, Демалайық отырып.

Сұрақ-жауап

- 1.Көңілді болғанда не істейміз?
- 2.Ренжігенде –бұртияды, қабақ түседі.
- 3.Қорыққанда- көздерін жұмады.
- 4.Қуанғанда, көңілденгенде-күледі.
- 5.Таң қалғанда-көздері шарасынан шығады.
- 6.Қас қимылдарына жаттығу

Рефлексия:

Жүректен жүрекке шеңбері.

Балалар айналамызда көңіл күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, жақсы көңіл күй тілейік.

Кері байланыс:

## БІЛІМ ҚОРЖЫНЫ



9.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Суретке қарап әңгіме құрастыру

Мақсаты:

Балалардың белсенді сөздік қорларын анықтауға білімін жетілдіру

Жалпы психологиялық жақсы ахуалдарын орнату

Қызығушылық қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бірнеше суреттер бойынша әңгіме құрастыру

Күтілетін нәтиже: әңгіме құрастыра білуі .Ойынды ұйымшылдықпен ойнайды, қызығушылығы артады

Ұйымдастыру:

Суретке қарап әңгіме құрастыру.

Сурет бойынша әңгіме құрастыру, балаға осы суреттерду мұқият қарап шығуы үшін екі минут уақыт беріледі.Егер де бала суретке зер салып қарамаса немесе онда не бейнеленгенін түсінбесе , онда зерттеуші оның зейінін суретке арнайы бағыттайды және түсіндіреді.

Әрбір суретті сурет бойынша әңгімелеу үшін тағы да екі минут беріледі. Бұл әдістемені зерттеу көмегімен нәтижелерді таблицаға жазып алады, онда балалардың әр түрлі сөз таптарын, грамматикалық құрылысы мен сөз тіркестерін қолдану жиілігін белгілеймін.

Нәтижелерді бағалау 10балл-таблицаға енгізілген сөз таптары бүкіл 10 баланың сөзінде кездеседі.

8-9 балл сөзінде таблицаға енгізілген сөз таптарының 6-7кездеседі. 4-5 балл- бала сөзінде таблицаға сөз таптарының 4-5 ғана кездеседі.

Даму деңгейі туралы қорытынды.

10 балл-өтежоғары

8-9 балл-жоғары

4-7 балл-орташа

2-3 балл-өте төмен.

Сергіту сәті:

Көк аспанға қараймыз

Кеткен құсты санаймыз.

Үшбұрыш болып тырналар,

Жылы жаққа бет алар.

«Сурет бойынша әңгіме құрастыр» әдіс

Бұл әдістеме баланың белсенді сөздік қорын анықтауға арналған.Егер де оның жасы 3-тен 4дейін болса, онда балаға 27 және 28сур.ұсынылған суреттер жинағы көрсетіледі. Егер де баланың жасы 4-тен 5-кедейін болса,онда оған 29 және 30сур. бейнеленген суреттерді береміз.Балаға осы суреттерді мұқият қарап шығуы үшін екі минут уақыт беріледі. Егер де бала суретке зер салып қарамаса немесе онда не бейнеленгенін түсінбесе, онда зерттеуші оның зейінін суретке арнайы бағыттайды.

«Дамино» ойыны.

Үстел үстінде суреті төмен қараған қима қағаздар жайылған.

Онда әр түрлі ертегілер мен сюжетті суреттер бейнеленген.

1-ші бала қима қағазды ашып,ертегіні бастайды.Баланың ойы қиял шегіне жеткенде, ол қолын келесі баланың иығына салады. Сол бала әрі қарақиялымен жалғастырады.

Рефлексия:

Балаларға сұрақтар қою.

Үздік балаларды марапаттау

Кері байланыс:



10.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Менің жанұям

Мақсаты:

Отбасы туралы жаңа сөздерді енгізіп,отбасы мүшелер...

Сұрақ жауап арқылы сұхбатқа (диалогқа)үйрету.

Отбасы мүшелері туралы тақпақтар оқу және үйретуге баулу.

Үлкендерді құрметтеуге,сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: оқулық, отбасы мүшелерінің жеке (сюжеттік) мазмұндық суреттері

Күтілетін нәтиже:

Сұрақ жауап арқылы сұхбат отбасы мүшелерін сылай білуі қызығушылығы артады



Ұйымдастыру:

«Менің жанұям» яғни отбасымен қарым қатынас туралы әңгіме жүргізу.

Әке, шешем, іні, қарындас, аға, әпке және ата, апа т.б. туыстық жақындарды балаларға білгізу. Сурет бойынша әр оқушымен жеке жеке жұмыс жүргізу.

-Балалар, өз отбасыларыңның суретін алып келдіңдер, Енді өз отбасыларыңмен бізді таныстырыңдар.

-Атың кім? -Сенің ағаң бар ма? -Сенің әпкең бар ма? -Нешінші сыныпта оқисың?

Мен тапқақ оқиың, сендер кім туралы екенін айтып беріңдер.

Менің әжем, ер әжем, Мінезі өте жайлы әжем.

Тірек болып жүр әжем. Бақшасында балалар,

Іні, әпке, аға бар. Ойыншықтар көп онда,

Машина, ат, түйе бар.

-Өлеңде отбасы мүшелерінен кімдердің аттары бар?

-Әже туралы не дейді?

Өлеңді бірнеше рет қайталата отырып, жаттау.

Жоғары, орта және төмен дауыспен үш рет қайталатып айтқызу.

Балалардың есінде жақсы сақталады.

Сергіту сәті

Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық бәріміз. Бас бармағым –атам Балаң үйрек-әжем. Ортан терек-әжем,

Шылдыр шүмек-анам. Кішкентай бөбек-мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.

Ойын «Үйде кім бар?»

Шарты: Үйге қонақ келеді. Үстел басында алты адам отырады. Сұрайды:

Үйде кім бар? -Үйде әже бар. -Үйде ата бар. -Үйде әке бар. -Үйде ана бар. -Үйде аға бар. -Үйде қарындас бар.

Тағы бір сұрақ қойылады. -Отбасында неше адам бар?

Рефлексия:

Ойын «Кім үлкен?»

-Отбасында ең үлкен кім?

«Сенің анаң қандай адам?» сұрақ жауап ойыны.

-Сенің анаң қандай адам?

Жүректен жүрекке.

-Ал балалар, осы «отбасы» деген сөзге әрқайсымыз өзіміздің ең жақсы көретін сөзімізді айтайық.

Кері байланыс:



11.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Менің досым

Мақсаты:

Балаларды айналаны, өзін тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге, ренжітпеуге, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға білімдерін жетілдіру Оқушылардың тілдерін дамытып, ой өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.

Достарын сыйлауға, құрдасымен қарым қатынасын жақсартуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: оқулық, суреттер.

Күтілетін нәтиже:

Жақсы қарым қатынас жасауды достарын сылай білуі жақсы қарым қатынасты білу

Ұйымдастыру

Менің досым»Құрдастарымен қарым қатынас.

-Сенің досың кім?

-Ол қандай?

-Қыз бала ма?

-Жоқ ер бала ма?

Қарым қатынас тренингін жүргізу.

-Қарым қатынас адамның өзін адам екенін сезіну үшін қажет.

Сондықтан мен сенімен қарым қатынас жасау жағымды ма? Тақырыбында тренинг өткіземін.Қарым қатынас жасай білесіңдер,мектеп оны өздеріңнің құрбыларың жақсы біледі, ендеше сендер қарым қатынаста қандайсыңдар? Деген сауалдар қойылады.

-Жаттығу сол жағында тұрған балаға қолыңды беріп,сенімен қарым қатынаста өте қуаныштымын деп қолынан ұстап, ол қасында тұрған балаға осы сізді айтып, әрі қарай жалғаса береді де, бүкіл балалар қол ұстасып шеңбер құрады.

Содан бәрі бір дауыспен бір бірімізбен қарым қатынаста өте қуаныштымыз деп айтады.

-Әрдайым жылы шыраймен, күлімдеп адамдармен қарым қатынас жасасаңыз,қарым қатынас сәтті болады деп сергіту сәтін жүргіземін.

Сергіту сәті

Бала, бала, балақан,

Қане, қайсы алақан.

Саусақтарың әйбат,

Былай,былай ойнат.

Топ-топ, топ-топ басайық,

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса алтын күн!

Жаса,жаса жарқын күн!

Рефлексия:

Ойын «Достық неден басталады?»

-Татулықтан.Ренжисуден. Сыйластықтан.Өтірік айтқаннан..Сыпайы болудан.

Кері байланыс:



12.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: Есте сақтау қабілеті «Керн Йерасек» тесті

Мақсаты:

Оқушылардың өз еркімен алғашқы мектепке даярлығына төселдіру. Оқушылардың өзіндік қабілеттерін оята отырып,үш графикалық және ауызша тапсырмаларды орындата,көрнекі бейнелі ойлау қабілеттерін дамыту.

Өз білімінің деңгейін және мектепке дайындыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

Балаларға тест қағаздары таратылып беріледі.

Күтілетін нәтиже:тапсырманы орындай білуі бір бірін сылай білуі мектепке дайындық

Ұйымдастыру

Мектепке даярлығын анықтау үшін тексеруден өткізген кезде «Керн Йерасек» тесті жіргізіледі.

Тест үш графикалық және бір ауызша тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма:

Ер адамның сыртқы пішінін салу.

Екінші тапсырма:

Әріптердән жазба түрін көшіріп жазу.

Үшінші тапсырма:

Нүктелер тобын көшіріп жазу.

Әр тапсырманың нәтижесі бес ұпайлықжүйемен бағаланады.

(1-«жоғары»,5-«төменгі»ұпай.)

Содан кейін үш тапсырма бойынша жиынтық баға шығарылады.

3-6 ұпай –«ортадан жоғары»

7-11 ұпай-«орта»

12-15 ұпай-«нормадан төмен»

12-15ұпай алған балаларды тереңірек зерттеу қажет.Өйткені олардың ақыл ой дамуы төмен болуы мүмкін.

Тестті қолдану тәртібі:

Балаларға тестің қағазы беріледі.Оның бірінші бетінде бала жөнінде мәлімет жазылады.Қалған ашық жеріне ер адамның сыртқы пішіні суреттеледі.

Екінші бетінің жоғарғы сол жағында әріптердің жазба үлгілері, ал осы беттің төменгі жағына нүктелер жиынтығы берілген.Беттің оң жақ бөлігі балалар жұмыс жасау үшін ашық қалдырылады.

Қарындаш зерттеушінің екі қолының арасындағы бірдей қашықтықтағы ортаға қойылады.(Егер бала солақай болса, ол жағы да ескерілуі керек)

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрамыз,

Мойнымызды бұрамыз.

Қолымызды тік ұстап,

Билеп,билеп аламыз.

Жалығуды білмейміз,

Жабығуды білмейміз.

Жауқазындай көз тартып,

Жайраң қағып билейміз.

Рефлексия:

Балаларға берілген тест қағаздарын жинап, зерттеу.

Кері байланыс:



13.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы:Ойша суретпен саяхат

Мақсаты:

Жаңа сабақты түсіндіре отырып,қиялдарын жетілдіру.

Ой болжамын, қиялдарын дамыту.

Логикалық ойлау қабілеттерін жақсартуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қалам,қағаз, түрлі түсті қалам.

Күтілетін нәтиже:

Тапсырманы орындай білуі

Бір бірін сылай білуі

Мектепке дайындығын

Ұйымдастыру:

Ойша суретпен саяхат.

-Неше жыл мезгілі бар?

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз өттіқыс мезгілі (музыка қойылады)

Музыка тыңдалған соң жыл мезгіліне сипаттама беріледі.Қандай табиғи құбылыстар болғаны туралы айтылады.

сергіту сәті.

Қарлығашқа ұқсайық,

Қане қанат жазайық.

Ұшып,ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Көбелек-ау көбелек,

Әдемісің керемет.

Гүлге келіп қона ғой

Өзіңе гүл бола ғой.

Келесі тапсырма.

Қолдың жіңішке сенсомоторикасын дамыту мақсатында:

Екі қолмен бір мезгілде:

-үшбұрыш

-төртбұрыш

-дөңгелектің суреттерін саламыз.

Рефлексия:

Тақырып бойынша балаларға сұрақ қоя отырып жауап алу.

Үздік балаларды марапаттау

Кері байланыс:



Мақсаты:

Тақырып бойынша оқушыға жалпы мағлұмат беру. Оқушының зейінін және таным процестерін дамыту.Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекілігі: Қыс суреті,суреттерді аяқта

Күтілетін нәтиже:

Тапсырманы орындай білуі

Бір бірін сылай білуі

Сурет арқылы көрсете біледі.

Ұйымдастыру:

Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыстың қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

-Қыста күн қандай болады?

-Айналада ағаштар не жамылған?

-Қардан не жасаймыз?

Жаңа сабақ. «Кім тапқыр»

Тапсырма:

Екі бақаның ұқсастығы мен айырмашылығын ата.Екі суреттің ұқсастығы мен айырмашылығын атау.

Тапсырма:

Суреттерді мұқият қарап, олардың ұқсастығын ажыратуға зейіндерін аударту.

Олардың киімінің ерекшелігіне,түр түсіне,қимыл қозғалысына т.б. нақты мұқият көңіл бөлуге ұсынылады.

Тапсырма:

Бала зейінін суреттің жарты бөлігіне шоғырландыра отырып, екінші бөлігін салу талап етіледі.

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп кішкене шыбықтар,

Биік болып өседі.

Биік болып өсеміз,

Жапырақтай жайқалып.

Табиғатты сүйеміз.

Денемізді тік ұстап,

Билеп, билеп аламыз.

Рефлексия:

Ойын «Балықтар, құстар, жануарлар»

(Доп лақтыру арқылы айтып, ойнайды. Акула, кит, дельфин, сазан, шорта



15.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: «Сөзді есінде сақта»

Мақсаты:

Тақырып бойынша оқушыларға жалпы мағлұмат бере отырып, есте сақтауға машықтандыру.

Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Психологиялық жақсы ахуалын және қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Плакатқа салынған суреттер

Күтілетін нәтиже:

Тапсырманы орындай білуі

Бір бірін сылай білуі

Есте сақтай біледі.

Ұйымдастыру:

Есте сақтау қабілеттеріне байланысты ойын жүргіземін.

«Мен қапқа салдым» ойыны жүргізуші ойынды бастап, «Мен қапқа алма салдым» дейді. Ойын осылай жалғаса береді. Бұл ойында кімнің жеңгені маңызды емес, ең бастысы бала есте сақтау қабілетін еркін дамытса болғаны.

«Сөзді есінде сақта.»

Балаларға жеті қосарлы сөздерді оқып беріп, оларға мұқият тыңдау ұсынылады.

Бірінші сөзді өзім айтамын.

1. көктем-жаңбыр

2. жаз-күн шықты

3. күз-тұман түсті

4. қыс-қар жауды

5. аспан-бұлт

6. су-балық

7. жер-шөп.

«Көңілді шеңбер» ойыны.

Балаларға көздерін жұмып, заттарды қыстырып қою.

(Гүл, бантик, орамал, көзілдірік)

Сергіту сәті

Мынау менің жүрегім.

Бәрі осыдан басталған.

Мынау басым ақылды,  
Бәрін осы басқарған.  
Мынау менің оң қолым,  
Мынау менің сол қолым,  
Бір,екі,үш деп айтып,  
Демалайық отырып.

Рефлексия:

Ойын «Ойлан да аяқта»

Лимон қышқыл, ал қант .....


Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық .....

Ек» бірден көп, ал бір екіден.....

Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың?

Өзен арықтан терең, ал арық.....

Кері байланыс:



16.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: «Сықырлы гүлдер»

Мақсаты: Тақырып бойынша оқушыларға жалпы мағлұмат беру. Оқушының таным процестерін дамыту. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, жалпы психологиялық ахуалды орнату

Көрнекілігі: Гүлдер.

Күтілетін нәтиже: тапсырманы орындай білуі бір бірін сылай білуі есте сақтай біледі.

Ұйымдастыру:

Ойын «Ойлан да аяқта»

-Ат шабады, ал қарлығаш.....

-иг үреді, ал қарға.....

-жылан жорғалайды, ал балық.....

-қасқыр ұлиды, ал қой.....

-Бала үлкейіп ер адам болады, ал қыз.....

-пышақ та әйнек те .....

-Балалар мен сендерге жұмбақ айтамын, ал сендер дұрыс шешесіңдер. Сонда мына тақтадағы сықырлы гүліміз ашылады.

-Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады. Бұл не?

-Ішіне тамақ салынған,

Есігі тастай жабылған. Бұл не?

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Тынығып алайық.

Күннің жылы мейірімінен,

Шуағынан нәр алайық.

«Гүл»

-Балалар біз бәріміз өсіп келе жатқан гүлдерміз.

-Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді.

-Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан жаққа шайқалады.

-Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды. Гүлдер тоңып, бүрісіп, жабылады.

-Бір уақытта күннің көзі күлімдеп шыға бастады. Сол уақытта гүлдер де құлпырып, жайнап ашыла бастады.

-Балалар бүгінгі ойындарымыз ұнады ма сендерге?

Рефлексия:

Сабақты пысықтап, балаларды мадақтау

Кері байланыс:



17.ҰОҚ: Дамыту ойындары

ҰОҚ тақырыбы: «Бөліп ал»

Мақсаты:

Жаңа сабақты оқушыларға түсіндіру жән Мінез құлық нормаларын игеруі, бала са Сезімталдыққа, ұстанымдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: жүгері, лобия, маш және т.б. дәнді дақылдар.

Ыдыс аяқтар(стакандар саны 10 балаға арналған)

Күтілетін нәтиже:

Қызығушылығы артады. алдына қойылған міндеттерді орындау тапжылмай жұмыс істеуге дағдыланады

Ұйымдастыру:

Балалар біз бүгін қызықты ойын ойнаймыз. Қазір алдымыздағы жатқан дәнді дақылдарды бөліп, әрқайсысын әр ыдысқа саламыз. Жүгеріні бір ыдысқа, лобияны екінші ыдысқа машты тағы басқа ыдысқа салып жинаймыз.

Сергіту сәті

Қуыр қуыр, қуырмаш,

Тауықтарға бидай шаш.

Әй әй балақан,

Жамандықтан қаш.

Ойын «Қоян»

Балаларға мәтінді оқып беріп, белгілі бір қимылдарды көрсету.Алдымен мәтін түгел оқылады, содан кейін бір жолдан қимылдармен алмастырылады.Өлеңді ең соңында тек қимылдармен көрсетеді.

Орманда бір үйшік тұрды,

Үй алдында аңшы бопты.

Қоян өтті жүгіріп,

Тоқылдатып есікті.

Көмектес деп айқайлап,

Айтты сыртта тұрғанын.

Мылтығымен аңшының .

«Кірсең үйге тезірек

Боласың сен аман»

(бетінен сүйеді)

Рефлексия:

Балалар бүгінгі ойындарымыз ұнады ма сендерге?

Жарайсыңдар! Ойынға барлығың жақсы қатыстыңдар. Енді бәріміз бір бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

Кері байланыс:



идерін одан әрі дамыту.  
іеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Аңдар суреті(Қасқыр,аю,жолбарыс,үй жануарлары)

Күтілетін нәтиже:

Жануарлардың дауысын ажырата, сала білуі жануарлар жайында түніктері бар. Жабайы аңдар мен үй жануарларын ажырата біледі.

Ұйымдастыру:

Ойын «Аңдар қалай дыбыстайды»

**Ядролық қалдықтар уранның 90% -дан астамын құрайды.** Сондықтан, пайдаланылған отынның (сынықтардың) құрамында әлі де қолданыстағы отынның 90% -ы бар. Ядролық қалдықтардағы ең ұзақ өмір сүретін радиоактивті қалдықтар отын ретінде қолданыла алатын нуклидтер болып табылады: р және қосалқы серия элементтері. Егер бұл материалдар қайта өңдеу арқылы жанармай үшін жағылса, ядролық қалдықтар жүздеген мың емес, бірнеше жүз жыл бойы радиоактивті болып қалады.

**Тапсырма:**

а) Уран  ${}_{92}^{235}U$  ядросы бір нейтрон әсерінен екі бөлшекке бөлінді және 2 нейтрон босап шықты. Бір бөлшек ядросы  ${}_{54}^{140}Xe$  болса, екінші бөлшекті анықтаңыз.

**Дескриптор:**

Ядролық реакция теңдеуін жазады;

**Оқу мақсаты:** 10.1.4.9 ионды байланысты қосылыстар үшін «нүктелер мен айқыштар» диаграммасын құрастыру;

**Бағалау критерийі:** ионды байланысты қосылыстар үшін «нүктелер мен айқыштар» диаграммасын құрастырады;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану

Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Бұл ерітінді медицинада гипертониялық физиологиялық ерітінді деп аталады. Себебі тыныс алу жолын кеңейту үшін ингалятор ретінде қолданады. Ол өз кезегінде тыныс алу жолдарының бітелуін азайтады, өкпенің проблемаларын азайтады және науқастардың ұзақ өмір сүру сапасын жақсартады. Сондай – ақ, дәрігерлер бұл ерітіндіні бас миының ісінуін және бас сүйегінің қысымын төмендету үшін көк тамыр арқылы жібереді.

**Тапсырма:**

- белгісіз ерітіндінің формуласын анықтаңыз;
- формуладағы элементтерді «нүктелер мен айқыштар» диаграммасын құрастыру арқылы байланысты сипаттаңыз;

**Дескриптор:**

- белгісіз ерітіндінің формуласын анықтайды;
- формуладағы элементтерді «нүктелер мен айқыштар» диаграммасын құрастыру арқылы байланысты сипаттайды;

**Оқу мақсаты:** 10.1.4.3 ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау;


**Бағалау критерийі:** ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану


Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Атомдар арасында бар күшті тартымды күштердің нәтижесінде химиялық байланыстар арқылы басқа атомдарға байланыс бар. Сонымен, химиялық байланыс қандай? Бұл эртүрлі атомдардың электрондары бір-бірімен өзара байланысқан кезде пайда болатын аймақ. Химиялық байланыстарға қатысатын электрондар - атомның сыртқы қабығынан табылған электрондар болып табылатын валенттілігі электрондары. Екі атом бір-біріне жақындағанда бұл сыртқы электрондар өзара әрекеттеседі. Электрондар бір-бірін қудалайды, бірақ олар атомдардағы протондарға тартылады. Күштердің өзара әрекеттестігі бір-бірімен байланыстыратын және бір-бірімен жабысатын кейбір атомдарға әкеп соғады.

Химиялық байланыстар энергетикалық және геометриялық параметрлерімен (өлшемдерімен) сипатталады. **Байланыс энергиясы** химиялық байланыс беріктігін ің өлшемі. Бұл энергия байланысты бұзу (үзу) үшін қажет. Мұндай тұста молекула негізгі күйде және  $T=0$  Кельвин байланыс энергиясының шамасы 100-1000 кДж/моль аралығында болады. Геометриялық параметрлерге химиялық байланыстың ұзындығы (молекуладағы, комплекстегі, кристалдағы және т.б.); байланыстардың арасындағы бұрыштар жатады. **Байланыс ұзындығы** – ол молекуладағы немесе кристалдағы атомдар ядросы ортасының (центрлерінің) арақашықтығы. Әдетте, байланыс ұзындығы азайған сайын байланыс энергиясы өседі және оған сәйкес молекуланың тұрақтылығы да арта түседі.



Ә)



В)

**Тапсырма:**

Үш электронды формула беріңді:

- мына берілгендердің:  $\text{NH}_3$ ,  $\text{HCl}$ ,  $\text{O}_2$ ,  $\text{F}_2$ ,  $\text{N}_2$ ,  $\text{H}_2$ ,  $\text{HBr}$ ,  $\text{Cl}_2$ ,  $\text{PH}_3$  қайсысы жоғарыда берілген үш формулаға сәйкес келеді? Бөліп жазыңыз;
- жоғарыда берілген үш формула бойынша байланыстың түзілу механизмін жазыңыз;
- түзілген байланыстардың қасиеттерін сипаттаңыз;

**Оқу мақсаты:** 10.1.4.11 металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру;

**Бағалау критерийі:** металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін сипаттайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану

Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Күміс ыдыс пен шыны ыдысты салыстырғанда, күміс ыдыс жылуды 500 еседей жылдам өткізеді. Көптеген металдардың жылуөткізгіштігінің өзгеру реті электрөткізгіштігінің өзгеру ретімен сай келеді. Алюминийдің жылуөткізгіштік қасиетіне металдық байланыстың әсерін түсіндіріңіз.

**Тапсырма:**

Ыдыстағы қайнаған суға шыны таяқша, алюминий және ағаш таяқшаларын саламыз. Таяқшаларды 20 секундтан кейін қолмен ұстап көргенде алюминий таяқша барлығынан ыстық болды.

а) Алюминийдегі металдық байланыстың табиғатын сипаттаңыз. Жауабыңызды сызбанұсқа түрінде көрсетіңіз

б) Алюминийдің жылуөткізгіштік қасиетін күміспен салыстырыңыз

**Дескриптор:**

а) Алюминийдегі металдық байланыстың табиғатын сипаттайды; Жауабын сызбанұсқа түрінде көрсетеді;

б) Алюминийдің жылуөткізгіштік қасиетін күміспен салыстырып, сипаттайды;

**Оқу мақсаты:** 10.1.4.12 сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіру;

**Бағалау критерийі:** сутекті байланыстың түзілу механизмін сипаттайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану




Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Сутектік байланыс табиғатта кең таралған және оның көптеген химиялық және биологиялық процестер үшін маңызы зор. Сутектік байланысты тек молекуласындағы сутек атомы күшті электртерістілікті атомдармен (F, O, Cl, N, S, және т.б.) байланысқан зат қана түзе алады. Сутектік байланыс тек молекулааралық қана (әртүрлі молекулалар арасында) болмай, ол бір молекуланың ішінде де (бір молекула ішіндегі әртүрлі топтар арасында) бола алады. Сутек атомы – ішкі электрондық қауызы жоқ және өте кіші өлшемде болғандықтан, көрші теріс полюстенген атомның электрондық қауызы ішіне еніп кетуге қабілетті.

**Тапсырма:**

а) Суретте берілген сутектік байланыстың түрлерін анықтаңыз;

б) Сутекті байланыстың түзілу механизмін түсіндіріңіз;



**Дескриптор:**

а) Суретте берілген сутектік байланыстың түрлерін ажыратады;



**Оқу мақсаты:** 10.1.4.4 гибридтелу түрінің әртүрлілігінің физикалық мәнін түсіндіру; 10.1.4.5 заттың құрылысы мен қасиеттерінің өзара байланысын түсіндіру;

**Бағалау критерийі:** гибридтелу түрінің әртүрлілігінің физикалық мәнін сипаттайды; заттың құрылысы мен қасиеттерінің өзара байланысын сипаттайды;

**Ой**

Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Бұл газдың барлық атомдары ковалентті байланыстармен біріктірілген, демек, металл жоқ. Оның сипаттамалары арасында бұл өте тұтанғыш газ және суда жақсы ерімейтіні бар. Бұл көміртегі диоксидінен гөрі көп жылуды сақтап, планета жеріндегі парниктік әсерге жауапты газдардың бірі. Бұл өсімдіктер сияқты органикалық элементтердің шіруі нәтижесінде болғанымен, иісі жоқ және түсі жоқ газ. Егер бұл газ көп мөлшері деммен жұтылса, мүмкін адамдарда естен тану, тұншығу немесе жүректің тоқтап қалуы сияқты белгілі бір ауруларды тудырады. Бұл табиғи түрде болатын газ екенін ұмытпаңыз, сондықтан ол зиянды болмауы керек. Алайда, бұл анаэробты ыдырау процесінде, оттегінің, органикалық заттардың қатысуынсыз жүреді.

Негізінен аталған газ кен орындарынан алынады, отын ретінде және өнеркәсіпте қолданылады.

**Тапсырма:**

- а) белгісіз газды анықтаңыз;
- б) гибридтелген молекулаларына қандай геометриялық құрылыс тән және сызбанұсқасын ұсыныңыз;
- с) электрондық және кеңістіктік құрылымына тәуелділігін түсіндіріңіз;

**Дескриптор:**

- а) белгісіз газды анықтайды;
- б) гибридтелген молекулаларына қандай геометриялық құрылыста екендігін сызбанұсқа арқылы көрсетеді;
- с) электрондық және кеңістіктік құрылымына тәуелділігін сипаттайды;

**Оқу мақсаты:** 10.1.4.13 кристалл тор типтері және байланыс түрлері әртүрлі қосылыстардың қасиеттерін болжау;

**Бағалау критерийі:** кристалл тор типтері және байланыс түрлері әртүрлі қосылыстардың қасиеттерін сипаттайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану

Мәтінді оқып шығып тапсырманы орынданыз

Металл кальцийді қарапайым А затымен әрекеттестіргенде В қосылысы түзіледі, ондағы металлдың массалық үлесі 36% құрайды. В заты тұз қышқылының кальций карбонатына әсерінен пайда болатын түссіз немесе ақ қатты зат.

**Тапсырма:**

- а) В затының эмпирикалық формуласын жазыңыз және байланыс түрін анықтаңыз
- б) В қосылысының кристалдық тор моделін сызыңыз
- с) В қосылысының физикалық және химиялық қасиеттерін болжап, ойыңызды дәптерге түсіріңіз.

**Дескриптор:**

- а) В затының эмпирикалық формуласын жазады және байланыс түрін анықтайды;
- б) В қосылысының кристалдық тор моделін сызады;
- с) В қосылысының физикалық және химиялық қасиеттерін болжап, ойын дәптерге жазады;

**Оқу мақсаты:** 10.1.1.3 зат мөлшері ұғымын және стехиометриялық заңдарды қолданып есептеулер жүргізу;

**Бағалау критерийі:** зат мөлшері ұғымын және стехиометриялық заңдарды қолданып есептеулер жүргізеді;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану

**Оқу мақсаты:** 10.2.2.2 бастапқы заттардың белгілі зат мөлшерлері (массалары, көлемдері, бөлшек сандары) бойынша реакцияға қатысқан заттардың біреуі артық мөлшерде және құрамында белгілі үлесте қоспалары бар болған жағдайда реакция өнімдерінің зат мөлшерлерін (массаларын, көлемдерін, бөлшек сандарын) есептеу;

**Бағалау критерийі:** бастапқы заттардың белгілі зат мөлшерлері (массалары, көлемдері,

**Оқу мақсаты:** 10.2.2.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептеу;

**Бағалау критерийі:** теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептейді;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** білу, түсіну, қолдану

## 10.1 D Стехиометрия


**Оқу мақсаты:** 10.1.1.3 зат мөлшері ұғымын және стехиометриялық заңдарды қолданып есептеулер жүргізу

**Бағалау критерийі:**

химияның негізгі стехиометриялық заңдарының тұжырымдамасын, қолдану аясын сипаттайды; зат массасының сақталу заңы, көлем қатынастар заңы, Авогадро заңын негізіне есептер шығарады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:** Фотосинтез – күн сәулесі әсерінен бейорганикалық заттардан фотосинтездік пигменттердің қатысуымен органикалық заттардың синтездеу процесі.



Фотосинтез процесіне қатысатын бейорганикалық заттармен мен синтезделетін органикалық заттарды анықтап, төменде берілген кестені есептеу жүргізе отырып толтырыңыз:

Заттар	Формуласы	М (г/моль)	m (г)	n (моль)
		18		6
Глюкоза			90	
		44		2
Оттегі газы			32	

Фотосинтез процесіне қатысатын газдарды анықтап, көлемдерін есепте

Формуласы	V(л)	n (моль)

**Дескриптор:** Білім алушы

H<sub>2</sub>O формуласын жазады, массасын есептейді;

C<sub>6</sub>H<sub>12</sub>O<sub>6</sub> молярлық массасын есептеп, зат мөлшерін табады;

CO<sub>2</sub> формуласын жазады, m есептейді;

O<sub>2</sub> молярлық массасын есептеп, зат мөлшерін есептейді.

O<sub>2</sub>, CO<sub>2</sub> формуласын жазады, зат мөлшері арқылы V есептейді;

### 10.1 D Стехиометрия

**Оқу мақсаты:** 10.2.2.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептеу

**Бағалау критерийі:**

теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептеді.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

Химиялық зауытта 200 кг құм көміртегімен бірге қыздырылып нәтижесінде 104,8 кг кремний карбиді мен белгілі бір мөлшерде көміртегі моноксиді алынды, реакция өнімінің шығымын анықтаңдар.

Жоғарыда берілген есепте реакция өнімінің шығым 75% деп есептеп, реакция кезінде түзілген кремний карбидінің массасын табуға кері есеп құрастыр.

**Дескриптор:** Білім алушы

теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын процентпен есептеді; берілген үлес бойынша өнімнің массасын есептеуге есеп құрастырып, анықтайды.

## II-тоқсан

### 10.2A Термодинамикаға кіріспе

**Оқу мақсаты:**

10.3.1.1 ішкі энергия және энтальпия өзгерістер жылу эффектісі болып табылатындығын түсіну;

10.3.1.2 химиялық реакциялар - байланыстардың үзілуі мен жаңа байланыстардың түзілу процесін қамтитындығын түсіну;

10.3.1.3 реакцияның энтальпия өзгерісін тәжірибе жүзінде анықтау және оны анықтамалық деректер негізінде есептеу

**Бағалау критерийі:**


ішкі энергия және энтальпия өзгерістер жылу эффектісі болып табылатындығын ажыратады;

химиялық реакциялар - байланыстардың үзілуі мен жаңа байланыстардың түзілу процесін қамтитындығын анықтайды;

реакцияның энтальпия өзгерісін тәжірибе жүзінде анықтау және оны анықтамалық деректер негізінде есептей алады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**




А сурет

В сурет

С сурет

А, В, С суреттерін салыстырып энергия өзгерісін сипаттаңдар.

Энергияның түрлеріне қарай жіктеп, тұжырымда.  
Энергия түрлеріне қарай екі мысал келтір.



Д сурет

Е сурет

Д және Е суреттерінде байланыс энтальпиясына әсер ететін факторлар көрсетілген  
Д және Е суреттері бойынша байланыс энтальпиясының өзгеру заңдылықтарын тұжырымда.

Байланыс	$\Delta H_{\text{дисс}}^{\circ}$ (кДж/моль)
H-H	436
H-Cl	427

Кестеде берілген мәліметтерге сүйеніп, хлорсутектің түзілу энтальпиясын есепте.

---



---



---

**Дескриптор: Білім алушы**

суреттерді салыстырып энергия өзгерісін сипаттайды;  
энергияның түрлеріне қарай жіктеп, тұжырымдайды;  
энергия түрлеріне қарай екі мысал келтіреді;  
суреттері бойынша байланыс энтальпиясының өзгеру заңдылықтарын тұжырымдайды;  
берілген мәліметтерге сүйеніп, хлорсутектің түзілу энтальпиясын есептейд

**10.2А Термодинамикаға кіріспе**

**Оқу мақсаты:** 10.3.1.4 Гесс заңының физикалық мәнін түсіндіру және оны химиялық реакцияның энтальпия өзгерісін есептеу үшін қолдана алу


**Бағалау критерийі:**

Гесс заңының физикалық мәнін түсіндіру және оны химиялық реакцияның энтальпия өзгерісін есептей алады;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:** 1. Көміртек монооксидінің түзілу энтальпиясын тікелей анықтау мүмкін емес, себебі бұл қосылысты құраушылы элементтерден тікелей алу қиындық туғызады. Суретте берілген өлшемдерді пайдаланып, көміртек монооксидінің түзілу энтальпиясын есепте.

2. Анықталған түзілу энтальпиясының мәні бойынша реакцияның жылу эффектісіне сәйкестігін анықта



1. \_\_\_\_\_

---

2.

**Дескриптор: Білім алушы**

берілген ақпараттарды пайдаланып, есептеу жүргізеді;  
түзілу энтальпиясының мәні бойынша реакцияның жылу эффектісіне сәйкес типін анықтайды.

**10.2А Термодинамикаға кіріспе**

**Оқу мақсаты:** 10.3.1.5 энтропияны жүйенің ретсіздік өлшемі ретінде түсіндіру және оны анықтамалық деректер арқылы есептеу


**Бағалау критерийі:**

энтропияны жүйенің ретсіздік өлшемі ретінде біле отырып, оны анықтамалық деректер арқылы есептей алады;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

Табиғатта су үш күйде болады: қатты, сұйық, газ. Мұздың еру үрдісі суретте көрсетілген. Суреттегі реттілік бойынша энтропия өзгерісін сипаттайтын сәйкес сөздерді бос орындарға жаз. *Реттелген, мұз, жоғары энтропия, мұз кристалдары, реттелмеген, төмен энтропия, су, уақыт, сұйық су,  $\Delta S > 0$ .*



Мұздың еруі мен судың газға айналуы кезіндегі энтропияны \_\_\_\_\_ ыстырып тұжырымдаңыз.

Есептеу жүргізбей берілген реакциялардың энтропия өзгерісін таңбасының арасындағы сәйкестікті анықтап сызықтармен сәйкестендіріңіз: 7. \_\_\_\_\_ 8. \_\_\_\_\_

1. $N_2(g) + 3H_2(g) = 2NH_3(g)$	_____	_____
2. $2H_2(g) + O_2(g) = 2H_2O(g)$	9. _____	10. _____
3. $NH_4NO_3(s) = N_2O(g) + 2H_2O(g)$	_____	_____

**Дескриптор: Білім алушы**

энтропия өзгерісін сәйкес сөздерді қойып сипаттайды;  
зат күйлері мен энтропия өзгерісін тұжырымдайды;  
реакциялардың энтропия өзгерісін таңбасының арасындағы сәйкестендіреді.

**10.2А Термодинамикаға кіріспе**

**Оқу мақсаты:** 10.3.1.6 Гиббс тің бос энергия өзгерісін түсіндіру және анықтамалық деректер арқылы есептеу;

10.3.1.7 термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру бағытын болжау

**Бағалау критерийі:**


Гиббс тің бос энергия өзгерісін түсіндіру және анықтамалық деректер арқылы есептейді;  
термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру бағытын болжайды.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

Көптеген салалардың технологиялық процестерінен шыққан өндірістік ағынды суларда сілтілер мен қышқылдар, сондай-ақ ауыр металдардың тұздары бар. Биооксиданттар мен су

айдындарындағы физико-химиялық және биохимиялық процестердің бұзылуын болдырмау үшін, және де ағынды сулардан ауыр металдардың тұздарын тұндыру үшін, судағы қышқыл мен сілтілілерді бейтараптандырады. рН = 6,5 болатын сулар іс жүзінде бейтарап болып саналады. Ағынды сулар көбінесе минералды қышқылдармен ластанады олар:  $H_2SO_4$ ,  $HNO_3$ ,  $HCl$  қышқылдары мен олардың қоспалары. Қышқыл суларды бейтараптандыру үшін сілтіні қолдануға болады:  $NaOH$ ,  $NH_4OH$ , ең қол жетімді реагент - бұл кальций гидроксиді  $Ca(OH)_2$ .



Қосылыс	$\Delta H_{\text{тұз}}^\circ$ (кДж/моль)	$S^\circ$ (Дж/К*моль)
$NaOH(c.e.)$	-470	48
$HCl(c.e.)$	-167	57
$NaCl(c.e.)$	-407	116
$H_2O(c)$	-286	70

Термодинамикалық деректерді пайдаланып тұз қышқылы  $HCl$  мен натрий гидроксиді  $NaOH$  арасындағы бейтараптану реакциясының стандартты Гиббс энергиясының өзгерісін есептеңдер.

Есептің нәтижесінде алынған термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігін анықтаңдар.

### Дескриптор: Білім алушы

термохимиялық деректерге сүйеніп бейтараптану реакциясының стандартты Гиббс энергиясының өзгерісін есептейді;  
есептің нәтижесінде алынған термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігін анықтайды.

### 10.2 В Кинетика

**Оқу мақсаты:** 10.3.2.1 гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдық өрнегін білу;  
10.3.2.2 қарапайым реакциялардың орташа жылдамдығына есептеулер жүргізу


#### Бағалау критерийі:

гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдық өрнегін жазады;  
қарапайым реакциялардың орташа жылдамдығын есептейді.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану


#### Тапсырма:

Берілген график арқылы реакция жылдамдығы өзгеруін түсіндір. Формулада неліктен теріс таңбаның көрсетілгенін түсіндір. Гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдықты өрнектейтін формуланы жазып сипаттама беріңіз.




2. Егер реакция барысында бөлшектер жеткілікті энергиямен соқтығыспаса не болуы мүмкін?  
Жауабыңызды жазыңыз

[R] реагенттің уақытқа  
байланысты концентрациясы



[P] өнімнің уақытқа  
байланысты концентрациясы



Графикті қолдана отырып бірнеше дұрыс тұжырымдамаларды тандаңыз:  
Реакцияның жылдамдығы уақытқа байланысты өзгереді.

Уақыт тәуелділігінің графигі тіктеу болғанда реакция жылдам жүреді

Екі графикте, бір уақытта көрсетілген реакция жылдамдығы бірдей

Реакцияның жылдамдығы уақытқа байланысты тұрақты

Екі графикте, бір уақытта көрсетілген реакция жылдамдығы әртүрлі

Уақыт тәуелділігінің графигі тіктеу болғанда реакция баяу жүреді

4. Химиялық реакция кезінде  $A+B=C$  теңдеуінесәйкесжүреді. Тәжірибенәтижесімынадай:

Концентрация	A	B	C
Бастапқы	2,7 моль\л	2,5 моль\л	0
1\2 сағәткенненкейін	2,5 моль\л	?	?

Кестедегісұрақбелгісіорнынаконцентрациялардыжәнеберілгенуақыттағыреакцияныңорташажүружылдамдығынесептеңіз.

**Дескриптор: Білім алушы**

гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдық өрнегін жазады;

реакцияның жүруі мен өнімнің түзуін немесе кері үрдістің жүруін болжап жазады;

Графикті бойынша бірнеше дұрыс тұжырымдамаларды анықтайды;

қарапайым реакциялардың орташа жылдамдығын есептейді.

## 10.2 В Кинетика

**Оқу мақсаты:** 10.3.2.5 химиялық реакция жылдамдығына қысымның әсерін түсіндіру

10.3.2.4 әрекеттесуші массалар заңы бойынша есептеулер жүргізу;

**Бағалау критерийі:**

химиялық реакция жылдамдығына қысымның әсерін ажыратады;

әрекеттесуші массалар заңы бойынша есептеулер жүргізе алады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

Газдар үшін концентрация қысымға тікелей тәуелді. Қысым артқанда газдар концентрациясы артады. Бұл тәуелділіктің математикалықөрнегі (идеал газ үшін)– Менделеев-Клайпейрон теңдеуі  $pV = nRT$ . Сондықтан, егерреагенттерарасында газ тәріздізаттаркездесетінболса, ондақысымдыарттырғанда реакция жылдамдығыартады, қысымдытөмендеткендекемиді.

Дұрыс тұжырымдарды тап.

Дұрыс жауап саны: 2

Қысым сұйық фазада жүретін реакция жылдамдығына газ фазасындағы реакциялардағыдай әсер етеді.

Қысымның төмендеуі реакция жылдамдығының баяулауына алып келеді.

Қысым газ фазасында жүретін соқтығысулар санына әсер етеді.

Реагенттер концентрациясы қысым жоғарылауымен өзгермейді.

Ерітіндіде жүретін химиялық реакция теңдеуі  $3A + B = 2C$ . А және В заттары газ күйінде.

Әрекеттесуші қоспаның қысымын үш есе арттыратын болса, оның жылдамдығы қалай өзгереді?

Жауабыңызды жазыңыз

### Дескриптор: Білім алушы

химиялық реакция жылдамдығына қысымның әсерін ажыратады; әрекеттесуші массалар заңы бойынша есептеулер жүргізеді.

### 10.2 В Кинетика

**Оқу мақсаты:** 10.3.2.6 химиялық реакция жылдамдығына температураның әсерін тәжірибе жүзінде зерделеу;

10.3.2.8 Вант-Гофф ережесі бойынша есептеулер жүргізе алу;

### Бағалау критерийі:

химиялық реакция жылдамдығына температураның әсерін тәжірибе жүзінде зерделейді;

Вант-Гофф ережесі бойынша есептеулер жүргізе алады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

### Тапсырма:

<p>Бұл процесті қыздыру арқылы жылдамдатуға бола ма? Иә, қыздыру кезінде температура жоғарлаған сайын сылақ ертіндісі тез кеуіп жабысады. Жоқ, себебі сылақ ертіндісінің химиялық құрамы өзгергендіктен қыздыру көмектеспейді</p>	 <p>Құрылыс жұмыстарын жасап жатқан жұмысшылар сылақ ертіндісін дайындау үшін ескі әкті қолданды. Жасалған сылақ ертіндісі қабырғаға нашар жабысып, жұмысшылардың уақытын алды.</p>
<p>Бұл процедураны бөлмені электр жылытқыштарымен жылыту арқылы ауыстыруға бола ма? Сылақ ертіндісінде сөндірілген әк болса оның қатуы кезінде болатын процестің реакция теңдеуін жазыңыз. Қыздыру құралдары сылақ ертіндісіне қалай әсер етеді. Жауабын жазыңыз</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	 <p>Сылақ жұмыстарын орындау кезінде оның қатаюын тездету үшін бөлмеге жанып тұрған көмірі бар қыздыру пештері енгізіледі.</p>



<p>Егер температуралық коэффициент 2гең болса. Қабырғадағы сылақтың кебу уақытын есептеп анықтаңдар.</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p>Қыздыру пештерінің әсерінен бөлмедегі сылақ 40 ° С көтерген кезде сылақ 2 сағатта кепті, ал температура 45° С көтерсек қабырғадағы сылақ неше уақытта кебеді?</p>
---	--

**Дескриптор: Білім алушы**

берілген процеске температура әсерінің бар жоқтығын анықтайды;  
көмір пештері мен электр пештерінен бөлінетін жылуды салыстырады;  
пештерден бөлінген газдармен сөндірілген әктің арасындағы реакция теңдеуін жазады;  
берілген температурада реакцияның аяқталу уақытын есептеп анықтайды.

**10.2 В Кинетика**


**Оқу мақсаты:** 10.3.2.11 катализ процесінің мәнін түсіндіру;  
10.3.2.12 гомогенді және гетерогенді катализді ажырату;

**Бағалау критерийі:**

катализ процесінің мәнін сипаттайды  
гомогенді және гетерогенді катализді ажыратады;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

<p>Сұрақ Жүннен жасалған киімдер не себепті қоспасы бар кір жуғыш ұнтақпен жуғанда жұмсақ әрі үлпілдек болады ? Жауабын жазыңыз</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Кір жуғыш ұнтақтарға арналған нұсқаулықты ұстану керекпа немесе қолдануды жалғастыру қолайлы ма? Жауабын жазыңыз</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	 <p>Биологиялық белсенді қоспалары бар кір жуғыш ұнтақтарға арналған нұсқаулықта бұл құралдарды табиғи жібек пен жүннен жасалған бұйымдарды жуу үшін қолдануға болмайтыны айтылған. Дегенмен, үй шаруасындағы әйелдер аталған қоспасы бар кір жуғыш ұнтақтармен жүннен жасалған киімдерді әдейі жуады және жуғаннан кейін киімдер жұмсақ әрі үлпілдек болады деп айтады.</p>
<p>Күкірт(IV) оксидінің тотығуы кезінде азот (II) оксиді молекуласы қандай қызмет атқарады? Бір дұрыс жауапты таңдаңыз Аралық комплекс түзеді Күкіртті тотықтырады Тежегіш қызметін атқарады Реакцияда оттегін тасымалдайды</p>	<p>Күкірт(IV) оксидінің тотығуы екі сатыда жүреді</p>  <p> <math display="block">2\text{NO}(g) + \text{O}_2(g) \rightarrow 2\text{NO}_2(g)</math> <math display="block">\text{NO}_2(g) + \text{SO}_2(g) \rightarrow \text{NO}(g) + \text{SO}_3(g)</math> </p> <p>аралық комплекс</p>

Күкірт(VI) оксидін күкірт (IV) оксидінен катализатор ( $V_2O_5$  және Pt) қатысында тотықтырып алады. Осы реакциялардың айырмашылығын түсіндіріңіз  
 Жауабын жазыңыз

**Дескриптор: Білім алушы**

катализ процесінің мәнін сипаттайды;  
 гомогенді және гетерогенді катализді ажыратады.

**10.2С Химиялық тепе-теңдік**

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.1 химиялық тепе-теңдіктің динамикалық сипатын түсіндіру

**Бағалау критерийі:**

химиялық тепе – теңдіктің динамикалық сипатын жазады;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

100°С жүретін реакция барысын көрсететін график берілген.

Дұрыс тұжырымдарды тап.

Дұрыс жауап саны: 4

Реакция қайтымды және реакция мөлдір азот диоксидінен басталады

Реакция қайтымсыз және реакция мөлдір азот диоксидінен басталады

Реакция қайтымды және реакция мөлдір диазот тетроксидінен басталады

$NO_2$  бастапқы концентрациясы 0,08 моль/л

$N_2O_4$  бастапқы концентрациясы 0,07 моль/л


$N_2O_4$  тепе-теңдік концентрациясы 0,03 моль/л

Реакция кезінде 0,05 моль/л  $N_2O_4$   $NO_2$ -ге дейін ыдырады


Реакция кезінде 0,04 моль/л  $N_2O_4$   $NO_2$ -ге дейін ыдырады

Дұрыс тұжырымдар негізінде берілген тепе-теңдіктің түрін анықтаңыз

Жауабын жазыңыз



$N_2O_4 \leftrightarrow 2NO_2$  диазот тетроксидінің азот диоксидіне дейін ыдырауының графигі көрсетілген.



**Дескриптор: Білім алушы**

графикті талдау арқылы дұрыс тұжырымдарды анықтайды;  
 дұрыс тұжырымдар негізінде тепе-теңдіктің түрін анықтап жазады.

**10.2С Химиялық тепе-теңдік**

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.2 химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін болжау;

**Бағалау критерийі:**

химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін ажыратады;  
**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

(а) Берілген сурет бойынша өнімнің концентрациясын арттырғанда тепе-теңдіктің ығысу жағдайын көрсететін суретті дөңгелектеп көрсетіңіз.  
 (b)Өз таңдауыңыз бойынша тепе-теңдікке концентрация өзгерісінің әсерін толық сипаттап жазыңыз

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(а)  $N_2O_4 \leftrightarrow 2NO_2$  диазот тетроксидінің азот диоксидіне ыдару процесінде температура мен қысымды өзгерту тепе-теңдікке қалай әсер етеді, «тура» және «кері» сөздерін тиісті бағанға жазыңыз

T	жоғарлату	
P	төмендету	



(b)Өз таңдауыңыз тұжырымдап жазыңыз

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Диазот тетроксидінің азот диоксидіне ыдару процессі қайтымды процесс. Осы жүйеде орнайтын химиялық тепе-теңдікке температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсері.



**Дескриптор: Білім алушы**

өнімнің концентрациясын арттырғанда тепе-теңдіктің ығысу жағдайын көрсетеді;  
 химиялық тепе-теңдікке температура, және қысым өзгерісінің әсерін болжайды.

**10.2С Химиялық тепе-теңдік**

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.5 берілген реакция үшін тепе-теңдік константасын жазу;  
 10.3.3.6 тепе-теңдік константасына әр түрлі факторлардың әсерін болжау;  
 10.3.3.7 тепе-теңдік константасына қатысты есептерді шығару


**Бағалау критерийі:**

реакция үшін тепе-теңдік константасын жазады;  
 тепе-теңдік константасына әр түрлі факторлардың әсерін болжайды;  
 тепе-теңдік константасына қатысты есептерді шығарады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

Көрсетілген суреттерді не біріктіреді?  
 Жүйеде тепе-теңдік күй орнағанда...  
 бастапқы заттардың барлығы өнімге айналады  
 тек кері реакция жүреді  
 тек тура реакция жүреді  
 тура және кері реакциялар бірдей жылдамдықпен жүреді



<p>Гетерогенді химиялық жүйелерге тепе-теңдік константасы өрнегін құрыңыздар:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p>Гетерогенді химиялық жүйелерді тұрақты термодинамикалық параметрлерде тепе-теңдік орнады:</p> <p>a) <math>CS_2(g) + 2Cl_2(g) \leftrightarrow CCl_4(g) + 2S(k)</math></p> <p>b) <math>2NO_2(g) + 2S(r) \leftrightarrow N_2(g) + 2SO_2(g)</math></p> <p>c) <math>10NO(g) + P_4(g) \leftrightarrow 5N_2(g) + P_4O_{10}(k)</math></p>
<p>Осы реакцияның тепе-теңдік константасын есептеңіз. Азоттың (<math>N_2</math>) және сутектің (<math>H_2</math>) бастапқы концентрацияларын есептеңіз.</p>	<p>Аммиак синтезі барысында химиялық тепе-теңдік әрекеттесуші заттардың келесіконцентрациялары кезінде орнатылады: <math>[N_2]=2,5</math> моль/л, <math>[H_2]=1,8</math> моль/л, <math>[NH_3]=3,6</math> моль/л.</p>

**Дескриптор: Білім алушы**

реакция үшін тепе-теңдік константасын жазады;  
тепе-теңдік константасына әр түрлі факторлардың әсерін болжайды;  
тепе-теңдік константасына қатысты есептерді шығарады.

**10.2С Химиялық тепе-теңдік**

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.8 Габер процесі мысалында химиялық өнеркәсіптегі өнімнің шығымын арттыруда химиялық тепе-теңдіктің ығысу ролін және күкірт оксиді мен азот оксидінің тотығу процесін түсіндіру

**Бағалау критерийі:**

Габер процесі мысалында химиялық өнеркәсіптегі өнімнің шығымын арттыруда химиялық тепе-теңдіктің ығысу ролін және күкірт оксидінің тотығу процесі негізінде сипаттайды;

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Білу және түсіну, қолдану

**Тапсырма:**

<p>Осы процесітегі шарттарды ескере отырып химиялық өнеркәсіптегі өнімнің шығымын арттыруда химиялық тепе-теңдіктің ығысуын, күкірт (VI) оксидінің түзілу мысалында <math>SO_3</math> талдаңыз</p> <p><math>2SO_2 + O_2 \rightleftharpoons 2SO_3 + Q</math></p> <p>Берілген реакцияға байланысты күкірт (VI) оксидінің шығымын қалай арттыруға болады? Бір дұрыс жауапты таңдаңыз</p> <p>катализатор қосу температураны төмендету қысымды арттыру температураны арттыру</p> <p>Өндірісте күкірт (VI) оксидінің шығымын арттыру үшін химиялық тепе-теңдіктің ығысу ролін түсіндіріңіз:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Өндірісте күкірт (VI) оксидінің алу үшін қолданылатын шикізат көздерін атаңыз:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p><math display="block">N_2 + 3H_2 \xrightleftharpoons[Fe]{200 \text{ атм}, 400^\circ C} 2NH_3</math></p>  <p>Аммиак өнеркәсіптік жолмен азотты сутегімен қосу арқылы алады. Азот ауадан, сутегі судан алынады. Алғаш рет әдіс неміс химигі Фриц Габер қолданды. Аммиакты алудың өнеркәсіптік тәсілі Габер процесі деп аталады. Реакция көлемнің азаюы және жылу түрінде энергия бөліну арқылы өтеді: <math>3H_2 + N_2 \rightarrow 2NH_3 + Q</math></p> <p>Реакция - қайтымды, сондықтан бірнеше шарттар сақталуы қажет. Жоғары қысым</p>
---	--

	және төмен температура кезінде алынған аммиактың шығымы көп болады Алайда төмен температурада реакция жылдамдығын баяулатады, ал температураның көтерілуі кері реакция жылдамдығын арттырады.
--	---

**Дескриптор: Білім алушы**

берілген реакцияға байланысты күкірт (VI) оксидінің шығымын арттыру шарттарынаныұтайды; өндірісте күкірт (VI) оксидінің шығымын арттыру үшін химиялық тепе-тендіктің ығысу рөлін жазады;

өндірісте күкірт (VI) оксидінің алу үшін қолданылатын шикізат көздерін еөрсетіп жазады.

**3-тоқсан**

**Бөлім: Тотығу-тотықсыздану реакциялары**

Оқу мақсаты: 10.2.3.1 электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы теңдеулерін құрастыру;

10.2.3.2 жартылай иондық реакция әдісімен тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастыру;

Бағалау критерийі: Электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы теңдеулерін құрастырады.

Жартылай иондық реакция әдісімен тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастырады.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

**Тапсырма:**

№1. Берілген мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.

**Сіріңкесіз спирт шамын жағу**

Фарфор кесеге бірнеше  $KMnO_4$  кристалын салып, аба йла п 1-2 тамшы (конц.)  $H_2SO_4$  қосып және ұнтақты шыны таяқшамен ақырын араластыру қажет. Содан кейін таяқпен спирт шамның фитигін түрткенде, спирт шамы жана ды.



Жоғарыдағы өзгерістерге электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы теңдеулерін құрастырыңыз.

1. Реакция сызбанұсқасы:
2. 1-жартылай реакция:
3. 2-жартылай реакция:
4. Иондық жиынтық теңдеу:
5. Қосылған иондар:
6. Молекулалық теңдеу:

№2. Зертханашы қышқыл ортадағы калий перманганатының тотықтырғыш қасиетін зерттеуге арналған тәжірибе жүргізді. Калий перманганатының 3-4 тамшысына күкірт қышқылының сұйылтылған ерітіндісінің тең көлемін, содан кейін натрий сульфитінің ерітіндісін түссізденгенше қосады.

Жоғарыда аталған реакцияның теңдеуін жазып, жартылай реакция әдісімен тиісті коэффициенттерді қойыңыз.

№3. Зертханашы сілтілік ортадағы калий перманганатының тотықтырғыш қасиетін зерттеуге арналған тәжірибе жүргізді. 3-4 тамшы калий перманганатының ерітіндісіне 10 тамшы концентрлі натрий гидроксиді ерітіндісін және 2 тамшы натрий сульфиті ерітіндісін қосады. Ерітінді жасыл түске айналуы керек.

Жоғарыда аталған реакцияның теңдеуін жазып, жартылай реакция әдісімен тиісті коэффициенттерді қойыңыз.

Дескриптор:

Электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы теңдеулерін құрастырады.

Жартылай иондық реакция әдісімен тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастырады

**Бөлім: Тотығу-тотықсыздану реакциялары**

Оқу мақсаты: 10.2.3.4 сулы ерітіндідегі химиялық реакциялардың жүру мүмкіндігін болжау үшін стандартты электродтық потенциалдар кестесін қолдану; 10.2.3.5 гальваникалық элементті химиялық реакция энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы есебінде түсіну.

Бағалау критерийі: Стандартты электродтық потенциалдар кестесін қолданып сулы ерітіндідегі химиялық реакциялардың жүру мүмкіндігін болжайды. Гальваникалық элементті химиялық реакция энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы есебінде сипаттайды.

Ойлау дағдыларының Қолдану

деңгейі:

Тапсырма:

№1. Берілген мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.

**Үй жағдайындағы гальваникалық элемент**

Қарапайым ток көзін өз қолыңызбен жасауға болады. Ол үшін бізге келесі инвентарь қажет:

1. Пластикалық кесе.
2. Электролит. Ол үшін тұзды ерітінді, сода немесе суда сұйылтылған лимон қышқылын алуға болады.
3. Екі түрлі металдан жасалған пластиналар. Мысалы, алюминий мен мыс.
4. Сымдар

Жұмыс барысы:

Пластикалық стаканға 1-2 см шетіне дейін толтырмай электролит құяды. Өткізгіштерді металл тақталарға бекіту қажет. Әрі қарай, біздің стаканның шеттеріне бір-біріне параллель мыс және алюминий тақталарын орнатады. Барлығы дайын болғанда, кернеуді вольтметрмен өлшеуге болады.

Құрылғыны қосыңыз және зондтарды ағымдағы көздің контактілеріне түртіңіз. Бейнебетте кернеу көрсетілмейінше, ұстап тұрыңыз және оларды жұлып алмаңыз. Әдетте бұл 0,5-0,7 вольт. Ол сандар электролит табиғатына байланысты көрсетілген. Осылайша, үй жағдайында гальваникалық элемент жасалады.

1. Гальваникалық элементте жүретін процестерді сипаттаңыз.

---

---

---

---

---

2. Гальваникалық элементте электр энергиясының қалай пайда болатындығын түсіндіріңіз.

---

---

---

---

---

№2. Гальваникалық элементте  $\text{CuSO}_4 + \text{Zn} = \text{ZnSO}_4 + \text{Cu}$  реакциясы қайтымды жүреді. Егер ұяшық ЭҚК 273 К-де 1,960 В және 276 К-де 1,961 В болса, Н және S реакцияларын есептеңіз.

№3. Гальваникалық элементте 298 К температурада  $\text{Cd} + 2\text{AgCl} = \text{CdCl}_2 + 2\text{Ag}$  реакциясы қайтымды жүреді. Элементтің стандартты ЭҚК  $E_0 = 0,6753 \text{ В}$ , ал  $\text{CdCl}_2$  және  $\text{AgCl}$  түзілудің стандарт энтальпиялары -389,7 және -126,9 кДж болса, реакция энтропиясының өзгеруін есептеңіз. моль-1, тиісінше.

Дескриптор:

Стандартты электродтық потенциалдар кестесін қолданып сулы ерітіндідегі химиялық реакциялардың жүру мүмкіндігін болжайды.

Гальваникалық элементті химиялық реакция энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы есебінде сипаттайды.

### Бөлім: Тотығу-тотықсыздану реакциялары

Оқу мақсаты: 10.2.3.6 гальваникалық элементтің жұмыс принципін түсіндіру;  
10.2.3.7 аккумуляторларды зарядтау және разрядтау процесін сипаттау.

Бағалау критерийі: Гальваникалық элементтің жұмыс принципін сипаттайды.  
Аккумуляторларды зарядтау және разрядтау процесін сипаттайды.

Ойлау дағдыларының Қолдану  
деңгейі:

Тапсырма:

№1. Берілген мәтінді оқыңыз.

### Жануарлардың электр тогы...

1786 жылы итальяндық медицина профессоры, физиолог Луиджи Алоизио Гальвани бір қызық құбылысты ашты: мыс ілгектерге ілінген жаңа ашылған бақа мәйітінің артқы аяқтарының бұлшық еттері ғалым оларға болат скальпельмен тұрткен кезде жиырылады. Гальвани бірден бұл «жануарлардың электр тогының» көрінісі деген қорытындыға келді. Гальвани қайтыс болғаннан кейін оның замандасы Алессандро Вольта химик және физик бола отырып, әртүрлі металдар байланысқан кезде электр тогын тудырудың неғұрлым шынайы механизмін сипаттап, көпшілік алдында көрсетеді.

Вольта, бір қатар эксперименттерден кейін, ток тізбегінде сұйықтыққа орналастырылған әртүрлі металдардан жасалған екі өткізгіштің болуына байланысты пайда болады және бұл мүлдем Гальвани ойлағандай «жануарлар электр тогы» емес деген біржақты қорытындыға келеді. Бақаның аяқтарының жиырылуы әртүрлі металдар (мыс ілмектері мен болат скальпель) жанасқанда пайда болатын ток әрекетінің салдары болды.

### Бүгінгі күннің гальваникалық элементтері

Қазіргі уақытта гальваникалық элементтер батареялар деп аталады. Батареялардың үш түрі кең таралған: тұзды (құрғақ), сілтілі (олар сілтілі деп те аталады, ағылшын тілінде «сілтілі» - «сілтілі») және литий. Олардың жұмыс істеу принципі әлі де 1800 жылы Вольта сипаттағандай. Сілтілік және тұзды (батареялар) әртүрлі электронды құрылғыларды, радиожабдықтарды, ойыншықтарды қуаттандыру үшін кеңінен қолданылады және литий батареялары көбінесе глюкометрлер сияқты портативті медициналық құрылғыларда немесе камералар сияқты саңдық технологияда кездеседі.



Гальваникалық элементтің жұмыс принципін түсіндіріңіз.

---

---

---

---

---

---

---

---

№2. Берілген мәтінді оқыңыз.

### Қорғасын-қышқылды аккумуляторлардың тозуы

Техникалық күкірт қышқылын және тазартылмаған суды пайдаланған кезде өздігінен разрядтау, сульфаттану, пластиналардың бұзылуы және аккумулятор сыйымдылығының төмендеуі жеделдетіледі.

Қорғасын-қышқылды аккумуляторлардың негізгі тозу процестері:

пластиналарды сульфаттау, қорғасын сульфатының үлкен кристалдарының түзілгендіктен қайтымды ток тудыратын процестердің ағынын болдырмайды;  
электродты коррозия, яғни электрод материалының төгілуін тудыратын электролиттегі электрод материалының тотығу және еруінің электрохимиялық процестері;  
әлсіз механикалық беріктік немесе активті массаның электрод торларына нашар адгезиясы, бұл активті массаның түсуіне әкеледі;  
оң электродтардың белсенді массасының жылжуы және төгілуі, қопсытумен, біркелкіліктің бұзылуымен байланысты;  
Әдебиеттерде пластиналарды «десульфаттандырудың» көптеген әдістері сипатталған. Магний сульфатының ерітіндісін қолдануға болады. Бөлімдерге магний сульфатының ерітіндісі құйылады, содан кейін аккумулятор бірнеше рет зарядсызданады және зарядталады. Қорғасын сульфаты және химиялық реакцияның басқа қалдықтары банкалардың түбіне түседі, бұл элементтің қысқа тұйықталуына әкелуі мүмкін, сондықтан өңделген банкаларды шайып, оларды номиналды тығыздықтағы жаңа электролитпен толтырған жөн. Бұл құрылғының қызмет ету мерзімін біршама ұзартуға мүмкіндік береді.

Аккумуляторларды зарядтау және разрядтау процесін сипаттаңыз.

Дескриптор:

Гальваникалық элементтің жұмыс принципі сипаттайды.

Аккумуляторларды зарядтау және разрядтау процесін сипаттайды.

### Бөлім: Тотығу-тотықсыздану реакциялары

Оқу мақсаты: 10.2.3.8 электролиз процесінің мәнін сипаттау;  
10.2.3.9 электродтардағы электролиз өнімдерін болжау үшін эмпирикалық ережелерді қолдану.

Бағалау критерийі: Электролиз процесінің мәнін түсіндіреді.  
Электродтардағы электролиз өнімдерін болжау үшін эмпирикалық ережелерді қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Тапсырма:

№1. Таза алюминийді алу үшін 900°C-та балқытылған кенді құрамында химиялық байланысқан күйдегі (әдетте оксидтер түрінде) алюминийі бар арнайы металл ваннасына құяды. Көміртекті таяқшалар ваннаға түсіріледі, олар анод ретінде қызмет етеді, ал ваннаның өзі катод болып табылады. Ток балқыма арқылы өткенде ваннаның түбінде сұйық зат бөлінеді, ол ваннаның түбіндегі тесік арқылы ағызылады. Реакция теңдеуін жазыңыз және процесті түсіндіріңіз.

№2. Натрий хлоридінің сулы ерітіндісінің диафрагмалық электролизі арқылы ағартқыш ретінде қолданылатын натрий гипохлоритінің ерітіндісін алады. Реакция теңдеуін жазыңыз және процесті түсіндіріңіз.

Дескриптор:

Электролиз процесінің мәнін түсіндіреді.

Электродтардағы электролиз өнімдерін болжау үшін эмпирикалық ережелерді қолданады.

### Бөлім: Химиядағы аналитикалық әдістер

Оқу мақсаты: 10.1.4.15 инструменталды талдау әдістердің қолданылу аймақтарын атау.



Бағалау критерийі: Инструменталды талдау әдістердің қолданылу аймақтарын атайды.

Ойлау дағдыларының Білу және түсіну деңгейі:

Тапсырма:

Инструменталды талдау әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген кестедегі мәліметті оқыңыз.

Артықшылықтары:	Кемшіліктері:
о анықталатын заттың төмен анықтау шегі (1-10-9 мкг) және төменгі шекті концентрациясы (10-12 г/мл дейін); о жоғары сезімталдық; о әдістердің жоғары селективтілігі (таңдаулылығы); о талдаулардың қысқа ұзақтығы, оларды автоматтандыру және компьютерлендіру мүмкіндігі.	о кейде нәтижелердің қайталану мүмкіндігі классикалық химиялық әдістерді қолданған кездегі қарағанда нашар болады; о анықтау қателері 20% дейін болуы мүмкін, ал химиялық әдістердің қателігі 0,1-0,5%; о қолданылатын жабдықтың күрделілігі, оның жоғары құны.

Инструменталды талдау әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, қолданылу аймақтарын атаңыз.

Дескриптор:

Инструменталды талдау әдістердің қолданылу аймақтарын атайды.


**Бөлім: Химиядағы аналитикалық әдістер**

Оқу мақсаты: 10.1.4.16 қағаз хроматографиясы әдісімен заттарды бөлу принципін сипаттау және бөлінетін компоненттің сіңіру коэффициентін есептеу.

Бағалау критерийі: Қағаз хроматографиясы әдісімен заттарды бөлу принципін сипаттайды және бөлінетін компоненттің сіңіру коэффициентін есептейді.

Ойлау дағдыларының Білу және түсіну, қолдану деңгейі:

Тапсырма:

Қағаз хроматографиясы әдісімен заттарды бөлу принципін сипаттаңыз. ..... ..... ..... ..... Суретте көрсетілген бөліктерді атаңыз: 1 – 2 – 3 – 4 – 5 – 6 –	
--	---

Дескриптор:

Қағаз хроматографиясы әдісімен заттарды бөлу принципін сипаттайды.

**Бөлім: VII топ элементтері**

Оқу мақсаты: 10.2.1.5 топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіру;  
10.2.1.6 галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін құрастыру.

Бағалау критерийі:           Топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіреді.  
Галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін жазады.

Ойлау дағдыларының   Қолдану деңгейі:



Тапсырма:

А) Кестеде берілген галогендердің физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын ескере отырып, химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіріңіз.

--

	Электрон тартқыштығы, кДж/моль	$X_{\text{Полинг}}$	Атом радиусы, Å	Негізгі тотығу дәрежелері
<b>F</b>	334	3,98	0,64	-1, 0
<b>Cl</b>	355	3,16	0,99	-1, 0, +3, +5, +7
<b>Br</b>	325	2,96	1,14	-1, 0, +5, +7
<b>I</b>	300	2,66	1,33	-1, 0, +5, +7
<b>At</b>				

Б) Галогендердің тотықтырғыш қасиеттері фтордан йодқа ауысқанда және олардың теріс зарядты иондарының тотықсыздандырғыш қасиеттері қалай өзгереді? Неліктен? Электрондық және молекулалық реакция теңдеулерін жасаңыз:



Тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты көрсетіңіз.

.....

.....

С) Хлорды ыстық калий гидроксиді ерітіндісінен өткізгенде болатын реакцияның электрондық және молекулалық теңдеулерін жазыңыз. Бұл реакция тотығу-тотықсыздану процесінің қай түріне жатады?

Д) Неліктен  $\text{KClO}_3$  бос күйде болады, бірақ  $\text{HClO}_3$  жоқ?

Сұйытылған ерітінділерде  $\text{HClO}_4$  тотығу қасиеттерін көрсетпейтінін қалай түсіндіруге болады? Неліктен  $\text{NH}_4\text{ClO}_4$  зымыран отыны ретінде пайдалануға болады?

Дескриптор:

Топ бойынша галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіреді.

Галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция теңдеулерін жазады.

### Бөлім: VII топ элементтері

Оқу мақсаты:                   10.2.1.7 галогенид-иондарды тәжірибе жүзінде анықтауды жоспарлау және анықтау.

Бағалау критерийі:           Галогенид-иондарды тәжірибе жүзінде анықтауды жоспарлайды және анықтайды.

Ойлау дағдыларының   Қолдану деңгейі:

Тапсырма:

Үш пробиркаға 2-4 тамшы темір (III) хлоридінің ерітіндісін құйыңыз, оны 1-2 тамшы 1 М күкірт қышқылы ерітіндісімен қышқылдандырады. Бірінші пробиркаға бірнеше тамшы калий йодидін, екіншісіне бромидті, үшіншісіне натрий хлоридін қосады.

1. Темірдің (III) тотықсыздануы және сәйкесінше галогенид ионының тотығуы қандай жағдайда жүрді?

2. Эксперименттік деректер тотығу-тотықсыздану жүйелерінің стандарт электродтық потенциалдары мәндерімен сәйкес келеді ме?

3. Галоген иондарының тотықсыздандырғыш қасиеттері қалай өзгереді? Оларды калпына келтіру қуатын арттыру ретімен орналастырыңыз.
4. Электрон-иондық схемаларды және молекулалық реакция теңдеуін жазыңыз.

Дескриптор:

Галогенид-иондарды тәжірибе жүзінде анықтауды жоспарлайды және анықтайды


**Бөлім: VII топ элементтері**

Оқу мақсаты: 10.2.1.8 хлордың суды залалсыздандыруда қолдануын түсіндіру және осы процестің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау;  
10.2.1.9 галогендер және олардың қосылыстарының физиологиялық ролін анықтау.

Бағалау критерийі: Суды залалсыздандыруда хлордың қолдануын түсіндіреді және осы процестің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды.  
Галогендер және олардың қосылыстарының физиологиялық ролін сипаттайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану, жоары дағды деңгейі

Тапсырма:

<p><b>Суды тазалау сызбанұсқасы</b></p>  <p>91-сурет. Суды тазарту сызбанұсқасы: 1 — суды алаптың сорғы; 2 — тұрғырған; 3 — қарап суға; 4 — тая суықонысы; 5 — тұрғырғанға су алаптың сорғы</p>	<p>Судың сапасы-қазіргі адамзаттың жаһандық экологиялық проблемасы. Су адам денсаулығының негізгі факторларының бірі болып табылады. Оның барлық дерлік көздері әртүрлі қарқындылықтағы антропогендік және техногендік әсерге ұшырайды. Ауыз су сапасының проблемасы жаһандық ауқымда да, жеке алынған өңір немесе елді мекен шеңберінде де өзекті. Қазіргі уақытта ауыз су-бұл әлеуметтік, саяси, медициналық, географиялық, экологиялық, инженерлік және экономикалық проблема.</p>
---	---

1. Мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Суды тазартудың бір әдісі-оны хлормен зарарсыздандыру. 1 л суға 0.002 мг хлор.Хлорлау нәтижесінде мұндай судағы микроорганизмдердің көп мөлшері өледі. Суды тазартуда хлордың маңызын түсіндіріңіз.

2.Суды хлормен залалсыздандыру кезінде жүретін химиялық реакция теңдеуін жазыңыз.

3.Суды хлормен залалсыздандырудың екі артықшылығы мен кемшілігін жазыңыз.

2. Эндемикалық зобтың Жамбыл облысы бойынша 2012-2014 жылдар арасында таралуы көрсетілген кестені талдаңыз.

Жамбыл облысы	Елді мекендер	Тексерілгендер			Зоб ауруына шалдыққандар, абс./ %		
		барлығы	ересектер	балалар мен жас	барлығы	ересектер	балалар мен жас

				өспірімдер			өспірімдер
2012ж	117	38680	21758	16922	10405 (26,9%)	6716 (30,9%)	3689 (21,8%)
2013ж	145	57932	38119	19813	16903 (29,2%)	12465 (32,7%)	4438 (22,4%)
2014ж	111	34332	23060	11272	10298 (30,0%)	7356 (31,9%)	2942 (26,1%)

Йод тапшылығы - бұл диетадағы маңызды қоректік зат болып табылатын йод микроэлементтерінің жетіспеушілігі. Бұл зоб сияқты метаболикалық проблемаларға, кейде эндемиялық зоб түрінде, сондай-ақ емделмеген туа біткен гипотиреозға байланысты туа біткен йод жетіспеушілігінің синдромына әкелуі мүмкін, бұл дамудың кешеуілдеуіне және денсаулықтың басқа да проблемаларына әкеледі. Йод тапшылығы денсаулық сақтаудың маңызды жаһандық проблемасы болып табылады.

1. Кестедегі берілген мәліметтерді қолдана отырып, жасөспірімдер мен ересек адамдардың арасында йод жетіспеушілігінің деңгейін салыстырыңыз, себептерін атаңыз.

2. Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып 22,4 % көрсететін балалар мен жасөспірімдердің санын анықтаңыз.

3. Йодтың адам ағзасындағы маңызын сипаттаңыз.

.....  
.....  
.....  
.....

Дескриптор:

Суды залалсыздандыруда хлордың қолдануын түсіндіреді және осы процестің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды.

Галогендер және олардың қосылыстарының физиологиялық ролін сипаттайды.

### Бөлім: II топ элементтері

Оқу мақсаты: 10.2.1.10 2(II) топ элементтерінің физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіре алу;  
10.2.1.11 2(II) топ элементтерінің химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіре алу;  
10.2.1.12 сілтілік-жер металдардың маңызды қосылыстарының қолданылу аясын атау.

Бағалау критерийі: 2(II) топ элементтерінің физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын сипаттайды.  
2(II) топ элементтерінің химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіреді.  
Сілтілік-жер металдардың маңызды қосылыстарының қолданылу аясын атайды.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:  
Тапсырма:

Осы процесттердегі реакциялардың теңдеулерін жазыңыз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Процесттегі кез келген екі реакция теңдеуі бір балмен бағаланады.

Магний сымын оттеkte жаққанда, жарық шығарып, ақ түсті Х қосылысы пайда болады. Егер қазір жанып тұрған сымды азот атмосферасында қыздырса, ол жануды жалғастырады және Y қосылысын түзеді. Алынған Х қосылысын қайнаған сумен, күкірт қышқылы ерітіндісімен өңдеді.



Аты аталған препараттардың бағасы шамамен бірдей болса, берілген препараттардың біреуін таңдап, таңдауыңызды себебін түсіндіріп, реттілікпен кестеге жазыңыз.

№	Препарат атауы:

Екіден көп себепті енгізсеңіз, алғашқы екі себеп есепке алынып, бағаланады.

Айнымалы мәндері бар жолдарды да басып шығаруға болады. Ол үшін %s таңбашасы қолданылады. Бұл жолға мәнді кірістіру деп аталады. Оны төмендегі программа фрагментінен көре аламыз.

Мысалы myscore айнымалысында ойында жиналған ұпай саны сақталатын болсын. Ал біз оны біздің хабарламада шығып тұрғанын қалаймыз делік. Сол үшін де санның орнына осы таңбалық белгішені қолданып отырмыз.

%s таңбасы бар жолды басып шығарған сайын, оған әртүрлі айнымалылардың мәндерін беріп, шығаруға болады. Төмендегі мысалды қарастырайық. Берілген тізімде 3 баланың және қыздың «Мен футбол ойнаймын» деген хабарламасының мәні әр жолды басқан сайын шығады.

Бұл мысалда біз 5 айнымалының қолдандық.



joke\_text , bala1, bala2, bala3, kuz.

Бұл жерде % белгісін пайдаланып, әртүрлі мәндерді шығарып отырамыз.

Сонымен қатар бір жолда бірнеше таңбалардың мәндерін шығару үшін де қолдануға болады.

#### *Жолдарды көбейту*

Егер 10-ды 5-ке көбейтке не шығады? Әрине – 50. Ал егер 10 санын «А» әрпіне көбейтсек ше. Бұл жайлы Python не дейді?

Бұл шығарудағы ерекшелік бізге жолдардағы шегінсіздерде пайдалануға қажет болуы мүмкін. Төмендегідей программа үзіндісін теріп көрейік.

Программалық код.

Нәтиже экраны

Бұл программада біз 25 бос орыннан тұратын SPACES айнымалысын жарияладық. Келесі 3 жолда мәтінді оңға қарай ығыстыру мақсатында осы айнымалы көмегіне жүгіндік.

Егерде экранда белгісі бір әріппен немесе сөздермен толтыру қажет болса, онда осы әдісті қолдануға әбден болады.

Төмендегі программалық код нәтижесіне назар аударыңыз!

Бұл кішкентай ғана программалық кодта «kytty bolsyn programma rurganyuz» сөзі 100 рет экранға шығарылады.

Тізімдер жолдардан күштірек

«Алма», «жүзім», «банан», «ананас», «лимон», «мандарин», «груша». Бұл тізімді біз не үшін жаздық деп ойлайсың?

Біз бұл тізімдегілерді жолдар мен тізімдердің айырмашылығын көрсету үшін пайдаланамыз.

Бұл тізімді жолдағыдай көрсетуге болады. Ол үшін біз «Jemister» айнымалысын жариялайық.

Jemister = 'Alma, juzim, banan, ananas, limon, mandarin, grusha'

Программалық код:

Орындалу нәтижесі:

Әрине жолмен жұмыс жасау жақсы, бірақ тізімді пайдаланған бізге көбірек пайда беретіні сөзсіз. Жоғарыдағы жолды тізімге айналдырып көрейік.

Тізіммен жұмыс жасағанда біз тізімдегі кез – келген тізім элементін оның индексі бойынша шақырта аламыз және оны жеке шығара аламыз.

Жоғарырақ келтірілген скриншотта жалпы тізімдегі banan элементі индексі бойынша [2]-сі, шығарылып отыр.

Сондай ақ біз жалпы тізімдегі элементтердің бір бөлігін де шығаруға мүмкіндігіміз бар. Ол үшін индекс шекарасын анықтап алуымыз керек. Мысалы, диапазонын анықтағанда, тек индекс аумағындағы элементтер экранға шығарылады.

[2:5] деген жазба 2 элементтен бастап 5 элементке дейінгі аралықты қамтуды нұсқайды. Бірақ 5-ші элемент сұрату құрамына кірмейді. Былай айтсақ, 2,3,4 элементтер шығарылады.

Тізімдерде әртүрлі типті сандарды, берілгендерді сақтауға болады. Мысалы:

```
>>> some_numbers = [1, 2, 5, 10, 20]
```

немесе жолдар

```
some_strings = ('durys', 'dyrys emes', 'nakty', 'nakty emes')
```

немесе жолдар мен сандар аралас

Сондай ақ тізімдерде басқа да тізімдер сақталуы мүмкін.

Бұл программалық кодта 5 сандық мәні бар - numbers айнымалысын, 3 тіркестік мәні бар – strings айнымалысын және де өзінің құрамында басқа екі тізімді біріктірген үшінші тізім – mylist айнымалысын әзірледік.

Тізімге басқа элементтерді қосу

Тізімге жаңа элементтерді қосу үшін append функциясын пайдаланамыз.

Функция дегеніміз – программалық кодтың белгілі бір мақсатын орындаушы бөлігі. Біздің жағдайымызда append функциясы жол соңына жаңа элемент қосады. Мысалы, алдыңғы тізімге қарбыз-ды қосу үшін келесі код енгіземіз.

Сонымен қатар append функциясын қолданып тағы бірнеше элементтер қосуға болатынын жоғарыда берілген программаның орындалу скриншотынан көріністен белгілі болып тұр.

Тізімдегі элементтерді өшіру

Тізімдегі элементтерді өшіруге Del командасы қолданылады. Мысалы, жемістер тізіміндегі 6 элементті өшіру үшін келесі кодты енгізу жеткілікті болады.

Скриншоттан көріп тұрғанымыздай тізімдегі 6-ші элементі мандарин тізімнен өшіріліп, программа орындалғаннан кейінгі тізімде жоқ екендігі көрсетіліп тұр.

Тізімдегі позиция 0 – ден басталып саналады. Сондықтан да 5-ші элемент 6-ші элемент болып саналады.

Егер де тізімдегі қатар тұрған элементтерді жою қажет болса, онда, олардың шектеу аумағын көрсетсе, қатар орналасқан элементтер жойылады да, тізбектегі қалған элементтер шығарылады.

Көріп тұрғанымыздай 2 мен 5 элементтері – банан, ананас, лимон жойылып, қалғандары жібектеп шығарылды.

Тізімдік арифметика

Тізімдерді сандарды қосқан сияқты (+) белгісін қолданып қосуға болады.

Мысалы, бізде екі тізім бар. Біріншісінде 1,2,3 – ке дейінгі сандар сақталса, ал екіншісінде бірнеше жеке сөздер сақталған.

Көріп тұрғанымыздай бірінші және екінші тізімдерді қосып, оны үшінші тізімге меншіктедік. Сөйтіп үшінші тізімді шығаруға бұйрық бердік.

Сондай ақ тізімді санға көбейтуге болады. Мысалы,

Берілген бірінші тізімдегілер 5 рет көйбейтіліп шығарылып тұр. Былай айтқанда 5 рет қайталанып шығарылып тұр.

Айта кетсек бөлу мен азайту тізімдерде жүрмейді. Егер тізімді белгілі бір санға бөлетін болсақ, онда программа қате береді. Сонымен қатар тізімдік элементтерді тізімдік емес мәндермен де қосуға болмайды. Қате шығады.

Кортеждер

Кортеждер жолдармен жұмысқа ұқсайды. Оларда дөңгелек жақшаларға алынады.

Берілген мысалдағы жолдық тізімнің 3-ші элементін шығару қолданылды.

Бұл жерде `kortezh` айнымалысын 0,1,1,2,3 деген мәндерімен тағайындадық және де `print(kortezh[3])` командасы арқылы кортеждің 3-ші элементін шығардық.

Кортеждің тізімдерден ерекшелігі, оның құрғаннан кейін мәндерін өзгертуге болмайтындығында. Мысалы, егер кортеждің бірінші элементінің мәнін өзгертпек болсақ, онда программа қате береді.

Кортеждерді қолданудың мәні неде? Тізімді қолдана берсек болмай ма?

Программалау барысында кортеждердің мәні өзгермейтіндіктен де, біз оларды өзгеріссіз қолдануға мүмкіндігіміз бар. Мысалы кортежде 2 ғана элемент болса, ол 2 элемент программа соңына дейін болатына сенімді бола аламыз.

Сөздіктер

Python тіліндегі сөздік деп тізімдер мен кортеждерге ұқсас мәндер жиындығын атайды. Кортеждер мен тізімдерден айырмашылығы – оған сәйкес келетін кілті мен байланыстыратын мәндері.

Мысалы бізде белгілі бір адамдардың тізімі және олардың айналысатын спорт түрлерінің тізімі бар делік. Олар туралы ақпаратты тізімге енгізуге болады. Сондай ақ артынан олардың айналысатын спорт түрлерінің атауларын.

Бұл программалық кодта Серікбай Ернұрдың айналысатын спорт түрі – күрес екендігін анықтап беріп тұр. Енді Серікбай Бибінұрдың спорт түрін ауыстырып көрелік.

Көріп тұрғанымыздай Серікбай Бибінұрдың айналысатын спорт түрі волейболдан мәнерлеп сырғанауға ауысып экранға шығарылды.

## ОСЫ ТАРАДУАН НЕ БІЛДІК!

Бұл тараудан біз жолдарда мәтіндерді құру және сақтау, тізімдер мен кортеждердегі мәндердің жинақтарын құруды және сақтауды. Жолдардағы элементтердің мәнін өзгертуді, оларды біріктіруді, алайда кортеждегі мәндерді өзгертуге болмайтындығын білдік. Сондай ақ біз сөздіктерде элементтердің мәндерін оларға сәкес келетін кілттермен сйкестендіруді және құру мен сақтауды да үйрендік.

Жаттығулар

Сүйікті заттар

Өздеріңнің ұнатып айналысатын әрекеттеріңнің тізімін құрып, `Games` айнымалысына сақтаңдар.

Сонсын жақсы көретін тағамдарыңның тізімін құрыңдар және оны `Foods` айнымалысына сақтаңдар.

Осы екі тізімді `Favourites` айналысына біріктіріп, басып шығарыңыз.

Жауынгерлер санағы

Қатарынан орналасқан 3 үй бар. Олардың әрқайсының төбесінде 25 нинья жасырынып отыр.

Ал сол үйлердің маңайында 2 төнел бар. Олардың әрқайсысында 40 самурайдан жасырынып отыр.

Барлығы қанша жауынгер соғысуға дайын отыр?

Сәлемдеме

Екі айнымалы құрыңыз. Оның біреуінде сіздің тегіңіз, ал екіншісінде сіздің атыңыз сақталсын. Енді `%s` таңбасы арқылы «Сәлем ТЕГІҢІЗ АТЫҢЫЗ» деген жолды шығаратын программа құрыңыз.

#### 4 бөлім

##### Тасбақа арқылы сурет салу

Әлемде тасбақа деп, өз үйін арқасына салып алып, өте баяу қимылдайтын қарапайым тасбақа ұқсайтын нысанды айтады. Python программалау тілінде монитор экранында баяу жылжитын қара ұшты сызықша. Тасбақа Python тіліндегі графиканы үйренуге өте қолайлы болғандықтан, осы бөлімде біз онының көмегімен қарапайым сызықтар мен пішін сұлбаларын салатын боламыз.

##### Тасбақа модулін қолдану

Python программалау тілінде модуль деп басқа программаға қола алатын пайдалы программалық кодты атаймыз. Сонымен қатар модульдер өз құрамында қатынас жасауға болатын функцияларды сақтайды. Экранда сұлба салу негіздерін үшін Python программалау тілінің құрамындағы арнайы Turtle модулін қолданамыз. Turtle модулінің көмегімен векторлық графиканы программалауға болады. Олар: Сызықтар, қисықтар, нүктелер.

Turtle модулін қолдану үшін мына жолды жазамыз:

```
>>> import turtle
```

##### Холст құру

Turtle модулін импорттағаннан кейін суретшілер сияқты сурет салу алаңын Холст жасауымыз қажет. Ол үшін Turtle модуліндегі Pen функциясын шақырамыз.

```
>>> t = Turtle.pen
```

Осы кезде экранда ұшты сызықша пайда болуы тиіс.

##### Тасбақаны жылжыту

Енді біз t айнымалысы арқылы жаңа ғана құрған тасбақамызды жылжытуға мүмкіндік алдық. Ол үшін forward командасын қолданамыз. Бұл команда нысанды алға қарай жылжытады. Енді кодын жазамыз.

```
import turtle
```

```
t = turtle.Pen()
```

```
t.forward(50)
```

Осы кезде экран аумағында ұшты сызық сызғыш пайда болады. Тасбақамыз 50 пикселге алға жылжыды. *Пиксель – бұл бір экрандық нүкте.* Кескіміздің ең кіші элементі. Монитор экранында көретін барлық кескіндер – бұл пиксельдер.

Енді тасбақамызды солға қарай 90 градусқа бұрайық. Ол үшін келесі команда жазамыз.

Экранда мына көріністі алдық. ----->

Енді квадрат салайық және де алдыңғы командаларға тағы мына командаларды қосайық және де не болғанын көрейік.

Көріп тұрғанымыздай тасбақамыз квадрат кескінін салып бұрылып тұра қалады.

----->

Холстты тазалау үшін reset командасын қолдануымыз қажет. Бұл команданы қолданған кезде салынған барлық кескін экраннан жоқ болады, ал тасбақамыз алғашқы орнына жайғасады.

Сонымен қатар Холстты тазалау үшін clear командасын да қолдануға болады.

Сонда холста тазарады, бірақ тасбақамыз орнында қалады.

```
t.clear()
```

Сондай ақ тасбақаны оңға және артқа да жылжытуға болады. Ол үшін right пен backward командаларын қолдансақ жеткілікті.


up командасы арқылы сызбай жылжи алады, ал down командасы арқылы қайтадан сызуды іске қосуға болады. Мына программалық кодтың іс – әрекетін қарастырайық. ----->

##### Программалық код талдауы:


Алғашқы жолда біз t.reset() командасын қолданып экранды тазалады. Сонсың t.backward(100) командасымен 100 нүкте алға жылжыттық, t.up() командасымен тасбақа ізін жоғалтамыз. t.right(90) командасымен оңға қарай 90 нүктеге, t.forward(20) командасымен алға қарай 20 нүктеге, t.left(90) командасымен солға қарай 90 нүктеге жылжып, t.down() командасымен сурет ізін пайда болын қамтамасыз етеміз де қайтадан t.forward(100) командасымен алға жылжытамыз. Осылайша осы көріністі алдық. ----->

Бұл бөлімнен біз не білдік?

Бұл бөлімнен біз Turtle модулін қолдануды үйрендік. Біз бірнеше сызықтарды солға left(), оңға right() бұра отырып, артқа backward(), алға forward() командаларын жылжи отырып қолдандық. up() командасы арқылы сурет салуды



```
turtle2.py - C:\Users\Зиятхан\AppData\Local\Microsoft\Windows\Apps\PythonSoftwareFoundation.Python.3.9.x-amd64\python.exe
File Edit Format Run Options
import turtle
t = turtle.Pen()
t.forward(50)
t.left(90)
t.forward(50)
t.left(90)
t.forward(50)
t.left(90)
t.forward(50)
t.left(90)
```



тоқтатып, down командасы арқылы қайта сурет сала бастауды үйрендік. Сондай ақ тасбақаны бұру үшін градус қолданылатын білдік.

Жаттығулар

Тасбақа көмегімен әртүрлі фигуралар салып көріңіздер.

#1. Тіктөртбұрыш

Turtle модулінің rep функциясын қолданып, жаңа холст жасаңыз және де оған тіктөртбұрыш орналастырыңыз.

#2. Үшбұрыш

Жаңа холст құрып, оған үшбұрыш салыңыз. Тасбақаны бұрмалағанда градустық шеңбермен салыстырып отыруды ұмытпаңыз.

Градустық шеңбер

#3. Бұрыштарсыз төртбұрыш

Мына суреттегідей әр қабырғасынан 4 сызық сызатын программа жазыңыз. Төртбұрыш көлемі маңызды емес. Тек пішіні маңызды болып саналады.

5 бөлім

If пен else конструкциясы

Программа жазу барысында кейде «ия» немесе «жоқ» деген жауаптар беретін сұрақтар қоюға тура келеді немесе қандай да бір іс – әрекет орындауды талап етеді.

Мысалы, «Сізде қанша ақша бар?» деген сұрақ қойып, қолданушы 1 000 000 немесе одан көп деп жауап берсе, компьютер «Сіз бай адам екенсіз» деген жауап шығару тиіс.

Python бағдарламасында осындай шарттарды тексеруге if /else конструкциясы қолданылады.

if пен else конструкциясы

“tenge” айнымалысын қолданатын if пен else конструкциясын келесі мысалдан көруге болады.

ПРОГРАММАЛЫҚ КОД ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

```
tenge = input ('kansha akshanyz bar?:') – бұл ақша сомасын енгізуді сұрайды.
```

```
tenge = int(tenge) – берілетін мәнді бүтін типке айналдыру үшін қолданамыз
```

```
if tenge == 1000000: - шартты тексеру
```

```
    print('Siz ote bai ekensyz') – сәйкес жауапты алу
```

```
else:
```

```
    print ('Siz bai emessiz') – кері жағдайдағы жауапты алу
```

*1000000 –нан аз сома берілсе, «Сіз бай емессіз» деген жауап аласыз.*

Жаттығулар

Бұл есептерді if және else конструкцияларын қолдана отырып, орынданыңдар.

#1 Сіз байсыз ба?

Қалай ойлайсыз бұл программа коды не атқарады? Программаға енгізбей тұрып, өзіңіз ойланыңыз.

```
money = 2000
```

```
if money > 1000
```

```
    print ('I am rich')
```

```
else:
```

```
    print ('I am dont rich')
```

```
    print ('perhaps I will be rich')
```

#2 Бәліштер

Мектеп асханасында бүгінге пісірілген бәліштер асханаға келетін оқушыларға жететін немесе жетпейтіндігін тексеретін программа құрыңыз.

#3 Қолайлы сан

Money айнымалысындағы тенге сомасының 100 бен 500 аралығындағы мәндерге сәйкес келетіндігін немесе 1000 мен 5000 – ға сәйкестігін анықтайтын программа құрыңыз.

#4 Нинздяларды жеңемін!

Ninzya айнымалысына берілетін мәндері бойынша егер 50 – ден аз болса, «Бұлар тым көп қой» деген хабарламаны, ал егер 30-дан аз болса «оңай болмас, бірақ мен оларды жеңемін» деген сөйлем шығаратын, ал 10-нан аз болса, «Мен оларды оп-оңай жеңемін» хабарламаларын шығаратын программа құрыңыз.

## 6 бөлім

### Циклдармен жұмыс

Кейбір адамдар бір нәрсені қайта – қайта орындай бергенді жақсы көрмейді. Программисттер де бір жұмысты қайталап орындай бергенді ұнатпайды. Сондықтан программалау тілдерінде бірнеше әрекеттің бірден әрі жылдам орындайтын қайталау операторлары қарастырылған. Python программалау тілінде олар - for және while операторлары.

For операторын қолдану

«Сәлем» сөзін 5 рет шығаратын программа құру қажет болса, онда Python программалау тілінде келесідегідей болуы мүмкін.

```
>>> print ('Salem')
```

```
Salem
```

```
>>> print ('Salem')
```

```
Salem
```

```
>>> print ('Salem')
```

```
Salem
```

```
>>> print ('Salem')
```

```
Salem
```

```
>>>
```

Былай жазған әрине іш пыстыратыны сөзсіз. Сондықтан біз for операторын қолданамыз.

Ал осылай болса, ол жұмысымызды жеңілдетеді, әрі ішті де пыстырмайды.

Программалық кодын талдау:

```
for x in range (0,5): - 0 мен 5 аралығында X айнымалысы үшін есептеу
```

```
    print ('Salem') – цикл денесінде көрсетілген санақ бойынша тырнақшаға алынған сөзді немесе сөйлемді шығарады.
```

Көріп тұрғанымыздай цикл бізді қосымша 5 жолды қайта қайта жазудан құтқарды. For циклын қолданғанда range және list функцияларын қолдану міндетті болып табылмайды. Оның орнына алдын ала дайындалған тізімді қолданса болады. Мысалы:

```
Jemister = ['Alma', 'juzim', 'banan', 'ananas', 'limon', 'mandarin', 'grusha']
```

```
For I in Jemister:
```

```
Print (i)
```

Бұл программалық кодта Jemister тізіміндегі әр элементін i айнымалысына меншіктеп, оларды экранға шығару керектігін білдіреді. Циклды қолданбаған болсақ, онда біз 7 рет код жолын жазуға тура келетін еді. Сондықтан цикл біздің уақытымыз бен біршама күшімізді сақтап қалды.

Циклға қатысты тағы бір мысал қарастырсақ.

```
Kitaptar = ['adebi', 'kyzykty', 'tanymal']
```

```
For I in Jemister:
```

```
Print (i)
```

Бұл кішігірім программада біз әдеби, қызықты, танымал деген атпен тізім құрамыз. Циклда біз оларды i айнымалысына меншіктеп, біртіндеп тереміз.

Келесі 2 қатарда оларды кодта берілгендей 2 реттен шығаруға команда береміз. Айта кететін жағдай ол жолдарда бос орын артық берілсе, онда транслятор қате береді.

# ДҮНИЕТАНУ ПӘНІНЕН АШЫҚ ТҮРДЕГІ ТАПСЫРМАЛАР 4-СЫНЫП (МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ)

Сеилбаева Нургуль Куанышбаевна  
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы Тараз қ.  
Альтаева Шакизат Кудайбергеновна  
Педагогикалық шеберлік орталығы, Тараз қ.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесі  
ұсынған  
Рекомендовано Научно-методическим советом Центра педагогического мастерства АОО «Назарбаев  
Интеллектуальные школы»

Пікір жазғандар:  
Серубаева А.Т., Ph доктор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тортаева Г.Б., Педагогикалық шеберлік орталығының Тараз қаласындағы филиалы

ISBN 978-9965-37-201-8

Дүниетануды 4-сыныпта оқытудың ерекшелігі білім алушыларды білімді жетілдіре отырып «белсенді оқуға» белсенді тарту болып табылады. Оқыту процесінде білім алушылардың жаңа білімді өз бетінше іздестіруі үшін жағдай жасау маңызды болғандықтан, ойлаудың жоғары деңгей дағдыларын қалыптастыратын ашық тапсырмалардың ерекшелігі мен ұсыну жолдары көрсетілген. Әдістемелік көмекші құрал бастауыш сынып мұғалімдерінің қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын жоспарлау және ұйымдастырудың практикалық ұсыныстары берілген.

ӘОЖ 373. 167

А 49  
С31

ISBN978-9965-37-201-8

“Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ  
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022  
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»  
Центр педагогического мастерства, 2022

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Негізгі бөлім	
Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және анықтау .....	5
Мәтінге тапсырма құрастыру жолдары.....	7
Ашық түрдегі тапсырма.....	9
Ашық тапсырмаға қойылатын талаптар .....	10
Ашық тапсырмалардың түрлері.....	11
Тапсырмаларға сараптама жасау үшін қойылатын сұрақтар.....	16
Ашық тапсырма құрастыруға қатысты ұсыныстар.....	19
Қорытынды.....	21
Практикалық тапсырмалар.....	22
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	34

## КІРІСПЕ

«Дүниетану» оқу пәні қоршаған әлем тұтастығы туралы білім мен адамзаттың табиғатпен қарым-қатынас жүйесі негізінде жалпыадам қүндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. «Дүниетану» пәнін меңгеруде бастауыш сынып оқушылары биология, экология, география, тарих пәндерінің қарапайым ұғымдарымен танысады. Ұсынылып отырған бұл әдістемелік нұсқауда 4-сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінен қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын ұсынудың жолдары қарастырылған. Білім алушылардың білім, білік, дағдыларын

қалыптастыру үшін ауызша сұрақтар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалардың ерекшеліктері мен аталған тапсырмаларды ұсыну жолдары көрсетілген.

«Бала жаңа білімді неғұрлым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады» дейді М.Жұмабаев[1,88]. Оқу материалын табиғаттағы құбылыстарды бақылауларды ескеріп, бағдарлама көлеміндегі материалдарды жүйелі де логикалы түрде байланыстыра отырып, тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындап және қойылған сұрақтарға толық жауап бере алады.

Көмекші құралдың негізгі бөлімінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау кезінде жоғары деңгейдегі когнитивтік дағдыларды тексеруге, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлауға, проблеманы шешуге бағытталған тапсырмалардың ерекшелігін көрсетуге бағытталған. Қысқа жауапты тапсырмалардың әрқайсысының ерекшелігін аша отырып, білім алушылардың жас ерекшелігіне сай ұсыну жолдары қарастырылған. Толық жауапты қажет ететін тапсырмалардың түрлеріне жеке талдау жасалады. Ашық тапсырмаларды құрастыруға арналған ұсыныстар да берілген.

Көмекші құралда берілген тапсырмалар «жеңілден күрделіге» қарай шиыршық қағидаты бойынша құрастырылған. Әр тапсырманың соңында білім алушының ойын, жауабын жазуға арналған бос орын бар, сондай-ақ білім алушының орындалған тапсырманы түзету және жетілдіру мүмкіндігі бар. Сабақтың оқу мақсатына сай күтілетін нәтижеге қол жеткізуге қатысты жеке, жұпта, шағын топта орындауға арналған тапсырмалар ұсынылған.

Практикалық бөлімде пәндік құзыреттіліктерін арттыратын тапсырмалар, олардың түрлері қарастырылған. Тұтас емес мәтіндермен (графиктер, диаграммалар, сызбалар, кестелер, жер карталары, құрылыс жоспарлары, т.б.) жұмыс түрлері де ұсынылған. Оқу, тәжірибе, тапсырмалар арқылы ақпарат алынатындықтан, белсенді шығармашылық қызметке бағыттайтын тапсырмалар іріктелініп алынды. Оқытудың түрлі кезеңдерінде білімді бағалау компоненттерінің басымдықтары өзгеруі мүмкін. Көмекші құралда қалыптастырушы бағалауда «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбында тұратын аймақтың табиғат жағдайы (ауа райы, жер жағдайы, су көздері) қандай шаруашылықпен айналысуға қолайлы екенінің себебін түсіндіріп берсе, жиынтық бағалауды табиғат жағдайын салыстырып, бағалауға арналған тапсырмалар ұсынылған. Осы тапсырмалар арқылы оқытудың нақты және маңызды тәжірибесін, дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеру динамикасын, білім алушылардың өз іс-әрекеттерін өздігінен бақылау және бағалау біліктерін, оқыту барысында туындаған қиындықтарды анықтау және жою мүмкіндіктерін көрсетеді.

Бізді қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттерін арттыру мәселесі де көтерілген.

Мұғалімге көмекші құралда ұсынылған тапсырмалар мұғалімдер жүргізіп отырған тәжірибелік жұмыстың нәтижесі ретінде алдағы уақытта оқыту мен оқу мәнмәтініне сәйкес пайдалы болады деп болжанып отыр.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу

Танымдық саладағы оқу мақсаттарының жіктелімі бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау үдерісінде кеңінен қолданылады. Әрбір жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерген дағдыларға негізделеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде, бағалау критерийлерін құру да мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды. Етістік тандаған танымдық деңгейге, ал зат есім оқушының меңгеріп, көрсетуі тиіс тапсырманың түріне бағытталған болуы керек.

1-кесте. Танымдық үдеріс

Танымдық үдеріс	Сұрақтар мен етістіктер
Білім	Оқушы ақпаратты еске түсіре ала ма? <i>Мысалы,</i> тізім құру; терминдерді, даталарды, формулаларды анықтау; ұғымдарды атау, тізімді белгілеу; теореманы айту
Түсіну	Оқушы идеясы мен мазмұнын түсіндіре ала ма? <i>Мысалы,</i> ұғымдарды санап жіктеу; материалды түсіндіру; әрекеттерді сипаттау; көзқарастарды, сипаттамаларды салыстыру
Қолдану	Оқушы ақпаратты таныс жағдайда немесе жаңа мазмұнда қолдана ала ма? <i>Мысалы,</i> қағида тты қолдану; рәсімдерді орындау немесе енгізу
Талдау	Оқушы берілген көлемді ақпаратты құраушы бөліктерге жіктеп, олардың әрқайсысының мазмұнын немесе олардың бір-бірімен байланысын анықтай ала ма? <i>Мысалы,</i> реттілігін зерделеу, нәтижені болжау
Бағалау	Оқушы пікірді, шешім немесе мәселені шешу барысын негіздеу ала ма? <i>Мысалы,</i> таңдауды, шешімді, қорытындыны сипаттау; берілген бағаны, әрекетті тексеру; баламасын, негізін таңдау
Жинақтау	Оқушы жаңа идея, көзқарас, жаңа тәсіл немесе жаңа өнім ұсына ала ма? <i>Мысалы,</i> зерттеу жұмысын, идея, теория әзірлеу; жаңа мүмкіндіктер ұсыну; тың идеялар ойлап шығару

Кестедегі күтілетін нәтижені оқу мақсаттарына сәйкес қалай жоспарлауға және соған сәйкес бағалауды қалай жүргізуге болатынын көрсетеді. Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте сақтау маңызды. Тапсырманың әрбір түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады[2,15].

### Бағалауға арналған тапсырмаларды анықтау

Бағалау жөнінде Қ.Бітібаева былай деп ой түйеді: «Бағалау нормативі, оған қойылатын талаптар бағдарламада да берілген. Соны басшылыққа алу керек. Бағалау міндетті түрде түсіндірмелі талдау әдісімен беріледі. Бұл, әсіресе, бала білімін ауызша талдауда іске асырылады. Талдау әдісімен бағалауда оқушылар пікірімен, сыныптың пікірімен есептесіп отырған да жөн. Оқушы өзіне қойылатын бағаға келісе ме, оны да білудің артықтығы жоқ. Кейде оқушыларға өз білімін өзіне бағалатудың да маңызы зор. Бұл тәсіл оларды әділдікке тәрбиелейді. Өз-өзіне сын көзбен қарауға баулиды. Онда да оқушы бағаны талдау, түсіндіру арқылы қояды. (Соған баулу қажет.) Өз бағасына келіспеген оқушы егер қайта дайындалып келіп, айтайын десе, оған да мүмкіндік беру керек. Баға қоюдағы басты мақсат оқушыға білім берудің негізінен туындамай ма? Баға қоюда мұғалім ерекше әділ болғаны жөн. Қатал талап та, терең талдау да, көрегендік пен мейірім де, тіпті кешірім де бағалау кезінде өте керекті мәселелер. Әсіресе, «орташа», «төмен» оқитын, денсаулығы нашар немесе жетім балалар білімін бағалауда мұғалімге педагогикалық әдеп, ерекше ілтипат керек. Тамаша ұстаздар «екілікті» баланы жазалау түрі деп, әлдененің әлсізге жасаған қысастығы деп түсініп, оны қоя беруден бас тартады. Оның орнына нашар оқу себебін анықтайды, көмектеседі, қосымша сабақ өткізеді, өз сабағын барлық оқушыға қызықты етіп өтетін дәрежеде ойластырады. Қазір балаларды қабілеті, ынтасы, икеміне қарай оқыту тәжірибеге молынан енуде. Бұл - аса құптайтын мәселе. Мұғалім алдында қабілетті оқушы отырса немесе әнші, өнерпаз бала отырса, қолы шебер, ісмер бала отырса, оған кешіріммен қарап, үлгерімін жақсарту үшін, ізденген жөн. Баға - тек бала білімінің анықтаушысы емес, ол мұғалім еңбегінің де жемісі, анықтаушысы болып табылады [3, 137].

Әлеуметтік психологияда қолданылатын үлестіру теориясын тапсырманың мазмұнына қойылатын талаптарды бағамдау жұмыстарын дамыту үшін де қолдануға болады. Гилберт, Пелхам және Крулл (Gilbert, Pelham and Krull, 1988) адамның іс-әрекетінің секбептеріне мұқият және дәлелді талдау жасап, оның үш кезеңнен өтетінін атап көрсеткен: санаттарға жіктеу; сипаттамаларды анықтау; түзету.

Гилберт және басқалардың үлестіру теориясына сәйкес, бағалауға арналған тапсырма мазмұнын әзірлеу талаптарының бірінші кезеңі субъективті көзқарас пен спонтанды анықтамаларға (жоғары талап, орташа талап және төмен талап) негізделеді. Мұғалім бұл деңгейде өзіне «Бағалау үшін қандай деңгейдегі тапсырма әзірлеу қажет?» деген сұрақ қояды. Бағалауға арналған тапсырманың күрделілік деңгейі тапсырманы әзірлеушінің тәжірибесіне байланысты. Санаттарға жіктеу дәлдігін үлгілік тапсырмаларды дайындау арқылы арттыруға болады. Әрбір деңгейдегі тапсырма үлгісі әзірленген бағалау тапсырмасының деңгейін анықтауға негіз болады.

Екінші кезеңде тапсырманың сипаттамалары анықталады, яғни әзірленген бағалау тапсырмаларының компоненттері (мазмұны, кодтау, нұсқау, болжалды жауап және дистракторлар) мен тапсырманың белгіленген деңгейге сәйкестігі талданады. Санатқа жіктеу кезеңіне қарағанда бұл кезең мақсатты түрде, байыппен күш жұмылдыруды талап етеді.

2-кесте. Сипаттамалардың құрылымы

Талаптар	Төмен	Орташа	Жоғары
Мазмұны	Тақырыпқа, пәнге қатысты базалық білім	Оқу бағдарламасының мақсат-міндеттеріне сәйкесті талаптар	Жоғары және терең зерделеу және түсінуге қажетті жан-жақты білім
Кодтау	Оқу мақсатын есепке ала отырып ақпаратты түсіну	Оқу мақсатына сәйкес ақпаратты таңдай білу қабілеті	Оқу мақсатына сәйкес ақпаратты мұқият техникалық талдау, ұйымдастыру және өңдеу
Нұсқау	Әрекеттерді қадамдап орындау, базалық деңгей дағдыларын жүзеге асыру білігі	Күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қате сіз әрекеттерді орындау, талдау және қолдану білігі	Сұранысқа байланысты әрекет жасау, жоғары деңгей дағдыларын қолдану қабілеті, жинақтау және жаңадан жасау
Дұрыс жауабы және дистракторлар	Болжалды жауаптардың әртүрлі үлгілері	Күтілетін нәтижеге сәйкес келетін үлгілер	Сындалы, берілген тапсырманың талаптарына сәйкес келетін үлгілер

Үшінші кезең – бағалауға арналған тапсырманың мазмұнына түзету жасап, өзгерістер енгізу кезеңі. Бұл кезеңде, қажеттілік болған жағдайда, тапсырманы санатқа жіктеу кезеңінен бастап қайта қарауға және қажетті түзетулер енгізуге болады. Тапсырманы әзірлеуші әзірленген бағалау тапсырмасының мазмұнын талдап, талаптардың деңгейлерімен (жоғары, орташа, төмен) және сипаттамалармен салыстырады, өзінің әрекетін бағамдап ойланады, тапсырмаға енгізілген өзгерістердің нақты дәлелдемесі туралы рефлексия жасайды.

Осы бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау моделін бөлім, тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу үшін жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің пайдалануына болады. Егер өткен жылдарда емтихандарға қойылатын талаптар ағымдағы жылда да өзгермеген болса, мұғалімдер бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу үшін сол ережелерге сүйене алады. Ағымдағы жылғы емтихан тапсырмалары өткен жылғы емтихан тапсырмаларымен салыстырғанда әлдеқайда күрделі немесе қарапайым деген мәселені болдырмау үшін, сапаны қамтамасыз ету мақсатында келесі қадамдар орындалады:



- Мұғалім былтырғы емтихан тапсырмалары мен осы жылғы емтихан талаптары бойынша әзірленген тапсырмаларды талдайды. Соңында ол екі емтихан тапсырмалары бойынша жұмсалатын уақыт мөлшері қандай және екі емтихан тапсырмаларына бірдей мөлшерде күш жұмсала ма деген сұрақтарға жауап береді.

- Мұғалім белгіленген талаптар мен пән бойынша таңдап алынған бағалау моделіне сәйкес тапсырмалардың күр делілік деңгейін көрсете отырып, екі емтихан құжаттарының жалпы талаптарына қатысты өзінің пікірін негіздейді.

### **Мәтінге тапсырма құрастыру жолдары**

Мәтіннің нысаны төртке бөлінеді.

Тұтас мәтін (көркем әдебиет мәтіндері, техникалық мәтін, заң ғылыми негіздемелер, нұсқау)

Жадағай мәтін (графика, кесте, диаграмма, жарнама, сканворд, хабарландыру, карта, анкета, құттықтау, комментарий)

Аралас мәтін (тұтас және тұтас емес мәтіндердің сипатын біріктіреді, авторлық веб – парақтар).

Құрамдас мәтін (бір тақырып, бірақ әр автордың пікірі, ойы. Мысалы, аққу тақырыбына жазылған әрбір ақынның туындысы немесе әр газеттегі бірдей тақырыпқа жазылған материал және бірнеше тақырыпты қамтитын үзік-үзік мәтіндер).

*Мәтінді түсіну деңгейі:*

Мәтінді түсіну деңгейі	Мәтіннің тұтас мағынасын түсіну
	Мәтіннен нақты ақпаратты анықтау
	Мәтінді интерпретациялау
	Мәтіннің мазмұнына қатысты рефлексия
	Мәтін формасына байланысты рефлексия

Тапсырманың теріс мағынада берілуі оқушының дұрыс жауапты анықтауына және қабылдауына қиындық туғызады. Сонымен бірге материалды меңгеру деңгейін нақты анықтауға септігін тигізбейді. Алайда, тапсырманы теріс мағынада беру қажет болған жағдайда, қосымша графикалық әсерді қолдану қажет. Мысалы, көлбеу немесе қалың қаріппен көрсету, белгілеу, теріс берілуі бар бөлігін бас әріппен жазу.

Берілген мәтіннің сөйлемдерін толықтыруға негізделген (бос орындарға қажетті сөздерді қою) тапсырмаларды қолданбауға тырысу қажет. Мұндай тапсырмалар ең әуелі оқушылардың көру арқылы есте сақтауын тексеруге бағытталады, өтілген материалды меңгеру сапасын көрсетпейді.

Көп таңдауды қажет ететін тапсырмаларда жауап нұсқаларының саны түрленуі мүмкін. Нұсқалар саны көп болған сайын оқушылардың дұрыс жауапты табу мүмкіндігі аз болатынын атап өткен жөн. Дегенмен альтернативті жауаптардың көп болуы оқушылардың тапсырмаларды орындауға жұмсалатын уақытының шамадан тыс артатынын да көрсетеді. 2-ден 5-ке дейінгі жауап нұсқаларын қолдану ұсынылады.

Жауап нұсқалары түрлі логикалық реттілікпен орналасуы мүмкін (алфавиттік, хронологиялық, өсу/кему, грамматикалық санатына қарай және т.б.). Сондықтан оқушылар өз ұстанымы тарапынан дұрыс жауапты анықтай алмауы әбден мүмкін. Мысалы, жауап нұсқасы сөзден басталса, онда олар алфавиттік ретпен орналасады. Егер жауап нұсқасы саннан басталса, онда өсу/кему ретімен орналасады. Егер екі нұсқа да визуалды түрде бір-біріне ұқсас болса, онда оқушылардың салыстыруына ыңғайлы болуы үшін реттілікпен орналастырған дұрыс.

Тапсырманы құрастыру алгоритміне сәйкес көп таңдауды қажет ететін тапсырмаларды құрастыру кезінде сұрақтары мен дистракторларын тұжырымдап алып, жауап кілтін дайындап алу ұсынылады. Бұл тапсырмада нақты дұрыс жауаптың бар екеніне кепілдік береді. Жауап нұсқаларын оқушылар дистракторлардың берілу ретіне қарай анықтай алмайтындай өте мұқият құрастыру керек.

Дистракторлар өтілген материалдарға сәйкес болғаны жөн және дұрыс болмауы керек, алайда шындыққа жанасымды болғаны дұрыс. Дистракторларды қолданудың басты міндеті - оқу материалын жеткілікті меңгермеген оқушылардың назарын аударту.

Әдетте «жақсы» дистрактор оқушының типтік қателерінен тұрады, яғни белгілі бір ғылымға негізделген, тапсырманың сұрақтарындағы терминдерге ұқсас «ақылды» сөздерден құралады. Егер дистракторды білімі төмен оқушылардың басым бөлігі таңдаған болса, онда оны жақсы құрастырылған деп есептеуге болады, яғни оқушыларды дайындық деңгейіне қарай саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дистракторды білім деңгейі жоғары оқушылардың басым бөлігі таңдаған болса, онда дистрактордың сапасының төмендігі немесе тапсырманы құрастыруда қате жіберілгені туралы білуге болады. Егер оқушылардың ешқайсысы дистракторлардың біреуін де таңдамаса, онда дистрактордың қате құрастырылғанын және қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді.

### **Кілті мен дистракторларды құрастыру кезінде ненің алдын алу қажет?**

Жауап кілтінде тікелей оқулықтан алынған цитаталарды, егер дистракторлардың алынған цитаталарға ерекше қатысы болмаса қолданбаған жөн.

Алдыңғы тапсырманың мәтінде кездескен сұрақтарды жауап кілті ретінде қолданудың қажеті жоқ. Бұл тапсырманы орындауды жеңілдетуі немесе қиындатуы мүмкін.

Жауап кілті дистракторлардың арасында ерекшеленіп берілмегені дұрыс (өте қысқа немесе ұзақ болмауы, жеңіл немесе күрделі берілмеуі).

Жауап кілтінде және дистракторда «әрқашан», «кейде», «ешқашан», «жоғарыда аталғандардың барлығы» сияқты сөз тіркестерінің болмағанын ескерген жөн.

Дистракторлардың «дұрыстығының жиілігін», яғни қарастырылған мәнмәтінге байланысты әр түрлі түсіндірілетін жағдайларын болдырмау қажет.

## **Ашық түрдегі тапсырма**

Ашық түрдегі тапсырмалар жоғары деңгейдегі когнитивтік дағдыларды тексеруге, аргумент келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Ашық түрдегі тапсырмалардың жауабы ұзақтығына (көлеміне) қарай ерекшеленуі, бір немесе бірнеше сөздерден (қысқа жауап) толық аргументативті пайымдауларға (толық жауап) дейін өзгеруі мүмкін.

**Қысқа жауапты** қажет ететін тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет.

**Толық жауапты** қажет ететін тапсырмаларда бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар нұсқаларының бірі эссе болып табылады. Эссенің көмегімен тек жазылым дағдысы ғана тексеріліп қоймайды, сондай-ақ, берілген сұрақты немесе мәселені әр түрлі көзқараста қарастыру, берілген тақырыптың түрлі аспектілерін ашып көрсету, өз көзқарасын аргумент түрінде келтіру, мәселені шешудің жолдарын ұсыну және т.б. меңгеруі тексеріледі.

Ашық түрдегі тапсырмаларды құрастыру кезінде төмендегідей талаптарға назар аудару ұсынылады:

тапсырмада немесе сұрақта анық және дәл тұжырымдаманы қолданыңыз;

сұрақтарды ақпараттық және сұраулы бөлімдерге бөліңіз;

оқушының жас ерекшелігін, мәдениетін және ақпараттың келелілігін ескеріңіз, яғни тапсырмалар оқушыға түсінікті, қолжетімді берілуі қажет;

жауап үлгісін тиянақтаңыз, нұсқалардың барлық мүмкіндігін есепке алыңыз, берілген жауап үлгісін тапсырманы тексеру кезінде қолданыңыз;

жауаптың әр бөлігіне жинақталған балды қалай бөлу қажеттігін көрсетіңіз («Оқушылардың жұмысын бағалау үдерісі» бөлімін мұқият қараңыз);

құрастырылған тапсырмалар мен жауап үлгілерін бағалауға әріптесіңізді қатыстырыңыз. Қажет болған жағдайда түзетіңіз, құрастырылған тапсырмаға өзгерістер енгізіңіз.

### ***Ашық түрдегі тапсырмалар құрастыруда ненің алдын алу қажет?***

Ашық түрдегі тапсырмалар — білім алушының еркін жауаптарын қарастыратын, берілген жауаптарсыз тапсырманың мәні бойынша жауаптар берілетін тапсырма түрі. Білім алушы тапсырманы өз қалауы бойынша орындауы тиіс. Жауап нысанының ең жалпы аспектілері ғана регламенттеледі (вербалды немесе вербалды емес, жауаптың шамамен алынған көлемі кейде — шамамен алынған уақыт). Осындай тапсырмаларды құрастырудың негізгі проблемасы білім алушының белгілі бір жауабын анықтау мүмкіндігі кеңейеді. Сұрақтың "сұрайтын" немесе "талап ететін" әсерінің алдын алу үшін іріктемедегі нақты пунктке ұқсас жауаптардың жиілігіне сынама зерттеулер жүргізу қажет. Стереотиптік жауаптар жиі қайталанған жағдайда бұл тармақ тұжырымдаманы ауыстыруды немесе өзгертуді талап етеді.

Ашық түрдегі тапсырмалардың жабық түрдегі міндеттерімен салыстырғанда білім алушының жан-жақты толық ақпаратты алуға мүмкіндік береді, зерттеу деректерін сапалы талдау мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді. Жауаптың мұндай нысаны көбінесе сауалнамада, диагностикалық, жобалық әдістерде сұхбатта қолданылады.

Ашық түрдегі тапсырмалардың төмендегідей шарты бар: оны шешу кезінде не істеу керектігі анық емес, бірақ талап етілген нәтиже түсінікті. Мұндай міндеттер пайда болатын кедергілерді жеңуге тура келетіндей қозғала отырып, түзу сызықты емес шешім жолдарының алуан түрлілігін болжайды. Шешім нұсқалары көп, бірақ дұрыс шешім ұғымы жоқ: шешім немесе қажетті нәтижеге қол жеткізуге қолданылады немесе жоқ [4,2]. Оқушылардың қателесуіне себеп болатындай күрделі немесе шашыраңқы тапсырмаларды беруден аулақ болған дұрыс. Мысалы, «Жақсы ұсынысыңызды атап көрсетіңіз». Сондай-ақ, мәтіннің тілін тапсырманың күрделілік деңгейіне әсер ететіндей аса жеңілдетудің қажеті жоқ.

Оқушының жағымсыз әрекетін туындататын тұжырымдардан аулақ болыңыз. Қажетінше жауаптарды шектеуге тырысыңыз. Егер тапсырмада нақты шектелген жауап болмаса, оқушы көбіне жауабының қаншалықты толық болу қажеттігін білмейді. Жауаптар жауап үлгілерінде ұсынылғаннан көлемді немесе керісінше болуы мүмкін.

Тапсырмалардың мазмұны оқушылардың көңіл күйіне әсер ететіндей болмағаны дұрыс. Тақырыптарды таңдаған кезде мынадай тақырыптарды таңдамаған дұрыс: отбасылық қиын жағдайлар, әлеуметтік және діни мәселелер, табиғи және техногендік өзгерістер, соғыс және терроризм, нашақорлық, ауыр науқас, өлім және т.б.

### ***Ашық тапсырмаға қойылатын талаптар***

Ашық түрдегі тапсырмаларына қойылатын негізгі талап - белгілі бір дұрыс жауаптың болуы. Жауапты рәсімдеуге, оны бір мәнді етуге мүмкіндік беретін бірнеше мүмкіндік бар.

Ашық тапсырмалардың артықшылықтары:

- 1) жауаптардың қисындылығы мен анықтығы;
- 2) жауапты жадтан жаңғырту қажеттілігі;
- 3) бірнеше жауап іздеудің қажет еместігі;
- 4) сұрақтардың тұжырымдалуының қарапайымдылығы;
- 5) тексерудің қарапайымдылығы;
- 6) жауапты таба алмау.

Бұл міндеттердің басты артықшылығы – жауапты таба алмау, ал басты кемшілігі – дұрыс жауапты рәсімдеудің қиындығы. Соған қарамастан, есептеу есептері, формулалар бойынша мәселелерге жауап ретінде бұл форма оңтайлы болып көрінеді.

Ашық тапсырмалар болжау арқылы дұрыс жауап алу ықтималдығын болдырмайтын және сол арқылы педагогикалық өлшемнің сапасын жақсартатын жағдайларда қолданылады. Ашық тапсырмалар негізгі пәндер үшін де, жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырушы мұғалімдер үшін де қиынға соғады. Ашық тапсырмалар мұғалімдерден мұқият зерделеуді және тақырыптардан нақты білімді талап етеді. Мысалы, Белгілі шығармада суреттелген «аты-жөніне» байланысты «Егер мен оны көрген болсам, бірден .... білер едім» деген сияқты жауаптар беру мүмкіндігі артады.

Ашық түрдегі тапсырмалардың дұрыс (болжамды) жауаптарының үлгілерін құрастыру кезінде балл қою кестесінде бағалаудың екі аспектісі сипатталады: таңдалған жауап (мысалы, Изденімпаз, шыдамды, тілалғыш, тәрбиелі); ықтимал жауаптар немесе оқушы жауабы ескеріледі (мысалы, автор пікірімен келісу/келіспеу пікірін жазады/оқушы жауабы ескеріледі.). Бұдан әрі тапсырмаларды орындаудың әр кезеңінің балдары көрсетіледі. Барлық альтернативті жауаптар балл қою кестесінде көрсетілуі тиіс, мұндай жағдайда олар «/» қысқасөзмен не «немесе» шылауымен ажыратылады. Альтернативті жауаптары бар балл қою кестесінде жауабы үшін екі және/немесе одан көп жауап көрсетілген жағдайда, олардың арасына «,» және/немесе «және» шылауын қойған дұрыс[2,22].

Аналитикалық шкала ашық түрде берілген тапсырма типтерінен тұрады. Ол нәтижелерді бағалау критерийлерінен, тексеру әдістерінен тұрады. Ашық түрдегі жауаптары бар тапсырманы бағалау үшін қолданатын ерекше шкаладан тұрады. Ол білім алушының ауызша және жазбаша жауабын қарастыратын «мазмұн» мен «ұйымдастыру» параметрлерін нақтылайды.

### **Ашық түрдегі тапсырмалардың түрлері:**

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалардың ішінде бос орынды толтыру кезінде білім алушы берілген мәтінді қаншалықты меңгергенін тексеруге болатын жұмысты орындайды. Бос орынды толтыру кезінде білім алушы берілген сөздердің өзін, сол сөздің синонимін де қолдануы мүмкін.

#### **Бос орынды толтыру**

Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып бастауыш сыныпта түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтерге болады. Бос орынды толтыру тапсырмасының жекелеген ескерушіліктеріне тоқтала кетсек: біріншіден, білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және бағдарламалық білім, білік дағдыларын қалыптастыру барысында қолдану деңгейіндегі тапсырмалардың бірі – бос орынды толтыру арқылы сабақ мазмұнын терең меңгереді.

Екіншіден, бос орынды толтыру тапсырмасы білім алушының пәнге деген тұрақты қызығушылығын тудыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, кей білім алушының жай тапсырмалардың шешуін таппай тығырыққа тіреліп қалады. Дұрыс шешім қабылдау үшін жағдайды дұрыс бағалауға үйретуге болады.

Өмірде жетістіктерге жету үшін адам баласы қандай қасиеттерге ие болуы қажет? Сол қасиеттерді қалай дамытуға болады?

Ол үшін мектеп жасынан баланы ізденімпаздыққа ұмтылдырып, шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, танымдық қабілеттер мен басқа да қасиеттерді білім алушының бойындағы қабілеттері мен икеміне қарай дамытуға болады. Ең бастысы, жеке-дара өз бетімен ойлануға баулу керек., дұрыс шешім қабылдаудың әр түрлі жолдарын іздестіру керек. Бұл қасиеттер мен дағдылар баланың өмірде үлкен жетістіктерге жетуіне көмектеседі.

«Қазір және әрқашан өзің үшін жұмыс істе!» - міне, ашық тапсырманың негізгі тақырыбы осы. Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру, жіктеу, ең бастысын белгілей алу, дәлелдеу, пікірін айту, жазу, өзгемен хабарласу және жауап бере алуға үйретеді.

Ашық тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой өрісін кеңейтіп есте сақтауын дамытады, байқағыштығын қалыптастырады, эвристикалық қабілеті шындалады. Білім алушының өзіндік пікір айтып, оны қорғай білуіне мүмкіндік жасалады. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

#### **Қысқа шешім**

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білім алушының сапалы және терең білім алуын, шығармашылықпен жұмыс істеуін, жылдам ойлауға қабілетті көздейді. Білім алушылардың іс әрекетінің сипатқа ие болуын үйрететін қысқа шешім қабылдау тапсырмасының мәні зор. Қысқа шешім қабылдау тапсырмалары білім алушылардың ой қызметінің шектеусіз қозғалыста болуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың өмір құбылыстарын танып, білуге талпындыратын ой-өрісін, қиялын кеңейтеді, өз бетінше қысқа шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Қысқа шешім қабылдау арқылы білім алушылардың дүниені тану ұғымдары кеңейіп, ойлау қабілеттері артады. Әртүрлі тақырыпта өз шешімін қабылдау дағдысын қалыптастырады, ойлауға, қиялдауға, ұстамдылыққа, еңбектену білуге тәрбиелейді. Қысқа шешім қабылдайтын тапсырмалар білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, көз алдына елестету қабілеттерін. Назарды дамытуға, логикалық жан-жақты ойлаудың интеллектуалдық функциялар мен ой-өрістерінің қалыптасуына ықпал етеді, қажетті машықтық пен біліктілікті дамытуға көмектеседі. Абстрактілі ойлау деңгейі олардың ой қорытып, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындау үрдісінде білім алушылардың шығармашылық қабілеті жеке тұлғаның бойына қалыптасады. Тапсырмалардың мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, талапқа сай өз дәрежесінде беріледі.

#### **Сұраққа жауап**

Оқыту үдерісіндегі мазмұнды меңгерудің бір тәсілі – сұраққа жауап беру. Сұраққа жауап беру ақпарат мәтінін түсіндірудің маңызды құралы. Сұрақтар білім алушыларды ойлауға және талқылауға қатысуға ынталандырады. Сұрақты тұжырымдау кезінде есте ұстайтын ережелер:

сұрақтың айқын мақсатының болуы;

сұрақтың нақты, түсінікті болуы;

белгілі бір нақты жауапты талап етуі;

сұрақтың өзекті мәселеге айналуы.

Пәндік тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сұраққа жауап беру арқылы білім алушының логикалық ой-тұжырымын дамытуға, пікір алмасуға, қорытынды жасауға, дәлелдеуге, ситуация арқылы сөйлеуге, проблеманы талқылауға мүмкіндік туғызады. Сұраққа жауап берген кезде білім алушылардың болжам, мәтінді талдау, мәтіннен ақпаратты табу, негізгі ойлы анықтау, сұраққа жауап бере отырып, өз көзқарасын білдіру, бағалау

лағдылары қалыптаспасады. Мәтінді оқығаннан кейін білім алушының тақырыпты меңгергенін ғана тексеріп қоймай, сұрақ қою арқылы ойын еркін жеткізуге, жаңадан меңгерген білімін бұрынғы біліммен ұштастыруға, ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыруға болады. Сондықтан сұрақтардың төмендегідей түрлерін ұсынуға болады:

### *1. Деректі сұрақтар*

Деректі сұрақтар білім алушылардың базалық білімдерін еске түсіруді талап етеді. Деректі сұрақтар: *Кім? Не? Қайда? Кашан? Неге? Қалай?*

Деректі сұрақтар – жауап беру кезінде білім алушыға ақпараттар мазмұнының кейбір элементтерін еске түсіруге қажетті сұрақтар. Мұндай сұрақтарда «анықтамасын айтыңдар», «қайталаңдар», «жазындар», «еске түсіріңдер», «атаңдар» деген сияқты сөздер пайдаланылады. Сұрақтардың осы типінде оқушылардан деректерді логикалық жүйелілікпен ұйымдастыру талап етіледі, мұндай сұрақтар «талқылаңдар», «сипаттап жазыңдар», т.б.

### *2. Жетелеуші сұрақтар*

Жетелеуші сұрақтар нақты және ойланған жауаптарға ынталандырады. Мұндай сұрақтар білім алушының алғашқы жауабына негізделі отырып беріледі.

### *3. Жоғары ретті сұрақтар*

Бұл сұрақтар білім алушылардан тақырыптар мазмұнын талдауды және жауапты тұжырымдауды талап етеді.

Жоғары ретті сұрақтар тобына:

а) қолданбалы сұрақтар – жауап беру кезінде білім алушылардың қандай да бір қағидалар бойынша заттарды, құбылыстарды немесе оқиғаларды топтастыруын қажет ететін сұрақтар. Қолданбалы сұрақтарды қоюда мына сөздер пайдаланылады: «назар аударыңдар», «түсініктемесін беріңдер», «қолданыңдар», «пайдаланыңдар», «көрсетіңдер», «безендіріңдер», т.б.

ә) аналитикалық сұрақтар – әртүрлі ұғымдар қалай байланысатынын анықтау үшін білім алушылардан негізгі идеяларды талдауды талап ететін сұрақтар. Аналитикалық сұрақтардың қойылысы кезінде мынадай сөздер пайдаланылады: «айырмашылығын көрсетіңдер», «талдау жасаңдар», «есептендер», «салыстырыңдар», т.б.

б) жинақтаушы сұрақтар – логикалық ойлауды пайдалана отырып, жеке элементтерді жана үйлесімге біріктіруді немесе олардың арасындағы жана қатынасты табулы талап ететін сұрақтар. Жинақтаушы сұрақтарлы қою кезінде қолданылатын сөздер: «құрыңдар», «жоспарлаңдар», «әзірлендер», «тұжырымдаңдар», «үлестіріңдер», т.б.

в) проблемалық сипаттағы сұрақтар: қандай да бір мәселені шешу үшін білім алушылардан алған білімдерін пайдалануды талап ететін сұрақтар. Мұндай сұрақтар, әсіресе, зертханалық жұмыстарда көбірек қолданылады.

### *4. Бағалау сұрақтары*

Білім алушылардан әлленені бағалаулы, өзінің пікірін берулі немесе ұғымлап идеяларлы смалыстыру негізінде танлау жасауды талап ететін сұрақтар. Бағалау сұрақтарын қою кезінде мынадай сөздер қолданылады: «бағалаңдар», «пікір айтыңдар», «салыстырыңдар», т.б.

### *5. Ашық түрдегі сұрақтар*

Ашық сұрақтар білім алушылардың барлық мүмкіндіктерді қарастыруына арналған. Білім алушылардан өздерінің жауаптарын логикалық дәлелдермен негіздеуді талап етеді.

Жоғары деңгейдегі тапсырма әзірлеу үшін ашық сұрақтар құрастырып үйрену керек. Конфуцийдің «Сен неге қол жеткізгің келеді?» деген сұрағы өз шәкірттерінің көзқарасы мен мақсаттарын және болашаққа жоспарын білуге бағытталған болатын. Оған бір шәкірті өз байлығын достарымен қалай бөлісетінін айтса, басқалары өзінің тәртібіне қатысты жауап берген. Олардың жауаптары әртүрлі болғанына қарамастан, Конфуций шәкірттерінің мінез-құлқы мен өмірдегі ұмтылыстары туралы жеткілікті ақпарат алған. Ғұлама философ шәкірттеріне бір сұрақты қайталап қойған сайын оған әртүрлі жауап алатын. Бұл әр адамның ойы, түсінігі, жауабын ұйымдастыруы өз табиғатына тән ерекше екендігіне байланысты. Осылайша, ашық сұрақ дегеніміз – дұрыс жауаптары көп, адамды ойландыратын сұрақ. Жауаптардың сапасы мен маңыздылығын сарапшы бағалайды. Дұрыс құрастырылған ашық сұрақтар оқушының ұстанымы мен құндылықтарын анықтауда, дұрыс ой тұжырымдап, өз ойын дәйекті жеткізе білуін бағалауда пайдалы болып саналады. Сонымен қатар сарапшы оқушының пәндік білімінің деңгейін, пәннің тілі мен мазмұнының тереңдігін бағалай алады. Ашық сұрақтар оған жауап бергенде өз пікірін білдіруге біршама уақыт жұмсауды қажет етеді, бұл тексеру тапсырмасындағы сұрақтардың санын шектеуге әсер етеді. Сараптауға ұсынылатын материалдың көлемі ықшамдалып, жеке аспектілерге бағытталады. Сонымен қатар ашық сұрақтардың жауабын тексеру көп уақыт пен ресурсты, біршама күш жұмсауды талап етеді. Мұнда субъективтілік (жеке көзқарас) те күрделі мәселе болып табылады. Оқушылар мен мұғалімдер, сарапшылар бір сұрақты әртүрлі түсінулері де мүмкін. Осындай келіспеушілік пен әртүрлі түсінікті болдырмау үшін оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес толық екішелген бағалау құрылымын ойластыру қажет. Том Кубисцын (Kubiszyn, Tom, 2007) ашық сұрақтардың пайдасын анықтап, олардың қатарына келесі оқу нәтижелерін қосты:

- өзара қарым-қатынасты талдау қабілеті;
- көзқарасты анықтап, салыстыру
- болжау;
- қорытынды жасау;
- себеп-салдарлық байланысты түсіндіру;
- болжамдар ұсыну;
- өз көзқарасын дәлелдейтін деректерді ұйымдастыру;
- күшті және әлсіз жақтарын көрсету;
- әртүрлі дереккөзден алынған деректерді біріктіру;
- мақсат пен әрекеттердің сапасы мен құндылығын бағалау

Питер В. Айразиан (Aigrasian PeterW, 1999) ессе жазу тапсырмасы бағалаудың «басты әдісі» деген болжам ұсынады. Көркем жазу (қолжазба) мен жазу стилі бағалаудың маңызды критерийлері болмаса да, сарапшының қабылдануына ықпалын тигізе алады, демек бағалауға да әсері болады деген сөз. Айразиан бұларды «қосалқы факторларға» жатқызып, оларды тапсырманы ұқыпты орындаумен байланыстырады.

*Ойлануға берілген тапсырмалар*

Мұндай тапсырмалар сирек кездеседі. Олар оқушының өзі тақырыпты әбден ойланып, жаңа білімін өз әрекетінде қолдану жолын дұрыс табуын көздейді. Білімін өмірде қолдану туралы ойлану өздігінен шешім қабылдап, өз таңдауын негіздей білуге мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар дайын жауабы көрсетілмеген ашық сұрақтар арқылы берілуі мүмкін, сұраққа оқушылар өз бетінше ойланып жауап жазады. Жауапты автоматты түрде тексеру мүмкін емес. Ойландыруды көздейтін жоғары деңгейдегі тапсырмалар оқушының оқыған материалды ой елегінен өткізіп, талдауын қажет етеді.[2, 22].

### **Санамалау тапсырмасы**

Санамалау тапсырмасы нақты білімді тексеруге бағытталады. Ақпаратты жүйелеу кезінде реттілігімен санамалап көрсете алады. Санамалау тапсырмасы білім алушының мазмұнды меңгеру дағдысын тексереді.

### **Эссе**

Эссе– еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі. Эссе дегеніміз – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылған ашық тапсырманың бір түрі. Эссенің негізгі белгілерінің бірі – көлемінің шағындығы.

Питер В. Айразиан (Aigrasian Peter W, 1999) эссе жазу тапсырмасы бағалаудың «басты әдісі» деген болжам ұсынады. Көркем жазу (қолжазба) мен жазу стилі бағалаудың маңызды критерийлері болмаса да, сарапшының қабылдануына әсерін тигізе алады, демек бағалауға да әсері болады деген сөз. Айразиан бұларды «қосалқы факторларға» жатқызып, оларды тапсырманы ұқыпты орындаумен байланыстырады.

*Эссе жазу ережесі:*

эссені жазудың формальды ережесінің бірі – атауының болуы;

эссенің ішкі құрылымы еркін құрылады;

жазбаша жұмыстың дәлелдеулері негізгі ойды, көтерілген мәселені құрастырады;

мәселені құрастыру соңғы қорытындымен сәйкес келуі қажет.

*Эссені тексеру парағы*

Тапсырманы басқа тапсырма түрімен бағалауға бола ма?

Эссе тақырыбы мақсатқа/оқу мақсатына сәйкес келе ме?

Тұжырымы өте ұзақ болуына байланысты егер қажет болған жағдайда эссе тақырыбын бөлуде бірнеше бөлікке бөлудің қажеттілігі бар ма?

Эссе тақырыбы нақты және анық ситуациядан/мәселеден тұра ма? (қажет болған жағдайда)

Эссе тақырыбы жауап беруге жататын негізгі бөлім туралы ақпараттан тұра ма?

Эссені орындау уақытын ұсыну туралы ақпарат оқушыларға көрсетілген бе?

Эссенің балдары туралы ақпарат оқушыларға ұсынылған ба? (қажет болған жағдайда)

Сөз/сөйлем/абзац саны туралы ақпарат оқушыларға берілген бе?

*Эсседі жиі кездесетін қателіктер:*

мәселе ашылмайды;

автордың жеке позициясы көрінбейді;

теориялық негіздеменің болмауы;

терминдерді орынсыз қолдану.

### **Толық шешім**

Мәтіннің ақпаратын бағалау, біріктіру, түсіндіру, автор тура айтпаған байланыстарды анықтау арқылы білім алушы толық шешімін жаза алады. Бұндай тапсырмалар бастауыш мектептің тәжірибесінде жиі кездесе бермейді. Дегенмен, білім алушылардың басым бөлігі жағдаяттың себептерін анықтауды талап ететін сұраққа дұрыс жауап береді. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын меңгермеген оқушылар тапсырманы орындай алмайды.

Дұрыс құрылымдалған ашық түрдегі тапсырмалар жабық түрдегі тапсырмалардың жетіспейтін тұстарын толығымен жояды.

Бастауыш сыныпта ашық тапсырманы орындау білім алушылардың көбіне қиындық туғызбайды. Сұрақ мәтінде анық түрде берілген ақпараттың негізінде тура тұжырымдар жасау, сондай-ақ, сыни тұрғыдан ойлау, логикалық ойлау, жинақтау және талқылау дағдыларын бағалауға бағытталған тапсырмаларды орындау неғұрлым жеңіл болады. Білім алушылар кейіпкердің ойы мен әрекеттері арасындағы байланысты, содан соң жеке тұжырымдары негізінде нәтижеге қол жеткізбеген әрекеттерді анықтай алады.

Толық шешім жасау кестені толық толтыру арқылы да жүзеге асады. Ол үшін қатысушыларға мәтіннің әртүрлі бөлімдерінен ақпаратты тауып, кестенің тиісті ұяшығына жазу қажет. Тапсырма бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға белгілі бір уақытты талап ететін көлемді ақпаратты қайта өңдеу керек болғандықтан, күрделі тапсырма деңгейіне жатады.

### **Жобалар**

Жобалар ортақ нәтижеге жетуге бағытталған ғылым саласы бойынша қызықтырған мәселені жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім алушы өз білімін белгілі бір мақсатқа бағыттауға, шешім қабылдауға үйренеді. Дүниетану пәнінен кез келген тапсырмада шағын жоба жасау үшін мақсатын, атқарылатын міндеттерді анықтайды, ақпараттарды жинап, оларды сараптайды, қорытынды жасайды.

### **Таныстырылым**

Таныстырылым –өз оқуына өзгеріс енгізе отырып, алынған ақпараттарды меңгеру машығы. Оқу мақсатына негізделген ақпараттың негізгі ойын анықтауға, идеяларды тұжырымдауға, сын тұрғысынан ойлауға, өзіндік пайым жасауға мүмкіндік береді. Таныстырылым жасағанда алынған нәтижелерді жүйелі талдауға, бағалау барысындағы мұқият ойлануға бағыттайды.

*Ашық түрдегі тапсырмалардың артықшылықтары мен кемшіліктері*

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы	Дескрипторлар / балл қою кестесін құру қиындық тудырады

Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, білімі, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндіктің болуы Нәтижесін (салдарын) құруға мүмкіндіктің болуы Жауап беруде аргумент келтіруге және дәлелдер келтіруге мүмкіндіктің болуы Өз болмысын көрсетуге мүмкіндіктің болуы	Балл қоюдың субъективтілік қаупі бар Жұмысты тексеруде және бағалауда уақытты талап етеді.
---	---

### Тапсырмаларға сараптама жасау үшін сұрақтар

Тапсырма оқу мақсатына, бағалау критерийлеріне, көрсетілген ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келе ме?  
Сұрақтың немесе тапсырманың берілуі түсінікті ме (екі жақты теріс пайымдау, қажетсіз қиын сөздер, күрделенген синтаксис, жаргон сөздер, диалект сөздер, анық емес сөздер және т.б.)?  
Тапсырманың берілуінде түсінік беретіндей тұстары жоқ па (тура, ауыспалы)?  
Тапсырмалардың күрделілік деңгейі жеткілікті ме?  
Суреттер, диаграммалар, сызбалар және т.б. анық па?  
Грамматикалық және орфографиялық қателер жоқ па?  
Тапсырмаларды орындауға уақыт жеткілікті ме?  
Сұрақтың немесе тапсырмалардың берілуінде оқушылардың жауаптарын шектеу ескерілген бе?

### Тапсырмаларда ресурстық материалдарды қолдануға қатысты ұсыныстар

Тапсырмада мәтін, график, диаграмма, сызба, бейне, аудио жазбалар, карталар, иллюстрациялар және т.б. түріндегі түрлі ресурстық материалдарды қолдануға болады. Ресурстық материалдар оқушыға қосымша көмек көрсету мақсатында немесе дереккөздері ретінде қолданылады.

Ресурстық материалдарға қатысты тапсырмалар ақпаратты қайта өңдеу және түсіну, іздену дағдыларын тексеруге бағытталуы қажет. Тапсырмалардың әр түрлерін қолдануда олардың жеңілден күрделіге қарай логикалық реттілікпен орналастырылуы ұсынылады. Кез келген ресурстық материалдарға нақты нұсқау берілуі қажет.

Ресурстық материалдарға мазмұндық, техникалық сипаты жағынан бірнеше талаптар қойылады.

Ресурстық материалдардың мазмұнына қойылатын талаптар:

Ресурстық материалдарды іріктеу және құрастыруда тақырыпты, оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін ескеру қажет.

Ресурстық материалдарды оқулықтардан, оқу құралдарынан немесе мектепте қолданылып жүрген дереккөздерінен қолданбаған дұрыс. Жауаптары берілуі мүмкін, мысалы, тапсырмада және ресурстық материалда бірдей сөздерді қолданудан аулақ болған дұрыс.

Ресурстық материалды ескірген тақырыптардан алынбағаны жөн, сондай-ақ оқушының денсаулығы мен жеке дамуына кері әсер ететіндей болмағаны дұрыс.

Ресурстық материалдарда мәдени ерекшеліктер ескерілуі қажет.

Ресурстық материалдардың техникалық безендірілуіне қойылатын талаптар:

Ресурстық материалдың форматы оны орындауға болатындай техникалық мүмкіндіктерге сәйкес болуы қажет.

Мысалы, видео және аудио жазбаларды тыңдау, иллюстрацияларды бейнелеу және т.б.

Ресурстық материалды безендірудің сапасы тапсырманың күрделілік деңгейі мен орындау деңгейіне әсер етпеуі қажет. Әр оқушыға ресурстық материалдармен жұмыс жүргізуде бірдей жағдай жасалуы керек.

Дайын ресурстық материалдарды қолдану кезінде мұғалімнің оларды өңдеуіне, өзгерістер енгізуіне мүмкіндігі бар.

Түзету кезінде мынадай сәттерді есепке алған жөн:

ресурстық материалдардың мазмұнынан қажетсіз ақпараттарды алып тастаған дұрыс;

көлемін, мөлшерін, ұзақтығын және т.б. қысқартқан кезде ресурстық материал мазмұнының реттілігін сақтау керек;

түсініксіз сөздерді, фразаларды, нысандарды, элементтерді және т.б. ауыстыру қажет немесе қайта өңдеу керек;

ресурстық материалдың бейімделгендігін атап көрсету қажет. Мысалы, ауқымы (масштабы) есептеледі/есептелмейді, шығарманың үзіндісі, қысқартылған нұсқасы және т.б. ұсынылады.

### Дескрипторлар

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Дескрипторлар қалыптастырушы бағалау мен бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу кезінде қолданылады. Тапсырмаларды тексеру үдерісінде бөлім бойынша жиынтық бағалауда қолданылатын әр дескриптор 1 балмен бағаланады.

Дескрипторлар әрқашан тапсырмалармен қатар құрастырылады және тапсырманы орындау кезіндегі әр кадамның сипатын болжайды. Бұл тапсырманың мазмұны бойынша сенімді және жарамды болуын, сондай-ақ басқа мұғалімдердің тарапынан да объективті, дұрыс бағалануын қамтамасыз етеді.

### Дескрипторларды құрастыру кезінде ненің алдын алу қажет?

Дескрипторларды тиянақтау кезінде «біледі», «түсінеді», «жасайды» және т.б. сияқты фразаларды қолданбаған дұрыс. Мұндай мазмұндағы сөздер бағалауға қиындық туғызады және тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты әрекеттерді сипаттамайды.

Дескриптор оқушының қиындықтарын анықтауға және кері байланыс ұсынуға мүмкіндік беруге көмектесуі қажет. Мысалы, «дұрыс жауапты көрсетеді» емес, «стандартты түрде жазылған сандардың ретін салыстыру негізінде артық сандарды көрсетеді» деп берілуі тиіс.

Ашық типті тапсырмалар үшін дескрипторларды құрастыру тандалған орындау тәсілдерін (егер талап етілсе) сипаттаудан басталады, мысалы, «табиғи апаттар туындауының ықтималдығын болжайды». Бұдан әрі алынған жауап пен аралық әрекеттер сипатталады, мысалы, «табиғи апаттардың туындау себебін түсіндіреді», «табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдайды». Мұғалім өз тәжірибесіне және кәсіби пайымдауына сүйене отырып, тапсырмаларды орындау кезінде қандай аралық қадамдарды бағалауы керектігін анықтайды.

Тапсырмалардың дескрипторлары тапсырмаларды орындаудың қай кезеңінде оқушыларда қиындықтар туындайтынын анықтауға мүмкіндік беретіндей болуы керек және бағалау кезінде мұғалімнің шешімі объективті болуы үшін анық, нақты болуы қажет. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды[5, 28].

### **Бағалау үшін құрылған жұмыстар бойынша ұсыныстар**

1. Сыныпта менгерген материалды бағалаңыз
2. Оқушылардан берілген дереккөздер арқылы дұрыс жауабы бар 1 немесе 2 тапсырма құрастыруды сұраңыз
3. Жұмысты орындауға қанша уақыт қажет екенін анықтау үшін төмендегі ақпараттарды қолданыңыз:
  - ! шындықты анықтау тапсырмасы үшін 30 секунд
  - ! көп таңдауы бар тапсырма үшін 60 секунд
  - ! қысқа жауапты қажет ететін тапсырма үшін 120 секунд
  - ! толық жауапты қажет ететін тапсырмаға/эссеге 10-15 минут
  - ! жұмысқа шолу жасау үшін 5 минуттан 10 минутқа дейін
4. 50-70% кем емес оқушылар жауап бере алатындай немесе орташа күрделілігі бар тақырыпты таңдаңыз
5. Сенімділік тұрғысынан барынша ұзақ құрылған тест сенімді деп есептеледі
6. Есіңізде болсын, оқулықтағы көптеген тест тапсырмаларының жоғары деңгей дағдыларын бағалауы өте сирек кездеседі.

*Ашық тапсырма құрастыруға қатысты ұсыныстар:*

тапсырмада немесе сұрақта анық және дәл тұжырымдаманы қолданыңыз;

сұрақтарды ақпараттық және сұраулы бөлімдерге бөліңіз;

оқушының жас ерекшелігін, мәдениетін және ақпараттың өзектілігін ескеріңіз, яғни тапсырмалар оқушыға түсінікті, қолжетімді берілуі қажет;

жауап үлгісін тиянақтаңыз, нұсқалардың барлық мүмкіндігін есепке алыңыз, берілген жауап үлгісін тапсырманы тексеру кезінде қолданыңыз;

жауаптың әр бөлігіне жинақталған балды қалай бөлу қажеттігін көрсетіңіз («Оқушылардың жұмысын бағалау үдерісі» бөлімін мұқият қараңыз);

құрастырылған тапсырмалар мен жауап үлгілерін бағалауға әріптесіңізді қатыстырыңыз. Қажет болған жағдайда түзетіңіз, құрастырылған тапсырмаға өзгерістер енгізіңіз.

*Ашық тапсырма әзірлегенде нені ескеру керек?*

Оқушылардың қателесуіне себеп болатындай күрделі немесе шашыраңқы тапсырмаларды беруден аулақ болған дұрыс. Мысалы, «Жақсы ұсынысыңызды атап көрсетіңіз». Сондай-ақ, мәтіннің тілін тапсырманың күрделілік деңгейіне әсер ететіндей аса жеңілдетудің қажеті жоқ. Оқушының жағымсыз әрекетін туындататын тұжырымдардан аулақ болыңыз. Қажетінше жауаптарды шектеуге тырысыңыз. Егер тапсырмада нақты шектелген жауап болмаса, оқушы көбіне жауабының қаншалықты толық болуы қажеттігін білмейді. Жауаптар жауап үлгілерінде ұсынылғаннан көлемді немесе керісінше болуы мүмкін. Тапсырмалардың мазмұны оқушылардың көңіл күйіне әсер ететіндей болмағаны дұрыс. Тақырыптарды таңдаған кезде мынадай тақырыптарды таңдамаған дұрыс: отбасылық қиын жағдайлар, әлеуметтік және діни мәселелер, табиғи және техногендік өзгерістер, соғыс және терроризм, нашақорлық, ауыр науқас, өлім және т.б.

### **Ашық сұрақтар мен ашық тапсырма құрастыруға қатысты мұғалімге арналған ұсыныстар**

*Ашық сұрақтар келесі қағидаларға сәйкес болуы тиіс:*

#### Негізділік:

1. Нұсқау қарапайым, дәл және ықшам болуы тиіс. Оларды көрінетін жерге жазыңыз.

2. Сұрақты жете түсінбеуді немесе қате мағынада қабылдауды болдырмау үшін төлеу сөздің орнына төл сөзді қолданыңыз.

3. Жауапта қолданатын сөздердің санын белгілеп беріңіз немесе оқушыға жауабын жазатын орын қалдырыңыз, мысалы, жауап парағында бос тіктөртбұрыш немесе жазуға арналған бірнеше жол қалдыру.

4. Оқушы жауап беру ретін және уақытын есептеуі үшін әр сұраққа берілген балл санын көрсетіңіз.

#### Валидтілік:

1. Тапсырма тек бағалау құралы ғана болып табылады. Сұрақтардың жауабы нақты ақпарат беруі тиіс.

2. Тапсырма маңызды және қажетті ақпаратты қамтуы тиіс. Оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттарына қатысы жоқ қиын сұрақтарды қосуға болмайды.

3. Жауабын анықтауға арналған мәтін оқушыға таныс болуы керек және тақырыптан ауытқу болмауы керек.

4. Оқушылардың жас ерекшелігін, тілдік мүмкіндіктерін ескеріңіз, қарапайым тілді қолданыңыз.

5. Сұрақтардың саны менгерген білім, дағдыларды көрсетуге сәйкес келетіндей анықталуы керек.

6. Өткен материалды қайталап айтуға арналған сұрақтарды болдырмаңыз. Ақпаратты жүйелеуге, талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін «неліктен», «не үшін», «қалай» арқылы құрылған сұрақтарды пайдаланыңыз.

Оқушылардың шығармашылығын және қиялын дамытатын сұрақтарды пайдаланыңыз. Объективтілік:

1. Құрылған сұрақтар жынысына, қандай да бір қызығушылығына тәуелсіз барлық оқушыларға бірдей түсінікті болуы керек, мысалы, берілген мәтін тек қыздарға арналған (косметика туралы) немесе ұлдарға қатысты (автокөліктердің қозғалтқыштарының соңғы үлгілері туралы) болмауы керек.

2. Барлық сұрақтар міндетті түрде жауап беруге арналған болуы керек. Сұрақты силлабусты немесе кітапты таңдағанда таңдау мүмкін.
3. Қабылданатын және қабылданбайтын жауаптарды бағалау критерийлерін дайындаңыз. Бұл сұрақтардағы кемшіліктерді көруге мүмкіндік береді.
4. Әрбір критерий бойынша берілетін балл саны дәл көрсетілген сараптамалық тексеру сызбасын қолданыңыз.
5. Жұмыстарды тәуелсіз сарапшылар кемінде екі рет тексеруі керек.

#### Сенімділік:

1. Сұрақтар негізгі мазмұнға сәйкес болуы керек. Бағалау тапсырмаларындағы қателерді тауып, түзету және толықтыру үшін, сондай-ақ заңдылықтар мен үлгілерді анықтау үшін бағалау туралы жүйелі түрде мәлімет жинақтап, деректер базасын құрыңыз. Проблемалық сұрақтардың тізімін жасау басқа тапсырма құрастырушыларға жақсы көмекші құрал болады.
2. Дайын бағалауға арналған тапсырмаларды бақылау үшін бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сүйену керек.

*Токсанбық жиынтық бағалау тапсырмаларында балл қою кестесінде нені ескеру керек?*

«Қосымша ақпарат» бағанында мұғалімге көмек ретінде төмендегілер нақтыланған:

- балл нақты не үшін қойылады;
- жұмысты тексеру кезінде қандай жауап нұсқалары есепке алынуы мүмкін (мысалы, мағынасына қарай мәліметтер мен сөздерді сәйкестендіруіне қойылады);
- оқушы жауабында қандай шектеулер болуы мүмкін;
- оқушының орындаған жұмысын модерациялау кезінде қандай шешімдер қабылданады;
- жұмысты тексеру кезінде пайдалы болатын кез келген басқа ақпарат. Балл қою кестесінде берілген қосымша ақпарат төмендегілерді қамтиды:
- бірнеше балл алуға болатын тапсырмалар. Қандай жағдайда нақты ұсыныстар беріледі, әр балл не үшін қойылады;
- оқушының күтілетін жауабына қосымша анықтамалар;
- есептеуге болмайтын жауаптар;
- дұрыс жауап ретінде қабылдануы мүмкін барлық шешімнің альтернативті тәсілдері;
- қателерді ауыстыру.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда ашық тапсырмаларды қолдаудың маңызы зор. Пәндік ұғымдарды тереңірек түсіну үшін, күрделі тапсырмаларды шешу үшін білім алушының дүниетану білім саласынан алған білім, білік, дағдыларын кең ауқымды жағдайларда орынды қолдана біледі. Бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырудың маңыздылығы ойлаудың жоғары деңгейіне дейін жетелеу.

Мұғалімге көмекші құралда ашық тапсырмалардың түрлеріне теориялық тұжырымдар жасалып, педагогикалық тәжірибеден нақты мысалдар келтірілді. Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте сақтау маңызды. Оқу мақсаттарының негізінде тиімді және мәнді практикалық ашық түрдегі тапсырма әзірленді. Тапсырманың әрбір түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады. Бағалау үдерісінде қолданылатын ашық тапсырма түрлері мен сипаттамасын ашып көрсеттік. Білім алушылардың қалыптастырушы және жиынтық бағалау кезінде орындауға тиісті тапсырмаларының үлгілері ұсынылды.

Ұсынылған ашық тапсырмалар жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіруге, жеке көзқарасын білдіруге, сыни, креативті ойлауға бағытталды. Ашық тапсырмалардың жауабының ұзақтығына, көлеміне қарай тапсырмалардың ақпараттық және сұраулы бөлімдерге бөлікті. Білім алушылар көбінесе сын тұрғысынан ойлауда қиналатындықтан, білім алушылардың жас ерекшелігіне сай оның құрамдас бөліктерімен жұмыс істеуге машықтандыру жолдары көрсетілді.

Пән бойынша зерделенген ашық түрдегі тапсырмаларды бағалаудың жолы ұсынылды. «Ашық типті тапсырмалардың дұрыс жауаптарының үлгілерін құрастыру кезінде бағалаудың үш аспектісі сипатталады: таңдалған орындау тәсілі; орындалған аралық әрекеттер; алынған жауап»[2,10]. Осы тұста мұғалімдердің құрастырған тапсырмасы белгіленген критерий арқылы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтауға басымдық бердік.

Тапсырмаларды құрастыру алгоритміне мән берілді. Дұрыс құрастырылған ашық тапсырмалар білім алушының ұстанымы мен құндылықтарын анықтап қоймай, өз ойын дәйекті жеткізуде, пайымдауда, бағалауда, өз көзқарасын білдіруде пайдалы болып саналатынын ескердік.

Білім алушылардың дүниені танып білуіне ықпал ететін маңызды тапсырмаларды ізденуге, іс-әрекетіне баға беруге негіздей отырып, баланың тұлға болып қалыптасуына ықпал ету тұсына басымдық берілді.

Ашық түрдегі тапсырмаларды ұсыну дағы басты мақсатымыз – алған білімдерін өмірде қолдана алатын ұрпақ тәрбиелеу, ол үшін білім алушының теориялық білімдерін талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне көтеру еді. Мұғалімге көмекші құралда білім алушы өзіне қажетті ақпаратты өз бетімен анықтай алуға, мақсатқа сай әрекет етуге, таңдаған материалдарын негіздей алуға үйрету көзделді.

Сонымен, ашық түрдегі тапсырмалар – білім алушылардың ынтасын арттырудың бірден-бір әдісі. Біріншіден, білім алушы тапсырманы орындау кезінде өзінің бағытын, көзқарасын өзгертеді, екіншіден, білім алушының ішкі әрекетін талап етеді, үшіншіден, бердіген материалдардан басқа ақпараттарды үйлестіру мүмкіндігі артады, төртіншіден, оқу материалын толық меңгеру қабілеті артады, бесіншіден, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл – білім алушының өз бетінше жұмыс істеу және даму бағытын айқындайтын метатанудың маңызды аспектісі ретінде танылмақ.

### **Ашық түрдегі тапсырмалардың мысалдары**

*«Бос орынды толтыру» тапсырмасының мысалы*



**«Құндылықтар» ортақ тақыбы**

<b>Бөлімше</b>	1.5 Құқық және міндет
<b>Оқу мақсаты</b>	4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы:</i> Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтайды
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану

**Тапсырма.** Көшбасшылыққа тән қасиеттердің тиістісін (дарынды, жауапты, үздік, тиянақты, шапшаң, белсенді) ала отырып, көшбасшы оқушыға жазылған мінездемені толықтыр.

**Оқушыға мінездеме**

Айдар Айжан осы мектепте 1-сыныптан бастап оқиды. Айжанның мінезі ашық, кең – пейілді оқушы деуге болады. Айжан 1 - сыныптан бастап оқу екпіндісі болып келеді. Ол мектепте оқып жүрген уақыт ішінде өзін жақсы жағынан көрсете білді. Өзіне берілген тапсырмаларды .... орындайды, мектепте өтетін іс – шараларға .... араласады, берілген қоғамдық жұмыстарға .... қарайды. Сынып оқушылары мен мектеп оқушыларының арасында беделді, өзі жан-жақты оқушы. Кішілерге қамқор болып, үлкендерге құрмет көрсетеді. Айжан - өте .... оқушы

**Дескриптор** *Білім алушы*  
Көшбасшыға тән қасиеттерді анықтайды

**«Бос орынды толтыру» тапсырмасының мысалы**

**«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы**

<b>Бөлімше</b>	3.2 Қазақстанның тарихи табырлары
<b>Оқу мақсаты</b>	4.3.2.1. түрлі дереккөздер негізінде қазақ халқының шығу тарихын түсіндіру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Қазақ халқының қалыптасу тарихын түсіндіреді
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану

**Тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың атауын уақыт реттілігімен (төменнен жоғары) жаз.

Сақтар (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. I ғ.) – қазақ жерінде өмір сүрген ежелгі тайпа. Сақтар, негізінен мал өсірумен айналысқан. Әсіресе жылқы малын көптеп өсірген. Сақтар атқұлағында ойнайтын шабандоз, әрі ат үстінде садақ тартып, атқанын мүлт жібермейтін мерген болған.


Ғұндар (б.з.б. III ғ. – б.з. V ғасырлар аралығында өмір сүрген) – ежелгі түркі тілдес тайпалар. Б.з.б. III ғасырдың соңына таман ғұндар бірігіп, әскер түзеп, мемлекет құрған. Жаулау жорықтарының нәтижесінде ғұндар б.з. –дың I ғасырларында Батысқа қарай бет түзеген. Жолай көптеген тайпаларды бағындырып, өздеріне қосып алған. Б.з. IV ғасырында ғұндар басқа да көшпенді тайпалармен бірге оңтүстік оңтүстік орыс даласына жеткен. Дунайдан асып, Венгрияға дейін барып қоныстанған.

Ежелгі түркілер туралы мәлімет тұңғыш рет б.з. –дың 542 жылындағы қытай жылнамаларында кездеседі. Қытай жазбаларының айтуынша, түркілер ғұндардың ұрпақтары болып табылады. VI ғасырдың ортасынан бастап билікті қолына алған Бумын түркілердің басын біріктіріп, Түркі қағандығын (552-745 жж. өмір сүрген) құрады. Түркі тектес тайпалар XII ғасырға дейін тайпалық одақтар құрды.

Қазақ хандығының негізін қалаған Ақ Орда XIII ғасырда пайда болды. Ол XV ғасырдың 20-шы жылдарына дейін ғана өмір сүрді.

XV ғ. Әбілхайырмен болған кикілжіңнің нәтижесінде Орыс ханның ұрпақтары - Керей мен Жәнібек Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға қоныс аударды. Сол жерде жана мемлекет – Қазақ хандығының іргесін қалады. XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстанның қазақ халқы осы кезде- ақ этникалық жағынан қалыптасып, халық болып құрылуы аяқталған еді.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясы)



**Уақыт тізбегі**

**Халық атауы**



**Дескриптор** *Білім алушы*

- Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған халық атауы мен уақыт тізбегіне ажыратады

**«Қысқа шешім» тапсырмасының мысалы**

**«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша бағалау**

**Бөлімше** 2.2. Климат және ауа-райы  
**Оқу мақсаты** 4.2.3.2. Зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдығын болжау  
**Бағалау критерийі** *Білім алушы*  
 Табиғи апаттар туындауының ықтималдығын болжайды  
**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану  
 Жоғары деңгей дағдылары  
**Тапсырма** а) Сенің тұрған өңірінде туындауы мүмкін табиғи апаттарды белгіле. (□)



ә) Табиғи \_\_\_\_\_ рдың туындау себебін \_\_\_\_\_ р. Себебі....  
 1. \_\_\_\_\_  
 2. \_\_\_\_\_  
 3. \_\_\_\_\_

**Дескриптор** *Білім алушы*

Табиғи апаттар туындауының ықтималдығын болжайды

**«Қысқа шешім» тапсырмасының мысалы**

**Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы**

**Бөлімше** 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері  
**Оқу мақсаты** 4.2.3.1 Өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау  
**Бағалау критерийі** *Білім алушы*  
 Табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекеттерін талдайды  
**Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** Кестеде көрсетілген шаруашылық түрінің дамуы **сол аймақтың табиғат жағдайларына** (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) **байланысты** екенін талдап бер.

№	Шаруашылық түрі	Қазақстан аймағы	Жер бедері	Климаты	Өсімдік пен жануары	Су нысаны
1	Етті-сүтті мал шаруашылығы жақсы дамыған, себебі					
2	Мақташаруашылығы жақсы дамыған, себебі					

**Дескриптор** *Білім алушы*

- Адамның шаруашылық қызметінің климатқа тәуелділігін талдайды;
- аймақты анықтайды
- жер бедері
- климаты

- өсімдік пен жануары
- су нысандар

**«Сұраққа жауап» тапсырмасының мысалы**

**«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша бағалау**

<b>Бөлімше</b>	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттік және патриотизм
<b>Оқу мақсаты</b>	4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерін біледі
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған баптың бірін оқы. Елімізде азаматтардың тағы қандай құқықтары бар? 2 мысал келтір.

**14 - бап**

**Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.**

**Құқықтары:**

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_

**Дескриптор** *Білім алушы*

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтарын біледі

**«Сұраққа жауап» тапсырмасының мысалы**

**«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы**

<b>Бөлімше</b>	1.4. Денсаулық және қауіпсіздік
<b>Оқу мақсаты</b>	4.1.4.4 Өзінің жағанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Өзінің жағанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану

**Тапсырма** а) Суреттен жағанды ортадағы қауіп-қатерді болдырмаудың жолын белгіле. (□)



- ә) Жағанды ортадағы қауіп-қатердің алдын алудың қандай жолдары бар?
1. \_\_\_\_\_
  2. \_\_\_\_\_

**Дескриптор** *Білім алушы*

Өзінің жағанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.

**«Санамалау» тапсырмасының мысалы**


**«Құндылықтар» ортақ тақырыбы**

Бөлімше	1.1 Мен және менің отбасым 1.5 Құқық және міндет
Оқу мақсаты	4.1.1.3. Отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау 4.1.2.2 Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Отбасы бюджетінің негізгі кірісі мен шығыстарын талдайды Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтайды
Ойлаудағыларының деңгейі	Қолдану Жоғарғы деңгейдегі дағдылары

**Тапсырма** а) Айбардың отбасында бір айлық тұрақты кіріс 300 000 теңгені құрайды. Осы айда ауыспалы кіріс арқылы отбасы бюджеті 200 000 теңгеге артты. Олар қандай кірістер болуы мүмкін?

№	Тұрақты кірістер	№	Ауыспалы кірістер
1		1	
2		2	
3		3	

ә) Диаграммаға Айбардың отбасы қаңтар айындағы тиімді жоспарланған бюджетінің шығысын қалай жоспарлағанын көрсет. Отбасылық бюджет үнемделді ме?



б) Неше теңге үнемдеуді жоспарлағаннан кейін үнемдер едің?

---



---



---

- Дескриптор** *Білім алушы*
- Отбасылық бюджетіндегі кірісті біледі
  - Отбасылық бюджетін тиімді жоспарлауды біледі
  - Отбасылық бюджетіндегі кірісті үнемдейді

**«Санамалау» тапсырмасының мысалы**

**«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша бағалау**

<b>Бөлімше</b>	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік
<b>Оқу мақсаты</b>	4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіпін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Спортпен шұғылдандыруға жарақаттанудың алдын алу әдісін ұсынады
<b>Ойлаудағыларының деңгейі</b>	Білу және түсіну Қолдану

**Тапсырма.** Спортпен шұғылдандыру кезінде жарақат алып қалмау үшін жарақаттанудың алдын алуға арналған қауіпсіздік ережелерін құрастыр.

---



---



---



---



---



---

**Дескриптор** Білім алушы

Спортпен шұғылданудағы жақсартанудың алдын алу әдісін ұсынады

Э «Эссе жазу» тапсырмасының мысалы

«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

<b>Бөлімше</b>	Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері
<b>Оқу мақсаты</b>	4.3.4.1 өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегіне қорытынды жасайды
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** Ә. Қашаубаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы оқы. Әміре Қашаубаевтың қазақтың өресі биік әншілік өнерін әлемге таныту себебін 3 сөйлеммен қорытындылай отырып, 5-6 сөйлемнен тұратын эссе жаз.

Қашаубаев Әміре (1888 – 1934) – қазақтың атақты әншісі. Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданына қарасты Дегелең тауының етегінде дүниеге келген. Кедей шаруа жанұясында туып-өскен. Жастайынан әншілік өнерпаздығымен жұрт аузына ілігіп, ел аралап ән салып, қараөткелдік Сәтмағамбет, Ғазиз, баянауылдық Жаяу Мұса, Қали Байжанов, керекулік Майра Уәлиқызы сияқты арқалы әншілермен танысып, өнерін шыңдай түседі. 1924 жылы Семейде өткен өнерпаздар байқауында Қали Байжановпен бірге бас жүлдеге ие болды. Мұнан кейін әншілік даңқы алысқа жайылып, 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмеде қойылатын этнографиялық концертте екінші орын алып, күміс медаль иемденеді. Әміре – шет елде өнер көрсеткен тұңғыш қазақ әншісі. Сол жылы Германияның Франкфурт қаласында өткен Халықаралық музыкалық көрмеде концертке қатысып қазақтың өресі биік әншілік өнеріне әлем тыңдаушыларының көзін жеткізеді. («Сен білесің бе?» энциклопедиясы)

---

---

---

---

---

---

**Дескриптор** Білім алушы

Шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегіне қорытынды жасай отырып 5,6 сөйлемнен тұратын эссе жазады.

«Эссе жазу» тапсырмасының мысалы

«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

<b>Бөлімше</b>	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар
<b>Оқу мақсаты</b>	4.3.3.1 Қазақстанның ХХ–ХХІ ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Қазақстанның ХХ–ХХІ ғасырлардағы білім жетістіктерін түсіндіре отырып 5-6 сөйлемнен тұратын эссе жазады.
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** Дереккөздегі мәліметтерге сүйеніп бүгінгі күнгі білім жетістіктерін 3 тұжырымды негізге алып, 5-6 сөйлемнен тұратын эссе жаз.

Білім туралы жаңа ғана 8-ші бабына сәйкес, білім алу жүйесі жеті сатыдан тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі білім. Жоғары білім саласын халықаралық дәрежеге көтеру Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет болуына тікелей ықпал етеді. Оны жүзеге асыру үшін 2012 жылдан бастап Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі енгізілуде.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісіне кешуде. Жаңа заманның негізгі үрдістері білім беру саясатына да ықпалын тигізе бастады. Білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі, жаңа әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесі мен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

( <https://strategy2050.kz/news/52406/>)

**Дескриптор** *Білім алушы*

Қазақстанның XX–XXI ғасырлардағы білім жетістіктерін түсіндіре отырып эссе жазады.

**«Толық шешім» тапсырмасының мысалы**

**«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша бағалау**

<b>Бөлімше</b>	2.2 Климат және ауа-райы
<b>Оқумақсаты</b>	4.2.3.1 Өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Адамның табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдайды

**Тапсырма.** Суретте бейнеленген шаруашылық түрлері еліміздің қай аймақтарында жақсы дамығандығын талдаңыз. 2 себебін анықтап көрсетіңіз.



а) \_\_\_\_\_  
 Себебі: 1) \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 2) \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

а) \_\_\_\_\_  
 Себебі: 1) \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 2) \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

б) Өзің тұратын аймақтың табиғат жағдайы (ауа райы, жер жағдайы, су көздері) қандай шаруашылықпен айналысуға қолайлы. Себебін түсіндір.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**Дескриптор** *Білім алушы*

Адамның табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-ірекетін талдайды. Өзі тұратын аймақтың табиғат жағдайы қандай шаруашылықпен айналысуға қолайлы екендігінің себебін түсіндіреді.

**«Толық шешім» тапсырмасының мысалы**

**«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы**

<b>Бөлімше</b>	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер
<b>Оқу мақсаты</b>	4.3.1.2 тарихи мұра жаыландыру қызметін түсіндіру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i>
	Тарихи мұра жаыландыру рөлін анықтайды

«Жоба жазу» тапсырмасына мысал

«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

<b>Бөлімше</b>	2.4Туризм
<b>Оқу мақсаты</b>	4.2.4.1 Ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, Қазақстан мен Нұр-Сұлтан бойынша туристік маршрут құру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Нұр-Сұлтан бойынша туристік маршрут құра отырып, туристік жобаны дайындайды Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** Өз аймағыңнан Нұр-Сұлтан қаласына дейінгі туристік маршрут сызбасын құра отырып, туристік жобаны жаз.



**Дескриптор**  
Нұр-Сұлтан қала

«Жоба жазу» тапсырмасына мысал

«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

<b>Бөлімше</b>	Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттік және патриотизм
<b>Оқу мақсаты</b>	4.3.5.1 Зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Ұлттық бренд ұсынған жобаны дайындайды. Жоғары деңгей дағдылары

**Тапсырма.** «Қазақстан» атын әлемге әйгілі ететін қандай ұлттық бренд ұсына едің? Жобаны жаз.

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

**Тапсырма.** Өзің тұратын аймақтағы (тарихи, өлкетану, табиғи, мәдени) мұражайлардың қызметін тұжырыммен түсіндіріңіз.

**Дескриптор** Білім алушы

Тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіреді.



Дескриптор Білім алушы  
 Ұлттық бренд ұсынған жоба жасайды.

«Таныстырылым» тапсырмасының мысалы  
 «Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша бағалау

**Бөлімше**  
**Оқу мақсаты**

2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері  
 4.1.3.2. Түрлі деңгейлерге негізделі отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру

**Бағалау критерийі**


**Білім алушы:**  
 Өз өңіріндегі табиғи жағдайдың шаруашылыққа әсерін түсіндіреді

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

Жоғары деңгей дағдылары



**Тапсырма.** Қазақстанның басқа аймағында тұратын досыңа өз өңіріңнің шаруашылығы мен табиғи жағдайларын сызбаны пайдалана отырып таныстыр.







**Дескриптор** *Білім алушы*

Сызбаны пайдалана отырып өз өңірінің шаруашылығы мен табиғи жағдайларын таныстырады.

**«Таныстырылым» тапсырмасының мысалы**  
**«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша бағалау**

<b>Бөлімше</b>	1.6 Мерекелер
<b>Оқу мақсаты</b>	4.1.6.1 Зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру
<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> Кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде әңгімелейді
<b>Ойлаудағыларының деңгейі</b>	Қолдану

**Тапсырма.** Берілген зерттеу мәліметтерін оқы. Кәсіби мерекенің тарихын 2 сөйлеммен тұжырымда.

12 сәуір 1899ж – 31 қаңтар 1964 жыл

12 сәуір - Ғылым қызметкерлер күні.

Бұл кәсіби мерекені - Ғылым қызметкерлері күнін - ғылыми қоғамдастық өкілдері атап өтіледі. Республика Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы №164 Жарлығымен құрылды. Академик К.И. Сәтбаев - Қазақ КСР Ғылым Академиясының бірінші президенті. Бұл ерекше күн - қазіргі күні ғарыш пен ғылым саласында қызмет ететіндердің салтанатты күні болды.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**Дескриптор** *Білім алушы*

Кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстырады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

6. М.Жұмабаев, «Педагогика», Алматы, Ана тілі, 1992, 88-бет
7. Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Мұғалімге арналған нұсқаулық», Астана, 2018.
8. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы, әдістемелік құрал. Бірінші кітап. - Алматы: Дәуір-Кітап баспасы, 2012. – 314 бет
9. Задачи открытого типа | Psychlist.net <https://psychlist.net/slovar/8a36.htm>
10. Негізгі және жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, Астана, 2016
11. Тұрмашева Б, Салиш С, Пугач В, Дүниетану, 4-сынып, Атамұра, 2019
12. «Дүниетану» пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар, 4-сынып, Нұр-Сұлтан, 2019
13. «Дүниетану» пәнінен қалыптастырушы бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар, 4-сынып, Нұр-Сұлтан, 2019
14. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «НЗМ» ДББҰ, Астана, 2016

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ (ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)

Сейткасимова Толкын Амирбековна

Рахманкулова Акмарал Турарбековна

Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебі, Тараз қ.

УДК 371  
ББК 74.00

«Абай шығармаларын оқыту» . Әдістемелік авторлық жоба/Т.А.Сейткасимова, А.Т.Рахманкулова А.Т. – Алматы, 2022. – 48 б.

ISBN 978-601-06-3128-4

Авторлық оқу бағдарламасы – педагогикалық құндылық пен жаңалықтардан хабардар ететін авторлық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі. Ол оқу пәнінің білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жасалады. Авторлық бағдарламаның мазмұндық құрылымы мен тұжырымдамасы жалпы білім беру стандартына сай келуі тиіс.

Авторлық бағдарлама педагог немесе педагогтер ұжымы толығымен лайынлайлы және оған (оларға) зияткерлік құқығы беріледі. Бұл – не алғаш рет енгізілетін күресті, не автордың дәстүрлі тақырыпты өзіндік тәсілмен оқыту бағдарламасы. Мұндай бағдарлама мазмұны – жаңашылдығымен және өзектілігімен ерекшеленетін білім беру проблемаларын шешуге ұсынылған құралдар жиынтығы.

Кез-келген бағдарламаның құрастырылуына қойылатын талаптар бар және кейбір міндетті атрибуттар болуы тиіс. Мектеп пәнінің кез-келгені бойынша авторлық бағдарлама жасауға болады.

УДК 371  
ББК 74.00

ISBN 978-601-06-3128-4

© Т.А.Сейткасимова, А.Т. Рахманкулова, 2022

### Кіріспе

Сан ғасырлық Абай поэзиясы, ел қамын жақтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Ол халықтың түбегейлі мүлдесін, арман-тілектерін оқу-білім қаншалықты терең ұғып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік

қуаттылықпен айтып, жеткізе алғандығында ақын үлкен творчестволық тұлға, қазақ халқының маңдай алды ақыны жүздеген поэзия туындыларының авторы, ұлы ойшыл ұстаз.

Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы - сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады.

Абай поэзиясының ең басты ерекшелігі тәрбиелік тағылымы мол асыл мұрасы ол өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты барынша толық бейнелеп берді. Бірақ, ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, білім-ғылым түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыр әріле жатқанын ескерсек. Абай поэзиясы - ағартушылық көзқарасы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезенді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді.

Ұлы ақын Абайдың ағартушылық көзқарастары мен тәрбиелік идеяларын теориялық тұрғыдан талдау және зерттеу.

-Абай шығармаларындағы тәрбие және ағартушылыққа қатысты идеяларға талдау жасау.

-Абай туындыларын жинақтап танысу.

-Абай шығармаларындағы ағартушылық көзқарастар мен тәрбиелік тағлымдарын практикада қолдану жолдарын көрсету.

Абай шығармалары, мерзімді басылмадағы материалдар мен басқа ғылымдардың Абай шығармашылығын зерттеу туралы еңбектері.

Абай шығармаларын таныстыру, ағартушылық, тәрбиелік идеяларынның ерекшеліктерін көрсету, талдау оқырман қауымының ой-өрісін, тіл байлығын арттыруға көмектесу.

Абай шығаршылықтарындағы ағартушылық және тәрбиелік идеяларды орта мектепте тәрбиелік және ашық сабақ өткізу кезінде пайдалану, ғылыми еңбекпен шұғылдануда көмекші құрал ретінде қолдану.

Абай шығармаларының міндеті

Қазақстан өз алдына егеменді мемлекет атанып отырған тұста баршаға жана міндеттер жүктейді. Еліміз еңсесін көтеріп, ата-баба армандағаны осы егемендік еді деп ұрпаққа ұқтырмақ болған тұста, бүгінгі бізге керек сөз Абайдан табылады. Ол жаңа қоғам, жаңа адам тәрбиесі үшін керектіні шығармаларында жіктеп тұрып айтып кеткен. Ол өз халқының тірлігіне, оның келешегіне көп ой жіберіп, терең ойлауы мен қатты толғануынан баға жетпес асыл дүниелер тудырған. Бірде ол өкініп, бірде күйініп, бірде ұрсып айтса да онда оның өз елін озық елдер қатарында көргісі келгендік тілегі жатады. "Абай шығармасын мектепте оқыту өте орынды" деп қана қойсақ, ол жеткіліксіз. Осы міндет

біреу жұмыспен орындала қалалы деу жөнсіз, өйткені Абайдың ақындығы мен шығармашылығы, тілінің байлығы мен көркемдігі осыларды айту аз күш емес.

Абай шығармаларында басты мақсат - адамды барынша кәмететке, кемелдікке жеткізу, ол кемелдікті адамға лайық түрде көрсету, іске асыру, пайдалану, қызығын көру, басқаға шарапатын тигізу, ол дүниеде озық ету. Шын имандылық Алланы тану, оны мейлінше сүю, оған барынша ұқсату, еліктеу жолымен келеді. Иmandылыққа тәрбиелеу, имандылыққа қол жеткізу, бұл трактаттын басынан аяғына дейін өтетін негізгі жем. өйткені кәміл имандылық дарыған адамға жаман қасиет болмақ емес. Абай тәрбиенің ішінде ең бірінші орынға таза діни тәрбиені қояды, қалған тәрбие түрлері /адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене т.б./ осы тәрбиеге тығыз байланысты жүреді, жүзеге асырылады. Абай дәріптерден дін – ол гуманизм жолын ұстаған қасиетті дін, ол "тәркі дүниелікке" мүлде қарсы. "Ғұмыр - өзі хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәметет жоқ. Бірақ Әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді."

Ұлы ақын мұрасын жан-жақты, терең зерттеулі мақсат еткен қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі Совет өкіметі орнасымен-ақ, өткендігі мұраға қамқорлық маркістік-лениндік жаңа дүние таным негізінде жүргізіле бастады. Ал Абай мұрасын тану, таныту насихаттаудың алғашқы белгілері революцияға дейін-ақ көрінгенімен, оны шын мағынасындағы ғылыми тұрғыдан танып бағалау ісі біздің заманымызда ғана жүзеге асты. 1933 жылы М.Әуезов Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып Абайдың негізін салуды бастап берді. Бірақ 30 жылдардың аяғында жазылған сын мақала, зерттеулерде бұл мұраны танып, бағалауға сол тұстын әлеби атмосферасында орын тепкен тұрпайы социологиялық, компоротивистік негізіндегі теріс танымдардың салқыны тимей қалған жоқ. "Абайдың тұңғышына 95 жыл 100 жыл толу мерекесіне орай көптеген мақала, зерттеулер жазылды.

Осы кезден бастап әр түрлі ғылым саласында Абай мұрасын әр қырынан қарастырып, зерттеу нәтижесінде төрт докторлық жиырма төрт кандидаттық диссертация қорғалып, ондаған зерттеулер жарық көрді. Абай мұрасының бірегей белгілері М.Әуезов мұрасын зерттеулі ғылым зерттеулері мен көркем шығармаларын жазу үстінде қатар жүргізіліп, сегіз түрлі күрделі проблема төңірегінде ізделді.

Ал бұл Абай проблемалары Абайдан көрнекті зерттегені С.Мұқанов, Қ.Жұмашев, С.Семченко, Б.Кенжебаев, Т.Тәжібаев, т.б. көптеген ғылымдар әрі қарай жалғастырды.

Республикамыздың жоғарғы оқу орындарында 1942 жылы Абайдан арнайы курс оқытылып семинар сабақтары өткізіліп келді.

Абай шығармаларын мектепте оқыту мәселелері.

Аса күрделі рухани құбылыс Абай мұрасын меңгеру, оны жас ұрпақтың рухани бұлақ көзіне айналдыру – абайтанушы ғалымдар мен бағдарлама, оқулық авторларының парызы. Алайда бұл парыз өз дәрежесінде өтелмей келеді. Абай шығармаларын жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет пәнінің бағдарламасы мен оқулықтарымызда жүйелеп беру мәселесі өз шешімін таппай келеді. "Су басынан тұнды" дейді халық даналығы. Мектептегі білім бұлағының басы – бағдарлама мен оқулық.

Абай шығармалары монографиялық тұрғыда өтілетін 10 сынып бағдарламасы мен оқулығындағы біз байқаған басты кемшіліктер мыналар:

Абай шығармаларының не хронологиялық, не тақырыптық жүйесі жоқ.

Ақынның эволюциялық өсу жолы ескерілген, сондықтан шығармаларындағы ішкі логикалық байланыс бұзылған.

Лирикалары мен қара сөздеріндегі ой сабақтастығына мән берілмеген.

Абай лирикасындағы ойшылдық пен суретшілік арасындағы бірлік ашылмаған.

Адамзатты биік адамгершілік мұраттарға бастайтын мораль философиясы қалып қалған; ұлы ақын шығармаларында терең ой жүйесіне айналған "Адам болу" мәселесі мен гуманизм мәселесіне мән берілмеген.

Бағдарлама мен оқулық ілгеріде жазылғандықтан ұлы ақын шығармаларын талдау, түсіндіру, бағалау өткен қоғам мақсат-мүддесі тұрғысынан барілген.

Абайдың нәр алған рухани бұлақ көздерінен орыс әдебиетінің ықпалы басым көрсетілген.

Бұған бағдарлама мен оқулық авторларын кінәлауға болмайды. Оның субъективті және объективті себептері бар:

Ұлы ақын шығармаларының табиғатының аса күрделілігі;

М.Әуезовтың кейінгі абайтанудағы тоқырау;

Өткен қоғам идеологиясының ықпалы;

Қазіргі абайтанудағы жаңалықтар қорытылып, бағдарлама мен оқулыққа енгізілмеуі.

Канипа Бітібаева жасаған "Абай Құнанбаев шығармаларын тереңдете оқытудың үлгі бағдарламасында" ("қазақ тілі мен әдебиеті" журналы 1994 №2) негізгі бағдарламалардың кемшіліктері қайталанған. Мұнда да "оқу, білім, ғылым тақырыбы", "Махаббат, әйел, достық тақырыбы", "Өлең, өнер, ән туралы" т.б. деп Абай өлеңдерін 10 тақырыпқа топтастырып, "Ескендір" поэмасын және 9-қара сөзді оқуға ұсынды және Абай аудармаларын берген.

Бұл бағдарлама да тақырып қуалап, ұлы ойшыл ақынның шығармаларындағы ішкі терең ой жүйелерін танытуға мүмкіндік бермейді. Өлеңдері мен қара сөздеріндегі сабақтастыққа көңіл бөлінбеген. Бағдарламада ақын өлеңдерін тақырыпқа бөленгенде өлеңнің ішкі мазмұнына үнілмей, тақырыбына қарағандықтан қателіктер кеткен. Мысалы, "Қыран бүркіт не алмайлы салса баптан" өлеңін К.Бітібаева "Саятшылық өнер" тақырыбына жатқызған. Бұл өлең саятшылық тақырыбына жатпайды. Мұндағы "қыран бүркіт" - ел тізгінін қолға алуға ақыл-парасаты жетерлік, халық көшін бастауға жарайтын азамат бейнесі, ал ел билеуге өзінің ақыл-парасаты жетпесе де арсыздығымен "қыран бүркітпен" тақымдасып, іші тарлығынан онымен жағаласып, атақ үшін қалай да ел билеу мансабына ілініп, ілінбесе жауғып жүрген "пысықтар" мен "қуларды" "күйкентай" мен "қарға" бейнесінде берген.

Биыл "Жаңа бұрын оқулықтарын" жазу үшін баплық пәнлеплен эксперементтік бағдарламалап шықты. Қазақ әдебиеті бағдарламасын (5-11 сыныптар) қарап шықтық. 5-9 сынып әдебиетінде қолданыстағы бағдарламада біраз өзгерістер бар екен. Бұрынғы бағдарламада қамтылмаған Ежелгі дәуір мен Ислам дәуір әдебиеті және Шортанбай, Дулат, Майлықожа, Сүйінбай сынды ақындар қамтылыпты. Әсіресе, 8-9 сынып әдебиетін оқытуға түрлі өзгерістер енгізіліпті. Ол өзгерістерге алып қосарымыз жоқ. Бізге керекті - Абай шығармаларының қамтылуы мен берілу принципі. Қолданыстағы бағдарламала 5-8 сыныптарлы Абайға 14 сағат беріліп, 15 өлеңін оқу көзделсе, эксперементтік бағдарламада 16 сағат беріліп, 15 өлеңін, 1 дастанын, 3 қара сөзін оқыту көзделген.

Алайда Абай шығармаларын 5-9 сыныптарды іріктеп беруде бағдарлама авторларының принципі таным жүйесін ұстамағаны байқалады.

Мысалы. 6-сыныпқа "Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ", "Құлақтан кіріп бойды алар", "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңдері және 31-қара сөздің көтерген мәселесі өзінше.

Абай шығармаларын 5-9 сыныптарда оқыту.

Енді Абайды мектепте қалай оқытамыз, оқушыларға ұлы ақын шығармаларының ішкі сырын ашып, даналық ойлардың меңгерудің жолы қалай болмақ деген мәселеге келейік. Бұл аса күрделі мәселе: оның күрделілігі Абайдың жай ақын еместігінде. Оның ақындығын ой көнеп тұр: бір өлеңіндегі ой ұшқыны бүкіл шығармаларына тамыр жайып отырады. Мектеп оқушылары түгелі жоғары білімді адамдардың қабылдануына да оңай соқпайтын ұлы ақын шығармалары 5-9 сынып оқушылары үшін аса күрделі болмақ.

Алайда жас ұрпағымыз ұлы-ойшыл шығармаларына терең бойлай алмаса да, оқып, жаттап өскені ләзім. Сонда біз орта мектептің бұл буынында Абай шығармаларын оқытқанда неғұрлым жеңілнен бастап біртіндеп ауырға қарай аяқ басамыз және бір сыныпта ұлы ақынның бірнеше тақырыптағы шығармаларын қамтып, оқушылардың санасына салмақ түсірмей бір тақырыпты толығырақ меңгерту үшін тақырыптас шығармаларын іріктеп алып оқытып талдаймыз. Мәселен, 5-сыныпта өтілген табиғат лирикасын 6-сыныпта өтілетін шығармалары толықтырады, ал 7-сыныпта өтілген ғылым-білімге, адамгершілікке баулитын шығармаларын 8-сыныпта өтілетін Әбіш туралы өлеңдері мен "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңі тереңдете түседі. 9-сыныпта берілген өлең өнер тақырыбын алдындағы екі сыныпта өтілген ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдерімен ішкі мағына жағынан байланысы бар шығармалар.

5-8-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай ұлы ақынның біршама жеңіл табиғат лирикасы мен жеткіншектерді ғылымға үдейтін әрі адамгершілік асыл қасиеттерге баулитын өлеңдерін іріктеп беріп, ересектеу сыныпта ақынның эстетикалық талғамын танытатын өлеңдерін беруді орынды деп таптық.

Қазір пайдаланып жүрген орта мектептің 5-11- сыныптарына арналған қазақ әдебиетінің өтпелі бағдарламасында (1991 жыл) 5-сыныпта оқуға берілген "күз" "қыс" өлеңдерін сол сыныпта оқыту орынды деп білеміз. Ал 6-сыныпта берілген "Жасымда ғылым бар деп ескермедім", "Ғылым таппай мақтанба", "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңдері 6-сынып оқушысы ұғымына ауыр, ақынның "Адам болу" мәселесін көтерген ішкі мән-мағынасы терең өлеңдер. Сондықтан бұл өлеңдердің алғашқы екеуін 7-сыныпта өтуді, ал "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңін 8-сыныпта оқытуды ұсынамыз.

Ал 6-сыныпқа 7-сыныпта оқытып жүрген "Қансонарда бүркітші шығалы аңға", "Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ", "Жазғытұры" және бұрын 8-сыныпта оқытылып келген "Қарапап желтоқсан мен сол бір екі ай" өлеңін ұсынамыз. Бұл өлеңдер саятшылық және табиғат лирикасы болғандықтан 8-сынып оқушысының қабылдануына онша ауыр тимейді. Қайта оқушылардың тілін, көркем ойын дамытады. 8-сыныпта бағдарлама мен оқулықта бұрыннан беріліп келе жатқан "Әбіш туралы" үш өлеңге принципті өзгеріс енгізіп, "Жиырма жеті жасында", "Кешегі өткен ер Әбіш", "Талаптың мәнәп тұлпарын", "Тұл бойын ұят-ар едің" атты төрт өлеңнен ұсынамыз және осы өлеңдерге тақырыптас "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңін берген орынлы. Бағдарламала берілген "Лүтбайға", "Бойы бұлған" өлеңдері Әбіш бейнесіне қарама-қарсы сатиралық образдар болғандықтан салыстыру арқылы ақын ойы ашыла түсетіндіктен қалдыру керек.

Қазіргі қолданыстағы бағдарламамызда 9-сыныптан әдебиет тарихы күрсы басталып, бұл сыныпта халық ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясы және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетіміздің өтілетіні белгілі. Ал эксперименттік бағдарламала 9-сыныпта Абайға 5 сағат беріліп, "Сабырсыз, арыс еріншек", "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", "Мәз болады болысың", "Сегізаяқ", "Ескендір" дастанын оқуға ұсыныпты. Бұл әлі түпкірлікті бағдарлама емес. Дегенмен, бұл сыныпта Абайға 5 сағат берілгенін құптай отырып, өлең өнер тақырыбындағы ақынның эстетикалық талғамын танытатын өлеңдерін оқытуды жөн деп тауып, "өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы", "мен жазбаймын өлеңді ермек үшін", "Біреудің кісісі өлсе, қанасы ол", "көңіл құсы құйкылжыр шартарапқа", "құлақтан кіріп бойды алар", "күр айқай бақырған" өлеңдерін өтуді ұсынамыз.

9-сыныптағы эстетикалық талғамдарына тәлім беретін өлеңдердің орны ерекше. Бұл кез сынып оқушыларының нағыз өнер қуатын өнерге еліктейтін шағы. Өлең жазып ақындыққа бой ұратын шәкірттер де осы жаста талпынады. Оларға өлең деген не, оның асылы қандай, жастығы қалай болатынын білу аса қажет. Әнге, музыкаға елетіп, ішкен астарын жерге қоятын жасөспірім шәкірттерге осы кезде "жақсы ән, тәтті күйден" эстетикалық ләззат алып өсулері үшін, "күр бақырған" даңғазы музыкаға көзсіз еліктеулері үшін Абай аталарының талғам-таразысы керек-ақ.

Орта мектептің негізгі буынында (5-9 сыныптар) оқуға ұсынып отырған бағдарламамызда біз Абай шығармаларын оқуға 11 сағат бөліп, 22 өлеңін, 1 дастанын, 7 қара сөзін өтуді ұсынамыз және Абай афоризмдерін тақырыпқа сай іріктеп береміз.

10-сыныпта Абай шығармаларын оқыту мәселесі.

10-сынып қазақ әдебиетінің тарихы оқытылатын орта мектептің жоғарғы буыны. Бұл сыныпта ақын-жазушылардың шығармашылығы монографиялық тұрғыда өтіледі. Абай сынды ақынның шығармашылығын жоғарғы сыныпта оқыту, ұлы гуманистік рухани қазынасын шәкірттеріміздің бойына сіңіру, сөйтіп бірегей қазынамызды меңгеру – аса жауапкершілікті қажет ететін ұрпақ алдындағы парызымыз. Қазіргі қолданыстағы бағдарламамыздың 10-сыныпта Абайға 19 сағат бөлінген де, оқуға 24 өлеңі, "Ескендір" дастаны, 6 қара сөзі берілген. Эксперименттік бағдарламаның "қоғамдық гуманитарлық бағдарлы мектептің" 10-сыныбына арналған қазақ әдебиеті бағдарламасында Абай шығармаларын оқытуға 10 сағат уақыт беріліпті.

Гуманитарлық бағдарлы мектептің бұл сыныбына қазақ әдебиетін оқытуға небәрі бөлінген апталық сағат саны – 2, ал "Жаратылыстану – математикалық бағдарлы мектептің" 10-11 сыныптарында қазақ әдебиетін оқытуға 1-ақ сағат бөлініпті. Бұл – білім беруді гуманизациялауға шабылған балта. Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында адам баласы онсыз да мейірім-шапағаттан ажырап тас жұрек болып бапалы. Ал біз мектепте оқушыларды алампершілік асыл қасиеттерге баулитын бірден-бір пән әдебиетті қысқартамыз. Сонда болашағымыз не болмақ? Егер қоғам адамгершілік қасиеттерінен айырылса, ол қоғамдағы халық апат болатыны айқын шындық. Шындықты ашы болса да мойындап, бұл қателікті түзетіп, 9-10-11 сыныптарды қазақ әдебиеті пәнінің апталық сағатын 3 сағаттан кемітпей түсінген абзал.

Бағдарламала берілген Абай өлеңдерінде хронологиялық жүйе сақталмаған. тек өлеңдерін аттары ғана аталған. Оларды оқытуға, талдауға қойылатын бағдарлама талабы, нұсқау – аннотация жалпылама жазылған. Абай ақындығының өзіндік табиғатын ашуға мұғалімдерге көмек боларлық нұсқаулар жоқ. Сонда ол бағдарламаның негізінде жазылған "Жаңа буын оқулығы" қалай болмақ?

Енді Абайды 10-сыныпта қалай оқытамыз. кемел ойын келісті өлең өрнегіне салып кестелеп. қиыннан қиыстырып берген "ер данасының" ішкі қоймасына қалай жол табамыз деген мәселеге келелік. Абай шығармаларын мектепте оқытудың дұрыс жолын табу үшін ең әуелі абайтанудың академигі М.Әуезовтың Абайдың өмірі мен шығармаларын тұтас тексерген абайтанудағы зор еңбегі "Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы" атты еңбегін басшылыққа аламыз.

М.Әуезовтен кейінгі абайтанушы ғалымдардың еңбектерін ескердік. Әсіресе, Абайды тереңдеп тануда ғылыми дәлелді таным негіздерін ашқан М.Мырзахметовтың еңбектерін басшылыққа алдық. Және де орыс әдебиеттеріндегі Пушкин, Лермонтов шығармаларының мектеп бағдарламасы мен оқулығында берулі принципін қарадық.

Аталған еңбектерді сараптай келіп, ұлы ақын шығармаларын мектепте оқытудың дұрыс жолын табу да біздің ең әуелі сүйенер темір қазығымыз – Абайдың шығармалары.

Бізге Абайдан қалған ата мұраларымыз 8 мыңдай өлең жолы, яғни 175 тал өлең, 55 аударма өлең, 45 қара сөз, 3 дастан. 27 ән. 2 күй.

Мектепте Абай шығармаларын тұтас өтуді мақсат етпейміз. Оны сағат саны да, оқушының қабілеті де көтермейді. Сондықтан оқушының ұғымына аса ауырлық туғызбайтын тәлімдік, тәрбиелік мәні бар шығармаларын іріктеп ала білуіміз керек.

Ұлы ақын шығармаларының эволюциялық даму үрдісін басшылыққа алып жасалған хронологиялық-тақырыптық жүйеге негізделген 10-сынып бағдарламасының құрылысы төмендегідей болмақ.

Хақим – Абай

Абайдың өмірбаяны. Заманы. Абай туралы замандастардың естеліктері.

Абайтану. Рухани нәр алған бұлақ көздері. Абай тақырыбында жазылған көркем шығармалар.

Ата мұра.

Ақындыққа барар жолда (5-9 сыныптарда оқыған шығармаларын қайталау).

"Қалың елім, қазағым, қайран жұртым"

"Сабырсыз, арсыз, еріншек"

"Адам болам десеніз"

"Сөз түзелді тындаушы, сен де түзел"

"Ауыпмай тәнім, ауыпты жаным"

"Заманды қай жан билемек? "

"Жер жүзінде өң беріп тәнім шебер"

"Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы"

"Әсем ән мен тәтті күй"

"Бір тәуір лос тым-ақ көрек"

"Махаббат дүние көркі рас"

"Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті"

"Кешегі өткен ер Әбіш"

"Осы үш сүю болады иманы гүл"

"Сен есікке, тыным ұйықтат, бақ сөзіме"

Қара сөздері. Афоризмдері.

Дастандары: "Ескендір", "Масғұт".

Аудармалары

Абай шығармаларының тілі, өлең құрылысы. Абайдың ақындық мектебі.

Әр тақырыпқа бір сағат берілді. Барлығы 25 сағат.

Абай шығармашылығын оқытуда бөлінетін сағат санын бұдан азайтуға болмайды. Бұл берілген бағдарлама Абай шығармашылығына аса терең бойласақ, малтығып шыға алмай қаламыз. Сондықтан мектептің жоғарғы сыныбында Абайды осы деңгейде оқытсақ та қанағат.

Біз Абай лирикасынан қара сөздерін бөлмей оқытуды жөн деп таптық.

Аз сөзге көп мағына сыйғызып, қиыннан қиыстырған лирикалық таллап түсіне қою, оны оқушыға түсіндіру оңай емес. Осы кезде түсінікті, оқушыға ой сала баяндайтын қара сөзін пайдаланған тиімді.

Абайдың қиыннан қиыстырған образды, терең ойлы, өткір тілін және қазақ өлең құрылысына енгізген жаңалықтарына шәкірттеріміздің назарын аударып меңгерту үшін "Абай шығармаларының тілі, өлең құрылысы" деген арнайы тақырып беріп отырмыз.

"Абайдың ақындық мектебі" деген тақырыптың білімділік, тәлімділік мәні бар. Мұнда біріншіден, Абай ұстаз ретінде танылады да, Абайдың өз алдынан тәлім алған ақындардың шығармаларына Абайдың тікелей ықпалы нақты мысалдармен беріледі, екіншіден, Абайдың алдын көрмесе де өзін Абайдың шәкіртімін деп есептейтін.

Абай рухын қабылдаған, Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің өкілдерін де Абайдың мектебінен өтті дейміз. Үшіншіден, бүкіл ұлттық санамыздың серпілісіне, алдына Абайдың ықпалы, ұлы ұстаздың өсиет-өнегесіне еш кетпегеннен нақты дәлелдермен айтып берсек, ұлы ақынымыздың әдебиетімізді, мәдениетімізді дамытуға, жалпы ұлттық санамызды оятуға сіңірген еңбегі айқындалып, шәкіртімізге өнеге болмақ.

Абай шығармаларын 10-сыныпта оқыту бағдарламасы.

Хақим – Абай

(бұл кіріспе тақырыптың аты Мағжанның Абайға арналған өлеңінен алынды).

Бұл тақырыпта Абайдың халқымыздың тарихы мың жылға бір тұрап аса көрмелі рухани қыбылыс екені, ол тек біздің халқымыздың ғана рухани қазынасы емес, бүкіл адамзаттың игілігіне кенінен тоқталған дұрыс.

Абайдың өмірбаяны. Заманы. Абай туралы замандастар естелігі.

Ақынның өскен ортасы, алған тәрбиесі, оқу жайы, ел билігіне араласып, қайта білім жолын қуып, ақындықты мұрат етуі. Өмір сүрген заманы, тарихи жағдайлар. Ақынның шығармашылық жасы. Абай туралы замандастарының естеліктері оның танымтылық тәрбиелік мәні.

Абайтану. Рухани нәр алған бұлақ көздері.

Абай тақырыбында жазылған көркем шығармалар.

Классик ақын-жазушылар қанында жазылған субелі, монографиялық ғылыми еңбектердің нәтижесінде жеке тұлғаны тану ғылыми қалыптасатыны. Ол әдебиеттанудың бір саласы екені.

Абайдың ақындық жолға түсуі соқпағы, қалыптасу кезеңіндегі шығармашылығы (жас шағындағы өлеңдері), олардың өзіндік табиғаты.

Абайдың көптеген шығармаларын мектепте оқыту көптеген оқулық авторлардың парызы болып келеді. Осы уақытқа дейін Абай шығармаларын мектепте оқыту әлі толық шешілгені жоқ. Мектепте өте көп кемшіліктер кездесіп отырады. Осыған бірнешеуін мысал ретінде айтып кетсек жөн болар: Абай шығармасының әлі толық тақырыптары жоқ. Сонымен қатар логикалық байланысы да бұзылған. Қара сөздеріне көп көңіл бөлінген жоқ. Және де сол сияқты кемшіліктер көп. Әрине бұған біздің ақын-жазушыларымызды кінәлауға болмайды. Бірақ биыл "Жаңа буын оқулықтарын" жазу үшін барлық пәндерден эксперименттік бағдарламалар шықты. Мысалы: 5-9 сыныпта әдебиетті оқытуға түрлі өзгерістер енгізілді.

Әр сыныпта Абай шығармаларын өту үшін бірнеше сағаттар бөліп беріп жатты. Кейбір сыныптарға сағат көбірек болса біреулеріне бір сағаттан көп берілген жоқ. Әр сыныпта Абай шығармашылығын әр тақырып бөлініп берілген. Мысалы: 6-сыныпқа келетін болсақ "Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ", "Құлақтан кіріп бойды алар", "Әсемпаз болма әрнеге" деген сияқты өлеңдері берілсе, сонымен бірге 31-қара сөздерін өтуге бағдарламада енгізілген.

Енді тағы айтып кетер мәселе Абай шығармаларын мектеп оқушыларына қалай үйрету керек, деген сияқты мәселеге тоқталсақ жөн болар. Абайды оқушыларға, оның жай ақын еместігін дәлелдеп айтуымыз керек. Оның шығармалары мектеп оқушыларына онай нәрсе емес екені барлығына мәлім.

Алайда жас ұрпағымыз ұлы Абайды терең оқып білмесе де оның шығармаларын, өлеңін жаттап жүргені ләзім. Абай шығармасын өткенде тақырыпқа терең тоқталып, оған көп уақыт бөліп талдау керек. Ал жоғары сыныпқа барғанда Абайдың шығармасымен қоса өлеңдері тереңнен оқуға мәжбүр болады. Ал Абайдың тағы жыл мезгілдеріне байланысты "Жаз" "Күз" "Қыс" сияқтылар 5-сыныпта өтілуі керек деп ойлаймыз. Тағы сол сияқты өлеңдері "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" "Ғылым таппай мақтанба" 7-сыныпта өтілуі керек. Ал "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңін 8-сыныпта өтілуі керек екен.

Қазіргі әдебиет бағдарламасында, 9-сыныпта әдебиет күрсы басталып, бұл сыныпта ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы және сонымен қатар XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетіміз өтіліп келеді.

10-сыныпта – қазақ әдебиетінің тарихы оқытылатын орта мектептің жоғарғы буыны. Қазіргі бағдарлама бойынша Абай шығармаларына 19 сағат бөлінген де, оқуға 24 өлеңі "Ескенлің" ластаны, 6 қара сөзі берілген. Абай атамыздан қалған мұрамыз 8 мыңдай өлең жолы, яғни 175 тал өлеңі, 55 аударма өлеңі, 45 қара сөзі, үш дастаны, 27 ән, 2 күй. Абай шығармаларын бағдарлама бойынша берілгенімен сол сағатпен өту керек. Оны мүмкіндігінше азайтуға болмайды. Әсіресе, жоғарғы сынып оқушыларына Абайды тереңдетіп өтілуі тиіс. Біз Абай лирикасынан қара сөздерін бөлмей оқыту жөн деп отырмыз.

#### Абайдың ағартушылық ой-пікірлерінің маңызы

Абай — Семей өңіріндегі алғашқы мәдени-ағарту ошақтарының ұйымдастырылуына ұйытқы бола жүріп, сол кездегі білім беру жүйесінің көптеген мәселелерімен танысты, педагогиканың қыр-сырына қанықты. Әсіресе екі қоғамдық ұйымның жергілікті кітапханалар мен музейлерді жабықтауға араластырылуы, соған сай көптеген ғылыми басылымдар мен құнды деректердің жинақталуы көп септігін тигізді.

Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абай-ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғажайыптарымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұжырымдары педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат — "Толық адам" етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарастарының алтын дінгегі — адам тәрбиесі, сонан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Қазақ халқының болашағы оның өз бетінше ел болуына, саяси бостандығына қол жеткізуіне, экономикалық және мәдени кешеуілуден шығуына, қарғалық пен кедейшіліктен құтылуына апаратын бірден-бір жол — бүкіл елдің сауатын ашу, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, өнер мен еңбекке баулу деп анық айтты. Ақыл-ойдың, сапаттылықтың дамуы үшін дүниеге шын көзбен қарап нақтылы сезінудің қажеттігін барынша қорғап бақты. Әрбір жас адам ақыл-ойдың, мидың, жүрек пен сезімнің күшін пайдаланып, өз елінің "кетігін" бітейтін "кірпіш" болса деп армандайды.

Абай қоғамның тәрбиесі жеке адамнан басталатынын көрсетті. Өйткені "адам түзелмей заман түзелмейді" деп ашық айтып, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айрылатынын мезгеп "не болады өңкей нөл" деп налыды.

Сонда алам мұраты мен халық мүддесін ұштастыратын тәрбиедегі басты нұсқа қандай десек, ұлы ақын ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай іске кіріспе, әуелі білім, ғылым, өнер жолын тандап алып "естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап" деп жол сілтейді. Осындай адамдары бар елдің келбеі түзік болатыны хақ.

Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана "толық адам" санатына қосылады деп есептейді. Ал кемелдікке жетудің тұра жолы — адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады. Тәрбиенің қалған түрлері — адамгершілік, ақыл-ой еңбек және тәрбиесі бәрі де осындай мұсылманшыққа ден қойған жастың бойына тез үйіріміз деп пайымдайды. Ол өз заманындағы мектеп медреселердің қызметіне көңілі тоймайтындығын үнемі байқатып отырады. Әсіресе, дүмше молдалардың баланы бұрыс уағыздап, теріс жолға салатынын айта келе, ұстаздың тұлғасын ерекше жоғары қояды, оларға үлкен сеніммен қарайды.

Абайдың ұстаздық ойларының ішінде білімді өмір бойы игеру, оны кітаптан іздеу, өз бетінше оқу, естіп білгенді есте сақтау мәселелері айқын көрініс тапты. Өз басындағы тәжірибесі болар, Абай әр шәкірттің өзін-өзі ғылым мен білімге жетелейтін жолдарын көбірек сөз етеді.

Нәресте дүниеге келгенде-ақ оның бойында екі құмар-лықтың - "тән және жан құмарлығының" бірге болатыны, соның соңғысын — "білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен" деп бөледі. Дәл осының өзі ойшылдың педагогикалық көзқарастың айқын мысалы. Білімді игерудің негізгі үш сапысы — кез келген жағдайда білудің естуден басталатыны оны түсіну үшін әр шәкірт өзі не оқып, не көру қажет екендігін, ал солан соң бағып қажетті жерлі пайдалануды үйрететінін айқындап беріп тұр. Әрі бұл оқудың сапасын анықтайтын білім, білік дағдымен де сәйкес келеді.

Жалпы, ағартушы ретінде Абай білім алу жолын нобайлап айтпайды, оның қалай оқу керек, ал менгерген білімді қалай өмірде қолданып, жүзеге асыруға болатындығы жөнінде ойлары осы заманғы педагогика тұрғысынан өте орынды, әрі байыпты. Білім шәкіртке сөз арқылы беріледі әрі ақын ретінде Абай көбіне сөз құдіретіне жүгінеді. Білімден шыққан сөз

талаптыға болсын кез - дей келе ұлы ақын білімнің нұрлы сырын көруге "Жүрегі-айна, көңілі-ояу". көкірегінде көзі бар. ынталы, сөзді баяу тыңдайтын шәкіртті іздейді. Ол бұрыннан да ізденіш, "өз өнері таяу тұрған", сөзді тез ұғатын болса тіпті ғанибет. Абайдың айтуынша, адамның білімге күшірталығы оны тәрбиелі етеді.

Ақын ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойна "я тілмаш, я адвокат болу" ғана жүрген жастарды сынап, ғалым болу үшін ғана емес, сол алған білімін тұған халқының мәдениетін, экономикасын, сана-сезімін көтеруге үшін жұмсауға шақырады. Ойшыл ақын ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі. Бірі — білімді ақиқатты тану, азамат болу үшін үйренушілер де, екіншісі — бақастық, яғни біреуден озу, артық болу мақсатын көздеушілер. Ақын ғылым жолын қалаған жастарға ғылымды жеке басының қамы, бақастық үшін емес, халқына адал қызмет ететін жан-жақты жетілген, білімді — "толық адам" болып шығу үшін үйренуге ақыл айтып: "үйреніп жеткенше осы да болады ғой деи тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны кудай ұрлы ғибалат болмайды" деп, оларға тынбай талаптануға, үздіксіз ізденуге кеңес береді. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Ол оқу-ағарту саласындағы таитық, ұлттық және мүліктік шектеулерге қарсы шығып, оқығудың ана тілінде жүргізілуіне баса назар аударды. Ол жеке адамның қалыптасуына оқу-ағарту ісін ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен тығыз сабақтастыра. Ақын түсінігінде адамгершілік тәрбиені құрайтын қасиеттер: адам баласын сую, адамдардың бір-біріне алал, мейірімді және бірлік, ынтымақта болуы. Ол адамгершілікке баулу да жастардың сол замандағы мінез-құлық ақымақтарын өз бойларынан өздетіп, олардан арбуға, өзін-өзі тәрбиелеуге өсиет етті. Жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай:

Тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл гүлдеп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Ол өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сақтану керектігін ашық айтады.

Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: "Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіннен есеп ал", - деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Ойшыл ақын адамдар арасындағы адалдық пен сезім тазалығына негізделген шынайы достық пен жолдастықты жоғары бағалайды. Достық бағзы заманнан бері алаңдатпн бірге жасалып келе жатқан жасампаз ұғымлардың қатарына жаталы. Ол туралы әр ұрпақ заман шындығы мен талабына орай ой қорытты. Абай Диуанидың достықтың табиғаты мен негізгі өлшемі жайлы айтқан пайымдауларын жүйелі тұжырымдармен байытып, достықтың мәнін кең тұрғыдан терең түсіндіріп берді.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, етек басты көп көрдім елден бірақ - деп, өзі ескерткендей, заманында достық пен қастықты, әліллік пен қиянатты басынан мол кешіріп, өмір талқысы ой салған Абай өзі кастерлеп, алақтаған достық пен жолдастықты келер ұрпаққа өсиет етіп жеткізуді азаматтық борышым деп білді. Ақын әділетсіздік жайлағи феодалдық қоғамдағы достықтың өлшемі — малы үшін, күні үшін жағым-иизданып, екіжүзділік жасау деи түсінетін жалған достықты жеріне жеткізе сынады.

"Жаман тату қазады өзіне ор.

Оған сенсен бір күні болаарсын көр" — деп жалған достықтың бет пәрлесін әшкерелеп, жастарды жағымсыз жалған қылықтан сақтандырады. Ақын нағыз адал, шынайы достықтың күдіретті күшіне терең талдау жасайды. Ол-құрбы-құрдас, дос-жолдас болып жүріп, көзі жоқ жерде жолдасын жамандап, келеке ететін екіжүзді залымдарды сынға алып, оларға адал достық пен шынайы жолдастықты қарама-қарсы қояды. Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алады. Абайдың ұлттар достығы, интернационалдық тәрбие жайлы ойлары оз халқына деген сүйіспеншілік сезімінен туындады. Көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне, жетістіктеріне үңіле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтты. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие үлгілерін бағы насихаттады. Жастарды адамгершілік рұхында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін менгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Абай жастарды еңбекке баулу да күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берді.

Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескеріп, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін еместігін атап көрсетті. Сондықтан баланы ұлағатты азамат - "толық адам" етіп тәрбиелеу үшін ата-аналарының өздерінің сан дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. Ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері — оның адамгершілік, еңбек сүйгіштігі отбасы, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, ері

ақылды, әйелі мінезді боп, тату болса, үстіндегі үй жұмаққа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиеленс алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасынап суынып, ел кезіп, қыдырымпаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады. Абай бала келешегіне қамқоршы ұстазы - әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орнын да ерекше бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусынлап өсуі оның ана қасиетін биік тұғырлан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше кастерлеуді. Ананы өз баласының алғашқы ең аяулы тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалына Абай педагогикалық тұрғыдан жан-жақты таллау жасап, өрелі тұжырымлап айтты. Ол қыз балаларды жұбайылық өмірге балғын шақта, жинақы болып жүріп, тұрмыс құрған соң берекесі кетіп, салақ әйел атануы, әсіресе қарекетсіз өскен бай қыздарының жастайынан еңбекке етене баулынбағанынан деп білді. Сондықтан аналарға қыз бала

тәрбиесінде ұлттық дәстүрлі басшылыққа алуды ұсынады. Халық тәрбиесінде абзал аналар есейе бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды Абай қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көгерілер шанырақтың берік қазығы деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берді. Ол өзінің қызы Кұлбаданның сауатты болуын қолдады. Ең болмағанда хат танып, оқу-жазуды игеру керектігін ескертті, маңайындағы аламдардың қыз балаларының сауатын аштырып, өлең-жыр көшіртіп, ән мен музыкаға баулыды. Ол тұрмыс құрар жастарға қалыңдықты көркі мен сымбатына ғана қарап бағаламай, оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан-дүниесіне, ақыл-парасатына, көргендігі мен тәрбиелігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсетті. Абай болашақ отау құрар жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге алдын-ала әзірлеу керектігін ескертті.

Абай шығармаларының жастарды тәрбиелеудегі рөлі

Абай Құнанбаев жастардың жалынды ақылшысы болды. Оның шығармаларының барлығы дерлік ғибратты тәрбиелік сипатта келіп отырады. Абайдың пікірлерінің көпшілігінен-ақ жастарды тәрбиелеу, оқыту жөнінде айтылған методикалық және дидактикалық қағидаларды табуға болады. Мұның үстіне Абай соның бәрін терең психологиялық дәлелдермен баяндайды.

Абай Құнанбаев алам жанының нәзік сымпысы, терең білгіні болды. Өзінің көптеген өлеңдері ұлы сөз ұстазы адамдардың психологиялық көңіл-күйінің ерекшеліктерін айрықша шеберлікпен аша білуі әлде қалай емес.

Өз шығармаларының көпшілігінде Абайдың қазақ халқының ортасында орын тепкен надандық пен мешевлікке қарсы күрескенін жоғарыда айтты. Ол өз шығармаларында халық ішіндегі қарны тоқтарға, қайғысы жоқтарға, рухани азықты ұмытқандарға, еңбексіз мал тауып, бір еудің есесінен байғысы келетіндерге, тоғышарлық өмірдің, думан-тойдың қызығына белшесінен батқанларға жағымсыздықпен жаламен ұлықталан мақтау алғысы келетін пен-шекпен құмарларға қарсы күреске аттанлы.

Адал еңбектен бойын аулақ салып, өтірік-өсекпен, аста-төкпен өмір сүрген адамдарда ақын қатты түйреп отырды: ауылдан-ауылға қыдырып, думан мен сөз қуып жүретін еңбексіз жандарды, ақыл мен адамшылықтан безгендерді, өзі білмей, білгеннің тілін алмай өткен керенау-кербездерді, сырты бүтін болғанмен іші түтін халыққа қас адамдарды, мақтан үшін, мансап үшін, ұлық болғысы келетіндерді ақын өлтіре шенейді. Наданға арзан, ақылды құлаққа ілмек. Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек. - дейді Абай.

Ұлы ағартушы өз айналасында болып жатқан барлық әділетсіздікті, өтірік пен алдауды, жаулықты, надандылық пен қараңғылықты көрді, мұның бәрі қазақ халқын орға жығады, жас ұрпақтардың тәрбиесіне теріс ықпал тигізеді деп білді, ал ұлы ағартушының бар үміті — жастар еді, сондықтан ол халықты, әсіресе жастарды адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу жолында күресіп, бар дауыспен қараңғылыққа, ескілікке қарсы майданға шықты. Адамгершілік деген ұғым оның әрбір шығармасынан дерлік айқын және күшті түрде көрініп отырады. Ол адамгершіліктің жаулары — дәулетілерді ұлы тілмен түйреп, келеке етеді, ал жастарды өздерін жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге шақырады, ал адамгершілік қасиеттер дегеніміз білім алумен, өнімді адал еңбек етумен ғана пайда болады.

Әр алуан айла-шарықпен әуес болып, еңбекке қырсыз қарап жүрген жастарды көріп, ол бұлардың келешегінен қауіптенеді ("Өкінішті көп өмір кеткен өтіп"<sup>1</sup> деген өлеңінен қараңыз), сенімі жоқ, серменде, жалқаулыққа, өтірік пен мақтанға берілген, аламдық қасиеттерден ат-тонын ала қашқан бозбалаларды қатты шенейді.

Надандарды Абай терең ойы жоқ, қайраты жоқ, басқаның ақылымен, айтуымен күн көрген, терін сатпай телміріп көзін сатқан, қамсыз, бейшара таяз ойлы адамдар ретінде сипаттайды. "Қайнайды қаиың, ашиды жаның, мінездерін көргенде" деп олар үшін өкініш білдіреді. Осы бір арсыз падалар, дейді ол, білім бергісі келген, мінездерін түзетгісі келген ақылдан теріс айналды, ондай ақылды салқын тыңдайды. Басында миы жоқ, өзінде ой жоқ адам адамшылық ақылды арзан санайды. Өтірік-өсек тарату, тіреуді аяқтан шалып жығу — бұлардың кәсібі осындай дейді Абай. Ол жастарға пайдалы кәсіппен шұғылдануға кеңес береді, мұндай кәсіптің материалдық жағынан да, рухани жағынан да адамға беретін игілігі көп деп біледі. Қастаншыл, жікшіл болма, бос белбеу іссіздіктен, қамсыздықтан бойындағы қашыр, ерінбей еңбек істе- міне ұлы ағартушының айтқандары осындай. Осы жөніндегі ойын ол "Сегіз аяқ" деген өлеңінде былай баяндайды:

... Еңбек қылсаң ерінбей,

Тоялы қарның тіленбей

Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Адал бол, бай тап,

Алам бол, мал тап.

Қуансаң, қуан сол кезде...

Тамағы тоқтық.

Жұмысы жоқтық.

Аздырар адам баласын,

Таласын босқа.

Жау болып досқа,

Қор болып, құрып барасың;

Өтірік шағым болды ғой,



Өкінер уақытын болды ғой... абайша айтқанда да, еңбек сүйіштігі — адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келген жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайды, рухани қайрат береді.

Абай былай дейді: "Егер еңбек етпесең - онда сен телмірумен өтесің, қарыныңды да, көңіліңді де жұуата алмайсың. Тек еңбек қана саған абырой мен құрмет әпереді. Еңбекте кірлі жұмыс жоқ, несімен болса да бой тартпа."

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас.

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жұсаң да мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас.

Сүм нәзсін үйір болса тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмассың ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

Асаған, ұрттағанға өз жұбанар,

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қарлын сүй сықылды тез сұалаң.

Әралған көлөнершілік, егіншілік пен оқу, білім алу — осының бәрін Абай нағыз пайдалы еңбек деп санайды. Осылармен шұғылдануға жастарды шақырады да.

Жас адамдардың бастапқыда әлі таза тұрған, ешнорселеп кірлемеген жаны әрнеге сенгіш болатынын айта келіп, Абай оларды надандықтың, азғындықпен кеселдің дергті ықпалдарынан сақтап қалуға тырысады.

"Жас өспірім замандас қапа кылды (1894) деген өлеңінде акын жастардың бір бөлігінде сабыр, ар жоқ, аял жоқ, өнерлі іске икем жоқ деп мазаланады. "Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс" — дейді ол. Олардың пайдалы еңбекке қабілетсіз, білімі ынтасыз екенін, еңбек емес, еппен тұрғысы келетінін айтады. Өзінің көптеген шығармаларында, әсіресе сүйікті ұлы Абдрахманның, інісі Оспанның өлімдеріне байланысты жазған өлеңдерінде, "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат", "Интернатқа", "Сегіз аяқ", "Көзінен басқа ойы жоқ", "Жастықтың оты жалындап", "Жас өспірім замандас қапа кылды", "Сенбе жұртқа түрса ла қаппа мактап", "Ұяламын легені көңіл үшпін" деген өлеңдерінде және басқаларында ғажайып сөздерінде Абай патриотизмнің, ерліктің, табандылық пен қайсарлықтың, адамгершіліктің, адалдық пен шыншылдықтың, кішіпейілдіктің, еңбек сүйіштіктің, білімге құмарлықтың, ақыл-парасаттың уағыз-даушысы болып көзге түседі.

Туған еліне қызмет етуді Абай өз өмірінің басты мағынасы деп білді; туған елі мен халқының ұлы мұраты үшін ол "махаббат ғаламатпен майланласқан" зор күреске аттанлы.

Абайдың достық туралы пікірлері оның адамгершілік гуманизм идеяларымен тығыз байланысты. Абай адамның бәрі бірдей, оның туысы, өлімі — бәрі бір. Олардың айырмасы ақылында, мінезінде деп бағалайды; басқа дәулет дәрежемен оздым деп бос көуде көршілік, орынсыз және надандық деп біледі.

Адам өмірінде достықтың зор маңызы бар. Ақын Абай таластартыс, ру аралық қақтығыс қазақ халқын тозғындатады деп білді. Еркіндік иен шындыққа қазақ халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғандай достықпен ғана жете алады деді ол.

Ол жастарға әділ достықты, қалтқысыз, бүкпесіз достықты тіледі. Достық - өзара сыйластық, өзара сенім, өзара берілгендік, адалдық деп білді.

Бірақ досты таңдай білу керек дейді Абай, дос дегенін қас болып шығып, өмірлік өкінішке қалып жүрме. Кейбір достар — уақытша дос, ондайлар бүгін дос, өйткені сен жақсы жайласың: ертең дос емес, өйткені сентығырықта, сәтсізлік үстінде тұрсың; мұндайлардың достығы — сатымсақ достық. Жаман дос — көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың, сондықтан жылмаңдыққа сеніп, қаиы қалма, бір күндікті дос деп білме. "Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас; қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол" дейді Абай өзінің мақал болын кеткен атақты 38-ші сөзінде.

Жаман дос сені сенімді пайдаланып, өзіңе ор қазады, отқа итермелейді. Тек ары бар, ұяты бар жанға ғана сену керек. Баянсыз дос жөнінде ақын былай деген:

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,

Тілеуі, жақындығы бәрі сату.

Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,

Қажымас, қайта айнымас, қайран тату.

Ақынның өз басы өмірінде дұшпанның айла-амалын көп кездестірді, халық сүйген ақынды халықтың дұшпандары — дәулет иелері көре алмады, оны мерт етуді талай ойлады, сондықтан Абай пасық жандар туралы өлеңдерінде ерекше күймен айтады.

Ақын балалар достығының ерекшеліктері туралы да айтқан. Ол былай деген: балалар да нағыз достық болмайды, олардың достасуы да, бұзылуы да онай. Сондықтан, көбінесе болатынындай, балалардың ұрыс-қағысына араласу, есесі кеткеніне болысу дұрыс емес. Балалар ауыр ой мен қайғыдан аулақ, олар кіммен болса да достаса кетеді. Балалықта қиял жақын болып

көрінеді, қуаныш та, қызық та, құмарлық ташектен тыс мол болады. Жалпы адамды ізгілікке тәрбиелеудің ерекше белгілерінің бірі кішіпейілдік деп білді Абай.

Мақтанпақтық - адамның жауы, ол теріс жолға салалы. Мақтанпақтық - наланлық белгісі. Кішіпейіл болу керек, шеңберден шықпау қажет, артық айтып, семіз шық; азға қанағат қыл — міне Абай кеңесі осындай.

Абай өз шығармаларында бір адамға қажет болатын жақсы өсиеттерді тізіп береді. Ол қасиеттер — адалдық, ақылды іс, батылдық, орынды өжеттік, білмекке құмарлық, ғылымға құнықтық; қайрат-жігердің жастық дәрежеде болуы, ақыл-ойдың егделігі, пікір-ой мен дүние танудың өрістілігі. "Досқа — жылы көктемдей, жауға-суық аяздай болу" - міне Абай ұраны осындай. Ақын жастарды тәрбиелеу ле әлебиеттің, ең алдымен поэзияның көрнекті орын алатынын да айтты. Бірақ поэзияның тәрбиелік маңызы болу үшін оның тек көркем жазылуы жеткіліксіз, ол сонымен қатар әр адамға түсінікті де болып, тілге жеңіл, жүрекке тиіп келуі керек.

Ұлы ақын Абай қараңғылық жайлаған сахарادا түнерген түндегі жанған оттай жарқырап, жол көрсетті. Ол нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол осы мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді.

Сондай-ақ ол мұрат пен шындықтың қатынасы туралы ой төбелі. Ойшыл өмірінде мұрат пен шындық әрқашан дәл келе бермейтінін жақсы түсінді. Осыған қарамай ол нағыз адам ұғымынан тым алшақ эмприкалық өмір сүруші шынайы адамды сын тезіне салды. Нағыз адамды, білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылым сүйгіштік қасиеттер анықтаса, шынайы адам сүйкімсіз, ойлаудан, ғылымнан жырақ. Егер мұраттағы адам иманды, қарызы мен парызын түсінетін болса, шынайы адам келеңсіз қасиеттен арылмаған. Егер нағыз адам белсенді қызмет еңбегіне арқа сүйей алса, ал шынайы адам жалқау, іссіз, жатыпшыр. Міне, сондықтан Абай шынайы өмір сүруші адамды, замандастарын жан-жақты әшкерелеуді, сынауды адамзаттық парыз санады.

Оқушылардың ұлттық тәрбиесін қамтуда Абай шығармаларының маңыздылығы

Қазақ халқының өте әрідегі ата-балаларының өмір сүрген кезінен бастап алып күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі — халықтық педагогика. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас бұын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәмілдер ие болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда - әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер — халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика - тәлім-тәрбиелік, ой-пікірдің ілгі бастауы, халықтың рухани мұрасы.

Халықтық педагогикамен қатар "этнопедагогика" дейтін атау да жиі қолданылады. Этнопедагогика — халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халықтық педагогиканы ғылыми педагогикамен байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні — адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары (ясли, балалар бақшасы, т.б.) болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жапан дүзде жолсыз жерлермен жүлгізланға түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаппалайынан-ақ есту, көру сезімлені шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан-ақ ат құлағында ойнай бастайды. Оқусыз-ақ бір есіткенін қалтықсыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алады, өз өнерінің әдемі кестелері олардың сөйлеу қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін. Халықтық шығармалар ішіндегі әңгімелік әйкын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқас — бәрі-бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шындап отырған.

Қазақ отбасында тәрбие ісі негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына "әдепті бол" дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, ұстаз бен көпті көрген қарияны тыңдап, "ақпа құлақ болмай, күйма құлақ бол" дегенді бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе кәріп-кәсерлердің табиғи кемдігін бетіне баспа деп үйреткен. Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей-жалықпай айтып қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған.

Міне, осындай тәрбие көріп, анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің тәлімін тыңдап, халық өмірімен жастайынан етене танысқан Абай - өз халқының мүддесін, салт-санасын, дәстүрін бойына сіңіріп, халық мұрасының озығы мен тозығын айыра отырып, өзі өмір сүрген күннің талап-тілегімен байланыстыра пайдалана білді.

Абай Құнанбаев — жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшыл екені бәрімізге мәлім. Ол қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени артта қалушылығы — оның феодалдық-патриархалық қатынасынан, рулық талас-тартыстары етек алған көшпелі тұрмысынан туындап отырған бытыраңқылығының салдары екендігін жақсы білді. "Күнде ұрлық, күнде төбелеспен күн кешкен" алты бақан алауыз елінің "жақсыларына" налыған Абай "малыңды жауға басынды дауға" салып, өмірінді қор қылмай татулас, бірлесіп ел боп "Егіннің ебін, сауданың тегін" үйрен, "жан аямай кәсіп қыл" деп өсиет айтты. Ол қазақ ауылындағы тап тартысын көре білді, бірақ сол таптық қанаудан құтылудың жолы оқу, ағарту деп қарады.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге ғұмыр тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып,

Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына сын көзқараспен қарап, жаңаша баға берді. Әсіресе Табари, Рабғузи, Рашид-эд-Дин, Бабыр, Абылғазы еңбектеріне ерекше зейіл қойды. Шығыстық логика мен мұсылман правосын үніле зерделейді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Күнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар болып отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын тол мұраларға да көңіл болді. Қорқыт, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Шоже, Марғасқа, Жиенбет ақындар жырларындағы ұайым мен жігер, Толе, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

Оған тұрпалық ғұламалар Қожа Ахмет Иассауи, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, т.б. еңбектерін қоссаңыз қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едіңіз.

Екі алып құрлықты алтын кісідей айқара құшақтатып жатқан ежелгі сахарала қалыптасатын ғұламалық ойсаналық қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтындай қаншалықты бастан әрі азам болатынына көзіңіз жетеді.

Абайдың көзпалысы қанлай ұланғайыр кең болса, танлаған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұланасыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді.

Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрған әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне ара-жігін ажыратпай құшақ қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы адамзаттық кемелділік. Неге де

болса, даму тұрғысынан қараған диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен ұайым.

Абай өзінің шығармаларында қазақтың ежелгі салт-сана, тәлім-тәрбие дәстүрлері туралы мол пікір қорытындылар келтіреді. Олардың он-теріс, озық-тозық қырларын сарапқа салып, күні өткен кертартпа жақтарынан аулақ болып, келешекті, жемісті тұстарын дамыта, жетілдіре түсуді қуаттайды. Бұл айтылған оның халықтық педагогика жөніндегі көзқарастарына да толық сай келеді.

Абай халықтың мінез-құлығын, оның моральдық-психологиялық әуелетін бейнелейтін абстракциялық белгі көррепкіштер ретінде қызықты мақал-мәтелдерінің мәнсапасына, нәлсапасына үлкен мән берген. Бұл талғам оның көптеген педагогикалық сипаттағы қарасөздері мен өлендерінде кездесетін мақал сөздер жөніндегі пайымдауларынан анық байқалады. Мәселен, өзінің 29-шы қарасөзінде ол қазақтың тәлім-тәрбиелік мәні бар бір сыныра мақал-мәтелдеріне талдау жасайды. теріс жағынан әшкерелей. дұрысы қалай болуы туралы өз төрелігіп келтірді. Ол сөзін былай бастайды: "Қазақтың мақалдарының көбінің іске татарлығы да бар, іске татымақ түгіл, пе құдайшылыққа, не адамгершілікке жарамайтұғыны да бар".

Әуелі "Жарлы болсақ, арлы болма" дейді. Ардан кеткен соң тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап енбекпен мал тап деген соз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тынышжатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманын. адал енбекпен мал ізлемек — ол арлы аламның ісі. Көріп отырғанымыздай. ланышпан халық тәлімгері. ұстазы Абай кертартпа. жөнсіз мақал қорытындыларына. қарама-қарсы адал енбекті. жерге-терге сүйеніп. "Жан аямай кәсін қалуды" балама ретінде ұсынып отыр. Сөздің жалғасында ол даңғойлықты, мақтаншақты, мінез-құлықтағы бейшаралық иен опасыздықты, мейірімсіздікті уағыздайтын бірсыпыра мақалдарды әшкерелеп "Атың шықпаса, жер өрте", "Алтын көрсе, періште жолдан шығады". т.б. қазақтың осындай білместіктен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек дейді. Мұндай сұрыптау. Абайдың 5-ші, 6-ші ғақлияларында кездеседі.

Абайдың қарасөздері мен өлендерінде халықтың діни тәрбие туралы салықалы ойлар мен ескертпелер айтылады. Қазақ қауымында имандылық пен адамгершілік тәлімдер тығыз байланыста қатар жүрүін қуаттайды. Ол, қазақ мұсылманшылығында орын алған шалалықты, екі жүзділікті де деп басып көрсетіп, шын имандылық жолын нұсқай, бұл дүниеге де, ахиретке де адал болуға баулуды мұрат етіп қояды. Күнделікті күнкөріс, байлық-мансапты күйген, діни-сенімге, күлай жолын адал ұстауға немқұрайлы қараушыларға қарсы болады, мұндай жағдайды халық тәрбиесіндегі кешірімсіз күнә санайды.

Бірақ Абай халық жыраулары мен өнерпаздары шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік мән-мазмұнды жоғары бағалағаны мәлім. Алайда, оларда кездесіп қалатын боссөздікті, мақтан бөепелікті, қошаметтілік пен дүние қоңыздықты әшкерелеп отырған.

#### Накыл сөздердің тәрбиелік мәні

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз өдебиетін алсақ, үлкен бір саласы болып саналатын түр - ақыл, накыл сөздер деуге болады. Күні бүгінге шейін бұл екеуі қосылып, бірнеше рет қазақ тілінде кітап етіліп шығарылды. Халық әдебиетіндегі аз сөзбен көп мағына беретін қысқа-қысқа тең мағыналы сөздерді

— накыл сөз, не мақал-мәтел деп атап, жинап бастырумен ғана қанағаттанып келінді.

Мұның екеуі де, негізінде, аты белгісіз халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлердің жиынтығы, тәжірибе жемісі. Накыл сөздерді де түгелдей халық туғызды десек қате болар еді. Өйткені, халық дегенде біз енбекші халықты ұғамыз. Әрине, накыл сөздерге үстелі таптық идеясын үндейтін-дері де толып жатыр. Сондықтан да біз "негізінде" деп әдейі ескеріп отырмыз.

Күні бүгінге дейін "мақал-мәтел", "накыл сөз" делініп келген, не олай деп айтылғанбаса да, сол тектес сөздерді мағынасына, құрылысына қарашакыл сөздер (дидактикалық сөздер), накыл сөздер (афоризм) деп екіге бөлуге керек тәрізді. Мақал-мәтелдер өздерінің мазмұнына қарай, кейбіреу ақыл сөздер тобына, кейбіреулері накыл сөздер тобына жатуға тиісті.

Ақыл сөздер — халықтың кейінгілерге қалдырған өсиет-ақылы, өмір-тіршіліктеріне жетекші басшылық. Сондықтан, оның мағынасы ашық, ұғуға жеңіл, көпшіліктің бәрiне түсінікті, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көркемдеп айтылған үлгі-насихат. Накыл сөздер дегеніміз - үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы. Ащы мен тұщы, алыс пен жуық, жақсы мен жаман — осылар сықылды өмірдің әртүрлі жақтарынай елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзділі - кесілді өкімі: өмірдегі әр алуан құбылыс, іс әрекеттерді өзінше, әбден бақылап, сынай келе, "қатесіз", өмірде тап солай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

Қазақ халқы өмірдің әр түрлі жақтарын қамтыған ақыл сөздер мен накыл сөздерге бай.

Ақыл, накыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Абайдың шығармаларында да көп. Абайдың ақыл мен накылдары ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлендерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы тындысы. Өлендерін туғызған тарихи әлеуметтік жағ-дайлар қарасөздің твұына да себепкер. Ол — накыл сөздерінде де, қарасөздерінде де өмір шындығын, халықтың арманын, болашақ қамын көздеген жазушы. Өзі айтқандай: "Қыранша қаран Қырымға, мұң мен зарды қолға алды, Кектеніп надан, зұлымға, шыыршық атты, толғанды".

Абай өз сөздерін халықтық терең идеяға құрып, оған күркем түр бере түзеп, тындаушыларын да түзеуге шақырады. Ол қандай шығарма жазбасын, бәрiнле ле түр күаламай, мазмұнға ерекіне мән берүлі мақсат тұтты.

Абай барлық шығармаларында қайшылығы шиеленісіп жатқан қоғам құрылысын бейнелейді. Оның шығармаларындағы өзекті тақырыптың бірі — білімге шақыру. Осы жолда ағартушы қаламынан өнер-білімге қатысты мол накыл сөз тұған. Ақынның бұл өнер-білімге қатысты накыл сөздерін де үлкен философиялық түйіндеулер бар. Олардың оқушылар дүниетанымын, өмір тануын қалыптастыруда қызметі мол.

Мысалы: "... Ғылым бағу жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлерге ле алам жоқ: білгенінлі кімге үйретесін, білмегенінді кімнен сұраарсын. Елсіз-күнсіз де кезмені жайып салып, қолына кез алып отырғанының не пайдасы бар?" - дейді Абай. Сонау дүниенің қарашы тереңде күнделікті тіршілік қамы, жазғы мал өрісі — жайлау үшін, қысқы мал тебіні - қыстау — ықтасын үшін, осы екі қамға тоғысар ел талдау құралы — надан, содыр билік — мансап үшін алыс-жулысты жүргені дау шар, бодау-барымта, ұрлық-зорлық негізгі әрекет-кәсіп болған; ғылымнан да болашақ жайы туралы саналы

ойдан жұрт та қалған жоқ. Қазақтың даласының соншалықты артта қалғандығы — наландығы. "наландық-ғылым-білімнің жоқтығы" - деп осы наландықпен күреске түсті. Мұны өзінің алдына үлкен бағдарлама, зор мақсат етіп қойды. "Мақсатым — тілге ұстарып өнер шашпақ, наданның көзін ойып, көңілін ашпақ", - деген нақыл сөзі осы жолда туған оның жастарға ең адымен айтатын ақылы — талапты болу. Ол:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге!!! — дейлі де, осы талап қыл деген сөзін насихат сөздерінде кеңейтіп былай дейді: "Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеске керек. Адамның көңілі шыи мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға "мейірлейін, тезірек қолға түседі". Абайдың:

Дүние де өзі, мал да өзі.

Ғылымға көңіл берсеңіз — деген нақыл сөзі білім-өнердің кілті, өнер білім; мағыналы өмір деген пікірді айтады. Ақын қазақтың бұл күнге дейінгі ғылымсыз тіршілігін санатқа қоспай "Ғылымсыз дүние жоқ", - деген берік байлам жасайды.

Ақынның нақыл сөздері өнер-білімді күрделі мақсат үшін үйрену керектігін, жеке болымсыз себептер үшін үйрену ұзаққа бармайтынын аңғартып отырады: "Білім-ғылымды бір нәрсеге себеп қана үшін үйренсең, білімге деген көңілің мейірімді, асырап алған шешенің мейірімді сияқты болады."

Еңбекке үндеу — ақынның ең сүйікті тақырыбы. Оның нақыл сөздері өз халқын болашақ жарқын тіршілікке бастайтын еңбек туралы насихатқа толы. Абай:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қарлың суы секілді тез суалар. - дейлі.

Еріксіздік — бойға қорлық қана емес, өмірінің өзі де бір баянсыз, берекесіз күйге келеді. Мұндай күйге түскен адам дүниеде жоқпен тең.

Абайдың адамгершілік тақырыбына айтылған нақыл сөздерінің жастардың рухани дүниесін тәрбиелеуде ерекше маңызы бар.

"Адамшылықтың алды — махаббат, әділет, сезім". Абайда бұл үшеуі бірлікте, олар жеке-жеке күйінде жарамсыз. "Әділет-ізгіліктің анасы". "Кімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ". Ал ұят жоқ жерде, тыстық, батыл маллыққа, махаббатқа орын жоқ. Себебі - ұят тоқтық барша адамгершілік қарыздарлық нормаларына сенімді жоғалтады. "Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ".

Адамды ұят келтіретін барша жөнсіз істерден сырттұстайтын, оған жібермейтін күш - адамның өз бойындағы ұстамдылық. Бұл болмаса, ақын қанша сезініп тұрғанмен, адам баласы ұят келтіретін қылықтан құр қалмайды. Әрине, ұятты сезінуге ақыл керек, егер ақылдың көзін қайратсыздық, әділетсіздік, жігерсіздік, байлаусыздық бүркеме, ақылды кісінің де адамшылығын бұзылады.

Сол үшін де Абай: "Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғын аларлық жүректе жігер, қайрат байлаулықтың жоқтығынан азады" - дейді.

Адамгершіліктің бір сипаты - достық. "Кімде достығын болса, достық достыққа шақырады", "Тіршілікте, өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізленер қарызлы ісінің алды - дос көбейтпек." Ал бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: "Жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас". Өмірде бірінші керек нәрсе осы болмақ.

Нақыл сөздер Абайдың қара әңгімелерінде де кездеседі. Ғылымдар академиясының Қазақ филиалы 1940 жылы бастырған (I томдыда, "37-ші сөз" деген атпен басылған қара әңгімесінде 24 түрлі нақыл сөз бар.

Үлкен ойға орайлы сөз тауып, ақыл нақыл сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Оның даналығы үздік суретші таланттарының үстіне әрі өз елінің, әрі шығыстың, орыстың мәдениеттерімен қаруланған адам болуы, өзіне дейінгі қазақ әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздердің үлгілерін мазмұны жағынан да, түрі жағынан да философиялық ұғым дәрежесіне жеткізді.

Сонымен нақыл сөздер (афоризм) — бірінші кезекте дидактикалық поэзияның жемісі. Ал Абайдың шығармашылығындағы нақыл сөздер — таза ақыл, өсиет тілі алға шығай, ақылғөйлiгi оның ерекшелiгi ретiнде көрінеді.

күйін, іске аспаған ойларын ол адасқан күшікке теңейді. (Адасқан күшік секілді ұлын жұртқа айтқан ой) Айласыз, әлсіз күшіктің көшкен елдің жұртында қалып, ұлын-ұлын қайтқан бейнесін өз басының трагедиялық күйіне ұқсатады. Сөйтіп, жалғыздық тақырыбына үлкей әлеуметтік-философиялық мән-мағына береді.

Адам мен табиғаттың бірлігі тақырыбын орыс поэзиясынан ала отырып, Абай қазақ өмірімен байланысты кен тамытты. Бұдан, "Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатымен терең аралысып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп, бізге табиғатты өмірмен барынша байланыстар кетеді" деген В. Белинский сөзінің шындығы көрінеді.

Адам-табиғат - қоғам проблемасының көтерілуі. Абайдың табиғат арқылы саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтергенін, табиғатты жанды дүниенің өмір сүрер қайнар көзі, тіршіліктің анасы дәрежесінде көрсете білуіне көңіл бөлу керек.

Ақынның жылдың төрт мезгілін тұтастай жырлап, туған Отаны, даласының өлмес, өшпес бейнесін, бай да сұлу көрінісінің ғажап бейнесін, бай да сұлу көрінісінің ғажап бейнесін жанды дүниемен астастыра отырып жасағанына ерекше көңіл аударып, Абайдың данышпан суретші-ақын екендігіне тоқтау, лирикалық кейіпкердің әр түрлі сезіміне көңіл қою керек.

Бұл сезімдердің баплығы-елін, халқын сүйетін ақынның сол халық қамы, ел тағлымын ойлағаннан туатынына ерекше назар аудару керек. Табиғат лирикаларында да ақын-әділет үшін күрескер, адамшылық туын биікке ұстаушы. Орыс әдебиетінің әсері, ақынның өзіне тән жаңалығы, жалпы әдебиетте табиғат лирикасына қосқан үлесі.

Қазір санамызда "экология" деген түсінік бар. Қазақша айтқанда, қоршаған ортаның тазалығы. Су таза болсын! Жан-жануар мен өсімдікті қорламайық! Кейінгі ұрпаққа табиғатты таза жеткізейік! Міне осы табиғатты қорғау дәстүрі Абайдың көптеген шығармаларында насихатталды. Мұғалім оқу-тәрбие процесінде табиғатты қорғау дәстүрін оқушыларға Абай өлең-дерін оқу арқылы түсіндіріп, оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру керек екендігі айтпаса да түсінікті. Абайдың табиғат лирикасы — оқушыларды туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелейді.

Табиғатқа немқұрайлы қарау, онымен санаспау — ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Абай "Адам мен Табиғат" деген мәңгілік тақырыпты асқан зор мәдениет тұрғысынан қарап шешеді. Абай өз өлендерінде табиғат пен адамды байланыстыра суреттейді. Міне, Абайдың өлендерін жас ұрпаққа танытуда ұстаздар, "Адам мен Табиғат" бірлестігін биік шыңға ұрандай етіп көтеруі керек. Табиғатты Абайдай сүюге үйретіп, оны қорғауға шақыруға тиісті. Сонда ғана, қоршаған ортаны қорғап қала аламыз дегі ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи қазына байлықтың молдығына алмастыруға болмайды. Бұл жердің үлкендігі халықтың рухани мәдениетінің үлкендігіне кепіл бола алмайтындығына немесе халықтың ұлылығы сананың аз-көптігімен өлшенбейтіндігіне ұқсас нәрсе.

Оқушылардың адамгершілік тәрбиесі мен парасаттылығын арттыру

"Абай творчествосындағы адамгершілік концепциясы ақын өміріндегі жақсылық пен жамандықты айыра білуге адамдықтың адал шарты ретінде мән бергенін байқауға болады. Ақын ұғымында жақсылықты тану — жаналықты қолдау деген сөз, ал жақсылықты қолдай білмеген жамандықтың отына май құюмен бірдей". Шындығында Абайдың бұл концепциясы кім-кімді де терең ойға қалдырады, әрі бүгінгі күні де терең мәні бар екендігіне мойынсұндыра түседі.

"Жақсының жақсылығын бетіне айт нұры тасысын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын" деген халықтың қанатты нақылында терең ой бар.

Ұлы ағартушы ұстаз Абай өз айналасында болып жатқан барлық әділетсіздікті, өтірік пен алдауды, надандық пен қараңғылықты көрді. Мұның бәрі қазақ халқын орға жығады, жас ұрпақтардың тәрбиесіне теріс ықпал тигізеді деп білді, ал ұлы ағартушының бар үміті жастар елі. Сондықтан ол халықты әсіресе жастарды адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу жолында күресіп, бар дауыспен қараңғылыққа, ескілікке қасарыса қарсы шықты.

Адамгершілік деген ұғым мен оның адамгершілік тәрбиесі оның әрбір шығармасынан дерлік айқын және күшті түрде көрініп отырады. Ол адамгершіліктің жаулары - дәулеттілерді ұлы тілмен түйреп, келемеж етеді, ал жастарды өздерін жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге шақырады.

Өзінің көптеген шығармаларында әсіресе сүйікті ұлы Әбдірахман інісі Оспанның өлімдеріне байланысты жазған өлендерінде, "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат", "Интернатта оқып жүр", "Сегіз аяқ", "Көзінен басқа ойы жоқ", "Жақсылықтың оты жалындап", "Жас өспірім замандас қапа қалды", "Ұяламын дегені көңілі үшін" деген өлендерінде және басқаларында, ғақлия сөздерінде Абай патриотизмнің, ерліктің, табандылық пен шындықтың, кішіпейілділіктің, еңбексүйгіш-тіктің, білімге құмарлықтың, ақыл-парасаттың ұағыздаушысы болып көзге түседі.

Адамгершілік тәрбие бойына сіңген аламлы Абай батыл ер, көзге айтқан қорықпайтын, алдына қойған биік мұратына қалайда жетпей тынбайтын талапты, күрестің адам боларға тиіс деп түснөді.

"Елді тасыған күші бар адам ғана, албыртқан көңілі басылмаған жастар ғана бағады» дейді Абай. Ол қорқақтық шенеиді, олар әдегге жалқау, дәрменсіз болады дейді. Қорқақтық - қайратсыздық белгісі. Батыл ер болу үшін дейді ол күшті қайрат пен берік мінез керек.

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да қуғанға.

Әділет шапағат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Ерлікпен бәрі - тапқырлық та, батылдық та, сабыр да шығады, дейді Абай.

Сабырлы табанды болу ер мақсатшыл аламның сапасы Абай қазақ жастарын қиын кезеңде, ғылым жолында кездескен алғашқы сәтсіздік үстінде күдер үзбе, талаптың сұңқарын мініп тас қияға өрле, мұратына жетпей тынба деп баулиды. Батылдық пен ерлік қандай жағдайда болса да адамның сабырын сақтайды, кездейсоқ кеселге адамды қапылыста құл етіп тастамай, қайта жағдайдың өзін өзгертіп жіберуге мүмкіндік берелі. Ондай адам тағдырға табынбай, қайткенде дегеніне жетеді. Бұл үшін адал да қайрат күші басым болуы қажет - дейді ақын.

А. Құнанбаев мұраларының қазіргі мектептегі оқу тәрбие процесінде қолданудың әдістемелік жолдары

Әдебиетті тереңдетіп оқытудың мақсаты мен міндеті

— оқушылардың жеке ерекшелігіне қарай қабілетін аша отырып, дифференциалды түрде осы пәнді теориялық әрі практикалық жағынан тереңдету, сөйлесу, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой-пікірін дамыту. Тереңдетіп оқыту тын мәселе болғандықтан, көп ізденісті қажет етеді де, терең білім жолында шығармашылықпен барынша жұмыс істеуді талап етеді.

Тереңдетіліп оқытуға арналған бағдарламадағы теориялық материалдар практикалық мақсатқа сай іріктеледі. 10-сыныпта оқытылатын Абай сынды ақынның шығармашылығын жоғарғы сыныпта оқыту, ұлы гуманистің рухани қазынасын шәкірттеріміздің бойына сіңіру, сөйтіп бірегей қазынамызды меңгеру — аса жауапкершілікті қажет ететін ұрпақ алдындағы

парызымыз. Қазіргі қолданыстағы бағдарламамызда 10-

сыныпта Абайға 19 сағат бөлінген, оқуға 25 өлең, "Ескендір" дастаны, 6 қарасөзі берілген. Тереңдетіліп оқытуға арналған бағдарламамызда Абайға 25 сағат және шығармаға 2 сағат бөлінді. Оның 3 сағаты абайтануға, 15 сағаты өлендеріне, 2 сағаты қарасөзіне 2 сағаты аудармаларына, 2 сағаты дастандарына және 1 сағаты Абай шығармаларының тіліне, өлең құрылысына, 2 сағаты шығармаға бөлінді. Абай шығармаларын оқыту жүйесінде хронологиялық

принцип пен ақынның өсу эволюциясы сақталды.

Тереңдете оқыту шығарманың саны немесе сол сыныпта оқытылатын авторлардың көптігімен жүзеге аспайды. Берілетін білім мазмұны, оның мөлшері балалардың қабілетіне қарай, жас ерекшелігіне байланысты болу керек. Ұзын-сонар фактілер мен шығармалар саны оқушыны қажытатынын әрі олардың оқушы есіне сақталмайтынын ескеру керек. Тереңдетіп оқыту да да, жоғарыда айтылғандай, көркем сөз иесінің барлық білімін тұтастай қарастыра отырып, мұғалімнің автордың қай туындыларына шолу жасау керек екенін ойластырғаны дұрыс.

М.М. Жанпейісованың "Модульдік оқыту технологиясы" бойынша Абай шығармаларын тереңдете оқытудың бағдарламасы:

Бағдарламалама көрсетілгендей, сабақты оқу модулінің сөйлесу бөлімінде қолданылатын оқытудың белсенді формаларынан әр түрлі оқыта үйрету ойындарын басшылыққа ала отырып жүргіздім.

Оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілін үйреніп, тәжірибеде қолдану — біліктілігімізді арттыра түседі. Дебат, венн диаграммасы, топтау, бес жолды өлең және интеграл сияқты әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізген сабақтарым да өз нәтижесін беруде.

Абайды оқып үйрену, тереңдей зерттеу дегенді дұрыс түсінуіміз қажет. Кеменгер ақынның мұрасы көпіртіп көп жазғаннан көркеймейді.

Әдебиетті сүю, қызығып оқу — жай сауаттылық емес, өзінше шабыт, үлкен даналық. Қызықтыру мен үйрету — егіз. Мұғалімнің әрбір ісі, әрбір сөзі — оқушыға үлгі-өнеге.

Сыныптан тыс кезде қолдану әдістері

Орыс сыныптарында қазақ әдебиетін оқытуда Абай Құнанбаевтың шығармаларының маңызы зор.

Оқушылардың қазақтың ұлы ақыны Абайдың шығармаларын танып білуге бастауыш сыныптарда басталып, жалғасын 5-сыныптан табады. Оқушының ұлы ойшыл туралы білімі сыныптан сыныпқа көшкен сайын тереңдей беруге керек.

Оқушылар Абай шығармалары арқылы бойларына адамгершілік негіздерін сіңіреді. Жақсы адам болу үшін адам қандай жақсы қасиеттері бойына жинайды, өмір жолында қандай жаман қасиеттерден аулақ болуы керек? Осының бәріне жауапты оқушы ақын шығармаларынан табады.

Ұлы Абай шығармалары адамға жол сілтеп, оқушыға өмірдің қоршаған ортаның маңызды жақтарын ұғындырады.

Абайдың мектеп бағдарламасында берілген біраз өлеңдері табиғат тақырыбына, оның сұлулығына арналады. Оларды оқушы оқи отыра табиғатты, қоршаған аймақты аялауға, қадірлеуге, олардың өмір сүру үшін негізгі қажеттілік екенін түсінуге үйренеді.

Ал Абайдың қара сөздерінің маңызы тіпті ерекше. Олар баланың ойлау қабілетін дамытып, өмір сүруге деген таным көкжиегін кеңейтеді. Абай шығармалары - пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне бала тәрбиесіндегі таптырмайтын құрал.

Төмендегі Абай шығармаларын танып білуге арналған сабақ жоспарларын жас мұғалімдерге көмек ретінде ұсынамын.

"Ибраһим мырза данышқан философ еді".

(Шөкәрім).

"Қазақтың бас ақыны ~ Абай Құнанбаев. Онан асқан біз білетін ақын болған жоқ".

(А. Байтұрсынұв).

"...Сөзін асып — баға жетпес бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес".

(Мағжан).

"Абай — адамзаттық өркениет тарихындағы ұлы тұлға. Абай — қазақтың ғана емес, адамзаттың ақыны".

Фелерико Майор ақын.

"Абайдай тұмас адам сөзге зерек, зейіні - түпсіз дария, көзің жетпес".

(Біржан сал). Қазақ әдебиеті. 5-сынып.

Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев. Қыс. Жазғытұры. Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың Абай Құнанбаев туралы білімдерін дамыту.

Өлең мәтіндерін өзлігінен оқу арқылы олардың мағынасын ашып, мәңгілерді талдауға үйрету.

3. Абайдың табиғатты суреттеу, оны салыстыру шеберлігін түсіріту.

Көрнекіліктер: Абайдың шығармаларына байланысты көркем суреттер, кестелер. Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі. 1) Сәлемдесу.

2) Жыл мезгілі туралы сұхбат құру.

II. Ой қозғау.

Бір оқушы жұмысының нұсқасы: Абай сөзіне құралған кластер:

Ұлжан ұлы ақын өлеңдер

Семей Абай Зере

Құнанбай тыңдады жазды

III. Абай шығармаларының мағынасын тану.

1. Сөздік жұмыс.

Оқулықтың жаңа сөздерді оқу, аудармасымен танысу, дәптерге жазу, хормен оқу, жеке оқу.

2. Топық жұмыс. 1-топқа "Қыс".

2-топқа "Жазғытұры" өлеңдері оқуға беріледі.

Әр топтан бір-бір оқушы екі өлеңді сыныпқа мәнерлеп оқып береді.

Әр топ оқушылары өлеңдерді оқып, жаңа сөздердің көмегімен не туралы екенін анықтайды.

1-топтан бір оқушы топ атынан төмендегі сұрақтарға жауап береді:

а) Бұл өлеңде ақын қысты неге теңеген?

ә) Ақын қысты қалай бейнелеген?

2-топтан бір оқушы топ атынан төмендегі сұрақтарға жауап береді:

а) Өлеңде табиғаттың қай мезгілі суреттелген деп ойлайсыңдар?

ә) Ақын жердің жүзін неге теңеген?

4. Әр топқа жұмбақ шешу. а) 1-топқа:

Қыста ғана болады, Үстасаң қолың тонады. Бұл не? (Қар)

ә) 2-топқа:

Көлге жапқан қақпақ,

Сірәсіп тұр - қатты-ақ.

Бұл не? (Міз)

IV. Ой толғаныс.

1. Екі топ мүшелері "Қыс" және "Жазғытұры" тақырыптарына сурет салады. 1-топ - "Қыс", 2-топ - "Жазғытұры".

2. Салған суреттерің бойынша әңгіме құраңдар, дәптер жазыңдар.

Үйге:

Абайдың өзін ұнатқан өлеңін жаптап кел.

Жаңа сөздерді жаптаңдар.

"Қыс", "Жазғыпұры" туралы басқа ақындардың өлеңін әкеліп, Абайдың өлеңдерімен салыстырып көр.

5-сынып. Қазақ әдебиеті.

Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев. Қыс. Жазғыпұры.

Сабақтың мақсаты:

- 1) Оқушылардың Абай Құнанбаев "Қыс", "Жазғыпұры" өлеңдері негізінде алған білімдерін әрі қарай дамыту.
- 2) Өлең мәтіндерімен өздік жұмыстар істеу арқылы оқушылардың өз пікірлерінің, қорытындыларының болуына өлеңдерді салыстыра білулерін дамыту.
- 3) Абай шығармаларының көркемдігін сезіне білуге жағдай жасау.

Көрнекіліктер: Абай суреттері, шығармалары.

Сабақтың мақсаты: Өткен сабақты қайталау.

Абайдың өлеңдерін бірнеше оқушы жапқа айтады.

Сендер қысты, жазғыпұрын неге ұқсатасындар? 1-оқушы: Мен қысты жаман, ашулы адамға ұқсатамын. 2-оқушы: Мен жазғыпұрын әлемі гүлді көблегі бар қызға ұқсатамын.

Абай шығармашылығының мағынасын әрі қарай ашатын сұрақтарды қоспа кестесін толтыру. Топтық жұмыс:

1-топ: "Қыс" өлеңі. 2-топ: "Жазғыпұры" өлеңі. 1-топтың жұмысы:

<b>Өлеңнің бізге ұнаған жолдары</b>	<b>Біздің пікіріміз</b>
Ақ киімді, денелі ақ сақалды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық. Бұлғтай қасы.	Абай ақын өлең сөздің шебері. Оның қысты түсі суық адаммен салыстырғаны ұнады.
<b>2-топтың жұмысы:</b>	
<b>Өлеңнің бізге ұнаған жолдары</b>	<b>Біздің пікіріміз</b>
Масатыдай құлтырар жердің жүзі. Ата-анадай елкірер күннің көзі. Сыбыр қағып, бұрандап ағады су.	Ақынның жерді масаты кілемге, күннің көзін ата-анаға теңегені өте ұнады. Су бұрандап ағады деген жолдар тамаша.

Кестені толтырғаннан кейін топтан бір-бір оқушы дауыстап оқып береді.

III. Ой толғаныс.

Топтық жұмыс:

1-топ Абайдың "Қыс" және Төлеген Айбергеновтың "Аппак қыс" өлеңдерін салыстырады.

2-топ Абайдың "Жазғыпұры" және Лияс Жансүгіровтің "Көктемде" өлеңдерін салыстырады. Салыстыру үшін "Даралық кестесін" пайдаланады.

1-топ:			2-топ:		
Абайдың "Қыс"	Ұқсатымы	Айбергеновтың "Аппак қыс"	Абайдың "Жазғыпұры"	Ұқсатымы	Жансүгіровтің "Көктемде"
Ақ қырау, суық, қар жауады, долданады, үй шайқалтады, бет қаратпайды.	Қыс жыл мезгілі.	Қыс аппак, сақылдайды, ақ сеу-келе келеді, іздер жатыр. Ақ қыс – сұлу. Қыс – ақ өңемі. Қыс күні сүйкімді.	Қыстың сызы жоқ. Жер масатыдай. Күннің көзі елкірер. Мал төдейді. Көбелек, құстар ұшады. Су ағады.	Жыл мезгілі.	Жауын жауады. Өзен тасиды. Қаз қаңқылдайды. Шаң шықты. Сыз келті. Тұман жоқ. Көктем күн нұрын септі. Құстар келді. Мал төдейді.

Үйге

"Қыс" туралы өлеңдер жинастырып әкел.

Қыс туралы бір өлең бойынша сурет сал, прозалық әңгіме құр.

6-сынып. Қазақ әдебиеті.

Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев. Ғылым таппай мақтанба.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылар Абай шығармалары туралы білімдерін дамыту.
2. Өлең мәтінін өздік оқу, аудару жұмыстары арқылы оның мағынасын таниды.
3. Өлең мазмұнынан оқушы білім-ғылымның адамға керек екенін, қандай нәрсе керек, қандай нәрседен аулақ болу керек екенін ұғынады.

Көрнекіліктер: Абайдың шығармалары.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сөйлесу.

Сабақтың VIII кезеңі.

(Ой қозғау, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдері)

ББ Ү кестесін толтыру арқылы жүргізіледі.

Оқушы толтырған кестенің бір нұсқасы:

Білімі	Білім келесі	Үйрендім
Мен қазақ халқының ұлы ақыны Абай туралы білсем. 5-сыныпта Абайдың "Қыс", "Жазғытуры" өлеңдерін оқыдым. Олар табиғат туралы.	Мен Абайдың балшық шағы туралы көп білім келесі. Басқа шығармаларымен танысып келеді.	Мен бүгін Абайдың өмірбаянымен теренірек таныстым. Оның "Ғылым таппай мақтанба" өлеңімен таныстым. Ол бізді білім-ғылымға шақырады.

Кестенің бірінші бағанын оқушылар 5-сыныпта алған білімдері негізіне толтыралы (бұл ой қозғав).

Кестенің 3-бағанын толтыру үшін оқушылар ақынның өмірбаянын, "Ғылым таппай мақтанба" өлеңін кезекпен оқиды, орыс тіліне аударалды. Аудару барысында сөздікпен жұмыстар атқаралды.

3) Кестенің 2-бағанына оларды Абай өмірінен не қызықтырады, соны жазады (бұл ой толғаныс).

III. Ой толғаныстың жалғасы ретінде кесте толтырады:

Адамға керек қасиеттер	Оқушының пікірі
Таям, еңбек, терің ой, қиялет, рақым. Ғылымға ұқсау, ғылымға көңіл бөлу. Жамандықтан қашу. Сөзіне қарай кісіні таңу.	Ақынның өлең жолдары адамды жақсылыққа үйретеді.

Үйге

Жаңа сөздерді жапқа білу.

Берілген өлеңді жапта.

Адамға зиянды қасиеттерді жазып кел.

7-сынып. Қазақ әдебиеті.

Сабақтың тақырыбы: Абайдың қара сөздері.

Сабақтың мақсаты:

Оқушылар Абайдың қара сөздерімен танысады, бұрығыдан бар білімдерін кеңейтеді.

Оқушылар мәтінмен топтық жұмыстар істеп арқылы Абайдың 38-қада сөзінің мағынасын ашады. Абай шығармаларына қызығушылық танытады.

Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасы

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы классик ақыны, ағартушы демократы, ұлттымыздың рухани мақтанышы. Абай өз ауылында арабша хат танығаннан кейін, он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс классиктері: Низами, Сағди, Хафиз, Науай, Физули еңбектерімен танысып, тағылым алады. [2]

Абай ақыл-ой санасы толысқан шағында ел билеу ісінен аулақтанып, ақындық өнер жолына түседі. Өз бетінше шығыс, батыс, орыс елдері ақындарының, ойшыл оқымыстыларының еңбектерін оқып, білімін толықтырады. 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер Михаэлиспен танысып, дос болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын кұушы, демократ-революционер еді. Михаэлис арқылы Абай айдаудағы орыс демократтары: доктор Долгополовпен, табиғат зерттеушісі, тарихшы Леонтьевпен танысады. Солар арқылы ол орыстың белгілі ақын-жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл-демократтар: Белинский, Герцен, Чернышевский, Лоболубов; Батыс Еуропа ақынларымен: Гёте, Байрон, философ ойшылдарынан: Спенсор, Спиноза, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысып, тәлім-тәрбие алады. [11]

Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады.

Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кенінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсекызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіннен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. [21]



Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезін қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді. [2]

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Булар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... Ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды.

Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір-бірімен байланыста, үнемі өзгерісте, дамула болады, адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады. [25]

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп, рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрүшілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысшыларға Абай мейлінше қарсы болды. Ондағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла  
Талап қыл артық білуге,  
Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды. [4]

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, паракорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың  
Салтықов пен Толстой  
Я тілмаш, я адвокат.

Болсам леген бәріңге ой - леп сөкті. Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен», - дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімге деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған, болыс болған мақсат емес,  
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған. [8]

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімге ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол: «Барынды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылымда орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті оны білгенге дүние арзанға түседі»<sup>1</sup>, - деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті.

«Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,  
Буларды керек қылмас ешкім қалап...  
Терей ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуге қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді. [7]

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қаптайлық қайғы ойпалық үлғайлы арман,  
Шошымын кейінгі жас балалардан,  
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, - деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтынларды мейлінше жек көрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ,  
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, күйзеле жазады ұлы ақын. [4]

Гуманист – акын Абайдың XIX ғ. орта шенінде халқымыздың бойыншағы жағымсыз қасиеттерді қатты сынға ала отырып, айтқан ойларының, көтерген өзекті мәселелерінің бүгін де маңызды, күн тәртібінен түспей отырғандығын атап өткіміз келеді. Абайдың айтқан ойлары бүгінгі Мақатаев сияқты ақындарымыздың ойларымен үндесіп жатыр.

Табиғатты айтсын мейлі, махабатты айтсын, адамның ары мен арманын айтсын, жан түршіген міні мен арамза мінез-қылығын айтсын, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали ағынан жарылып айтады, әрбір өлең жолынан ақынның жүрек лүпілін естіп, жан айнасын көреміз. алам бойында әлі де арылып болмаған сұмдық пен сараңдылықтан жеріміз, жамандықтан түршіге түңлеміз. Сондықтан да ол:

Мамсақорлардың қасынан  
Шықпайтындарға ашынам !  
Жалданып өскен жасынан  
Жағымпаздарға ашынам !  
Өзіңе ғана бас ұрам,  
Сенесің бе, Отан осыған !?

Алаяқтарға

ашынам

!

Ашынам-дағы тасынам

Құнымды несін жасыраам. - деп алам бойындағы жағымсыз мінез құллықты ашына сынға алды. Мұқағали айтқандай, осы жағымсыз қылқықтар да бүгін де арамызда бой көрсетіп қалады. [7]

Сол кезде Абайдың көтерген мәселелері бүгін де маңызды, өзектілігін ерекше айта кеткен жөн.

Абай тарихқа ең алдымен кеменгер ойшыл акын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор. идеялық деңгейі жоғары болып келеді.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін»,  
[4]

- деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды. оның көкірегі оятып, оны надандықтан, жаман қылқықтардан сақтантып, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

Абай өзінің өлеңдерінің бәрінде:

«Калың елім қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұрттың,  
Жақсы мен жаманды айырмадың

Бірі қан, бірі май боп еңлі еккі ұртын» – деген сөзбені ләлел бола алалы. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тиіс айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты. [2]

Абай өнер-білім алуға шақырды. өмірде өз орнын тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге. тетігін тап та, бар қалаң!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,

Аздырап алам баласын». - деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жиірентірді. [4]

Ол А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовты ұстаз тұтты, олардың өлеңдерін, И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударды. Мәселен, «Татьянаның хатын», «Онегиннің хатын» аударып қана қойған жоқ, оған ән де шығарды.

1840 жылы М.Ю.Лермонтов Гетенің «Жолаушының түнгі әні» деген өлеңін «Горные вершины спят во тьме ночной» деген атпен аударған болатын. Гетенің бұл өлеңі көптеген ақындарға, композиторларға әсер етті. Ол Абайдың да жүрегіне ұялады. «Қаранғы түнде тав қалғып, ұйқыға кетер маужырап» деп аударды. Сонымен қатар, Абай шығыс мәдениетінен де нәр алды. Фирдоуси, Науай, Низами, Хафиз, Сағди шығармаларына еліктеді.

1995 жылы бүкіл еліміз Абайдың 150 жылдық мерекесін ЮНЕСКО шешімі бойынша әлем болып тойлады. Ұлтымыздың рухани мақтанышы, ұлы гуманист, акын-ағартушы Абайдың ғылыми-педагогикалық мұрасының зерттелуі жайы туралы және Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны туралы айтқанымызда ұлы ғұлама ойшылдың педагогикалық мұрасын алғашқы зерттеушілер, педагогика тарихы саласындағы көрнекті қазақстандық ғалымдар, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Т.Тәжібаев, К.Б.Бержанов, Ә.У.Сембаев, Қ.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Ұлы гуманист-ақынның педагогикалық, тағылымдық мұраларының мәні мен маңызы бүгінгі таңда да өміршең, өзекті екендігін дәлелдейді.

XX ғасырдың басында бір кезде Шокан, Ыбырай. Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар жалғастырды. [17].

Абайдың ағартушылық ой-пікірлерінің маңызы

Абай – Семей өңіріндегі алғашқы мәдени-ағарту ошақтарының ұйымдастырылуына ұйытқы бола жүріп, сол кезегі білім беру жүйесінің көптеген мәселелерімен танысты. педагогиканың қып-сыпына қанықты. Әсіресе екі қоғамдық ұйымның жергілікті кітапханалар мен музейлерді жабдықтауға араластырылуы, соған сай көптеген ғылыми басылымдар мен құнды деректердің жинақталуы көп септігін тигізді.

Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырмен де, ғажалияларымен де жеткізе білді. Ойыптыл ақынның ағартушылық тұғырлары педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – "Толық адам" етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана "толық адам" санатына қосылады деп есептейді. Ал кемелдікке жетудің тұра жолы — адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады. Тәрбиенің қалған түрлері – адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене тәрбиесі, бәрі де осындай мұсылмандыққа ден қойған жастың бойына тез үйірмді деп пайымдайды. Ол өз

заманындағы мектеп медреселердің қызметіне көңілі тоймайтындығын үнемі байқатып отырады. Әсіресе, дүмше молдалардың баланы бұрыс уағыздап, теріс жолға салынатынын айта келе, ұстаздың тұлғасын ерекше жоғары қояды, оларға үлкен сеніммен қарайды.[24]

Абайдың ұстаздық ойларының ішінде білімді өмір бойы игеру, оны кітаптан іздеу, өз бетінше оқу, естіп білгенді есте сақтау мәселелері айқын көрініс тапқан. Өз басындағы тәжірибесі болар, Абай әр шәкірттің өзін-өзі ғылым мен білімге жетелейтін жолдарын көбірек сөз етеді.

Нәресте дүниеге келгенде-ақ оның бойында екі құмарлықтың - "тән және жан құмарлығының" бірге болатыны, соның соңғысын - "білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен" деп бөледі. Дәл осының өзі ойшылдың педагогикалық көргендігіне айқын мысал. Білімді игерудің нәтижесі үш сапысы - кез келген жаңалықты білудің естуден басталатыны оны түсіну үшін әр шәкірт өзі не оқып, не көруі қажет екендігін, ал содан соң барып қажетті жерді пайдалануды үйрететінін айқындап беріп тұр. Әрі бұл оқуының сапасын анықтайтын білім, білік дағдымен де сәйкес келеді.

Жалпы, ағартушы ретінде Абай білім алу жолын нобайлап айтпайды, оның қалай оқу керек, ал меңгерген білімді қалай өмірде қолданып, жүзеге асыруға болатындығы жөнінде ойлары осы заманғы педагогика тұрғысынан өте орынды, әрі байыпты. Білім шәкіртке сөз арқылы беріледі әрі ақын ретінде Абай көбіне сөз құдіретіне жүгінеді. Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кездей келе ұлы ақын білімнің нұрлы сырын көруге "Жүрегі-айна, көңіл-оаяу", көкірегінде көзі бар, ынталы, сөзді баяу тыңдайтын шәкіртті іздейді. Ол бұрыннан да ізденгіш. "өз өнері таяу тұрған", сөзді тез ұғатын болса тіпті ғанибет. Абайдың айтқынша, адамның білімге құштарлығы оны тәрбиелі етеді.

Ақын ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, оны "я тілмаш, я адвокат болу" ғана жүрген жастарды сынап, ғалым болу үшін ғана емес, сол алған білімін туған халқының мәдениетін, экономикасын, сана-сезімін көтеруге үшін жұмсауға шақырады. Ойшыл ақын ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі. Бірі - білімді ақиқатты тану, азамат болу үшін үйренушілер де, екіншісі - бақастық, яғни бірден өз, артық болу мақсатын көздеушілер. Ақын ғылым жолын қалаған жастарға ғылымды жеке басының қамы, бақастық үшін емес, халқына адал қызмет ететін жан-жақты жетілген, білімді - "толық адам" болып шығу үшін үйренуге ақыл айтып: "үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадат болмайды" деп, оларға тынбай талаптануға, үздіксіз үйренуге кеңес береді. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көпсеқызап болмай, өнерлі үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Ол оқу-ағарту саласындағы таптық, ұлттық және мүліктік шектеулерге қарсы шығып, оқитудың ана тілінде жүргізілуіне баса назар аударды. Ол жеке адамның қалыптасуына оқу-ағарту ісін ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен тығыз сабақтастырады. Ақын түсінігінде адамгершілік тәрбиені құрайтын қасиеттер: адам баласын сүйу, адамдардың бір-біріне адал, мейірімді және бірлік, ынтымақта болуы. Ол адамгершілікке баулу да жастардың сол замандағы мінез-құлық ақымақтарын өз бойларынан алшақтатып олардан арылтуға, өзін-өзі тәрбиелеуге өсиет етті. Жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай:

Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: "Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен есеп ал". - деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.[13]

"Жаман тату қазады өзіне ор.

Оған сенсең бір күні боларсың қор" - деп жалған достықтың бет пердесін әшкерелеп, жастарды жағымсыз жалған қылықтан сақтандырады. [1] Ақын нағыз адал, шынайы достықтың құдіретті күшіне терең талдау жасайды. Ол - құрбы-құрдас, дос-жолдас болып жүріп, көзі жоқ жерде жолдасын жамандап, келіке ететін екіжүзді залымдарды сынға алып, оларға адал достық пен шынайы жолдастықты қарама-қарсы қояды. Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеу де гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алады. Абайдың ұлттар достығы, интернационалдық тәрбие жайлы ойлары өз халқына деген сүйіспеншілік сезімінен туындайды. Көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне, жетістіктеріне үніле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтты. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие үлгілерін батыл насихаттады. Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастап жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулады.

Абай жастарды еңбекке баулу да күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берді. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескеріп, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін еместігін атап көрсетті. Сондықтан баланы ұлағатты азамат - "толық адам" етіп тәрбиелеу үшін ата-аналарының өздерінің сан дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. Ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері - оның адамгершілік, еңбек сүйгіштігі отбасы, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, ері ақылды, әйелі мінезді боп, тату болса, үстіндегі үй жұмаққа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасына суынып, ел кезіп, қылыр-ымпаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады. Абай бала келешегіне қамқоршы ұстазы - әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орнын да ерекше бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусындап өсуі оның ана қасиетін биік тұғырдан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше қастерлеуді. Ананы өз баласының алғашқы ең аяулы тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалына Абай педагогикалық тұрғыдан жан-жақты таллап жасап, өрелі тұжырымдар айтты. Ол қыз балаларды жұбайлық өмірге балғын шақта, жинақы болып жүріп, тұрмыс құрған соң берекесі кетіп, салақ әйел атануы, әсіресе қарекетсіз өскен бай қыздарының жастайынан еңбекке етене араласпағанынан деп білді. Сондықтан аналарға қыз бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрді басшылыққа алуды ұсынады. Халық тәрбиесінде абзал аналар есейе бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды Абай қатты құрметтеп, қалынлық ізлеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берді. Ол өзінің қызы Құлбаданның сауатты болуын қолдады. Ең болмағанда хат танып, оқу-жазуды игеру керектігін ескертті, маңайындағы адамдардың қыз балаларының сауатын аштырып, өлең-жыр көшіртіп, ән мен музыкаға баулады. Ол тұрмыс құрар жастарға қалыңдықты көркі мен сымбатына

ғана қарап бағаламай. оның аламгершілік қасиетіне. ішкі жан-дүниесіне. ақыл-парасатына. көргендігі мен тәрбиелігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсетті. Абай болашақ отау құрушы жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге алдын-ала әзірлеу керектігін ескертті.[24]

Абай шығармаларының жастарды тәрбиелеудегі рөлі

Абай Құнанбаев жастардың жалынды ақылшысы болды. Оның шығармаларының барлығы дерлік ғибратты тәрбиелік сипатта келіп отырады. Абайдың пікірлерінің көпшілігінен-ақ жастарды тәрбиелеу, оқыту жөнінде айтылған методикалық және дидактикалық қағидаларды табуға болады. Мұның үстіне Абай соның бәрін терең психологиялық дәлелдермен баяндайды.

Абай Құнанбаев алам жанының нәзік сыршысы. терең білгіні болды. Өзінің көптеген өлендері ұлы сөз ұстазы адамдардың психологиялық көңіл-күйінің ерекшеліктерін айрықша шеберлікпен аша білуі әлде қалай емес.

Өз шығармаларының көпшілігінде Абайдың қазақ халқының ортасында орын тепкен нағандық пен мәшеулікке қарсы күрескенін жоғарыда айттық. Ол өз шығармаларында халық ішіндегі қарны тоқтарға, қайғысы жоқтарға, рухани азықты ұмықандарға, еңбексіз мал тауып, біреудің есесінен байғысы келетіндерге, тоғышарлық өмірдің, думан-тойдың қызығына белшесінен батқандарға, жағымпаздықпен, жаламен ұлықтардан мақтау алғысы келіп, шен-шекпен құмарларға қарсы күреске аттанды.[24]

Адал еңбектен бойын аулақ салып, өтірік-өсекпен, аста-төкпен өмір сүрген адамдарда акын қатты түйреп отырды: ауылдан-ауылға қыдырып, думан мен сөз қуып жүретін еңбексіз жандарды, ақыл мен адамшылықтан безгендерді, өзі білмей, білгеннің тілін алмай өткен кереғар-кербездерді, сырты бүтін болғанмен іші түтін халыққа қас адамдарды, мақтан үшін, мансап үшін, ұлық болғысы келетіндерді акын өлтіре шенейлі.

Наданға арзан, ақылды құлаққа ілмек.

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек, - дейді Абай.[2]

Ұлы ағартушы өз айналасында болып жатқан барлық әділетсіздікті, өтірік пен алдауды, жаулықты, нағандылық пен қараңғылықты көрді. мұның бәрі қазақ халқын орға жығады. жас ұрпақтардың тәрбиесіне теріс ықпал тигізеді деп білді. ал ұлы ағартушының бап үміті – жастар елі, сондықтан ол халықты әсіресе жастарлы аламгершілік түрғылан тәрбиелеу жолында күресіп, бар дауыспен қараңғылыққа, ескілікке қарсы майданға шықты. Адамгершілік деген ұғым оның әрбір шығармасынан дерлік айқын және күшті түрде көрініп отырады. Ол адамгершіліктің жаулары – дәулетілерді ұлы тілмен түйреп, келсе етеді, ал жастарды өздерін жоғары адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге шақырады, ал адамгершілік қасиеттер дегеніміз білім алумен, өнімді адал еңбек етумен ғана пайда болады.

Абай нағыз пайлалы еңбек леп ән түрлі колөнерлі егіншілікті және білім алуды, оқуды есептеді. Ақыл – білім алу күрделі еңбек арқылы келеді деп философиялық тұжырым жасады.[15]

Әр алуан айла-шарықпен әуес болып, еңбекке қырсыз қарап жүрген жастарды көріп, ол бұлардың келешегінен қауіптенеді ("Өкінішті көп өмір кеткен өтіп" деген өлеңінен қараныз), сенімі жоқ, серменде, жалқаулыққа, өтірік пен мақтанға берілген, адамдық қасиеттерден ат тонын ала қашқан бозбалаларды қатты шенейді.

Надандарлы Абай терең ойы жоқ, қайраты жоқ, басқанын ақылымен, айтқымен күн көрген, терің сатпай телміріп көзін сатқан, қамсыз, бейшара таяз ойлы адамдар ретінде сипаттайды. "Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде" деп олар үшін өкініш білдіреді. Осы бір арсыз надандар, дейді ол, білім бергісі келген, мінездерін түзегісі келген ақылдан теріс айналады, ондай ақылды салқын тыңдайды. Басында миы жоқ, өзінде ой жоқ адам адамшылық ақылды арзан санайды. Өтірік-өсек тарату, біреуді аяқтан шалып жығу – бұлардың кәсібі осындай дейді Абай. Ол жастарға пайдалы кәсіппен шұғылдануға кеңес береді, мұндай кәсіптің материалдық жағынан да, рухани жағынан да аламға беретін игілігі көп деп біледі. Қастаншыл, жікшіл болма, бос белбеу іссіздіктен, қамсыздықтан бойыннан қашыр, ерінбей еңбек істе – міне ұлы ағартушының айтқандары осындай. Осы жөніндегі ойын ол "Сегіз аяқ" деген өлеңінде былай баяндайды:

... Еңбек қылсаң ерінбей,

Тояды қарның тіленбей

Егіннің ебін.

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Адал бол, бай тап,

Адам бол, мал тап,

Қуансан, қуан сол кезде...

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын,

Таласып босқа,

Жау болып досқа.

Көр болып, құрып барасың,

Өтірік шағым болды ғой.

Өкінер уақытың болды ғой... [4] Абайша айтқанда да, еңбек сүйгіштік – адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келген жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайлы. рухани қайнат бепелі

Абай былай дейді: "Егер еңбек етпесең – онда сен телмірумен өтесің, қарыныңды да, көңіліңді де жұбата алмайсың. Тек еңбек қана саған абырой мен күрмет әпереді. Еңбекте кірлі жұмыс жоқ, несімен болса да бой тартпа."

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас.

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жүсан да мал тауып кел.

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас.

Сұм нәпсі үйір болса тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмассың ондай істен,

Мал кетер, мазан кетер, ар бұйырмас,  
Асаған, ұрттағанға сөз жұбанар,  
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,  
Қардың суы сықылды тез суалар.

Әралуан колөнершілік, егіншілік пен оқу, білім алу – осының бәрін Абай нағыз пайдалы еңбек деп санайды. Осылармен шұғылдануға жастарды шақырады.[14]

Жас адамдардың бастапқыда әлі таза тұрған, ешнәрсемен кірлемеген жаны әрнеге сенгіш болатынын айта келіп, Абай оларды надандықтың, азғындық пен кеселдің дертті ықпалдарынан сақтап қалуға тырысады.

"Жас өспірім замандас қапа қылды" (1894) деген өлеңінде ақын жастардың бір бөлігінде сабыр, ар жоқ, аял жоқ, өнерлі іске икем жоқ деп мазаланады. "Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс" – дейді ол. Олардың пайдалы еңбекке қабілетсіз, біліміне ынтасыз екенін, еңбек емес, еппен тұрғысы келетінін айтады. Өзінің көптеген шығармаларында, әсіресе сүйікті ұлы Әбдрахманның, інісі Оспанның өлімдеріне байланысты жазған өлеңдерінде, "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат", "Интернатта", "Сегіз аяқ", "Көзінен басқа ойы жоқ", "Жастықтың оты жалынпап", "Жас өспірім замандас қапа қылды", "Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап", "Ұяламын дегені көңіл үшін" деген өлеңдерінде және басқаларында, ғақлия сөздерінде Абай патриотизмнің, ерліктің, табандылық пен қайсарлықтың, аламгершіліктің, адалдық пен шыншылдықтың, кішіпейілдіктің, еңбек сүйгіштіктің, білімге құмарлықтың, ақыл-парасаттың ығыздаушысы болып көзге түседі.

Тұған еліне қызмет етуді Абай өз өмірінің басты мағынасы деп білді; тұған елі мен халқының ұлы мұраты үшін ол "махаббат ғадауатпен майдандасқан" зор күреске аттанды.

Абайдың достық туралы пікірлері оның адамгершілік гуманизм идеяларымен тығыз байланысты. Абай адамның бәрі бірдей, оның түсімі, өлімі – бәрі бір. Оларды айырмасы ақылында, мінезінде деп бағалайды; басқа дәулет дәрежемен озым деп бос кеуде керушілік, орынсыз және надандық деп біледі.

Адам өмірінде достықтың зор маңызы бар. Ақын Абай талас-тартыс, ду аралық қатығыс қазақ халқын тоздырады деп білді. Еркіндік иен шындыққа қазақ халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғандай достықпен ғана жете алады делі ол.

Ол жастарға әліл лостықты, қалтқысыз, бүкпесіз достықты тіледі. Достық – өзара сыйластық, өзара сенім, өзара берілгендік, адалдық деп білді.

Бірақ досты таңдай білу керек дейді Абай, дос дегенін қас болып шығып, өмірлік өкінішке қалып жүрме. Кейбір достар – уақытша дос, ондайлар бүгін дос, өйткені сен жақсы жайдасың; ертең дос емес, өйткені сен тығырықта, сәтсіздік үстінде тұрсың; мұндайлардың достығы – амал достық. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бүлт палса, ізлеп таба алмайсың, сондықтан жылманлыққа сеніп, қапы қалма, бір күнлікті лос леп білме. "Лосы жоқпен сырлас, досы көптен сыйлас; қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол" дейді Абай өзінің 38-ші қарасөзінде.[24] Жаман дос сенің сенімді пайдаланып, өзіңе ор қазады, отқа итермелейді. Тек ары бар, ұяты бар жанға ғана сену керек. Баянсыз дос жөнінде ақын былай деген:

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,  
Тілеуі жақындығы бәрі сату.

Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас, қайта айнымас, қайран тату.

Ақынның өз басы өмірінде дұшпанның айла-амалын көп кездестірді, халық сүйген ақынды халықтың дұшпандары – дәулет иелері көре алмады, оны мерт етуді талай ойлады, сондықтан Абай пасық жандар туралы өлеңдерінде ерекше күймен айтады.

Ақын балалар достығының ерекшеліктері туралы да айтқан. Ол былай деген: балаларда нағыз достық болмайды, олардың достасуы да, қастасуы да оңай. Сондықтан, көбінесе болатынындай, балалардың ұрыс-қағысына араласу, есесі кеткеніне болысу дұрыс емес. Балалар ауыр ой мен қайғыдан аулақ, олар кіммен болса да достаса кетеді. Балалықта қиял жақын болып көрінеді, қуаныш та, қызық та, құмарлық та шектен тыс мол болады. Жалпы адамды ізгілікке тәрбиелеудің ерекше белгілерінің бірі кішіпейілділік деп білді Абай.

Мақтаншақтық – адамның жауы, ол теріс жолға салады. Мақтаншақтық - надандық белгісі. Кішіпейіл болу керек, шеңберден шықпау қажет, артық айтып, семіз шық; азға қанағат қыл – міне Абай кеңесі осындай.

Абай өз шығармаларында бір адамға қажет болатын жақсы өсиеттерді тізіп береді. Ол қасиеттер – адалдық, ақылды іс, батылдық, орынды өжеттік, білмекке құмарлық, ғылымға құнықтық; қайрат-жігердің жастық дәрежеде болуы, ақыл-ойдың егделігі, пікір-ой мен дүние танудың өрістілігі. "Лосқа – жылы көктемдей, жауға – суық аяздай бол" – міне Абай ұраны осындай. Ақын жастарды тәрбиелеуде әдебиеттің, ең алдымен поэзияның көрнекті орын алатынын да айтты. Бірақ поэзияның тәрбиелік маңызы болу үшін оның тек көркем жазылуы жеткіліксіз, ол сонымен қатар әр адамға түсінікті де болып, тілге жеңіл, жүрекке тиіп келуі керек.[27]

Ұлы ақын Абай қараңғылық жайлаған сахарда түнерген түндегі жанған оттай жарқырап, жол көрсетті. Ол нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол осы мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Сондай-ақ ол мұрат пен шындықтың қатынасы туралы ой тербеді. Ойшыл өмірінде мұрат пен шындық әрқашан дәл келе бермейтінін жақсы түсінді. Осыған қарамай ол нағыз адам ұғымынан тым алшақ эмпирикалық өмір сүруші шынайы адамды сын тезіне салды. Нағыз адамды, білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылым сүйгіштік қасиеттер анықтаса, шынайы адам сүйкімсіз, ойлаудан, ғылымнан жырақ. Егер мұраттағы адам иманды, қарызы мен парызын түсінетін болса, шынайы адам келенсіз қасиеттен арылмаған. Егер нағыз алам белсенді қызмет енгеніне апқа сүйей алса, ал шынайы адам жалқау, іссіз, жатыпшыер. Міне, сондықтан Абай шынайы өмір сүруші адамды, замандастарын жан-жақты әшкерелеуді, сынауды адамзаттық парыз санады.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері

Көркем қара сөз қазақтың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннан басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қара сөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті.

Бірақ Абайдың кара сөздерінің өзінше ерекшелігі бар. Оның сөйлем құрылысы да басқашалап болып келеді. Сөздерінің көлемі аз болса да, мағынасы терең. Көпшілігі-ақ сұрау-жауап, не өзімен-өзі кенесу болып құрылады. Бұл - батыс, орыс елдерінің ұлы адамдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, тағы басқа мәселелер туралы өз көзқарастарын айтқанда, олар осы әдісті пайдаланған. Түбі сонау ескі гректердің философияларында жатыр. [24]

Абайдың кара сөздері мен өлеңдеріндегі идеялар бір-біріне қабысып отырады. Әйтсе де оның кейбір кара сөздерінде өлеңдерінде жоқ тақырып, тіпті кейбір қайшылықтар да кездеседі. Бұл еңбектерінің көпшілігінде бұрын қозғалмаған, тың соны пікірлерді қозғайды. Өз кезіндегі ақындардың ешқайсысының басына келмеген әлеуметтік зор мәні бар мәселелерді сөз қылады.

Абайдың кара сөзді, өлеңді қатар қолдануы таңғаларлық нәрсе емес. Өйткені ол өз заманының мәдениетті аламы болды. Сондықтан дүниеге өз көзқарасын кейінгілерге жазып қалдырып кетуді азаматтық борышым деп білген. Өз елін өзгелердің қатарына жеткізуге, дұрыс жолға салуға көңіл бөлген Абай өзінің бұл мәселеге не үшін кіріскендігі жайлы: «Ақыры ойлады, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алың, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім, басқада ешбір жұмысым жоқ», - деп, өз ойын, өзінің өмірге көзқарасын кейінгілерге жазып қалдыруға бел буады.

Абай - лана акын. Әрбір лана алам қай кезде болсын, өмірлі, өз айналасын бақылай отырып, одан өзінше қорытынды шығарады, өмір туралы аз сөзге көп мағына сыйғызып, өз көзқарастарын кейінге қалдырады. [8]

Абайдың кара сөздерінің жалпы саны - қырық бес. Бірақ өте қысқа, кейбір кара сөздері бір бет, жарты беттен құралады. Солай бола тұрса да, әрқайсысы өз кезіндегі әлеумет өмірінің ең керек еткен күрделі мәселелеріне арналған. Көп әңгімелерінің өзінше тақырыбы, өзінше идеялық мазмұны болғандықтан, бөлек әңгіме болып саналады. Бірақ бұл айтылғандардан оның кара сөздерінің ішінде мазмұны жақтарынан өзара жақындық жоқ деген ұғым тұмауы керек. Оның кейбір әңгімелері кейде тақырыбы, кейде мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыра түседі. [13]

Абайдың "Жетінші сөзінде" ұшырасатын "жанның тамағы" деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: "... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы елі" — деп қайыпа түсінік беріп отыр.

Абайдай ұстаз ақынның бұл "Жетінші сөзде" көздеген мақсаты адамның бойында тұра пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен "Ғылым таппай мақтанба" сияқты өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол "жанның тамағы туралы" ұғымды өз заманының түрғысынан келіп, "алам болу" үшін қажет көп кепектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы:

Адам болам десеңіз...

Бес нәрсеге асық бол,

Бес нәрседен қашық бол...—

деген жолдар да жатыр.

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған.[25]

Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың мольғуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы рәуішті пікір Абайдың "Он тоғызыншы сөзінде" де қайталап алады. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай "Он тоғызыншы сөзінде": "Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниелегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады",— деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Абай кара сөздерінің жалпы санының ұғыну үшін оның бірнеше сөздеріне тоқталамыз. Мысалы. «Жетінші», «Отыз бірінші», «Он тоғызыншы» сөздері ілім-білімді, оны қалай игеру жөніндегі ақынның ой-пікірін аңғартады.

Өзінің «Жетінші сөзінде»: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: бірі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демектік, не көрсем, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызғыға аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-көней болса, лавсына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу келсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «бұл немене» деп, «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. [25]

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса дендеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген сон, ол жан алам жаны болмай, хайван жаны болады», - дейді.

«Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: ұайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайла болу секілі. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер».

Абайдың бұл әңгімелерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірісі аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім-білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Бірлік алды - тірлік» дейді. Ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар... Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде

әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады... Тірлік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады, өзін тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Ал еңбекпен ерінбей мал табуға жігер қыла алмайсыз.

Кеселді жалқау, қылжақ бас,

Өзір тамақ, әзір ас,

Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап уялмас. -

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, біріннің үстінен бірі арыз беріп пәлелеу, ауызбірліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен туатынын дәлелдей келіп, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, кейінгі ұрпақтар үшін құндылығы да осында.

Ұят - адам болған жерде бола беретін мәңгілік нәрсе. Қандай қоғам болса да, әдеп, әркен, мінез-құлық, жүріс-тұрыс іс-әрекеттердің сол қоғам құрылысының заңына бағыныңқы белгілі бір нормасы (өлшем-шегі) болады. Сол нормаларды бұзу - ұят. Кейде ұяттың жалпы адам баласына ортақ түрі болмақ. Қай халықты алсақ та, ұятқа үлкен мән берген. Діншілдер, тіпті ұяттың бір жағын дінге тіреп, ұятты сақтауды парыз дәрежесіне дейін көтерген. «Қазақта «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақал да ұятқа үлкен мән бергендігін көрсетеді. Ұятсыздық – өмірдегі ең бір сұрқия қылық. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп, ұрпақтарының ар-ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Бұл әңгімесінің күні бүгіннің өзінде де тәрбиелік мәні зор.

Абайдың кейбір қара сөздері қазақтың мақал-мәтелдерін талдауға, мәнін ашуға арналады. Мысалы, «Бесінші сөзі», «Жиырма тоғызыншы сөзі». Бұл сөздерінде ақын қазақтың мақал-мәтелдерінің ішіндегі ең теріс дегендерінің, жақсылыққа емес, жамандыққа тәрбиелейтіндерінің астарлы сынын ашалай. [25]

«Мал - адамның бауыр еті», «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Малдың беті жарық, малсыздың беті шарық», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Өзінде жоқ болса, әең де жат», тағы басқа мақалдарды келтіреді де, оларға төмендегіше талдау береді.

«Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейлі екен, бірақ мал үшін қам жейлі екен, бірақ бап білгені малшыларды аллап алмақ, яки мақтап алмақ екен, бермесе, оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек», - дей келіп, «Жиырма тоғызыншы сөзінде»: «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар. Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма», - дейді. Ардан кеткен сон, тірі болып жүргені құбысын. «Қалауын тапса, қар жаналы». «Сұрауын тапса, алам баласының бермейтіні жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой... [24]

Абай өлеңдеріндегі нақыл сөздер

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз әдебиетін алсақ, үлкен бір саласы болып саналатын тұр ақыл, нақыл сөздер деуге болады. Күні бүгінге шейін бұл екеуі қосылып, бірнеше рет қазақ тілінде кітап етіліп шығарылды. Бірақ олардың ешқайсысында айтуға тұрарлықтай бұл мәселелерге талдаулар берілген емес. Халық әдебиетіндегі аз сөзбен көп мағына беретін қысқа-қысқа терең мағыналы сөздерді нақыл сөз, не мақал-мәтел деп атап, жинап бастырумен ғана қанағаттанып келінді.

Бізше, күні бүгінге дейін «мақал-мәтел», «нақыл сөз» делініп келген, не олай деп айтылынбаса да, сол тектес сөздерді мағынасына, құрылысына қарап ақыл сөздер (дидактикалық сөздер), нақыл сөздер (афоризм) деп екіге бөлу керек тәрізді. Мақал-мәтелдер өздерінің мазмұнына қарай, кейбіреулері ақыл сөздер тобына, кейбіреулері нақыл сөздер тобына жатуға тиісті. Бұл екеуінің айырмасы қайсы? Бізше, бірі өмірді танытады. Екіншісі, өмірге жетектейді.

Ақыл сөздер – халықтың кейінгілерге қалпырған өсиет-ақылы, өмір –тіршіліктеріне жетекші басшылық. Сондықтан оның мағынасы ашық, ұғуға жеңіл, көпшіліктің бәріне түсінікті, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көркемдеп айтылған үгіт-насихат.

Нақыл сөздер дегеніміз – үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы. Ашы мен тұщы, алыс пен жуық, жақсы мен жаман – осылар сықылды өмірдің әртүрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзілді-кесілді өкімі, өмірдегі әр алған құбылыс, іс-әрекеттерді өзінше әбден бақылап, сынай келе, «қатесіз», өмірде тап солай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

Нақыл сөз мағына алғанда, ақыл сөз тәрізді, мынаны істе, жақсы, ананы істеме, жаман демейді, өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды.[9]

«Жаманға жүзің салма,

Малды екен деп.

Жақсыдан қолыңды үзбе,

Жарлы екен деп».

(ақыл сөз)

«Өнерлі жігіт өрде озар,

Өнерсіз жігіт жер соғар».

(нақыл сөз)

Алтынғысынла аламның кімнен қаппып кімнен қол үзбев кепектігін айтса, сонынла ол жоқ. Өнерлі жігіт пен өнерсіз жігіт туралы өзінің бақылай келе қорытқан пікірін айтады. «Мынаны ал, ананы алма» демейді. Оқушы, тыңдаушы өзінше ойлап, өзінше түйюлері керек.

Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Абайдың өз өлеңдерінде де көп. Табиғатты, ел өмірін, сүйіспендік, өнер, ғылым, тағы басқа өмірдің әртүрлі саласына арналған ақынның жай, көркем, сұлу лирикаларымен

қатар. өз кезіндегі шет көрген мінез-құлықтарды қатты сынаған ұлы сатирашымен қатар. өз кезіндегілерге сабақ кейінгілерге үлгі ретінде айтқан өлеңдер де Абайда аз емес. Бұл өлеңдердің идеялық мазмұны, характері ақыл, нақыл сөздерді керек етті.

Бұл келтірілген үзінділерде ақын өнер, ғылым, еңбек, достық, қастық, әділдік, өсек, өтірік, жауыздық, рахымшылық, талап, ұят, ар, тағы басқа бірнеше нәрселердің бетін ашып, не нәрсені адам қасиет біліп үйрену, не нәрседен қашу керектігіне басалқылық жасап. даналық ақыл берелі. Осылар тәрізді өмірдің әр саласын алып. аз сөзге көп мағына сыйғызып, жұртшылыққа айтқан Абайдың өнегелі сөзі, үлгілі өсиеті көп. Мысал үшін осы келтіргендеріміз де жеткілікті. Сондықтан оның нақыл сөздерінен бірнеше үзінділер келтірелік.

Нақыл сөздер:

«Екі кеменін құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығын»  
[2]

«Азат басың болсын құл,  
Колдан келмес іске ұмтыл».  
[4]

«Берекелі болса ел -  
Жағасы жайлау. ол бір көл.  
Берекесі кеткен ел -  
Суы ашыған батпақ көл...»  
[16]  
«Жарлылық, жалыншты жалтақ көздік,  
Сүйкімді икемі жоқ, шалдуарлық...»  
[16]

Ақыл, нақыл сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Оның даналығы, үздік суретші таланттарының үстіне, әрі өз елінің, әрі шығыстың, орыстың мәдениеттерімен қаруланған адам болуы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздердің үлгілерін мазмұны жағынан да, түрі жағынан да философиялық ұғым дәрежесіне жеткізді.

«Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.  
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...»  
[16]

«Ақыл мен жан - мен өзім, тән менікі,  
«Мен» менен менікінің мағынасы екі.  
Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
Менікі өлсе, өлсін, оған бекі...»  
[16]

Бұл келтірілген үзінділердегі өмірге көзқарас, дүниетанушылық ой-пікір, оларды айтып беру үшін қолданылып отырған сөз, образдар жоғарғы ауыз әдебиетінен келтірілген «елу жылда ел. жүз жылда қазан», «ет жақсысы - қазы, ит жақсысы - тазы», «жалп-жалп еткен жапалақ жабы жерге қонбайды» немесе:

«Арғымақ жабы көрінер,  
Аса шауып буланса,  
Айдын көл батпақ атанар,  
Айдыны құрып суалса.  
Бәйтерек сабау көрінер,  
Жапырағы түсіп құраса», -

дегендей емес, мәдениетті философ ойшылдардың өмірді тану, өмірге көзқарас, өздерінің терең ой, кесек пікірлерін айтуда қолданатын «мен» («я»), «Единица», «Ноль» («герой, толпа»), «Ақыл» мен «сезім», «ерік» (разум, чувство, воля) міне. осылар болды. «Тотықұс түсті көбелек» өлеңінде өмірде өзгермейтін нәрсе жоқ. барлығы өзгеріп отырып алы деген кәдімгі философиялық категорияның бірін Абай өз өлеңінде сол ұғымды бере аларлық сөз тауып, философиялық ойды сол өзінің дәрежесінде оқушыларына жеткізе білген. Мұндай пікірлерді түсіндіруге бұрынғы әдебиеттерде қолданылатын байырғы сөз, сөйлемдерден өзгеше жаңа сөз, жаңа сөйлем құрылыстарымен айтып береді. Бұрынғы әдебиеттердегі өмірді тану, өмірге көзқарастарды көрсететін өлең-жыр, әртүрлі тақпақ, билер сөзін алсақ, қаншама терең лесек те мәдениеті әлі ер жетпеген сәбилік дәрежесін көрсетсе. Абайдың бұл топқа жататын сөзлеуінің бәрі де зор мәдениетке еріскен, өмірді кеңнен шолып, терең түсінген философиялық үлкен ой-сананың жоғарғы мәдениеттік сатыдағы дәрежесін көрсетеді.[24]

Қазақ әдебиетінің тілі Абайға шейін бұл дәрежеге жете алған жоқ еді. Бұған жеткізген де, бұл жөнінде әдебиет тіліне зор өзгеріс жасап, дамытып, ілгерілеткен де Абай болды.

Абайдың өзіне шейінгі ақыл, нақыл сөзлеумен бірлігі жоғарғы айтылғанлар болса. ерекшелігі - осы сонғы айтылған ойлау, өмір тану шегін шын мәніндегі философиялық дәрежеге жеткізіп, оның қазақтың өз тілі, өз сөзі арқылы айтып беруге болатындығын айқындау. Бізше, бұл - қазақтың әдеби тілін дамытудағы ұлы ақынның ұлы еңбектерінің күрделі бір саласы.



Абай нақыл сөздердің тәрбиелік мәні

Қазақ халқы өмірдің әр түрлі жақтарын қамтыған ақыл сөздер мен нақыл сөздерге бай.

Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Абайдың шығармаларында да көп. Абайдың ақыл мен нақылдары ақын шығармашылығының елеулі саласы. өлеңдерімен мазмұнлас. идеялас. бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы туындысы. Өлеңдерін туғызған тарихи әлеуметтік жағ-дайлар қарасөздің тууына да себепкер. Ол – нақыл сөздерінде де, қарасөздерінде де өмір шындығын, халықтың арманын, болашақ қамын көздеген жазушы. Өзі айтқандай: "Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алды, Кектеніп надан, зұлымға, шиыршық атты. толғанды"[14].

Абай өз сөздерін халықтық терең идеяға құрып, оған көркем түр бере түзеп, тындаушыларын да түзеуге шақырады. Ол қандай шығарма жазбасын, бәрінде де түр қуаламай, мазмұнға ерекше мән беруді мақсат тұтты.

Абай барлық шығармаларында қайшылығы шиеленісіп жатқан қоғам құрылысын бейнелейді. Оның шығармаларындағы өзекті тақырыптың бірі –білімге шақыру. Осы жолда ағартушы қаламынан өнер-білімге қатысты мол нақыл сөз туған.

Ақынның бұл өнер-білімге қатысты нақыл сөздерін де үлкен философиялық түйіндеулер бар. Олардың оқушылар дүниетанымын, өмір тануын қалыптастыруда қызметі мол.

Мысалы: "... Ғылым бағу жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлерге де адам жоқ; білгенінді кімге үйретесің, білмегенінді кімнен сұрарсың. Елсіз-күнсіз де кезмені жайып салып, қолыңа кез алып отырғаныңның не пайдасы бар?" - дейді Абай. Соған дүниенің қарашы тереңде күнделікті тіршілік қамы, жазғы мал өрісі – жайлау үшін, қысқы мал тебіні – қыстау – ықтасын үшін, осы екі қамға тоғысау ел таллау құралы – надан, солып билік – мансап үшін алыс-жулысты жүргені дау шар, бодау-барымға, ұрлық-зорлық негізгі әрекет-кәсіп болған; ғылымнан да болашақ жайы туралы саналы ойдан жұртта қалған жоқ. Қазақтың даласының соншалықты артта қалғандығы – надандығы, "надандық- ғылым-білімнің жоқтығы" - деп осы надандықпен күреске түсті. Мұны өзінің алдына үлкен бағдарлама, зор мақсат етіп қойды. "Мақсағым – тілге ұстартап өнер шашпақ, наданның көзін ойып, көңілін ашпақ", – деген нақыл сөзі осы жолда туған оның жастарға ең алғашқы айтатын ақылы – талапты болу. Ол:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге!!! – дейді де, осы талап қыл деген сөзін,

насихат сөздерінде кеңейтіп былай дейді: "Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білім керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне көпек бола елі леп ізлемесе керек. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға "мейірленіп, тезірек қолға түседі". [20] Абайдың:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл берсеңіз – деген нақыл сөзі білім-өнердің кілті, өнер білім: мағыналы өмір деген пікірді айтады.

Ақын қазақтың бұл күнге дейінгі ғылымсыз тіршілігін санатқа қоспай "Ғылымсыз дүние жоқ", – деген берік байлам жасайды.

Ақынның нақыл сөздері өнер-білімді күрделі мақсат үшін үйрену керектігін, жеке болымсыз себептер үшін үйрену ұзаққа бармайтынын аңғартып отырады: "Білім-ғылымды бір нәрсеге себеп қана үшін үйренсең, білімге деген көңілің мейірімді, асырап алған шешенің мейірімсіз сияқты болады."

Еңбекке үндеу – ақынның ең сүйікті тақырыбы. Оның нақыл сөздері өз халқын болашақ жарқын тіршілікке бастайтын еңбек туралы насихатқа толы. Абай:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қардың суы секілді тез суалар. - дейді.

Еріксіздік – бойға қорлық қана емес, өміріңнің өзі де бір баянсыз, берекесіз күйге келеді. Мұндай күйге түскен адам дүниеде жоқпен тең.

Абайдың адамгершілік тақырыбында айтылған нақыл сөздерінің жастардың рухани дүниесін тәрбиелеуде ерекше маңызы бар.

"Адамшылықтың алды – махаббат, әділет, сезім". Абайда бұл үшеуі бірлікте, олар жеке-жеке күйінде жарамсыз. "Әділет-ізгіліктің анасы", "Кімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ". Ал ұят жоқ жерде, туыстық, бауырмалдыққа, махаббатқа орын жоқ. Себебі – ұят тоқтық барша адамгершілік қарыздарлық нормаларына сенімді жоғалтады. "Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ". [24]

Адамды ұят келтіретін барша жөнсіз істерден сырт ұстайтын, оған жібермейтін күш - адамның өз бойындағы ұстамдылық. Бұл болмаса, ақын қанша сезініп тұрғанмен, адам баласы ұят келтіретін қылықтан құр қалмайды. Әрине, ұятты сезінуге ақыл керек, егер ақылдың көзін қайратсыздық, әділетсіздік, жігерсіздік, байлаусыздық бүркеме, ақылды кісінің де адамшылығын бұзылады.

Сол үшін де Абай: "Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылды сөзін ұғына аларлық жүректе жігер, қайрат байлаулықтың жоқтығынан азалады" - дейді.

Адамгершіліктің бір сипаты достық. "Кімде достығың болса, достық достыққа шақырады", "Тіршілікте, өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды -дос көбейтпек." Ал бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: "Жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас". Өмірде бірінші керек нәрсе осы болмақ.

Нақыл сөздер Абайдың қапа әңгімелерінен де кездеседі. Ғылымға акалемиясының Қазақ филиалы 1940 жылы бастырған (I томдында) "37-ші сөз" деген атпен басылған қапа әңгімесінде 24 түрлі нақыл сөз бар. [25]

Үлкен ойға орайлы сөз тауып, ақыл нақыл сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Оның даналығы үздік суретші таланттарының үстіне әрі өз елінің, әрі шығыстың, орыстың мәдениеттерімен қаруланған адам болуы, өзіне дейінгі қазақ әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздердің үлгілерін мазмұны жағынан да, түрі жағынан да философиялық ұғым дәрежесіне жеткізді.

Адам мен табиғаттың бірлігі тақырыбын орыс поэзиясынан ала отырып, Абай қазақ өмірімен байланысты кең дамытты. Бұдан, "Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатымен терең аралысып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп, бізге табиғатты өмірмен барынша байланыстарға кетеді" деген В. Белинский сөзінің шындығы көрінеді. [12]

Адам-табиғат - қоғам проблемасының көтерілуі. Абайдың табиғат арқылы саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтергенін, табиғатты жанды дүниенің өмір сүрер қайнар көзі, тіршіліктің анасы дәрежесінде көрсете білуіне көңіл бөлу керек.

Ақынның жылдың төрт мезгілін тұтастай жырлап, туған Отаны, даласының өлмес, өшпес бейнесін, бай да сұлу көрінісінің ғажап бейнесін, бай да сұлу көрінісінің ғажап бейнесін жанды дүниемен атастыра отырып жасағанына ерекше көңіл аударып, Абайдың данышпан суретші-ақын екендігіне тоқтау, лирикалық кейіпкердің әр түрлі сезіміне көңіл қою керек.

Бұл сезімдердің барлығы-елін, халқын сүйетін ақынның сол халық қамы, ел тағдырын ойлағаннан туатынына ерекше назар аудару керек. Табиғат лирикаларында да ақын-әділет үшін күрескер, адамшылық туын биікке ұстаушы. Орыс әдебиетінің әсері, ақынның өзіне тән жаңалығы, жалпы әдебиетте табиғат лирикасына қосқан үлесі.

Қазір санамызда "экология" деген түсінік бар. Қазақша айтқанда, қоршаған ортаны тазалығы. Сү таза болсын! Жан-жануар мен өсімдікті қорламайық! Кейінгі ұрпаққа табиғатты таза жеткізейік! Міне осы табиғатты қорғау дәстүрі Абайдың көптеген шығармаларында насихатталады. Мұғалім оқу-тәрбие процесінде, табиғатты қорғау дәстүрін оқушыларға Абай өлең-дерін оқу арқылы түсіндіріп, оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру керек екендігі айтпаса да түсінікті. Абайдың табиғат лирикасы – оқушыларды туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелейді.

Табиғатқа немқұрайлы қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. [21]

Абай "Адам мен Табиғат" деген мәңгілік тақырыпты асқан зор мәдениет тұрғысынан қарап шешеді. Абай өз өлеңдерінде табиғат пен адамды байланыстыра суреттейді. Міне, Абайдың өлеңдерін жас ұрпаққа танытуда ұстаздар, "Адам мен Табиғат" бірлестігін биік шыңға ұрандай етіп көтеругі керек. Табиғатты Абайдай сүйеге үйретіп, оны қорғауға шақыруға тиісті. Сонда ғана, қоршаған ортаны қорғап қала аламыз деп ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи қазына байлықтың молдығына алмастыруға болмайды. Бұл жердің үлкендігі халықтың рухани мәдениетінің үлкендігіне кепіл бола алмайтындығына немесе халықтың ұлылығы сананың аз-көптігімен өлшенбейтіндігіне ұқсас нәрсе.

Абай Құнанбаевтың өлеңдерін, қара сөздерін, нақыл сөздерін қазақ әдебиеті пәні оқу процесінде қолдану әдістері

Әдебиетті тереңдетіп оқытудың мақсаты мен міндеті – оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отырып, дифференциалды түрде осы пәнді теориялық әрі практикалық жағынан тереңдету, сөйлесу, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой-пікірін дамыту. Тереңдетіп оқытудың мәселе болғандықтан, көп ізденісті қажет етеді де, терең білім жолында шығармашылықпен барынша жұмыс істевлі талап етеді.

Мектепте қазақ әдебиетін оқытуда Абай Құнанбаевтың шығармаларының маңызы зор.

Оқушылардың қазақтың ұлы ақыны Абайдың шығармаларын танып білугі, бастауыш сыныптарда басталып, жалғасын 5-сыныптан табады. Оқушының ұлы ойшыл тұралы білімі сыныптан сыныпқа көшкен сайын тереңдей беругі керек.

Оқушылар Абай шығармалары арқылы бойларына адамгершілік негіздерін сіңіреді. Жақсы адам болу үшін адам қандай жақсы қасиеттері бойына жинайды, өмір жолында қандай жаман қасиеттерден аулақ болуы керек? Осының бәрін жауапты оқушы ақын шығармаларынан табады.

Ұлы Абай шығармалары адамға жол сілтеп, оқушыға өмірдің қоршаған ортаның маңызды жақтарын ұғындырады.

Абайдың мектеп бағдарламасында берілген біраз өлеңдері табиғат тақырыбына, оның сұлулығына арналады. Оларды оқушы оқи отыра табиғатты, қоршаған аймақты аялауға, қадірлеуге, олардың өмір сүру үшін негізгі қажеттілік екенін түсінуге үйренеді.

Ал Абайдың қара сөздерінің маңызы тіпті ерекше. Олар баланын ойлау қабілетін дамытып, өмір сүруге деген таным көкжиегін кеңейтеді. Абай шығармалары – пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне бала тәрбиесіндегі таптырмайтын құрал.

Тереңдетіліп оқытуға арналған бағдарламадағы теориялық материалдар практикалық мақсатқа сай іріктеледі. 10-сыныпта оқытылатын Абай сынды ақынның шығармашылығын жоғарғы сыныпта оқыту, ұлы гуманистің рухани қазынасын шәкірттеріміздің бойына сіңіру, сөйтіп бірегей қазынамызды меңгеру — аса жауапкершілікті қажет ететін ұрпақ алдындағы парызымыз. Қазіргі қолданыстағы бағдарламамызда 10-сыныпта Абайға 19 сағат бөлінген, оқуға 25 өлең, "Ескендір" дастаны, 6 қарасөзі берілген. Тереңдетіліп оқытуға арналған бағдарламамызда Абайға 25 сағат және шығармаға 2 сағат бөлінеді. Оның 3 сағаты абайтануға, 15 сағаты өлеңдеріне, 2 сағаты қарасөзіне 2 сағаты аудармаларына, 2 сағаты дастандарына және 1 сағаты Абай шығармаларының тіліне, өлең құрылысына, 2 сағаты шығармаға бөлінді. Абай шығармаларын оқыту жүйесінде хронологиялық принцип пен ақынның өсу эволюциясы сақталды. [22]

Тереңдете оқыту шығарманың саны немесе сол сыныпта оқытылатын авторлардың көптігімен жүзеге аспайды. Берілетін білім мазмұны, оның мөлшері балалардың қабілетіне қарай, жас ерекшелігіне байланысты болу керек. Ұзын-сонар фактілер мен шығармалар саны оқушыны қажытатынын әрі олардың оқушы есінде сақталмайтынын ескеру керек. Тереңдетіп оқытуда да, жоғарыда айтылғандай, көркем сөз иесінің барлық білімін тұтастай қарастыра отырып, мұғалімнің автордың қай туындыларына шолу жасау керек екенін ойластырғаны дұрыс.

М.М. Жанпейісованың "Модульдік оқыту технологиясы" бойынша Абай шығармаларын тереңдете оқытудың бағдарламасы:

Бағдарламада көрсетілгендей, сабақты оқу модулінің сөйлесу бөлімінде қолданылатын оқытудың белсенді формаларынан әр түрлі оқыта үйрету ойындарын басшылыққа ала отырып жүргіздік.

Оқытудың тиімді әдіс-тәсілін үйреніп, тәжірибеле қолдану – біліктілігімізді арттыра түселеді. Лебат венн диаграммасы топтау, бес жолды өлең және интеграл сияқты әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізген сабақтарым да өз нәтижесін беруде.

Абайды оқып үйрену, тереңдей зерттеу дегенді дұрыс түсінугіміз қажет.

Әдебиетті сүйу, қызығып оқу – жай сауаттылық емес, өзінше шабыт, үлкен даналық. Қызықтыру мен үйрету – егіз. Мұғалімнің әрбір ісі, әрбір сөзі – оқушыға үлгі-өнеге.

Сабақтың тақырыбы: Абайдың «отыз сегізінші қара сөзі»

**Білімділік мақсаты:** Абайдың қарасөзін оқыту арқылы оқушыларға ақыл, қайрат, жүрек, достықтың адам өмірінде алатын орнын түсінуге, адамның ішкі жан дүниесін түсінуге, өз бойларында осы асыл қасиеттер болуы үшін күресе білуге, ақынның қарасөзінің мәнін, философиялық ойды түсінулерін тексеру.

*Дамытушылық міндеті:* мәтіннің танымдық сипатын, құрылымдылық бөліктерін өздері байқап алатын, түсіне алатын нәтижеге жеткізу, көркем мәтінмен жұмыс істеу білу дағдысын жетілдіру, оқып-түйгендері жайлы ой қорытындысын айтқызып жаттықтыру.

*Тәрбиелік мәні:* ұлы ақынның еңбектерін оқи отырып, елін сүйге, адамгершілік, адалдық, ізгілікке баулу.

Сабақтың түрі: жаңа білім беру сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілі: топпен жұмыс, түсіндіру, таллау.

Сабақтың көрнекілігі: Абайдың портреті, «Абай» энциклопедиясы, Абайдың кітаптары, топтарға арналған тапсырмалар, карточкалар, оқулық.

### САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. *Ұйымдастыру кезеңі:* оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. *Үй тапсырмасын тексеру:* әдебиет теорияның ұғымдарын қайталау.

III. *Жаңа сабақ.*

а) Мұғалімнің сөзі: - Балалар, өткен сабақта біз ақынның қай шығармасымен танысып талдадық? Сол үшін композиция, идея, монолог деген ұғымдарды қолдандық. Соны қайталайық.

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – ұлы ақынның философиялық ойларын, қарасөздердің идеясын түсіну, топпен жұмыс жасай отыра «Отыз сегізінші қарасөзді» менгеру. Дәптерлі ашып бүгінгі күні жаңа тақырыпты жазып қойыңдар.

Қара сөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. Абай Құнанбайұлының 1890-1898 жылдар арасында жазылған 45 қарасөзі бар.

Қара сөз – арабтың «ғаклия» деген сөзімен мәндес. Ғаклия көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағнаны білдіреді.

Абайдың қарасөздері гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары, дін туралы пікірімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды, көркемдік сананы ұштастырған. Абайдың қарасөздері адамзат баласына ортақ сөз.

ә) Балалар 4 топқа бөлініп отырғызылады, топпен жұмыс жүргізіледі. Әр топқа тапсырма бөліп беріледі.

I топқа мәтіннің басы, II, III мәтіннің ортасы, IV топқа соңы беріледі.

- Оқушылар, сіздер қазір мәтіннің бір бөлігін ғана оқи аласыздар, түгел мәтінмен танысу үшін әр топтан басқа үш топқа бір-бір оқушылан жібересіздер, ол оқушылар сол топта жұмыс істеп, мәтінді оқып, мазмұндап, таллап түсінгенде өз тобына келеді. Үш топтан үш оқушы келгенде, мәтіннің 4 бөлігі құралады. Енді өз топтарында мәтінді басынан соңына дейін оқып, мазмұндап талдайды. (уақыт белгіленеді).

Нәтижесінде 4 топта мәтінмен толық танысады.

Мәтінді түсінген-түсінбегендіктерін тексеру үшін әр топтан бір оқушы мазмұндап шығады.

IV. *Пысықтау.* Ой қозғау сәті. Сұрақ-жауап бойынша жұмыс.

- Бұл қарасөздің идеясы қандай? Идея деген не?

- Бұл шығарманың негізгі идеясы туралы Абай: «Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ» - дейді. Нақтылы ой. Бар мәселенің кілті – ғұмыр. Тек ғұмыр болған соң ғана, өзге нәрселер туралы мазмұнды әңгіме жасауға болады. Жалпы айтқанда ғұмыр деген ұғым болмыстың тұтастығын білдіреді.

- Бұл шығарманың композициясы қалай жасалған?

Композиция деген не?

- Бастауы: «адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейту.

Дамуы – кімге достығын болса, достық достық шақырады.

Шиеленісуі – бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі!

Шарықтау шегі – Һәм өзі өзгеше боламын демектін түбі – мақтан.

Шешімі – күллі адам баласына қор қылатын үш нәрсе бар: надандық, еріншектік, залымдық. Ақын оларға анықтама берген.

- Бұл шығарманың бас кейіпкері бар ма?

- Иә, бар.

- Егер болса, ол кім?

- Абай. Жеке өз аузынан айтылған пікір. Осындайда кейіпкер ойы мен автор ойының бір жерден шығып отыратынын байқау қиын емес.

- Абайдың қарасөзі кімнің ойын білдіреді?

- Абайдың әр «қарасөзі» жалпы халықтың, қалың жұртшылықтың ойын білдіріп, үлкен ғибратты түйін жасайды.

- Абай бар асыл ойын кімге арнады?

- Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады.

- Оның шығармашылық қызметінің негізі мұраты не?

- Оның шығармашылық қызметінің негізі мұраты – адам тәрбиесі.

V. *Бекіту.* Әр топтан бір оқушыдан шығарылып, қолдарына торкөз сызылған карточка беріледі. (Тапсырма жазылған карточкалар сабақ басталадан бұрын бөлменің ішіне әр жерілерге ілініп қойылады.)

1-карточка. Қарасөз дегеніміз не?

а) Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. №4-ке бар.

ә) Қарасөз – арабтың «ғаклия» деген сөзімен мәндес... №3-ке бар.

2-карточка. Ренжіме. Дұрыс емес. №5-ге қайта бар.

3-карточка. Сіз өте қателестіңіз. №1-ге қайта барыңыз.

4-карточка. Дұрыс. Келесі сұраққа жауап бер.

Абайдың қанша қарасөздері бар?

а) 44 сөз. №7.

ә) 45 сөз. №5.

5-карточка. Жапайсың. Келесі сұраққа жауап бер.

Монолог дегеніміз не?

а) Монолог – бір адам сөйлейді. №2.

ә) Монолог – көркем шығарма кейіпкерінің өзіне немесе басқаға қарата айтатын сөздері. №8.

6-карточка. Өте жақсы, білімінді дәлелдедің, енді жылдам мұғалімге жауабыңды көрсет.

7-карточка. Көп оқу керек, оқығанды есте сақтау керек. №4-ға қайтыңыз.

8-карточка. Жауап өте дұрыс. Абай 38-қарасөзінде неге тәрбиелейді?

- а) Адамгершілікке, ізденіске тәрбиелейді. №2.
- ә) Адамгершілікке, достыққа тәрбиелейді. №6.

9-карточка. Кітапты сүй. Жауабын дұрыс.

Бірінші карточкадан бастап сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар жылдам аяқтап, тобына қайтады, білмеген балалар анықталады.

ҮІ. Қорытынды:

- Сонымен, бүгін сабақта Абайдың қандай шығармасымен таныстық?

- Біз қандай білім алдық?

ҮІІ. Бағалау.

ҮІІІ. Үй тапсырмасы: 38 қарасөздің мазмұнын білу.

Идея–жазылған шығарманың не үшін жазылғанын білдіретін мақсаты.

Композиция. Шығарманың өн бойы: бастауы, дамуы, шиеленісуі шарықтап шегі, шешімі композицияны құрайды.

Көркем бейне. Шығармада жүйелі немесе бірсырдығы ұзақ кез келген кейіпкерді бейнелеп айтуды көркем бейне дейді.

Монолог – көркем шығарма кейіпкерінің өзіне немесе басқаға қарата айтатын сөздері.

АНЫҚТАМА

АСЫЛ ОЙЫ

МӘНІ ТЕРЕҢ

АДАМ ТӘРБИЕСІ ҒИБРАТТЫ ТҮЙІН ЖАСАУ

ЗАМАНА ЖАСТАРЫ НЕГІЗГІ МҰРАТЫ

ТАЛАП ҚЫЛУ

ТҰЖЫРЫМДАР

<p><i>1-карточка.</i> Қарасөз дегеніміз не? а) Қарасөз дегеніміз – ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қара сөзбен жазылған еңбек. А)№4-ке бар. ә) Қарасөз – апақтың «ғақлия» деген сөзімен мәндес... №3-ке бар.</p>	<p><i>5-карточка.</i> Жарайсың. Келесі сұраққа жауап бер. Монолог дегеніміз не? а) Монолог – бір адам сөйлейді. №2-ге бар. ә) Монолог – көркем шығарма кейіпкерінің өзіне немесе басқаға қарата айтатын сөздері. №8.</p>
<p><i>4-карточка.</i> Дұрыс. Келесі сұраққа жауап бер. Абайдың қанша қарасөздері бар? а) 44 сөз. №7. ә) 45 сөз. №5.</p>	<p><i>2-карточка.</i> Ренжіме – не обижайсың. Дұрыс емес. №5-ге қайта бар.</p>
<p><i>3-карточка.</i> Сіз өте қателестіңіз. №1-ге қайта барыңыз.</p>	<p><i>7-карточка.</i> Көп оқу керек, оқығанды есте сақтау керек. №4-ге қайтыңыз.</p>
<p><i>8-карточка.</i> Жауап өте дұрыс. Абай 38-қарасөзінде неге тәрбиелейді? а) Адамгершілікке, ізденіске тәрбиелейді. №2-ге барыңыз. ә) Адамгершілікке, достыққа тәрбиелейді. №6.</p>	<p><i>9-карточка.</i> Кітапты сүй. Жауабың дұрыс. Абайдың қарасөздегі асыл ойын кімге арналған? а) Абайдың қарасөздегі асыл ойын өз замана жастарына. №1. ә) Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. №10.</p>
<p><i>6-карточка.</i> Қарасөздер қай жылдары жазылған? а) 1890-1898 жылдары. №10 ә) 1890-1896 жылдары. №4.</p>	<p><i>10-карточка.</i> Өте жақсы, білімінді дәлелдедің, енді жылдам мұғалімге жауабыңды көрсет.</p>

Сыныптан тыс кезде қолдану әдістері

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе.

Асыл сөзді көздесең, жаттап тоқы көңілге...

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылы. Оның поэтикалық шығармалары мен қара сөздері этикалық, эстетикалық, психологиялық, педагогикалық ой пікірлерге толы.

Ұлы ақынның шығармашылығын бүгінгі жастарға таныту – маңызды да жауапты мәселе. Мектепте оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін Абай өлеңдерін, қара сөздерін, нақыл сөздерін жиі пайдаландық. Әрине Абай Құнанбаевтың бүкіл шығармашылығын танытып шығу мүмкін емес. Дегенмен, негізгі деген мәселелерді қамтуға болады.

"Абай дана - Абай дара қазақта"

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Сөз өнерінің қыр – сырымен таныстыру.

Дамытушылық: Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.

Тәрбиелілік: Шәкірттерді туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, алаңгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың әдіс- тәсілі: Сұрақ- жауап, баяндау, түсіндіру, өлең оқу, ән айту, көрініс көрсету

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі.

Кіріспе Мұғалім сөзі: Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі тәрбие сағатымыз «Абай- дана, Абай- дара қазақта» атты әдеби кешіміз қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналады. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар.

1-жүргізуші: Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын кандырған кім?

Өзіне –өзі орнатып ескерткішті.

Мұрағып, кейінгіге қалдырған кім?

Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?

Талабын тас қияға өрлеткен кім?

Құбажан, құрбакан құм, құла қырда,

Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

2-жүргізуші: Соктықпалы, сокпақсыз жерде өскен кім?

Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?

Арманын атандырып келешекке.

Бізлермен осы күнгі тіллескен кім?

Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?

Жауына найза сөзін шанышқан кім?

Өзендей құйған барын көк теңізге.

Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

(Сахнаға Абай шығалы)

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Соктықпалы, сокпақсыз жерде өстім.

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

1-оқушы: Өмірбаян.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы 1845 жылы Семей өңірінің қазіргі Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Абайдың шын аты Ибраһим. Әжесі еркелетіп «Абай» деп атап кеткен. Абайдың ата-тегі, тәрбиеленіп шыққан ортасы Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс, аukatты отбасы болған. Әжесі Құнанбай аға сұлтан болыс болса, аталары Өскенбай, Ырғызбай атақты, әйгілі билер болған. Болашақ ақын жас кезінен өлең, әнгімеге әвес болып, әжесі Зере мен анасы Ұлжан аңыз- әнгімелерін барлық ынтасымен тыңдайтын. Асыл молдасынан арабша сауат ашқан Абайды әжесі он екі жасында Семейге оқуға жібереді. Абай Ахмет- Ризаның медресесінде оқыды. Медреседе араб, парсы тілдерін жақсы меңгереді. Шығыс ақындары Низами, Сағди, Фзули, Хафиз шығармаларымен танысады. Медреседе оқып жүріп, үш ай «Приходская школада» орысша оқиды.

2- оқушы. Тірек сызбамен жұмыс

зангер ақын аудармашы сазгер  
философ

дара ойшыл

кемеңгер

жазба әдебиетінің негізін салушы

гуманист

қоғам

кайраткері

ағартушы-ұстаз

3- оқушы: Фотосуреттерді сөйлету.

4-оқушы: Абай туралы сөз.

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хақма философ кісі еді. Қор елде тұлды да, қорлықпен өтті.

Шәкәрім.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы –соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы.

Абай лебі. Абай үні, Абай тынысы-заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов.

Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді.

Ғабит Мүсірепов.

Опыстар үшін-Пушкин, ағылшындар үшін –шекспир, грузиндер үшін -Руставели.... қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай тендессіз құбылыс.

Қайсын Кулиев.

Абай әлемге ашылған терезе еді. оның жаны жанадып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді.... Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты.

Шыңғыс Айтматов.

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.

#### Нұрсұлтан Назарбаев

5-оқушы: «Көзімнің қарасы» әнін тыңдаймыз.

6-оқушы: Абай қазақ тіліне А. С. Пушкиннің, Ю. М. Лермонтовтың, Л. Н. Толстойдың, Салтыков –Шедриннің, Гегенің шығармаларын қазақшаға аударды.

7-оқушы: Абайдың шығармалары.

Поэмалары: «Ескендір», Масғұт», «Әзім әңгімесі»

45 қара сөзі, өлеңдері бар.

Көпініс 17 қара сөзіне.

1-жүргізуші: Тұғаннан дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кіреді денең

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңменен....

8- оқушы: «Өлең – сөздің патшасы , сөз сарасы»

9-оқушы: «Жасымда ғылым бар леп ескермедім»

10-оқушы: «Ғылым таппай мақтанба»

11-оқушы: «Әсемпаз болма әр неге»

12-оқушы: «Мен боламын демендер»

13-оқушы: « Сенбе жұртқа тұрса да сені қанша мақтап»

Ән «Желсіз түнде жарық ай» Абайға арнап Оқушылардың Абайға арналған өлеңдерін оқиды.

Сұрақтар Абай шығармашылығына байланысты.

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жарияланып отырды?( Көкбай ).

2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім?( Әлихан Бөкейханов, 1903 жылы Петербуртта жазған).

3. Абайдың шын аты кім?(Ибраһим).

4. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата ( Үшкүйі бар: «Токжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі»).

5. Абайдың аяқталмаған поэмасы («Әзім әңгімесі».)

6. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған?(Жиырма жеті шығарма аударған).

7. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата.( Зере, Ұлжан.)

8. Ділдәден туған балалары.(Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия).

9. «Қазақтың бас ақыны -Абай Құнанбаев» леп атаған кім?( Ахмет Байтұрсынұлы).

10. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата.(Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкман.)

11. Абай өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты және қай қалада?( 1909 жылы Петербуртта).

12. « Абай жолы» романын кім жазды?( Мұхтар Әуезов).

13. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды?(Алматы қаласында мүсінші-Х. Наурызбай.)

14. Абай кімге ғашық болды? (Токжанға)

15. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындылығы болды?(Абайдың ағасының баласы.)

2-жүргізуші: Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдарын, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сия ма айтындаршы,

Өлмей тұғын артында сөз қалдырған.

Ән « Қараңғы түнде тау қалқып»

#### Қорытынды

Абайдың нақыл сөздерінің қайсысы болсын. үлкен ой, терең мазмұнды. халықтың нақыл сөздерімен де, шетелдің ақыл иесі, ұлы адамдарының нақыл сөздерімен де тең түседі. Басқаларын былай қойғанда, Абайдың «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» дейтін сөзі - асқан құнды пікір де, қорытылған өмір шындығы. Абайдың нақыл сөздерінің ішінде бүгінгі жастарды тәрбиелеу үшін де пайдалы жақтары көп. Оның қара сөздеріндегі еңбек, ғылым, адамгершілік, әділдік, т.б. жөніндегі пікірлері бүгінгі тәрбие жұмыстарына нақтылы құрал болуға жарайды.

Ең алдымен Абай, қазақтың мақал-мәтелдерін пайдалану арқылы өзінің сөзлік қорын байытты. Олардың ішінен керектілерін алып пайдаланды, айтайын деген идеясын дәлелдеу, оқушыларын сендіру үшін тірек етті. «Бірлік мәселесін сөз еткенде: «Би екеу болса, дау төртеу болады», «Өзін ар тұтқан, жаттан зар тұтады», «Ырыс баққан - дау бақпас» деген мақалдарды дұрыс санап, өз шығармаларында сол күйінде пайдаланды. Кейде халық мақалдарының негізін ала отырып, мақал, афоризмдік сөз тізбектерін құрды. Мысалы, «Еңбек етсең - емерсің» деген халық мақалының негізіне сүйеніп, Абай:

Еңбек

қылсаң

ерінбей,

Тояды қарның тіленбей, -

дейді. Мұның мазмұнында алдыңғы мақалдан өзгешелік жоқ. Бірақ Абайдың сөз тіркесінде, ерінбей еңбек етуді тіленшілікке қарсы қою, халық мақалын толықтыра түсу, өлеңге айналдырып, жайнақыландыру бар. Сол тәрізді «Қолын көтере алмайтын шоқпарды беліңе қыстырма», «Әлім білмеген - әлек» деген мақал-мәтелдердің үлгісін ала отырып:

Азат басын болсын құл,

Қолдан келмес іске ұмтыл, -

леп халықтың мақал-мәтелдерін бағалай ла пайдалана ла сынай ла білген.

Абайдың өлеңдері де, қара сөздері де нақыл сөздерге (афоризмдерге) мейлінше бай келеді. Олардың кейбіреулері халық мақалына айналып кетті. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жетім қозы тас бауыр, түңілер де отығар» деген сияқты сөздері ауыздан-ауызға тарап, халық мұрасына айналды. Бұл оның нақыл

сөздерінің ел тілегімен қабыскандығын. түрi жағынан көркем. жатық, мазмұны жағынан терең, мағыналы екендігін дәлелдейді. [Сүйіншәлиев Х. «Абайдың қара сөздері». Алматы. 1956.]

Ақынның накыл сөздерінің де түйіні өленінде болсын, қара сөздерінде болсын еңбекке, ғылымға, өнерге, адамгершілікке, әділдікке үндеу идеясымен ұштасып жатады.

Еңбек қылсан ерінбей.  
Тояды қарның тіленбей.

Немесе:

Бакпен асқан патшадан,  
Мимен асқан қара артық.  
Сакалын сатқан кәріден.  
Еңбегін сатқан бала артық, -

деп, ақын оқушыларын ерінбей еңбек етіп, сол еңбек арқылы өмірден керегінді ізде, адам баласының күн көрісі үшін де, адам болып жұрт қатарына қосылуы үшін де, еліне қызмет ету үшін де ең бірінші керек нәрсе еңбек деген қорытынды шығарады. Әсіресе соңғы пікірін ақын баса айтты. Еңбектің адам баласының керегі үшін жұмсалуды өз ойының қазығы етеді. «Өзін үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсан, алланың сүйген құлының бірі боласың». - дейді.

«Әкесінің баласы - адамның дұшпаны, адам баласы - бауырын» деп, өзімішділік, жеке басының қамын ғана ойлайтын, өрісі тар мешандық көзқарасқа аяусыз соққы беріп, елді адамгершілік қасиетке баулиды.

Қазақтың ескі феодалдық қоғамының кертартпа көзқарасы «Ауру қалса да, әдет қалмайды». «Сүйекке сіңген мінезді жөнлеуге болмайды» дейтін. Педагогика ғылымы, жер жүзінің ірі-ірі педагогтері мінез-құлықты түзевге болатындығын да, түзудің керектігін де ғылым жолымен дәлелдеп берді. Әдетті де тәрбие арқылы қалдыруға болатындығын көрсетті. Бұл мәселені кенінен толғап, терең түсінген және сол жөніндегі прогрестік идеяға үндеген адамның бірі - Абай. Абайдың: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген адамның тілін кесер едім». - деген сөзі мінез-құлықты жөндеуге тәрбие жұмысының үлкен мәні барлығын қолдаушы алам болғанлығын айқынлайды.

Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол — Абайдың осы қара сөздері мен өлеңдеріндегі накыл сөздер. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тілтанушы еңбегі қандай болса, қара сөздерінде Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1948
2. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933. 18-б.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 371-бет.
4. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933. 17-б.
5. Абайдың революцияға дейінгі басылған өлеңдері жайлы. «Жұлдыз», 1963, № 5, 147—153-б.
6. Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы, 1959, 6, 187-б.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960.
8. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2 том. 1961.
9. Исаев С. Қазақ әдеби тілі тарихы. - А. 1996.
10. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. - Астана, 2000.
11. Келімбетов Н. Қазақ әдебиет бастаулары. - А. 2001.
12. Кенжебеу Б. Әдебиет белестері. - А. 1998.
13. Абайдың қара сөздері. - Алматы, 1998.
14. Мақмұтов А. Абай поэзиясының тілі. - Абай журналы. N4, 2005.
15. Омаров Е. С. Казахстан - наследник империи гуннов. - Вестник университета "Кайнар", 1997, №2. - с. 33-35.
16. Тынышпаев М. История казахского народа. - Алматы, 3993.
17. Бержанов К. Б. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. - Алма-Ата, 1965.
18. Бұрабаев М. С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. - Алма-Ата, 1991.
19. Джуринский А. Н. Зарубежная школа: история и современность. - М., 1992.
20. Жарикбаев К. Б. Развитие психологической мысли в Казахстане. - Алма-Ата, 1968.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ АУТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Сейткасимова Толкын Амирбековна  
Ахметова Айсауле Сейткуловна  
Г.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебі

ISBN 978-601-02-0430-7

Авторлық бағдарлама жалпы білім мекемелері мұғалімдеріне арналған

ӘОЖ 373  
КБК 74.268  
Қ 11

ISBN 978-601-02-0430-7

құраст.Авт: Т.А.Сейткасимова

А.С.Ахметова

© «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022 ж


## Кіріспе

### Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады (1-сызба).



1-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың (ФС) белгілері

Бұл белгілерді бір аяға жинақтап модель ретінде көрсетуде функционалдық сауаттылыққа берілген анықтаманың құрамындағы белгілер негізге алынып отыр.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.



Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді (2-сызба).



2-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп оқушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

*Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері.* Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі — баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі — баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып, қалыптасады. Бірақ оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе-теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек.

Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. *Баланың дамуға бейім таным күштерін* байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.

Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [1].

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [2]. Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына беріледі, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әр түрлі білім дәрежесіне айналады [3]. Оқушының білім алу және танымдық үдерісі төмендегі суретте көрсетілгендей реттеліп отырады.



Оқушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Адамның басында осындай іріктегіш, селективтік аспап бар. Егер оқушы рецепторларына жеткен мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керегін ғана іріктеп тандап алу — оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

М.Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [3].

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз — мағлұматтарды тұтастығымен бейнелу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

*Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері.*

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар менгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін менгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны 11-жылдық мектеп бойынша және 12-жылдық білім беру моделі бойынша, түптеп келгенде, қазақ тілінің жүйесіне және тіл жүйесінен әр сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптаудан өткізу талаптарына және білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру заңдылықтарына тығыз байланысты болады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызкей сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

*Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану.* Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютуб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, кашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5].

*Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі.* Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша тілдік тұлға қалыптастыру қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгерілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгерілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз — коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де — коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде

«коммуникацияның мақсаты» леп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты — қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру.

- Қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.
- Қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.
- Қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.
- Қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.
- Қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы, қызметін меңгерту.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі — қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі.

Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы тым жеткіліксіз. Бұл мәселе тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойламауымыз керек. Қазақ мектебіндегі, қазақы ортадағы қазақтарға да қазақ тілін коммуникативтік бағдарда оқытудың маңызы тіл дәрежесінің биіктігін ойы мен сана биіктігіне теңдестіре алатындай жүйе жасау және тәжірибеде қолдану болып табылады.

«Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі» мен «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі» салалары зерттелуі күн тәртібінде өзектілігімен қойылып келеді. Бұл әдістемелердің әрқайсысында да қазақ тілінің коммуникативтік құзыретті қалыптастыру міндеті басқы орынға қойылып қарастырылуы керек.

Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі сабақ формасы мен түрлерін, әдістерді жетілдіріп отыруға баса назар аударатыны бүгінгі күні көпшілік назарына тегіс танымал болып келеді.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Сабақ жоспарын әзірлеу — сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзінді ролі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» — «үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады.



*Оқушылар білімін құзыреттілік негізінде бағалау.* Қазақ тілін оқытудың сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі тіл үйренушілердің білімділік деңгейін бағалау технологиясын жанағаландыру болып белгіленді. Қазақ тілінен алған білімін бағалау мәселесі өзекті тақырып ретінде көп зерттеліп келеді. Жалпы, адам баласының еңбегін шынайылықпен бағалау мәселесі адамзат үшін әлі де болса өзекті болып табылатыны белгілі. Соның қатарында оқушының ой еңбегінің бағалану мәселесі де күн өткен сайын ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында адамгершілік талаптарымен шешілу жолдарын іздестіруде.

Қазақ тілінен тіл үйренушілердің білімін шынайылықпен бағалаудың мақсаты:

- білім алушылардың оқу қызметі нәтижесінде қолы жеткен шынайы ақпарат туралы мәлімет алуы және ол табыстарының білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуі;
- қазақ тілі мұғалімінің оқыту қызметіндегі жайлы және теріс үрдістерді анықтау;
- білім алушылардың қол жеткен табыстарының жоғары не төмен көрсеткіште болу себептерін нақтылау және оларды болашақта түзету амалдарын қарастыру.

Қазақ тілін білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытында оқыту барысында білім алу нәтижесін бағалау және тексерудің қазіргі жүйесінің пәні негізгі құзыреттер деп аталады.

Қазақ тілін оқыту үдерісін білім алушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру арнасына қарай бұрудың жалпы білімді тексеру мен бағалау жүйесіне тигізетін әсері үлкен болмақ. Білім алушылардың құзыреттілігінің сипаттамасы оның көпқырлы, көпқұрылымды болмысын көрсетеді. Құзыреттілік пән бойынша алынған білім мен білік-дағдының жайы жиынтығы емес. Бұл білім алу, оқу барысында оқушының түрлі ақпараттармен жұмыс жасау әдістерінің арқасында және ол білімді өмірде қолдануы арқасында топтастырыла жинақталған жаңа бір сапалық қасиеті болып табылады.

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі -оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – жүйелі құрастырылған таңдау курстары.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу.

**МАҚСАТЫ:**

\*Оқу сауаттылығына деген қызығушылықтарын арттыру;

\*Оқушылардың білім деңгейлерін көтеру;

\*Оқушылардың өзіне деген сенімдерін қалыптастыру;

\*ҰБТ-ға дайындау.

Міндеттер:

- Мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.
- Мәтінмен жұмыс жасау;
- Шығармашылық жұмыстар орындату;
- Әдебиет теориясына қайталаулар жасау;
- Тест тапсырмаларын орындату;
- Қатемен жұмыстар жасау;

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**


ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсету.





*Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау*


№	Тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе сабақ, Тіл білімінің салалары. Фонетика, лексика, морфология, синтаксис, пунктуация туралы түсініктерін кеңейту.	1	
2	Лексика туралы жалпы түсінік	1	

3	Қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамы. Сөздік қор мен сөздік құрам	1	
4	Қолданылу аясы шектеулі сөздер	1	
5	Тұрақты тіркестер	1	
6	Сөз және оның мағыналары	1	
7	Сөздердің мағыналық топтары	1	
8	Сөзжасам. Морфология.	1	
9	Мәтінмен жұмыс	1	
10	Сөздердің морфологиялық белгілеріне қарай бөлінуі	1	
11	Тұрамағыналы сөздер	1	
12	Ауыспалы мағыналы сөздер	1	
13	Көп мағыналы сөздер	1	
14	Синонимдер	1	
15	Антонимдер	1	
16	Омонимдер	1	
17	Мәтінмен жұмыс	1	
18	Тест тапсырмалары	1	
19	Грамматикалық тапсырмалар	1	
20	Кәсіби сөздер	1	
21	Диалект сөздер	1	
22	Термин сөздер	1	
23	Кіріме сөздер	1	
24	Көнерген сөздер	1	
25	Неологизм	1	
26	Мәтінмен жұмыс	1	
27	Тест тапсырмалары	1	
28	Сөз таптары. Зат есім, мағыналық түрлері	1	
29	Сын есімнің лексика-грамматикалық ерекшелігі	1	
30	Сан есім, лекс-грамм. ерекшелігі	1	
31	Есімдік, мағыналық түрлері	1	
32	Етістік, лекс-грамм. ерекшелігі	1	
33	Тест тапсырмалары	1	
34	Қорытынды сабақ	1	
Барлығы -34 сағ			




*Қысқа мерзімді жоспарлар*



Білім беру ұйымының атауы					
Пәні:					
Бөлім:					
Педагогтің аты-жөні:					
Күні:					
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:		Кіріспе сабақ. Тіл білімінің салалары. Фонетика, лексика, морфология, синтаксис, пунктуация туралы түсініктерін кеңейту.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		Тіл білімінің салалары бойынша білімдерін нығайту			
Сабақтың мақсаты		Қазақ тіл білімінің салалары бойынша алған теориялық білімдерін практика тұрғысынан бекіту			
Сабақтың барысы					
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру  Өткен білімді еске түсіру	Әдебиет әлеміндегі «жыр алыбы» деген лауазымға ие болған адам-Жамбыл Жабаев. Тіпті осы сөз құлағымызға сініп кеткелі қашан? «Өзі өлсе де, сөзі өлмейді» демекші Жамбыл мектеп оқушысына үлкен тәрбие екені даусыз. Қазақта Абай біреу, Жамбыл жалғыз. 1-оқушы: Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл: «Менің тамырларым –туған халқым, менің бұтақтарым-жырларым, менің жапырақтарым –ұлдарым мен қыздарым. Мен –бар болғаны жүз жылдық терекпін, қартайғанда тапқан жарық күнімді, халқымның бақытын, ұлдарым мен қыздарымның бақытын жырлаймын. Қазақ жерінің ұлдары мен қыздары нағыз керемет істер істейді», -деп өзінің бүкіл ғұмырын халқының бақытын жырлауға арналған.		Сұрақтарға жауап береді		Оқулық, презентация, энциклопедия  Оқулық, видео, слайдтар

<p>Жаңа білім</p>	<p>-Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда, ынтымақ, бірлік-Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы. Одағым десе м ойыма Шалқыған шалқар көл түсер. Көкжиегі – бал-құрақ. Көк орайшалғын жер түсер. Көркі көгал нуындай, Кіршіксіз көлдің суындай, Одақ боп өскен ел түсер. (1-том.13-бет.) 1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» деген жырын арнады.</p> <p>I. Фонетика. Фонетикалық талдау жа сау. «Ақбөкен» сөзі не «Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы» бойынша талдау жа сау. II. Үндестік заңына бағынатын/бағынбайтын сөзде рді анықтау: ғұлама, көкежай, сезімтал, қосымша, бірақ, дәріхана, мұғалім, тәуелсіздік, өнерпаз, шешетай, Асхаттікі, жалғаулық. III. Сөзжасам Сөзде рдің қай септікте тұрғанын анықтау: Даланы, гүлге, мектептің, тапсырмадан, тереземен, есікті, атпен, допқа, оқушының, батырға, қызбен, қаламды, малдың. Жалғаулардың түрлерін анықтау. Елдер, адаммын, үйім, жолға, оқушысың, еліміз, кітабым, әкені, ата-аналар, ақынсың, студентпіз, баласыз, ғалымның. IV. Морфология. Есімдіктің түрлерін анықтау Деңгейлік тапсырмаларды орындау 1-деңгей /жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, жалпылау, болымсыздық \ мен, бұл, өз, бәрі, ешкім, сен, сол, өзі, күлі, анау, кімге, біз. Етістіктің өткен шақтың қай түрінде тұрғанын анықтау 2-деңгей /жедел өткен шақ; бұрынғы өткен шақ; ауыспалы өткен шақ \ кетті, жазған, келетін, бердің, сөйлесті, шешіпті, айтқан 3-деңгей Деректі/дерексіз зат есімдерді анықтау. /адам, махаббат, кітап, жақсылық, орындық, сезім, дәрі, қадір, балық, ғалым, ләззат, мәтін, рух, тамақ, теңдік, жаманшылық \ V. Синтаксис. /қима қағаз тарту \ «Сиқырлы сандықша» -Балалар, қазір сиқырлы сандықша ойынын ойнай отырып, мұқият оқып, сөйлемдердің түрін ажыратыңдар. Балалар кезекпен сандықшадан сандар жазылған асықтарды таңдап алып, тапсырмаларды орындайды. /ережелер айту \ Мен үндемедім, бірақ өз пікірімде қалдым. Білім алу үшін, көп еңбектену керек. Біре се бүгін жаңбыр жауады, біре се қар жауды. Мұғалім келсе, сабақ басталды. Мен бүгін сабаққа бармадым, себебі ауырып қалдым. Спорт адамды көрікті етеді, денсаулықты жақсартады. Олар сүйіп, шөлдерін қандырды. VI. Лексика. «Отан» туралы мақал-мәтелдерді айту «Білім» туралы мақал-мәтелдерді айту. VII. Тест. 1. Лексиканы зерттейтінін белгіле. А\сөз құрамын В\сөз тіркесін С\сөйлем мүшелерін Д\сөз мағынасын 2. Арзан сөзінің антонимі. А\қымбат В\тегін С\терең Д\биік 3. Мақалды аяқта: Тау мен тасты... бұзады, адамзатты сөз бұзады. А\су, В\шөп, С\көңіл, Д\мұз 4. Туралығына да берілген сөз тіркесі:</p>	<p>Тапсырмаларды орындайды</p> <p>Жауап береді</p> <p>Жауап береді</p>	   
-------------------	---	--	---

	<p>А\көңілді көктем, В\ақ қар, С\мөлдір аспан, Д\күміс жаңбыр.  5. Антоним сөздер.  А\желгі, мекен В\мектеп, қала, С\көктем, жаз, Д\мықты, әлсіз.  6. Дұрыс тіркескен сөз:  А\семіз өзен, В\тәртіпті ой, С\тәтті ауыл, Д\әдеби тіл.  7. Қазақ драма театрының ең бірінші қойған пьесасы:  А\ «Айман-Шолпан», В\ «Абай», С\ «Еңлік-Кебек», Д\ «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу»  8. Көбейді сөзі қай сөзден жа салынған, белгіле.  А\кең, В\аз, С\көп, Д\тар.  9. Жоғары оқу орнына түсетін бала:  А\балалар, В\оқушы, С\талапкер, Д\мектеп бітіруші.  10. Қиын сөзінің антонимы:  А\оңай, В\жақсы, С\көн, Д\аудар.</p> <p>Кілт  1.д, 2.а, 3.а, 4.в, 5.д, 6.д, 7.с, 8.с, 9.с, 10.а.  Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау.  Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім</p>	<p>Жауап береді</p> 	
--	--	---	--









Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:				
Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатысуға ндар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Лексика туралы жалпы түсінік			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Лексика салаларымен таныстыру			
Сабақтың мақсаты	Сөз мағынасының өзгеруі. Лексиканың салалары туралы мәлімет беру			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.	Жауап береді		Оқулық, презентация, энциклопедия
Өткен білімді еске түсіру	Психологиялық ахуал. Күн жарығын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай қаламын. Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді, Болып кетер сонда дереу жан - жағым. Жан – жақты білім тексеру. Балалар, алдыңғы сабақтарда сөздің тура және ауыспалы мағынасын өткен болатынсыңдар. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не? Сөздің затты немесе құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады. Ауыспалы мағына дегеніміз не? Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналарын туыңды мағына деп атайды. «Аяқ» сөзінің тура және ауыспалы мағынасын айтыңдар. Тура мағынасы: аяқ – дене мүшесі Ауыспалы мағынасы: жұмыстың аяғы, жиналыстың аяғы Белгілі бір ұғымға берілген атауды сөздейміз. Тілдегі әрбір сөзде мағына бар. Мағынасыз сөз болмайды. Сөз болу үшін дыбыс керек. Кез - келген дыбысты қолдана берсек ол ешқандай	 	Оқулық, видео, слайдтар	

<p>Жаңа білім</p> <p>Бекіту</p> <p>Кері байланыс</p>	<p>мағына бермейді. Сондықтан дыбысты да мағынасына қарап қолданамыз. Сөзде бірнеше мағына болуы мүмкін. Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз сөздің мағынасына байланысты болады. Дәптерлеріңе бүгінгі күн реті мен тақырыпты жазыңдар. Бүгінгі сабақты 3 топқа бөліне отырып өткіземіз. Әр топ өздеріне ат қояды. Сабақ үш кезеңнен тұрады. Әр дұрыс жауап бір асықпен есептеледі.</p> <p>I кезең – «Бәйге»  II кезең – «Алшы ойын»  III кезең – «Ханталапай»</p> <p>Жаңа сабақ.</p> <p>Әр түрлі мағыналарды білдіретін сөз көп мағыналы сөз деп аталады. Бір емес бірнеше мағынаны білдіретін сөздер тілде кездесе береді. Мысалы: ата (зат есім) – 1) үлкен әке, әкенің әкесі; 2) ата жолы – ескіден қалған жөн - жоба, әдет - тұрып; 3) ата жұрт – ежелгі мекен; 4) ата кәсіп – атадан келе жатқан шаруашылық.</p> <p>Сөздің қолданылу аясының өзгеруі, яғни бір саладан басқа бір салаға ауысуы оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді.</p> <p>Көп мағыналы сөздерді біз «полисемия» деп те атаймыз. «Полисемия» - грек сөзі, «поли» – көп, «семия» - мағына деген мағынаны білдіреді.</p> <p>Бас  ↓  дене мүшесі  таудың басы  сөздің басы  сабақтың басы</p> <p>Осы сөздерге жеке - жеке сұрақ қоятын болсақ барлығы Не? Деген сұраққа жауап береді. Яғни, көп мағыналы сөздердің арасындағы ұқсастық бәрі бір сөз табынан болады.</p>  <p>Төмендегі сөздердің тура және ауыспалы мағынасына тіркес құра. Төмен, алыс, мықты.</p> <p>Кім көп біледі?  Көп мағыналы сөздердің қатарын жалғастыр</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1 Адамның аяғы,....</li> <li>2 Домбыраның құлағы,....</li> <li>3 Жараның ауызы,....</li> <li>4 Пышақтың жүзі,.....</li> </ol> <p>Ой толғау  Көп мағыналы сөздердің тілдегі рөлі қандай деп ойлайсың?  Өз пікіріңді жаз.</p> <p>8.Сауатты болу – мақсатым  Құрамында көп мағыналы сөздері бар ма қал – мәтелдерді жазу  Кісінің кілті - аспанда. Көңіл көзін сөз ашар. Қыз өмірдің-гүлі.т.б</p> 		<p>Бас барма</p> <p>Оте жаксы</p> <p>Жаксы</p> <p>Орташа</p>
--	---	--	--






Білім беру ұйымының атауы	
Пәні:	
Бөлім:	



Педагогтің аты-жөні :				
Күні :				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамы. Сөздік қор мен сөздік құрам		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:				
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың лексика туралы түсінігін кеңейту, қазақ тілінің құрамы туралы түсінік беру, меңгерту		
Сабақтың бағысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.	Зейіндерін сабаққа аударды, жауап береді		
Өткен білімді еске түсіру	Газет-журналдардан оқыған әңгімелері туралы сұраймын. Сөздік қордан өткенді қайталау үшін пысықтауға арналған сұрақтар. 1. Қазақ тілінің сөздік қорына жататын атаулар қандай? 2. Туыстық қатынасты білдіретін атауларды ата. 3. Мал атауларына қандай атаулар жатады? 4. Табиғат құрылыстарының атаулары? 5. Аң-құс атауларына қандай сөздер жатады? 6. Заттардың түр-түсін, сапасын білдіретін атаулар.			
Жаңа білім	Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам деп аталады. Сөздік құрамға халықтың тұрмыс жағдайын, кәсібін, мәдени қалпын танытатын барлық сөздер енеді. Қазақ тілінің сөздік құрамына халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер де, кейінен пайда болған жаңа сөздер де, термин сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де кіреді. 2. Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жағдайына қарай жай қолданылатын сөздер және сирек қолданылатын сөздер болып бөлінеді. Шығармашылық жұмыс : 144-жаттығу. 1. Күз суретіне зер салыңдар және сол бойынша мәтін құрап жазыңдар. 2. Мәтінде іс-әрекетті білдіретін сөздер-баяндау сынды сипатты білдіретін сөздер-суреттеу болады. Өздерің жазған мәтінде осылардың қайсысы ба сым екенін айтыңдар. Жеке оқушылармен жұмыс : Төменде берілген сөздерге алдымен қосымша жалғап сонан соң сөйлем құрап жазыңдар. 1. Мен, жаз, өзен, көп, шомыл. 2. біз, ауыл, маңы, ағаш, қалың, өс. 3. Айжан, жолдас, кітап бер.			
Бекіту	Таңертең, күн, шай, ашық, бол, кеш, қатты, өзгер Білімді бекіту : Оқушылардың жаңа сабақтан алған білімдерін тереңдету әрі тиянақтау мақсатында пысықтауға арналған сұрақтар мен үлестірмелі кеспе қағаздар таратамын. Жеке оқушылармен жұмыс : Төменде берілген сөздерге алдымен қосымша жалғап сонан соң сөйлем құрап жазыңдар. 1. Мен, жаз, өзен, көп, шомыл. 2. біз, ауыл, маңы, ағаш, қалың, өс. 3. Айжан, жолдас, кітап бер. 4. Таңертең, күн, шай, ашық, бол, кеш, қатты, өзгерді.	Жауап береді		
Кері байланыс	Қосымша тапсырма 1-тапсырма			

	<p>а) Мына сөздердің тура мағынасын табыңдар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өткір ой, өткір мінез, өткір ... .</li> <li>2. Алыс арман, алыс туыс, алыс ... .</li> <li>3. Қатты айту, қатты шу, қатты ... .</li> <li>4. Балықтың көзі, иненің көзі, ... .</li> <li>5. Қалың ел, қалың ағаш, қалың ... .</li> </ol> <p>ә) Сөздерді ауыспалы мағынада қолданып, тіркес жасаңдар</p> <p>Терең, ыстық, жуас, ашық, ауыр, жуан, жүрек, құлақ, таяз.</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Мәтіннен тура мағынада айтылған сөздерді теріп жазыңдар</p> <p>Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксе рекпен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан әрі – көл қауіпсіз. Адам көзінен алыс, жайба стап келген - ақ қасқыр. М. Әуезов.</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Омонимдерді бір бөлек, көп мағыналы сөздерді бір бөлек теріп жазыңдар</p> <p>Ауыр жүк, ауыр сөз, ауыр мінез. Қара шаш, балапанға жем шаш. Кеш батты, суды кеш. Таяз су, таяз көл, таяз мінез. Домбыра шерту, сыр шерту. Майлы төстік, майлы дастархан.</p> <p>4-тапсырма</p> <p>Берілген мақалдардың сыңарын табыңдар.</p> <p>Көп бірікпе – ел болар, Көп тілегі ... . Ел жаусыз болмас, Жер ... . Елінен безген оңбайды, Көлінен безген ... . Отансыз адам, Армансыз ... . Атбасына күн тұса, ..... Ербасына күн тұса, .....</p> <p>Рефлексия (кері байланыс)</p> <p>Аяқталмаған 4 сөйлем әдісімен сабақты қорытыңдау.</p> <p>Бүгін мен..... білдім *..... қызықты болды. *..... қиын болды. *..... екенін түсінді</p>	<p>Жауап береді</p>  <p>Жауап береді</p> 		
--	--	---	--	--





Білім беру ұйымының атауы		
Пәні:		
Бөлім:		
Педагогтың аты-жөні:		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қолданылу аясы шектеулі сөздер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		

Сабақтың мақсаты		Оқушылардың лексика тарауы бойынша алған білімдерін жинақтап, сөздердің жаңасалу өрісіне қарай түрленуін түсіндіру		
Сабақтың бағырысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзі-өзі тексеру	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.  «Зерделеу» стратегиясы бойынша ұйтапсырмасын тексеру (сұрақ - жауап)  1. Лексика сөзі қай тілден енген сөз? 2. Қандай мағына береді? 3. Лексика нені зерттейді? 4. Жалпы қолданыстағы сөздерді атаңдар. 5. Қолданылу аясы шектеулі сөздерге қандай сөздер жатады? 6. Қанатты сөздердің түрлерін атаңдар. 7. Сөздің лексикалық мағыналарын атаңдар.	Зейіндерін сабаққа аударды, жауап береді  		
Өткен білімді еске түсіру	Сабағымыздың дәйексөзі:  Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен өзіңді алып шығар Еңбегің мен ақылың екі жақтап. (Абай)  Кірме сөз - ана тілімізге шет тілінен енген сөз. Кірме сөздердің көпшілігінде буын үндестігі сақталмай, дауысты дыбыстары жуан-жіңішке болып араласып келе береді.  Кірме сөздер – тілдің сөздік құрамын байытатын тәсілдердің бірі. Араб-парсы тілінен: Отан, қалам, кітап, ғылым, мұғалім, мектеп, дәптер, заман, әдебиет... Монғол тілінен: нөкер, аймақ, темір, жорға, т.б. Орыс тілінен: парта, кино, цирк, жәшік, керуеет, сіріңке, шайнек, үтік, доға, т.б.			
Жаңа білім	Білімді жан-жақты тексеру. (Студенттерге тапсырма таратылады) 1-тапсырма. Үзіндіден мәтелді табыңдар. Барын жоқ деп құрынғаң, Жұлдызды жатқа санасақ. Қисап етіп қарасақ. «Мың асқанға бір тосқан» Бар емес пе еді бұрыннан.  2-тапсырма. Қазақ тіліне енген төмендегі сөздердің орыс тіліндегі баламасын атаңдар. Самурын, жәшік, кәрзеңке, керуеет, сөмке, тәрелке, стақан, шайнек.  3-тапсырма. Мына үзіндіден көнерген сөзді тауып, көнерген сөздің қай түріне жататанын айтыңдар. Айтулы ерлер бар екен, Жүйріктері баптаулы. Найзалары саптаулы. Дұшпанға атар жебесі, Қорамсақпен қаптаулы.  4-тапсырма. Үзіндіден кірме сөзді табыңдар.	Жауап береді  		
Бекіту				

<p>Кері байланыс</p>	<p>Да старқан жайып құрметтеп, Төкті түрлі жемісті. Жезсамаурын қайнаулы, Союға бағлан байлаулы.</p> <p>5-тапсырма. “Сөздер сөйлейді” стратегиясы. Сөздердің мағынасын ашыңдар. Лексика, архаизм, историзм, неологизм, мақал, мәтел, ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ.</p> <p>6-тапсырма. Сөздердің баламасын табыңдар. Таманья Самолет Реклама Станция Пенсия Парк Архитектура Процент Адрес ...Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр – Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр. I. Жансүгіров Мақал Құрылысы жағына некі, үш бөлімді болады. Ойнақты айтылады. Ақыл-кеңес, үлгі-өнеге түрінде айтылады. Мәтел Көбіне бір бөлімді болады. Ойшара, тұспал түрінде айтылады. Көбіне эмоциялық мағына басым болады Жұмбақтар адамның ақыл-ойын дамытады, байқағыштық пен тапқырлыққа үйретеді.</p> <p>Шығармашылық жұмыстар .</p> <p>I. Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймайық!</p> <p>1. Қырық екі жауынгер, Сапын түзеп тұрады. Бүлдіршіндер - қауымды ел, Сырын терең ұғады.</p> <p>2. Қабат -қабат қаттама, Ақылың болса аттама</p> <p>3. Денесі бар, басы бар, Үш көзінде жалын от. Кезектесіп ашылар, Кезектесіп жұмылар.</p> <p>II. Жаңылтпаш туралы жаңылтпаш Танымдық та, Тағылымдық та мәні бар, Одан – Ұтсаң ұтқырылық та табылар. Өзге сөзге лезде өзгеріп кетеді, Болсаң егер Жаңылысар, жаңылар. Зеректерді зеріктірмес, жаңылтпас, Зеректерде жаттауға оны жалықпас. Қызықтырар, тұтықтырар тіліңді, “Бұл не?” десең, Бұл – кәдімгі жаңылтпаш.</p> <p>Ертегі – халық өмірін суреттейтін фантастикалық оқиғаларға құрылған көркем шығарма.</p>			
----------------------	---	--	--	--

	<p>III. Сюжетті суретке қарап, сурет мазмұнына лайық шағын ертегі құрастыру. Тірек сөздер: сәуке, қорамсақ, сауыт, дулыға</p> <p>Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде...</p> <p>Рефлексия (кері байланыс) Аяқталмаған 4 сөйлем әдісімен сабақты қорытындылау. Бүгін мен..... білдім *..... қызықты болды. *..... қиын болды. *..... екенін түсіндім</p>			
--	---	--	--	--

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:			
Бөлім:			
Педагогтың аты-жөні:			
Күні:			
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Сөз және оның мағыналары		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:			
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға тіркесті сөздер, оның түрлері, жасалу жолы жайлы толық мәлімет бере отырып олардың ой-пікірін қалыптастыру		








Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру</p> <p>Өткен білімді еске түсіру</p> <p>Жаңа білім</p>	<p>Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.</p> <p>Тіліміздегі сөздер лексика - грамматикалық белгілеріне қарай атауыш, көмекші және одағай сөздер болып үш топқа бөлінеді. Атауыш сөздер деп толық лексикалық мағыналары бар сөздер аталады: жер, аспан, алты, бүгін, алу, беру Көмекші сөздер деп лексикалық мағыналары жоғалған сөздер: дейін, шейін, туралы, асты, үсті, мыс, міс, таман Одағай сөздер - деп адамның әр түрлі көңіл - күйін білдіреді: аһ, тәйт, ой Атауыш сөздер - есімдер, етістіктер болып екі салаға бөлінеді. Ал есімдер атаушы, үстеуші болып ажыратылады. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін Мен - айтушы адам Жазбаймын - қағаз бетіне сөзді түсіру не түсірмей Өлеңді - белгілі бір ұйқаспен айтылатын сөз Ермек - уақыт өткізу үшін жасалатын іс - әрекет Үшін - мағынасы жоқ, ермек сөзінің жетегінде тұрып сөзбен сөзді байланыстырады. Ал үшін дегеннің мұндай мағынасы жоқ. Бұл сөйлемде үшін деген сөз ермек деген сөздің жетегінде тұрып, сол сөзге мақсаттық мән үстейді де, ермек сөзін жазбаймын дегенмен байланыстырады. Сөйлемде белгілі бір мағынаны білдіретін, белгілі бір ұғымның атауы болып табылатын сөздерді атауыш сөздер деп атайды. Ал ондай мағына білдіре алмайтын, тек басқа сөздердің жетегінде жұмсалатын сөздерді көмекші сөздер дейді. Атауыш сөздер өз бетімен белгілі бір мағынаны білдіретіндіктен, белгілі бір сұраққа жауап бере алады. Ал көмекші сөздер жеке тұрып белгілі бір мағынаны білдіре алмайтындықтан, белгілі бір сұраққа да жауап бере алмайды. Демек, сөйлем ішінде оның белгілі бір мүшесі бола алмайды.</p>	<p>Зейіндерін сабаққа аударды, жауап береді</p> 	    	

<p>Бекіту</p>	<p>Әдетте көмекші сөздер өзі жетегінде жұмсалған сөзбен қабаттасып қолданылады, сол сөзге қосымша мән үстейді не ол сөзді басқа сөзбен байланыстырып тұрады. Жоғарыдағы сөздерді талдасақ, былай болар еді: Кім жазбаймын дейді? — мен — бастауыш, Мен не істеймін? — жазбаймын — баяндауыш<sup>1</sup> Нені жазбаймын? өлеңді — толықтауыш, Не үшін (мақсатпен) жазбаймын? — ермекші — пысықтауыш. Үшін деген сөзге жеке сұрақ қоюға болмайды, сондықтан ол жеке тұрып сөйлем мүшесі де бола алмайды.</p> <p>Одағай сөздер - адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіреді немесе жан-жануарларды шақыру мәнінде қолданылады. Оларда сөйлем мүшесі бола алмайды. Толық мағынасы болмағандықтан, белгілі бір сұраққа да жауап бермейді. Мысалы: Па, шіркін! Сөзің сөз - ақ екен!</p> <p>1. Атауыш сөздер мен көмекші сөздерді ажырату  Демалысымызға – атауыш, - дейін – көмекші  Шегінген, шабуыл – атауыш, - кезінде - көмекші  Жаяу, машинаға, танкіге, жау танкісіне – атауыш, де - көмекші сөз  Антоним сөз – артта – алдыда, жаяу жүру - машинаға міну</p> <p>2.  Қазыбектің – анықтауыштық, өнері – бастауыш, несі?, жеткізбейтін жүйрік – анықтауыш, оның – анықтауыш, иіліп, бүгілгенде, бұратылады – пысықтауыш, бақанға мысықтай – пысықтауыш, екі сырықты – толықтауыш, аяқты кісіге – толықтауыш, суға малтуы – пысықтауыш, үйрек – бастауыш, ешкім қарғи алмайды – анықтауыш, цирктің артистерінен – толықтауыш</p> <p>3 - жаттығу. Мәтіннен одағай сөздерді табу. Беу, дүние - ай – таңдану - шаттану, апырмай  Сабақты қорытындылау  Сөздің неше түрі бар?  Атауыш сөздермен көмекші сөздердің айырмашылығы неде?  Одағай сөздердің неше түрі бар?  <i>Ойтолғаныс сатысы</i>  1-жаттығу. Мәтіннен зат мағыналы туынды сөздерді ызыдар. Олардың жасалу жолын түсіндіріңіздер.  І Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы беткей, төбешік, обашық, қызыл құмай, шөпте сін шүңейт. Қоңыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қара-құра жоқ. Даланың көркі елекен-ау! Елсіз дала емсіз жағдай көрінеді. Малшы байғұстар не ғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қудала! Қудаларда жалғыз жаяу бір мұңдық. Сардалада сары уайым қамшылап Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап (Ж.А.). Ай әлі тұған жоқ. Түн жамылып ұрланып шыққан жалғыз жаяудың жаулығы ағараңдап, Қоңыртөбені асып бара жатты. Ол бұл жолы Қоңыртөбеден секенген жоқ. Ішін өрт жалаған өкініш, ашу-ыза, амалдың жоқтығына аста сып, өз болмысында болмаған бөтен қимылға итермелеген. Оқара сиыр іші кеуіп өлетін шілікке келіп, бел шешті. Мағрипаны мазалайтын қорқыныш сол төбенің ар жағында, қорықшы келіп қалама деп елеңдеп әрі-бері отырды да, шалғысын саптап, пішен шабуға кірісті. Түнгі шыққа жіпсіп жатқан қырықбуын аралас қияқ шалғынның жүзі тие р-тimestен сырылдап барып мұрттай ұшады (О.Б.).</p>			
---------------	--	--	--	--

<p>Кері байла ныс</p>	<p>11 Арғыма қ талай қор болды Әсіре сөздің өрнегі, Әзілдің болдың өрнегі 22</p> <p>Шапанын киіп шыңдықтың Өтірік төрді бермеді, Қойғасын көңді күреуді Шіріді түбі тіреуді Біреулер ұрды біреуді Сойылыменен біреудің... Бағасы түсіп бастыңда, Болмадық бөгетте Ақымақ жігіт астында (К.М.).</p> <p>Ержігіттің маңдай тері, Арулардың көз жасы мен күлкісі, Абырой мен атақ-даңқтың түр-түсі, Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс Күнделікті жеңіспен жеңіліс Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер, Безбен сынса, безбүйректік белсенер. Алдыменен өз жаныңның қайшылығын жеңіп ал Биік ұшқың келсе егер (М.Ш.).</p> <p>2-жа ттығу. Келтірілген сөздерден түрлі жұрнақтар арқылы туынды зат мағыналы сөздер жасаңыздар. Жұрнақтарды мағыналық және құрылымдық ерекшеліктері бойынша сипаттаңыздар.</p> <p>Қызыл, тозаңдат, соқ, ес, әділ, сезімтал, жамыл, ора, жаз, іл, қыл, тұр, ас, тұғыр, сарт, мәлім, төңкер, ұры, сан, гүрс.</p> <p>3-жа ттығу. Төмендегі мысалдардан синтетикалық тәсілмен жасалған туынды зат мағыналы сөздерді табыңыздар. Сөзжасам жұрнақтарына сипаттама беріңіздер.</p> <p>Қара адам жалған айтса, ұятсыздық дейміз (М.Ә.). Рас, ерекше жалқаулық, бейнетсіздікте күн кешетін жандар да қыр тұрмысында көп кездеседі (М.Ә.). Қала орнында кедір-бұдырлы қара күйік қалды (Ғ.М.). Бұған мән берген ешкім болмады (Д.Д.). Бірақ қалың елдің бүгінгі ажарында әлдеқандай бір оқшау күйді тосқан түйілгендік байқалады (М.Ә.). Жүрісіне қарағанда шолғыншы лек секілді (Д.Д.). Бәйкен қарт сақтық, ұстамдылық керектігін ескертті (Ғ.М.). Төсекке жаққан сайын аунап, қызып ұйықтап алмай жаққанда, ойын қағы билемей, көмескі үмітпен қызу билейтін әдет болды (М.Ә.). – 23</p> <p>Кіріңдер! Ну! – деді Мюлгаузен ауызғы бөлмеде бір бөлек кісінің аяқтықырын естіп (Ә.Нұрп.). Санақта бар, санатта жоқ ел ұрпағының ұрпағына кетер айнымаста бұлжымастық жолына бастар жағыз жалауосы (Ғ.М.). Бұндағы халықтың үнсіздік, момындығын бұдан былай тағы талай Кошкинде әлі де келтепкен басқа соғып, қорлай берсін (М.Ә.). Әмірші сыр білдірмеді, қыздың құнын сұрап тұрған саудагерге алтын динар ұстатты да, кітапты алды (Д.Д.). Бөлімше командирлері жүгіре жөнелді, тек қарт жұмысшы қозғалмады (Ә.Н.). Бір күні түске таянған мезгілде демалысы жиілеп, кеудесіне сырылдақ пайда болды (М.Ә.).</p>			
-----------------------	--	--	--	--



Білім беру ұйымының атауы		
Пәні:		
Бөлім:		
Педагогтың аты-жөні:		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Балмұздың аты	Мәтінмен жұмыс			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:				
Сабақтың мақсаты	Оқу сауаттылығын дамыту			
Сабақтың бағыты:				
Күн Сабақтың	Педагогтің әрекеті	Оқушының	Бағалау	Ресурстар
Кезеңі//уақыты	Қатысушылар саны:	әрекеті	ағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Бәрі де балмұздақ туралы	Сөздердің морфологиялық белгілеріне қарай бөлінуі		
Оқу бағдарламасын бақылаудың нәтижесі	және деңі сауадамдардың көбі	сабаққа		
Сабақтың мақсаты	түшін өте жұғымды тамақ. Кейде ол диеталық тамақ орнына	ауда рады,		
Сабақтың барысы	да жүреді. Бірсыпыра ғалымдар асқазан органдарының	жауап береді		
Сабақтың кезеңі// Өткен білімді еске түсіру	қазіргі таңда мырларын тарылтып, осының нәтижесінде тері түтіктерін кеңейтеді, - деп есептейді. Алайда балмұздақта майда, барынша сіңімді қанттектер де көп. Балмұздақтың		Оқушының әрекеті	Бағалау
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	ең калор Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу Пломбир Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. аяғында осында балмұздақтың нақ осы сорттын жа сау а лғаш иге Сөз құрамындағы тұлғаларды лексикалық мағынасы бар Франция тұлғалар және тек грамматикалық қана мағынасы бар тұлғалар жылдына, деген екі бөлікке бөліп қарауға болады. Бұл бөліктердің балмұзда алғашқысы - сөздің лексика-грамматикалық бөлігі, екіншісі чемпион сөздің грамматикалық бөлігі деп аталады. Бірінші бөлікке дербес өйткені О лексикалық мағынасы бар негізгі түбірлер мен сөзге жаңадан килограм лексикалық мағына беретін сөз тудырушы жұрнақтар, демек қазір сем солар арқылы жалған туынды түбір тұлғалар жа тады да, заманда жаңадан лексикалық мағына тудыра алмайтын функцияна лді балмұзда жұрнақтар мен жалғаулар екінші бөлікке кетеді. Сөздерді айтыла д лексика-грамматикалық бөлікке бөлшектегенде, негізгі 1. Автор морфемалар мен қосымша морфемалардың ара жігі А) құраме әуелдегі дей емес, жаңаша сөз табады. Яғни қосымша В) қасиет морфемалар қатарында жататын сөз тудырушы жұрнақтар С) салма туынды негіздер құрамына еніп, сөздің негізгі морфемалар Д) пайда тобына ауысады. Мысалы, <i>ырлаушыға</i> (жырлаушы) деген сөзді 2. Балмұз құрамына қарай тұлғаласақ, <i>ыр</i> (жыр) тұлғасы негізгі морфема дұрыс? болып шығады да, <i>-ла, -в, -чы</i> тұлғалары мен <i>-ға</i> тұлғасы А) чемпи қосымша морфемалар тобына жатады. Ал осы сөзді лексика- В) италия грамматикалық бөлігі тұрғысына н қарасақ, оның <i>ырлаушы</i> деген С) америка бөлігі үш жұрнақты ( <i>ыр-ла-в-чы</i> ) туынды түбір болып шығады Д) франца да, грамматикалық бөлігіне <i>~ға</i> барыс септік жалғауы ғана 2-мәтін қалады. Біздің басында қосымша- морфема деп отырған <i>-ла, -в,</i> Ақы <i>-чы</i> жұрнақтары бұл жерде сөздің негізгі морфема бөлігіне Жаңа жа ауысып кетіп отыр. (Ибатов, 1983, 48-6.). Сөйтіп сөздің негізгі қаздыра морфемалар қатарына ауысушы қосымша морфемалар сөздің а қысынс да және күрделі болып келу сипатына қарай үнемі жұрнақ екіншісі түрінде емес, әр түрлі болып келе береді. Мысалы, туынды Төлеген түбірлі дара сөз болатын болса, оған қосылғанда негізгі Жаңа білім жігіттің морфема қатарына ауысып кететін сөз тудырушы қосымшалар дегеніне екі түрде: жұрнақ және жалғау түрінде кездеседі. Мысалы, <i>Толық денелі болса да, әлі жас әйел. Игіліктің күшігі</i> - Адамның тұрғанын көрсе де, асықпай баяу басып келеді (Ғ.Мүс.) деген байға сөйлемдегі <i>толық</i> сөзі алайық. Мұнда толық сөзінде <i>-</i> <i>ық</i> жұрнағы негізгі морфема құрамына ауысып тұр. Осы сияқты - Ешқайсы кейбір қос сөздер құрамындағы негізгі морфеманың алдынан жығылды қосылатын күшейткіш тұлғалар (қып қызыл) түрінде айтылатын амалы күпрефикс мәндес тұлғаларда да кездеседі. Сөздің негізгі морфема құрамына ауысып кететін қосымшалардың бұлайша 1. Мәтінн әр қилы (жұрнақ, жалғау, күшейткіш тұлға) болып келуі не А) Кісі бөл қарамай, олардың бәрі де өзі қосылған сөзінен жаңа сөз В) Берме тудыратын қосымшалар болып табылады. Осы қасиетіне С) Әділді байланысты олар әрқашан өзі қосылып айтылған сөзінен жаңа баламе н сөз тудыра да, сол жаңадан пайда болған сөздің бүтін бір тұтас 2. Мәтінн тұлғасына айналып, сөздің лексика-грамматикалық бөлігін, яғни А) өсиетн туынды түбір бөлігін құрады. В) әңгіме Сөздің негізгі лексика-грамматикалық бөлігі, әдетте белгілі бір С) аңыз сөз тобына байланысты қаралады. Сөз негізінің қай сөз табына Д) шешетән екендігіне қарай оның грамматикалық бөлігінің сипаты	3ейінде рін сабаққа ауда рады, жауап береді		
Өткен білімді еске түсіру				
Жаңа білім				
Жаңа білім				
Бекіту				



Кері байланыс	<p>3-мәтін айқындалады. Мысалы, негізгі сөз есімдер тобына жататын Қарлығаболса, оның грамматикалық бөлігі бір түрлі ал, етістіктер тобына Нағашы жатса, екінші түрлі болып түрленеді. Сөздерді лексика-Сабактан грамматикалық тұлғаретінде жеке алып тандағанда, оның солүлексикалық мағынасы грамматикалық түр-түрпатын еске ала ұшып кір,отырып сипатта йтыны да осы себебтен.</p> <p>- Бұл рдСөздің лексикалық және грамматикалық бөлшектерге бөліп төрінде оқараудың бір түрін біз Ф.А.Ганиевтің зерттеулерінен</p> <p>- Нені а йткездестіреміз. (Ганиев, 1974, 39-6.). Бірақ онда ғалым сөздің</p> <p>- Мына қлексикалық бөлігін "слово образовательная структура слово"</p> <p>- Олар не деп а т а йды да, грамматикалық бөлігін "морфологическая</p> <p>- Осыдан структура" деп а т а йды. ғалым "Негізге қосылған не</p> <p>- мына бөуістемеленген нәрсеңің бәрі морфологиялық немесс формалық еді. Біз тәкөрсеткіштер болып саналады, сондықтан оны морфология та ма шал зерттеу қажет", - дейді. Сонда негізгі және туынды түбір сияқты келетін Сөздердің негіз тұлға морфемалары морфология саласына бүлдіргеге жатпайтын болып шығады.і қанша тазалап,</p> <p>қанша ақСөздің лексика-семантикалық бөлігіне әр түрлі (түпкі, негізгі, кіреді де,туынды) түбір морфемалар жатады да, сөздің безендіруші қанша жаграмматикалық бөлігіне функциональді жұрнақтар, мен біліп қояжалғаулар морфемасы жататын болады. Бұл жерде сөз Мен қартудырушы жұрнақтар жеке аталмай қалды. Оның мынадай қалдым. себебі бар. Сөзді бұлайша бөлшектеуге сөз тудырушы жұрнақтар</p> <p>1. Мәтін тобы, жоғарыда айтылғандай, туынды түбір деп аталатын</p> <p>A) Эссе сөздер құрамында сөздің негізгі морфемалар қатарына, сөздің</p> <p>B) Аңыз лексика-грамматикалық бөлігіне ауысып кетеді. Өйткені сөз</p> <p>C) Әңгіметудырушы жұрнақтар өзінің бұрынғы қосымша сорфемалар</p> <p>D) Ертегі сипатына нарылып, туынды түбір морфемалардың тұтас түр</p> <p>2. Мәтін дтұлғасына енеді. Олар өзінің негізгі түбір морфемаларымен</p> <p>A) Қарлыбірігіп, тұлғалық тұтастығында, бір бүтін тұлғаға (туынды</p> <p>B) Жаңа түбірге) айналып, оның құрамына сіңіп кетеді. Алғашқы сөз</p> <p>C) Қарлытудырушы қосымша морфема енді негізгі морфеманың тұтастық</p> <p>D) Нағашқұрамына ауып, туынды түбір деген дербес лексикалық</p> <p>- единицаның құрамына, негізгі морфемалар тобына қосылады.</p> <p>- Бұл туынды түбірлер құрамындағы сөз тудырушы</p> <p>Тапсырмақосымшалардың біререкше қасиеті. Олар қосымша</p>			
Бекіту	<p>морфемалық сипатын тастап, негізгі морфеманың біртұтастығына айналады.</p> <p>Тапсырма</p> <p>1.Көнерген сөздерді (архаизм, историзм) жазып, сөйлем құраңдар.</p> <p>Уез, аэрофлот, барымта, ханзада, адрес, батырақ, рынок, керуен, жүзбасы, таможня, би, болыс, станция.</p> <p>13-тапсырма.</p> <p>Берілген архаизм сөздерді неологизмге айналдырып жазыңдар.</p> <p>Самалет...</p> <p>Реклама...</p> <p>Пенсия...</p> <p>Парк...</p> <p>Комплекс...</p> <p>Документ...</p> <p>Аэрофлот...</p> <p>Тапсырма</p> <p>1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.</p> <p>Мақал-мәтелдер</p> <p>..... өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы</p> <p>Жаманға ..... батады,</p> <p>Жақсыға ..... батады.</p> <p>Жақсы жолдас ..... шыға рады,</p> <p>Жаман жолдас ..... батырады.</p> <p>..... белгісі – қолынан тартады,</p> <p>Жаманның белгісі - ..... ба сады.</p>			

Кері байланыс	<p>Бала – көктеп шыққан ..... , Солдырмайтын жолын іздеп таба біл.</p> <p>Керекті сөздер: қызыл гүл, етегінен, шөп, жарыққа, қолыңнан, әдепсіз. Тапсырма 1.Сөздерді түбірі мен қосымшаларын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.</p> <p>Рақымшылық, малшы, сула, төбешік, кетір, қайратты, аспазшы, көрнекті, атқыш, бағалы, балалық, даналық, батырлық, өнімді. 2.Төмендегі сөздерге қосымшалар жалғап, сөйлем құрап жазыңдар.</p> <p>Көл, әке, биік, біл, жер, өр, жас, адам, ән, дос, тау.</p>			
---------------	--	--	--	--

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012г. [17, 20б.]
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы. 3. Сергеева Т. Новые информационные технологии и содержание обучения (на примере предметов естественно-научного цикла). 1999, №1.
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана: 2012. –1-2 б.
4. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі, әдістемелік құрал, Астана: 2013. – 7-8 б.
5. PISA халықаралық зерттеуі, әдістемелік құрал. Астана: ҰББСБО, 2013. – 8-9 б 79 б.
6. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. PEARSON 2013. – 138 б.
7. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері. PEARSON 2013. – 47-48 б.
8. Основные результаты международного исследования PISA 2012. Национальный отчет. Астана: 2013. –105-106 с., –147 с.
9. Мұғалімге арналған нұсқаулық, III деңгей: 2012. –58 б.
10. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 ж.
11. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978.
13. Оразов М. Сөз теориясы. А., 1996.
14. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1976.
15. Әлімбаев М. Маржан сөз. А., 1978.
16. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1988.
17. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. А., 1995.
18. Жексенбаева У.Б., Ниязова Г.Б. 12 жылдық білім. // -№7-2006.
19. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері // NIS- PEARSON.
20. Основные результаты международного исследования PISA-2012. Астана: НЦОСО, 2013.
21. Баспасөз беттер
22. Ғаламтор

#### Мазмұны

Түсінік хат .....	
Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері .....	
Күнгізбелік-тақырыптық жоспар .....	
Сабақ жоспарлары .....	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	

## ШЕШЕНДІК СӨЗ ӨНЕРІ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Татибекова Айнур Андабековна  
Абай атындағы шағын орталықты орта мектебі, Т.Рысқұлов ауданы

«Шешендік сөз өнері» авторлық бағдарламасы білім алушылардың шешендік сөйлеу қабілеттерін дамытуды көздейді. Білім алушы таңдау курсынан ұлттық, рухани мұрамыз шешендік сөз өнерін түйсініп, ділмар шешендеріміздің мұрасынан тағылым алады. Бүгінгі күнде бұқаралық ақпарат құралдарының және коммуникациялық құралдардың дамуымен шешендік сөз өнеріне деген сұраныс пен қызығушылық күннен-күнге артып келеді. «Шешендік сөз өнері» білім алушының сұранысына сәйкес оқушы келбетін дәйекті, сауатты, анық және әдемі сөйлей білу қабілетін арттырады. «Шешендік сөз өнері» арқылы білім алушы көпшілік алдында сөз сөйлей білуге дағдыланып, функционалдық сауаттылығын таныта алады. «Шешендік сөз өнері» жалпы білім беретін мектептердің 11 қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы білім алушыларға арналған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрімен бекітілген 2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатында «Қазақ әдебиеті» пәнінен вариативтік оқу компоненті есебінен «Шешендік сөз өнері» элективті курсы ұсынылған. «Шешендік сөз өнерінің» негіздемесі: шешендік сөздің табиғатын танытып, айтылған ойды саралай білуге үйретеді, ұлттық құндылығымыз – шешендік сөздердің мағынасын түйсінуге, шешен сөйлеуге, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуге баулиды».

«Шешендік сөз өнері» таңдау курсы 11 «ҚГБ» сынып оқушыларының қазақ әдебиетінен алған базалық білім негіздерін жетілдіру, тереңдету мақсатында 36 сағатқа жасалған.

«Шешендік сөз өнері» курсының ерекшелігі шешендік сөз өнерінің тарихын, шешендік сөздің түрлерін меңгертіп қана қоймай, шығармашылық-ізденіс тапсырмалары арқылы көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігіне төселдіреді.

«Шешендік сөз өнері» курсына білім алушылар оқу мақсаттарына бағытталған тапсырмаларды орындау арқылы шешендік сөздің түрлерін, қазақ би-шешендерінің шығармаларын меңгереді. Білім берудегі ғылымилық, жүйелілік, саналылық, біріншілік ұстанымдарға негізделген сабақтар арқылы білім алушылардың шешендік сөйлеу қабілеттері артып, шешендік сөздерді талдай білу дағдылары дамиды.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының және коммуникациялық құралдардың дамуы шешендік сөз өнеріне деген қызығушылықтың артуына себеп болды. Заманауи тұлғаның келбетін дәйекті, сауатты, анық және әдемі сөйлей білу қабілетінен таниды. Шешендік сөз өнері арқылы көпшілік алдында сөз сөйлей білу шеберлігі мен функционалдық сауаттылығын танытуға мүмкіндік беретіні анық.

«Шешендік сөз өнері» курсы: «Кіріспе.Шешендік өнердің халықтық сипаты», «Шешендік сөздің табиғатын тану», «Шешендік арнау», «Шешендік сын», «Шешендік толғау мен шешендік нақыл», «Шешендік дау», «Шешендік сөздердегі тілдік таным» бөлімдерінен тұрады.

**Курстың мақсаты:** шешендік сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік дағдылар қалыптастыру арқылы нақты, дәлелді шешен сөйлеуге дағдыландыру.

### Курстың міндеттері:

- сөз мәдениеті мен шешендіктің бірлігін, сабақтастығын таныту;
- сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктеріне сай шешендік сөйлесім дағдыларын жетілдіру;
- ойын еркін, шешен жеткізе алу, теориялық білімін жазба жұмыстарда сауатты қолдана алу біліктілігін қалыптастыру;
- шешендік сөз өрнегі арқылы оқушылардың санасына көркем сөз құдіретін, эстетикалық, танымдық тәрбиені сіңіру;
- шешендік сөз өнерінің мәні мен тарихы туралы мағлұмат беру;
- шешендік сөздің тектері мен түрлері, олардың өзіндік ерекшеліктері жөнінде ұғым қалыптастыру;
- шешен сөйлеуге қажетті әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру;
- оқушы бойында көшбасшылық қабілеттерді дамыту;
- шығармашылық жұмыстар арқылы ұлттық сананы жаңғырту;
- іс-әрекетті сыни бағалау арқылы өз дәлелдерін ұсына алу қабілетін арттыру.

### Күтілетін нәтиже:

1.Теориялық білім	2.Шешендік шеберлік	3.Рухани-адамгершілік тәрбие
Шешендік сөз өнерін көп оқыған оқушы әдебиетті терең меңгерген тұлға болып қалыптасады.	Шешендік сөз өнері арқылы оқушының шешендік сөйлеу қабілеті артып, шешендік шеберлікке бейімделеді.	Шешендік сөз өнері арқылы рухани-адамгершілік қасиеті артып, ұлттық санасы жаңғырады

**Өзектілігі:** «Шешендік сөз өнері» арқылы оқушының шешендік сөйлеу қабілеттері дамып, функционалдық сауаттылығы арқылы шешендік шеберлігін таныта алу қабілеттерін игеруімен өзекті болып табылады.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ**  
(Барлығы – 36 сағат, аптасына – 1 сағат)

**Кіріспе.Шешендік өнердің халықтық сипаты 5 сағат.** Шешендік өнер – көненің көзі, дананың сөзі, халық даналығының ұйытқысы – шешен тілі, асыл сөз,билер сөзі, жақсы сөз бен нақыл сөз, ділмар сөз бен шешендік сөз, аталы сөз бен қанатты сөз, тәмсіл, өсиет сөз бен көсем сөз секілді тақырыптарды қамтиды.

**Шешендік сөздің табиғатын тану 3 сағат.** Шешендік сөздердің зерттелуі, шешендік сөз өнерінің тарихы, шешендік сөздің түрлері.

**Шешендік арнау 4 сағат.** «Жиренше шешен мен Қаракөз айым» «Он бес жас құйын қуған желменен тең», «Қасенханның Асанқайғы атануы», «Алыста не алыс?» «Қонақ неше түрлі болады?».

**Шешендік сын 3 сағат.** «Ата тұрып ұл сөйлесе ержеткені болар»,«Ер намысына қарай шабады», «Жақынды жаралама,алысты қаралама», «Жақсы ұл – елдің туы болады», «Сырымның үш қасиеті».

**Шешендік толғау мен шешендік нақыл 9 сағат.** Шешендік толғау. Шешендік өсиет, «Қайтып келер есікті қатты серіппе», «Білгендерден ғибрат ал», «Жақының үшін жақсының жағасынан алма», «Жерден ауыр не?»,«Ақылды деп кімді айтамыз?», Ақтайлақ пен Қанай шешен «Баталы ер арымас», Шешендік нақыл:«Өнер алды – қызыл тіл», «Бала болсаң болғандай бол», «Жақсы жігіт белгісі», «Қонақжайлылық белгісі», Асанқайғы жырау «Еділ бол да, Жайық бол», «Есті көрсең кем деме», Бұқар жырау «Жар басына қонбаңыз», «Биік тауға жарасар», Құнанбай би Өскенбайұлының шешендік сөздері

**Шешендік дау 4 сағат.** Шешендік дау: жер дауы; шешендік дау: мал дауы.Қазыбектің ат дауын шешуі; шешендік дау: жесір дауы. Байдалы мен Төле, шешендік сөздердегі тағылым

**Шешендік сөздердегі тілдік таным 4 сағат.** Билер шешендігіндегі тапқыр сөздер, ақын-жыраулар тіліндегі көркем тіл, қазіргі шешендіктегі көркем тіл мен шешендік сөз өнерінің көрінісі, шешендік сөздің сапалық белгілері.

**Шығармашылық ізденіс жұмыстары 4 сағат.** Өз бетімен орындауға арналған шешендік сөз өнеріне байланысты тапсырмалар.

**Бағдарламаның күнтізбелік жоспары**  
«Шешендік сөз өнері»  
Аптасына 1 сағат,барлығы 36 сағат

№ р/с	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыптары	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
<b>I тоқсан 9 сағат</b>						
1	<b>I бөлім. Шешендік сөз өнерінің халықтық сипаты</b>	1. Кіріспе. Курстың мақсаты мен міндеті Шешендік сөз өнері – көненің көзі, дананың сөзі	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.	1		
2		2. Халық даналығының ұйытқысы – шешен тілі. Асыл сөз,билер сөзі	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау	1		
3		3. Жақсы сөз бен нақыл сөз, ділмар сөз бен шешендік сөз	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.	1		
4		4. Аталы сөз бен қанатты сөз,тәмсіл	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
5	<b>II бөлім. Шешендік сөздің табиғатын тану</b>	5. Өсиет сөз бен көсем сөз	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
6		6.Шешендік сөздердің зерттелуі	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
7		7. Шешендік сөз өнерінің тарихы	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
8		8. Шешендік сөздің түрлері	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.	1		
9		Шығармашылық-ізденіс тапсырмалары	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш	1		

			құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.				
		<b>II тоқсан 8 сағат</b>					
10	<b>III бөлім. Шешендік арнау</b>	1. Шешендік арнау. «Жиренше шешен мен Қаракөз айым»	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.	1			
11		2. «Он бес жас құйын қуған желменен тең»	«Он бес жас құйын қуған желменен тең»	1			
12		3.«Қасенханның Асанқайғы атануы»	«Қасенханның Асанқайғы атануы»	1			
13		4. «Алыста не алыс?» «Қонақ неше түрлі болады?»	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.	1			
14		<b>IV бөлім. Шешендік сын</b>	5. Шешендік сын. «Ата тұрып ұл сөйлесе ержеткені болар», «Ер намысына қарай шабады»	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.	1		
15			6. «Жақынды жаралама, алысты қаралама» «Жақсы ұл – елдің туы болады»	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.	1		
16			7. «Сырымның үш қасиеті»	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.	1		
17			8. Шығармашылық ізденіс тапсырмалары	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.	1		
		<b>III тоқсан 10 сағат</b>					

18	<b>V бөлім: Шешендік толғау мен шешендік нақыл</b>	Шешендік толғау. Шешендік өсиет «Қайтып келер есікті қатты серіппе»	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.	1		
19		«Білгендерден ғибрат ал», «Жақының үшін жақсының жағасынан алма»	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.	1		
20		«Жерден ауыр не?», «Ақылды деп кімді айтамыз?»	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету. 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.	1		
21		Ақтайлақ пен Қанай шешен «Баталы ер арымас»	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.	1		
22		Шешендік нақыл:«Өнер алды – кызыл тіл» «Бала болсаң болғандай бол»	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.	1		
23		«Жақсы жігіт белгісі» «Қонақжайлылық белгісі»	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
24		Асанқайғы жырау «Еділ бол да, Жайық бол», «Есті көрсең кем деме» толғаулары	1.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
25		Бұқар жырау «Жар басына қонаңыз», «Биік тауға жарасар» толғаулары	1.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1		
26	Құнанбай би Өскенбайұлының шешендік сөздері	1.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.	1			
27		Шығармашылық ізденіс жұмыстары	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.	1		
		<b>ІҮ тоқсан 9 сағат</b>				
28	<b>VI бөлім: Шешендік дау</b>	Шешендік дау: жер дауы. «Қара жерге халық ие»	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен	1		

			даралау арқылы өмір шындығын көрсету.			
29	<b>VII бөлім. Шешендік сөздердегі тілдік таным</b>	Шешендік дау: мал дауы. Қазыбектің ат дауын шешуі	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.	1		
30		Шешендік дау: жесір дауы. Байдалы мен Төле	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.	1		
31		Шешендік сөздердегі тағылым	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.	1		
32		Билер шешендігіндегі тапқыр сөздер	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.	1		
33		Жыраулар қолданған көркем тіл	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.	1		
34		Қазіргі шешендіктегі көркем тіл мен шешендік сөз өнерінің көрінісі	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.	1		
35		Шешендік сөздің сапалық белгілері	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.	1		
36		Шығармашылық ізденіс жұмыстары	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; 11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу.	1		

Түсінік хат.....	3
Нормативтік бөлім.....	4
Тұжырымдық бөлім.....	5
Бағдарламаның мазмұны.....	6-11
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	12
«Шешендік өнер» мұғалімге арналған көмекші құрал.....	8
1-сабақ.....	13-15
2-сабақ.....	16-19

3-сабақ.....	20-23
4-сабақ.....	24-28
5-сабақ.....	29-31
6-сабақ.....	32-34
7-сабақ.....	35-39
8-сабақ.....	40-42
9-сабақ.....	43-46
10-сабақ.....	47-49
11-сабақ.....	50-52
12-сабақ.....	53-56
13-сабақ.....	57-59
14-сабақ.....	60-63
15-сабақ.....	64-66
16-сабақ.....	67-69
17-сабақ.....	70-72
18-сабақ.....	73-74
19-сабақ.....	75-77
20-сабақ.....	78-80
21-сабақ.....	81-83
22-сабақ.....	84-85
23-сабақ.....	86-88
24-сабақ.....	89-91
25-сабақ.....	92-94
26-сабақ.....	95-97
27-сабақ.....	98-100
28-сабақ.....	101-103
29-сабақ.....	104-106
30-сабақ.....	107-109
31-сабақ.....	110-111
32-сабақ.....	112-113
33-сабақ.....	114-115
34-сабақ.....	116-118
35-сабақ.....	119-120
36-сабақ.....	121-123
«Шешендік өнер» білім алушыға арналған жұмыс дәптері.....	124
1-сабақ.....	124
2-сабақ.....	125-126
3-сабақ.....	127-128
4-сабақ.....	129-130
5-сабақ.....	131-132
6-сабақ.....	133-134
7-сабақ.....	135-136
8-сабақ.....	137-138
9-сабақ.....	139-140
10-сабақ.....	141-142
11-сабақ.....	143-144
12-сабақ.....	145-146
13-сабақ.....	147-148
14-сабақ.....	149-150
15-сабақ.....	151-152
16-сабақ.....	153
17-сабақ.....	154
18-сабақ.....	155
19-сабақ.....	156-157
20-сабақ.....	158-159
21-сабақ.....	160-161
22-сабақ.....	162
23-сабақ.....	163-164
24-сабақ.....	165
25-сабақ.....	166
26-сабақ.....	167
27-сабақ.....	168
28-сабақ.....	169-170
29-сабақ.....	171-172
30-сабақ.....	173
31-сабақ.....	174
32-сабақ.....	175
33-сабақ.....	176
34-сабақ.....	177
35-сабақ.....	178
36-сабақ.....	179



## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Таубаева Ғ.З

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

УДК 821.512.122-93

ББК 83.8

Т 24

Пікір жазғандар:

Дадебаев Ж.Д. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, фил.ғ.д., Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры;

Сманов Б.Ө. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Амирова А.С. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Таубаева Ғ.З.,

Т 24 Қазақ балалар әдебиеті /Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2022, – 121 б.

ISBN 978-601-353-109-0

Аталмыш оқу құралында халық ауыз әдебиетінен бастап, XIX-XX ғасырдағы және қазіргі кездегі ұлы ғұламалар мен ақын-жазушылардың шығармалары туралы сөз болады. Олардың мектеп жасына дейінгі балаларға арналған танымдық, дамытушылық және тәрбиелік мәні бар шығармалары талданады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы бойынша даярланатын білімалушыларға (студенттер, магистранттар мен докторанттарға) және мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші-педагогтерге арналады.

УДК 821.512.122-93

ББК 83.8

ISBN 978-601-353-109-0

© Таубаева Ғ.З., 2022

© Абай атындағы ҚазҰПУ,

«Ұлағат» баспасы, 202

### Алғысөз

Елдік пен еркіндікті аңсаған қазақ елі бүгінде қоғам іргесін бекемдеп, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан өркендетті елдер қатарынан орын алуда. Өтпелі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру әлемдік білім беру кеңістігіне еніп, жаңашалануда. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып, мектеп жасына дейінгі балаларға жаңа стандарт пен үлгілік оқу бағдарламалары, оқуәдістемелік құралдары жасалып, мектеп пен мектепке дейінгі ұйым өміріне енгізілді. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Тіл туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарында т.б. атап көрсетілген. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз етуді, оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау, білім беру сапасын арттыруды көздей келе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз етуді басты мақсат етіп отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы жаңа ұрпақты өз ана

тілінде оқытуға, білім беруге, әдеби-мәдени мұраларымызды танып білуге мол мүмкіндік туғызды. Ата-бабадан бүгінгі күнге жеткен тарихи мұраларды таныту халық қазынасы – ауыз әдебиеті, балаларға арналған көркем әдеби шығармаларды кеңінен пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Бұл жөнінде Елбасы Қазақстан халқына жолдаған үндеуінде: «...біз тарихи ескерткіштерді, әдеби-мәдени мұраларды таныта тәрбиелеуді мектепке дейінгі кезеңнен бастап үзіліссіз жүзеге асыруға тиіспіз. Осы арқылы жастарды адамгершілікке, өз еліне сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеуге тиіспіз», – дей келе, «бәріміз де бала кезімізде халық ауыз әдебиетінің баға жетпес бай мұрасымен сусындап өстік. Қазақ ертегілерін, батырлар жырын оқымаған қазақ баласы жоқ шығар деп есептеймін», – деген болатын. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу, білім беру үрдісінде оларды қан жақындығы емес, жан жақындығына баулу бүгінгі өмір талабынан туындайды. Табиғат пен өмір әлемін поэзиялық өрнекпен біртұтас бейнеде суреттеп көрсететін, балалардың ойын орнықтырып, игілігіне айналдыруда, оларды сөз мәнісін түсінуге баулуда балалар әдебиетінің тәлім-тәрбиедегі мәні ерекше. Тәрбие – тарихи үрдіс, оған адамзат қоғамында талай ғасырды бастан өткізіп, қасиетті мұраларға айналып, бүгінгі ұрпаққа жеткеніне, Отанымызға оралған Күлтегін жазба ескерткіші, әл-Фарабидің философиялық, педагогикалық, дидактикалық ой-пікірлері дәлел. Осы мақсатта қазақ халқының ғұлама ғалымдары, ойшыл ағартушылары асыл мұралар қалдырған. 4 Балалар әдебиетін кеңінен зерттеген ғалым Ш.Ахметов республикамызда балалар әдебиетінің арнайы пән ретінде оқылуына, төл әдебиетіміздің үлкен бір саласы ретінде насихатталуына айтарлықтай үлес қосты. Ғалым Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті» атты ғылыми еңбегінде: Қазақстандағы тәрбие ісі негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтығанын атап көрсеткен. Біріншіден, тәрбие басы адамды әдептілікке үйретуді көздеген, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіп алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананды сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа – дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді. Қорыта келгенде, Ш.Ахметов халықтық шығармалардың бала тәрбиесіндегі тәрбиелік маңызының жан-жақтылығына тоқталып, олардың тұлға ретінде қалыптасуындағы ролін көрсеткен. Сондай-ақ, автор халық ауыз әдебиеті үлгілері: бесік жыры, тұсау кесер, ұлттық ойындар, төрт түлік жырлары, жаңылтпаш, ертегі және т.б. бала тәрбиесіндегі алатын орнын көрсете келіп, олардың танымдық маңызын, еңбекке, адамгершілікке, патриоттық, батырлық, ерлік, дене, эстетикалық тәрбие берудің көзі екенін айтып өткен. Балалар әдебиеті – халық ауыз әдебиетінен бастау алады. «Бесік жыры» — нәресте туғанда, шілдехана күні, оны алғаш рет бесікке бөлегенде айтылатын өлең. Бұл да ертеден осы кезге дейін айтылып, жанарып, дамып келе жатқан тұрмыс-салт лирикасының бір түрі. Дәстүрлі халық жырының әр шумағы «әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем» деген жолдарынан басталады. Оның алғашқы жазба үлгілерін XIX ғасырда қазақ даласының танымал ағартушысы, қазақ халқының бірінші педагогы, балалар әдебиетінің атасы және оның негізін салушы Ыбырай Алтынсарин жасады. Ол балаларды өнер-білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын, этникалық, эстетикалық тәрбие беретін өлеңдер мен әңгімелер жазды, онда жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырды. Сондай-ақ, қазақ

фольклорынан балалардың тіліне, ұғымына жеңіл шығармаларды іріктеді, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырды, ана тілінде алғашқы оқулықты («Киргизская хрестоматия», 1879 ж.) бастырып шығарды. Оның әңгімелері негізінде хат таныған баланың қай-қайсысына болса да түсінікті. 1956 жылы Ш.Ахметовтің құрастыруымен тұңғыш рет «Қазақ балалар әдебиеті» жарық көрген болатын. Хрестоматия 1980 жылы әдеби өмірдегі елеулі өзгерістерге байланысты қайта толықтылығымен, баспадан шықты. Хрестоматияның бұл басылымына С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаев, шығармалары енгізілді. 5 Аламыш хрестоматия үшінші рет басылып шықты. Кейіннен Ш.Ахметовтің 90 жылдық мерейтойына арналып екінші рет басылып шықты. Бұл басылымға Ш.Құдайберді, Ж.Көпеев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов шығармалары жарияланса, үшінші кітабына Ө.Табылдиев, Қ.Ыдырысов, Ж.Смақов, Қ.Мырзалиев, Қ.Баянбаев, Е.Өтетілеуов және т.б. туындылары енді. Халық даналығы – «Бала- балқыған қорғасын, оны қандай қалыпқа да құюға болады» деген болатын Сондықтан, баланың көркем әдебиетке деген қызығушылығын өшіріп алмай, олардың әрі қарай дамуы үшін әрекет жәрдемдесу керек. Балалар әдебиетін жасаудың ең тиімді жолы – бала талап-тілегін білу, біліп қана қоймай оны орындау екендігін ақын-жазушылары білсе керек.. Балалар әдебиеті - әдебиеттің жеке бір саласы. Сондықтан оған ерекше қасиеттер тән. Балалар әдебиетінің ерекшелігі жайындағы мәселе 30-жылдары да, одан кейін де талай рет талас өзегіне айналды. Көбінесе бір-біріне кереғар пікірлер легі толастамады. Ақын-жазушы, сыншы және педагогтардың кейбірі балалар әдебиетінің басты ерекшелігі - оның тақырыбында, екіншілері - оның ұғынықтылығында, үшіншілері - оның балаларға лайықталған ерекше тілінде деп түсінді. Бірқатары балалар әдебиетінің ерекшелігі бала оқырманның жас өзгешелігін есепке алуда деп есептеді. «Қазақ балалар әдебиеті» атты оқу құралында қазақ халқының ұлы ойшылдары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев), XX ғасырдағы Алаш азаматтары (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов), қазақ кеңес балалар классик-жазушылары (М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, А.Токмағамбетов), Ұлы Отан соғысы жылдары және соғыстан кейінгі жылдары қазақ балалар жазушылары (Ж.Жабаев, Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Бегалин, Қ.Аманжолов, Ө. Тұрманжанов, т.б.) және қазіргі кездегі балалар жазушылар (Б.Соқпақбаев, М. Әлімбаев, Қ. Мырзәлі, А.Асылбеков, Ж.Әбдірешов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, т.б.) еңбектерінде балалардың рухани байлығын молайтудың, оларды өз еліне деген сүйіспеншілікке, қазақ елін мекендеуші ұлттар мен ұлыстар достығына, бірлікке, ерлікке тәрбиелеудің, көркем сөз өнерінің баланың ой-қиялын, шығармашылық, көркемдік талғамын дамытатыны, өмірді танытатыны, ел мен ел арасын байланыстырып, достыққа тәрбиелейтін пәрменді құрал екендігі қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың ой өрісін кеңейтіп, шығармашылық дағдыларын жетілдіру, білімге мәдениетке деген құштарлығын арттыру болып табылатын шығармалардың маңызы зор екендігін осы аталмыш оқу құралында дәлелдеп нақтылап көрсеткен. «Қазақ балалар әдебиеті» жоғары оқу орындарындағы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасымен оқитын студенттерге және ұйымдағы тәрбиеші-педагогтерге арналған.

## ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Туктибаева Жанар Утегеновна

№10 С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы орта мектебі

Оқушылардың білімге деген түрлі сұраныстарына байланысты құрастырылған дидактикалық материал. Үлгерімі төмен оқушылардың пәнге қызығушылығын және сауаттылықтарын дамыту мақсаты көзделген. Бұл материал өзге тілде оқытылатын қазақ тілі пәніне оқытуға арналған қосымша дидактикалық материал, 5 – сыныпқа арналған.

Дидактикалық материалдар оқушылардың білім деңгейіне қарай 4 тапсырмадан тұрады.

1 – тапсырмада оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту үшін мәтіндерді аудару, суретке қарап сөйлем құрау тапсырмалары берілген.

2 – тапсырмада фонетика, лексика, грамматика тараулары қамтылған.

3 – тапсырмада семантикалық карта, қима қағаздардағы тапсырмалар орындау тапсырмасы берілген.

Дидактикалық тапсырмалар 34 сағатқа беріліп отыр.

Қолданылатын әдіс – тәсілдер:

мәтін оқу;

семантикалық картамен жұмыс;

қима қағазбен жұмыс;

суретпен жұмыс;

Өзірлеу технологиясы

Автор дидактикалық материалды құрастыруға толық дайындықпен келген.

Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген.

Оқушының өзге ұлт өкілдері екені баса назарға алынған.

Деңгейіне қарай әртүрлі суреттер, схемалық сызбалар жасалған.

Бұл материалдардың ерекшелігі үлгерімі төмен оқушының санасына жететін, жеңілдетілген, тез орындауға берілген тапсырмалар.

Басқа да білімділік бағдарламаларға қарағанда күтілетін нәтиже, үлгерімі төмен оқушының оқу деңгейі, тапсырманы орындауы біршама жоғарыламақ. Өзінен жақсы оқитын оқушылар қатарына қосылады.

Дидактикалық материалдың құрылымы

№	Оқу бағдарламасының құрылымы	
1	Мәтіндерді аудару	Әр түрлі тақырыпта мәтіндер берілген. Оқушы осы мәтіндерді мәнерлеп оқиды, аударды. Мазмұнын ашады. Сөйлеу қабілеті жетіледі. Ауызекі сөйлеуге дағдыланады.
2	Фонтикалық, лексикалық, грамматикалық тапсырмалар	Әр түрлі тапсырмалар беріледі. Күнделікті өтілген тапсырмадан жеңілрек тапсырма орындалады. Дыбыстық талдау, сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табу, буынға бөлу, буын түрін ажырату, жалғаулар жалғап жазу, түсіп қалған жалғауларды табу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы сөйлемді дұрыс талдай білуге үйренеді.
3	Семантикалық карталар, қима қағаздар	Сөздердің аудармасын табу, сөздерді сәйкестендіру, топтастыру, тақырыпқа сай әңгімелеу арқылы ой – өріс, сана – сезімі дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Шың, - Астана. 2015 ж

«Қазақ инциклопедиясы» 4 – том

К. Сариева «Қазақ тілі мен елтану» - Алматы, 2000ж

Мұса А. О, Төленов І. М, Құдайбергенов Е. Қ «Қазақ тілінің практикалық курсы» - Алматы, 2000 ж

Нығмет Ж. Н «Қазақ тілі хрестоматиясы» - Алматы, 2003 ж

Күтілетін нәтиже

Оқушының материалды меңгеруі.

Әрбір оқушы жеке жұмыс жасайды.

Әрбір үлгерімі төмен оқушы жақсы оқитын оқушы қатарына қосылады.

Білім сапасы көтеріледі.

### 1 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Мәтінді оқы, түсінік айт

Қазақстанның кең – байтақ жері әлі күнге дейін сыры ашылмаған, талай құпияларды бойына сақтап келе жатқан ерекше табиғатымен белгілі. Соның ішінде Оқжетпес тауының жөні бөлек. Оқжетпес туралы аңыздың бір нұсқасымен танысайық.

Бір ауылда ерекше бала дүниеге келіпті. Ол күн емес сағат санап өседі. Он жасында оқ атса, көз жептейтін биікке ұшып кетеді екен. Сондықтан оны адамдар Оқжетпес деп атайды екен. Өзге балалар сияқты жануарларды қатты жақсы көреді. Бір күні оған ата – ансы оған пілдің бласын әкеп береді. Ол өмірінің соңына дейін піл оның жан досы болады. Оқжетпес пілі екеуі дұшпандарды әрбір шабуыл сайын кері қайтарып отырады.

2 – тапсырма. Сұраққа жауап жаз.

Қазақстанның жері қандай?

Оқжетпес қандай болып өседі?

Оның досы не?

3 – тапсырма. Жуан дауысты дыбысты дыбыстың астын бір сызықпен, жіңішке дауысты дыбыстың астын екі сызықпен сызып шық.

Ұстаз, білім, дыбыс, сөз, өлең, бір, төрт, баға, мәтін, тақта, терезе, ана, сабын, моншақ, өнер, ұлт, мектеп, орындық, күнделік, гүл, тіл.

4 – тапсырма. Мына сөздердің антонимін тап, оған сөйлем құрап жаз.

тату –

жас –

2– сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Суреттегі қала туралы әңгімеле.



2 – тапсырма. Дауысты дыбыс дегеніміз не? Оларды жазып шық.

---

---

Жазылым. 3 – тапсырма. Мына сөздердегі керекті әріпті қойып жаз.

Менің ата..... бар.                      Сенің әже..... жоқ.

4 – тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ жаз.

3 – сабақ

Оқылым. 1 – тапсырма. Өлеңді оқы, не түсінгеніңді айт.

Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,  
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.  
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,  
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.  
Туған тілде сыры терең жаным бар,  
Туған тілде әнім менен сәнім бар.  
Туған тілім тіл болудан қалса егер  
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

2 – тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Мен әке..... кітапханаға бардым. (кіммен?)

Ол ана..... базарға барды. (кіммен?)

3 – тапсырма. Өлеңді оқып, жаттап ал, дауыссыз дыбыстың астын сыз.

Олар бірге ойнайды,

Олар бірге ойлайды.

Мерекені, мейрамды

Бәрін бірге тойлайды.

4 – тапсырма. Мына сөздерді тәуелде. «Ата», «ана».

4 – сабақ

1 – тапсырма. «Қазақтың салт – дәстүрі.» сөзін топтастыр.

Шілдехана шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы адам өмірге келгеннен кейін, жақындарына сүйінші сұрап жаушы жібереді. Сүйінші хабарды жеткізгендер ұл туса – “ат ұстар” немесе “жылқышы”, қыз туса – “көйлек тігер”, “қырық жеті” немесе “сауыншы туды” деп хабарлаған. Одан кейін туған-туыстар, көршілер және алыс-жақын ағайындар Шілдеханаға жиналады да “бауы берік болсын” деп тілек айтып, шашу шашып келеді. Шілдехана мәні алғаш нәрестені жын-періден қорғап, “күзету” деген сенімге саяды. Сондықтан оны “Шілде күзет” деп те атайды. Бұл

ғұрыптың түпкі мәні бала мен ананы тіл-көзден сақтау, жын-шайгандардан қорғау дегеннен туындаған.

3 – тапсырма. «Дәстүр» сөзіне бес жолды өлең құрастыр.

5 – сабақ

Жазылым. 1 – тапсырма. Өз ата – анаң туралы бірнеше сөйлемдер жаз.

---

---

---

2 – тапсырма. Жаңылпашты жазып жуан дауысты дыбыстарды бір сызықпен, жіңішке дауысты дыбысты екі сызықпен сыз.

Киген тоны –

Оңды тон,

Өңді тон.

3 – тапсырма. Мына қима қағаздағы тапсырманы орында.

4 – тапсырма. Мына «аға» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---

---

---

---

6 – сабақ

Оқылым. 1 – тапсырма. Мәтінді оқы.

Мысыр пирамидалары – [Мысыр](#) жерінде орналасқан ежелгі пирамидалар кешені. Осынау зор тас құрылыстар [Ежелгі Египет](#) перғауындарының сағанасы болып саналады. Сағаналар осыдан 5 мың жыл бұрын салынған.

Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Оның биіктігі – 147 м. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың жазбасында пирамиданы 100 мың адам 20 жыл бойы салғандығы айтылады. Пирамидалардың салынуы, құрылысы жөнінде айтылған пікірлер сан алуан.

Дегенмен аптапты Египет аспаны астында мыңдаған құл тас қарумен дәу тастарды бөліп алып, оны құрылыс орнына арқанмен сүйретіп жеткізген, пирамида биіктеген сайын тас блоктарды қолмен жоғары көтерген деген пікірлер басым.

Алып құрылыстар осы күнге дейін көрушісін қайран қалдырады. Осы пирамидалар [Әлемнің жеті кереметінің](#) біріне кіреді.

2 – тапсырма. Мәтіндегі басты тірек сөздерді теріп жаз.

---

---

Жазылым. 3 – тапсырма. Берілген сөздерді екі бағанға бөліп жаз.

Ешуақытта, ешқайда, аздақана, ақбидай, саражол, телеөнім, қаламқас, тірексөз, төраға, мінтағу,

## 7 – сабақ

Оқылым. 1 – тапсырма. Мәтінді оқы.

Біздің заманымызға дейін 4 ғасырда Карияны билеген Мавсол патша египеттік фараондар секілді тірі кезінен бастап-ақ өзіне мазар салуды қолға алады. Қаладағы сарайлар мен ғибадатханалардың ортасында орналасқан бұл кесене патшаның атағын, абыройын көрсетеді. Құрылысты салуға атақты сәулетшілер мен мүсіншілер Пифий, Сатир, Леохар, Скопас, Бриаксид, Тимофей тағайындалады. Мавсол патша дүние салған соң, кесене салуды оның әйелі Артемисия патшайым жалғастырады. Құрылыс біздің заманымызға дейін 350 жыл бұрын аяқталды. Оның сыртқы бейнесі сол кездегі үздік сәулет үлгілерінің біріне жатады. Кесене 3 қабаттан тұрады. Бірінші қабат мәрмәр жалатылған кірпіштен салынған. Екінші қабатта ғибадатхананы төбесімен жалғастыратын 36 бағана бар. Жоғары бөлігінде 4 атты арбада отырған Мавсол патша мен оның жұбайының мүсіні орналасқан. Тағы бір айта кететін жайт, мүсіннің айналасында ежелгі грек жырларында кездесетін амазонкалар соғысы, лапифтердің кентаврлармен соғысы бейнеленген. Кесененің атағы жер жарғаны соншалық, ғалымдар оны ерте замандағы 7 кереметтің қатарына қосады.

2 – тапсырма. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрып жаз.

3 – тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.



Бұл кім?

Ол қайда жұмыс істейді?

## 8 – сабақ

Оқылым. 1 – тапсырма. Мәтінді оқы.

Зевстің алтын мүсіні – кезінде [Ежелгі Грекиядағы Олимп](#) тауында [Зевс](#) құдайға орнатылған ескерткіш, “әлемнің жеті кереметінің” бірі. Б.з.б. 5 ғ-да өмір сүрген белгілі афиналық мүсінші [Фидий](#) сомдаған. Ежелгі гректер құдайлардың құдайы деп сенген Зевске арнап ақ мәрмәрдан зәулім сарай тұрғызған болатын. Фидий өзінің мүсінін осы сарай ішіне сомдаған. Тақта отырған құдай мүсінінің биіктігі 17 м болған, ол сарай төбесіне сәл-ақ тимей тұрған. Зевс отырған тақ түгелдей алтын және піл сүйегінен жасалған. Негізгі ағаштан істелген құдай мүсінінің беті, қолы, аяғы және ашық төсі өте нәзік зергерлікпен өңделген піл сүйегімен түгелдей қапталған. Мүсіннің белден төм. бөлігі гүлдермен, жұлдыздармен, әр түрлі хайуанаттар бейнесімен көркемделген алтын жамылғымен жабылған. Мүсінші Зевстің бір қолына ұстатқан жеңімпаздық құдайы [Ника](#) бейнесі де, екінші қолындағы қыран қонған тұғыр да алтын мен піл сүйегінен жасалған еді. Ал Зевстің басына таза алтыннан өрілген тәж кигізілген болатын. Ежелгі гректер ең үлкен бақытсыздық – Зевс құдайдың алтын мүсінін көрместен бұрын өліп кету деп есептеген.

2 – тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ дайында.



4 – тапсырма. Мына «мүсін» сөзін тәуелде.

\_\_\_\_\_

9 – сабақ

Жазылым. 1 – тапсырма. Астана қаласы туралы жаз.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

2 – тапсырма. Семантикалық картаны толтыр.

сөздер	біріккен сөз	қос сөз	тіркес сөз	неологизм
ата - ана				
сабақ оқимын				
зейнеткер				
Екібастұз				

3 – тапсырма. Неологизм сөздерді қатыстырып, 3-4 сөйлем жаз.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Айтылым. 4 – тапсырма. Суретке қарап, ауызша сөйлемдер құра.



10 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Суретке қарап, сөйлемдер құра.



Жазылым. 2 – тапсырма. «Бәйтерек» монументі туралы шағын эссе жаз.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

3 – тапсырма. «қауын» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---

4 – тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.  
Ғимарат, «Бәйтерек» керемет, өте.  
Сатып алды, маған, ол, көйлек, әдемі.

---

11 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Астана мұхитбағы туралы әңгімеле.

2 – тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.  
Астанада ашылған мұхитбақтың ерекшелігі неде?  
Мұхитбақтың әйнегінің қалыңдығы қанша?

3 – тапсырма. Жұмбақты шешб шешуіндегі сөзге дыбыстық талдау жаса.

Үш тілі тақылдап,  
Жаңылмайтын ақылды – ақ. (.....)

---

---

---

---

4 – тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті жалғауды жалғап, сөйлемдерді көшіріп жаз, қандай жалғау жалғананыңды айт.

Менің мектеп (- қа, - ке) барады.

Терезе (- ның, - нің) желдеткішін ашады.

12 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Астана циркі туралы әңгімеле.



2 – тапсырма. Семантикалық картаны толтыр.

аудармасы	диалект	кәсіби сөз	термин сөз	неологизм
сөздер				

әңгелек				
шырпы				
төлқұжат				
атом				

3 – тапсырма. «Өнер» сөзін жікте.

---



---



---



---



---

13 – сабақ

Оқылым. 1 – тапсырма. Мәтінді оқы. мәтінге қатысты сұрақтарға жауап бер.

Қаныш Сәтбаев – 1950 жылдары аты бүкіл Кеңес үкіметіне белгілі болған геолог ғалым. Ол Қазақ Ғылым Академиясының құрылтайшысы, ал 1945 жылы оның тұңғыш президенті болады. XX ғасырдың орта шенінде минерология ғылымдарының докторы Қаныш Имантайұлы Қазақстанның орталық бөлігіндегі табиғи қазба байлықтар шоғырланған ірі кен орындарын ашады. Көп уақыт өтпей оның аты бүкіл Кеңес үкіметіне белгілі болады.

Әйгілі ғалым соғыс кезінде немістер Украинадағы жез кендерін басып алған кезде, Қазақстанның орталығынан жез өндіретін кен орындарын ашады. Орыс ғалымдары оның жетістігіне тандана қарайтын. Қаныш Сәтбаевтың топонимикалық білімі жоғары еді.

Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Ер жеткен соң геология ғылымы саласына қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысады.

2 – тапсырма. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап бер.

Қаныш Сәтбаев кім? \_\_\_\_\_

Оның жетістігінің сыры неде? \_\_\_\_\_

Ғалым жастайынан неге қызығып өсті? \_\_\_\_\_

3 – тапсырма. Қима қағазға жауап бер.

Жазылым. 4 – тапсырма. Жалғауларды ажырат.

Тамақтың тұзы көп. Тамаққа су құю керек. Тамақты асықпай іш.

---



---

14 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Суреттегі тұлға туралы не білесің? Әңгімеле.



Жазылым. 2 – тапсырма. Мына эвфемизм сөздерге сөйлем құрап жаз.  
 дүниеден өтті – \_\_\_\_\_  
 қоспай айт – \_\_\_\_\_  
 сөзуарлау - \_\_\_\_\_

3 – тапсырма. Семантикалық картаны толтыр.

аудармасы / сөздер	күз	жаз	қыс	көктем
зима				
осень				
лето				
весна				

15 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Б. Момышұлы туралы әңгімеле.

2 – тапсырма. «Батыр» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Жазылым. 3 – тапсырма. Мақалдарды дұрыс құрастырып жаз.

қадірін	білмейді	қадірін	Ер	ел	білмеген
білмеген	қадірін	ер	білмейді	қадірін	өз

Сабырсыздан	дұшпан	сасады	береке
алдында	қашады	Сабырлылық	

4 – тапсырма. Жұмбақты шеш.

Қыста үйге кірмейді.

Көктем шықса жүрмейді. (.....)

16 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Д. Қонаев туралы әңгімеле.

Жазылым. 2 – тапсырма. Өз өмірбаяныңды жаз.

17 – сабақ

Айтылым. 1 – тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Неліктен суды «тіршілік көзі» дейді?

Адам ағзасында қанша су болу керек?

Судың адам өмірінде алатын орны қандай?

2 – тапсырма. Өз ойыңды айтып көр.

«Егер су болмаса .....»

3 – тапсырма. «Су» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---

---

---

---

---

---

---

---

Жазылым. 4 – тапсырма. «Су – тіршілік көзі» деген тақырыпта шағын эссе жаз.

18 – сабақ

1 – тапсырма. Суретке қарап, сөйлемдер құра.



2 – тапсырма. Қима қағазға жауап бер.

1. Нан дастарқанға қалай келеді?
2. Мына сөйлемнің тұрлаулы мүшесін тап.

3 – тапсырма. Жалғауларды ажырат.


Тамақта витаминдер көп.  
Тамақтан соң қолыңды жу.  
Тамақпен шырын іштік.

### 19 – сабақ

1 – тапсырма. Мына сөздердің аудармасын жаз.

Дүйсеенбі – \_\_\_\_\_  
Сейсенбі – \_\_\_\_\_  
Сәрсенбі – \_\_\_\_\_  
Бейсенбі – \_\_\_\_\_  
Жұма – \_\_\_\_\_  
Сенбі – \_\_\_\_\_

2 – тапсырма. Кесте бойынша әңгіме құра.



3 – тапсырма. «Демалыс» сөзін жекеше түрде тәуелде.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

4 – тапсырма. Мына сөйлемдерді оқы.

Жазда  $\left\{ \begin{array}{l} \text{күн жылы} \\ \text{каникул} \\ \text{жемістер көп} \end{array} \right. \rightarrow \text{болады}$

### 20 - сабақ

тапсырма. Сурет бойынша 2 – 3 сөз тіркесін құра.



2 – тапсырма. Көп нүктенің орнына жалғау жалғап, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Мен жазда лагерьге бар ..... .

Сен жазда ауылға бар ..... .

Ол жазда Астанаға бар ..... .

3 – тапсырма. Мына сөздердің аудармасын жаз.

жаз – \_\_\_\_\_

шомылады - \_\_\_\_\_

аулайды - \_\_\_\_\_

4 – тапсырма. Өзің білетін мақалдарыңды жаз.

---



---



---



---

## 21 – сабақ

1–тапсырма. Мына жемістердің аттарын есіңе түсіріп, аудармасын жазып шық.



2 – тапсырма. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін жаз.

Махан әкеп үш алма,

Аман әкеп үш алма,

Нұр, Бек, Сәтке тең бөлді.

Өркім алды неше алма? \_\_\_\_\_

3 – тапсырма. «Алма» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

4 – тапсырма. Мына сөздерге көптік жалғауын жалғап жаз.

Дүкен, алмұрт, қияр, мақта, қазанақ, жүзім

---



---

## 22 – сабақ

1 – тапсырма. Мәтінді оқып, аудар.

Біздің ауыл қаланың қасында. Ауылда мектеп, аурухана, кітапхана, дүкен, көп үйлер бар.

Біздің ауылдың қасында үлкен жол бар. Ол жолмен ауылға машиналар, автобустар келеді.

2 – тапсырма. Семантикалық тапсырманы толтыр.

аудармасы	бағады	қала	өзен	егін
сөздер				



посевы				
город				
пасёт				
река				

3 – тапсырма. Досыңның мекен - жайы туралы бер.

4 – тапсырма. «Ата» сөзін жекеше, көпше түрде жікте.

23 - сабақ

1 - тапсырма. Сұраққа жауап бер. Сен нені жақсы көресің?

2 – тапсырма. «Айран» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

3 – тапсырма. Суретке қарап, толықтырып айт.  
Ол ..... жейді. Ол ..... жақсы көреді.



24 – сабақ

1 – тапсырма. Мына сөйлемдерден сын есімдерді тауып, астын сыз.



Жануарлардың ең үлкені – көк кит. Ірі тасбақа Малайзияда. Піл – құрлықтағы ірі, ауыр салмақты жануар. Ең кішкентай құс – колибр.

2 – тапсырма. Сәйкестендіріп оқы.

Ол ертегі оқып отыр.

Ол сурет салып отырған жоқ.

Ол футбол ойнап жүр.

Ол ертегі оқып отырған жоқ.

Ол сурет салып отыр.

Ол футбол ойнап жүрген жоқ.

3 – тапсырма. Қима қағазға жауап бер.

4 – тапсырма

1. Ертегілерде қандай аңдар болады?
2. Мына сөйлемнің тұрлаулы мүшесін тап.

Асқар хайуанаттар бағына барды.

25 – сабақ

1 – тапсырма. Мәтінді оқып, аудар.

Бүгін бес сабақ. Үшінші сабақ – математика. Математика сабағында біз неше түрлі есеп шығарамыз. Тақта алдында үшбұрышты сызғыш, циркуль ілулі тұр. Нұрлан тақтаға шықты. Ол есепті жақсы шығарады. Бізге математика пәні ұнайды.

2 – тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Кімде не бар?

	кітап	телефон	доп	сызғыш
Баянда		✓		
Арманда			✓	
Маратта	✓			
Оляда				✓

3 – тапсырма. Үлгі бойынша екі қатарға бөліп жаз.

дәптерім  
киімім

кітабың  
қаламың

қаламым  
кітабым

добың  
дәптерің

Үлгі: Менің дәптерім. Сенің дәптерің.

---

---

---

<p>Универсальный приём, используется на всех уроках.</p> <p>На уроках литературного чтения помогает составить портрет персонажа.</p>	<p><b>Згруппа литература</b></p> <p>В ТРИЗ-педагогике есть методики сочинения маленьких творческих произведений: загадок, творческих задач, фантастических рассказов. Этот приём помог ребятам сочинить экологические сказки. В основе - приём «Морфологический ящик»:</p>	Герои	Злодеи	Цели или желания	Волшебные предметы	Превращения героев	Волшебные места		
		Алёнушка	Баба-Яга	Вернуть домой	Яблоня Кисельная река	В Козлёночка	Страна Лжецов		
		Гулливер	Кошечка Бессмертная	Доставить живую воду	Волшебная палочка	Волшебная палочка	Королевство Кривых Зеркал		
		Айболит	Бармалей	Найти волшебный предмет	Цветик-семицветик	Карлик	Лилипутия		
		Красная Шапочка	Мачеха	Вылечить друга	Скатерть-самобранка	Волшебная палочка, муха, шмеля	Изумрудный город		
		Золушка	Леший	Спасти	огниво		Страна Чудес		
		<p><b>Имитационная игра со слушателями</b></p> <p><b>Приём «Эмпатия».</b></p>	<p>Представьте себе, что вы герои из сказки. Опишите как вы себя чувствуете в этой роли. <b>Эмпатия</b> это не - «поставь себя на его место», это: «взгляни на вещи его глазами».</p>	<p>Показывают эмоцию, другой угадывает (радость, удивление, презрение, страдание, страх, гнев)</p> <p>Красная шапочка (эмоция при встрече волка)</p>					
				 <p>Эмоция Лисы при встрече Колобка.</p>					

		 <p>Эмоция Козленочка при виде своего изображения.</p> 
<b>Рефлексия</b>	Напишите на стикерах пожелания и предложения Распределите по таблице	 <p>Получил удовольствие</p> <p>Узнал что-то новое</p> <p>Ничего не понял</p> <p>Научился</p> <p>Удивился</p> <p>Расстроился</p>

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕТІН ТИІМДІ ӘДІС - ТӘСІЛДЕР

Мамешова Айгуль Умирзаховна  
Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебі, Тараз қ.

**Мақсаты:** Жаңартылған білім беру жағдайында тиімді әдіс - тәсілдерді пайдаланудың жолдарын көрсету, рефлексивті ойлау, педагогикалық тәжірибе мен дағдыларды жетілдіруге ықпал ете отырып, кәсіби дамуына үлес қосу.

### Міндеттері:

1. Топ құра отырып қатысушылардың жеке басқару мәдениетін жетілдіру және коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
2. Тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру арқылы тәжірибе алмасу.
3. Искерлік ойындардың мақсатымен, жүргізілу әдістерімен, түрлерімен таныстыру.

### Күтілетін нәтиже:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сабақты тиімді жоспарлау оқушыларды табысқа жеткізу көзі екендігін түсіну;
2. Қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсіру, қабілеттерін арттыру
3. Тапсырмаларды бірлесе ұйымшылдықта орындау.

**Ресурстар:** бейнематериалдар, презентация, А- 4 парақтары, интерактивті тақта, тарапта қағаздар, маркерлер, қалам, бағалау стикерлері, рефлексия парағы.

**Қолданылатын әдістер:** «Сөздер банкісі», «Сәйкестендіру», «Тізбектелген сөздер» «Винго», «Жалғастыр», «Jeagnis» интерактивті видеосы, «GR» код, платформасы, «Шығу билеті», «Менің сөзім»;

### Жоспар:

#### I Кіріспе.

- Ұйымдастыру кезеңі.
- Таныстыру

#### II Негізгі бөлім.

- Қиындықтарды анықтау.
- Жаңа білім беру.
- Сұрақтар

#### III Қорытынды.

#### I Кіріспе (слайд көрсету)

Бүгінгі таңда білім беру саласы жаңа технологияларды, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Оқушылардың білім сапасын арттыру күрделі проблема. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Сыныптағы әрбір оқушы ақпаратты әр түрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақты тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Бүгінгі сабағымызда сіздерге жаңа бағдарламаға сәйкес тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, баланың танымдық белсенділігін арттыратын, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететін, білімінің тереңдігін, әрі тиянақтылығын арттыратын әдіс – тәсілдерді сабағымызда қолданамыз. Жаңа сабақты түсіндіруде, аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық әдісті қолдану ұтымды болады. Себебі топтар бір – бірлеріне сұрақ қоя алады, бір-бірлерінің жұмыстарын бағалай алады, өз идеяларын ұсынады, соның нәтижесінде біз «оқушының үнін» естиміз.

Шеберлік сабағымыз сіздердің педагогикалық еңбек жолдарыңызға өз көмегін тигізіп, бір-бірлеріңізбен тәжірибе алмасып, шеберліктеріңізді шындайсыздар деген үміттеміз.

### Сабақтың барысы:

**I. Қызығушылықты ояту. (1мин.)** Сәлемдесу, көңіл – күйін бақылау.

**Топтарға бөлу.** Топтарда жұмыс істеу не үшін қажет деп ойлайсыздар ?

**Жауап:**




- ✓ белсенді тыңдау ;
- ✓ өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу;
- ✓ көмектесу және көмек сұрау;
- ✓ түсініктеме беру және түсініктеме беруді өтіну ;
- ✓ топтық шешім қабылдау және бір топтамға келу т.б.



“Кіру билеті” әдісі арқылы әр мұғалім бір-бір билет алады. Ол билеттің артында «1,2,3» деген сандар жасырынған, сол жасырынған сан ретіне қарай орындарға үш топқа бөлінеді. Бірден кері байланыс парағына «Сіз бүгін нені білгіңіз келеді?» деген сұраққа жауап жазып, кері байланыс тақтасына жапсырады.

**1. «Сөздер банкісі» әдісі.** (Тапсырманы мектеп мұғалімдеріне орындату)



**Ұйымдастыру:** барлық қатысушымен, жұпмен жұмыс.

**Мақсаты:** білім алушылар негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты ажырату арқылы ой - өрісін кеңейтуге септігін тигізеді.

**Қажетті материалдар:** қима қағазға жазылған сөздер

**Сипаттамасы:** қатысушы «Тәуелсіздік» ұғымына сәйкес негізгі ақпаратты бірінші ыдысқа жинақтап салу керек, ал қажетсіз қосымша ақпаратты сөздерді екінші ыдысқа салады да «Тәуелсіздік» ұғымын ашатын бір сөйлем құрастырады.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат
Тарих, еркіндік, азат, мемлекет, рәміздер, теңге, ынтымақ, бірлік, жетістіктер, ата – баба.	Ұлы дала, арман, ұлт қауіпсіздігі, бағдарлама, жаһандану, әлем, батыс, ұрпақ, экономика, кесене.

**2. «Тізбектелген мақалдар»**

**Мақсаты:** есте сақтау қабілетін жақсарту, тіл байлығын және сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

**Ұйымдастыру:** топпен және жұппен жұмыс

**Сипаттамасы:** Топқа мақал - мәтелдер жазылған парақшалар беріледі, сол мақал – мәтелдерді адамның дене мүшесінің ретімен орналастыру керек. Әр үйренуші топтық жұмыс жасайды. Мақал-мәтелдерді рет - ретімен тізбектеп, іледі және жалғастырып жазады.

Мысалы: Шақшалы шал бақ шарлар,

Ақ шашты шал ат байлар.

Иілген басты қылыш кеспес.

Саналы адам сағыңды сындырмас,

Көз жетпеген жерге сөз жетеді.

Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер,

Құйма құлаққа айтсаң, құйып алар.

Бет көрсе, жүз ұялады.

**3. «Сәйкестендіру» әдісі**

**Мақсаты:** өткен немесе жаңа оқу материалдарын қызыға оқу үшін пайдаланылады. Сөздерді нақты дұрыс жауаптарымен сәйкестендіреді.

Жұлдызы оңынан туу		Кешқұрым
Жұмған аузын ашпау		Жолы болу
Ит терісін басына қаптау		Жетік білу
Көз байлау		Үндемеу
Қас қарайғанда		Қорку
Саусағынан бал тамған		Ұрысу, балағаттау
Екі көзі шарасынан шығу		Өнерлі
Бес саусақтай білу		Алдау

**Ұйымдастыру:** топпен және жұппен жұмыс

**Сипаттамасы:** «Сәйкестендіру» әдісін жүргізу үшін қатысушыларға тұрақты сөз тіркестері беріледі, сол сөздердің мағынасын ашып, анықтама береді.

Бір сөзге сөйлем құрап мағынасын ашады. Түйінді сөздер тақырыпқа байланысты.

#### 4. «Learnis» платформасы арқылы тапсырмалар орындату (5 мин.)

**Мақсаты:** көру, есте сақтау қабілетін жақсарту, жаңа сабақты терең меңгерту және сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

**Ұйымдастыру:** барлық қатысушымен, топпен және жұппен жұмыс.

**Сипаттамасы:**

«QR» код арқылы тапсырмалармен таныс болады, тапсырмаларда берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе жалғастырып айту. Өз пікірін білдіреді.

**Тапсырмаларға мыны сілтеме арқылы кіреміз.**

<https://www.Learnis.ru/646757/>

<https://www.Learnis.ru/646733/>

#### 5. «Ән айтайық» ойыны (Сергіту ойыны)

**Ұйымдастыру:** барлық қатысушымен

**Сипаттамасы:**

Тақтада жасырылған әндердің жалғастырып караокемен орындау.

#### 6. «Менің ойым» әдісі (2 мин.) «Айналым шеңбері» әдісі арқылы

**Мақсаты:** сабақта алған білім, білігін бағалау.

**Ұйымдастыру:** жеке жұмыс.

**Сипаттамасы:**

Әр оқушыға жеке - жеке тапсырма беремін. Өз ойын суретке түсіріп жазады ма, әлде эссе жазады ма өз қалауында орындайды.

Мысалы:

«Сіз он жылдан кейін өзіңізді қандай боламын деп елестетер едіңіз?»

«Туған жерім - Таразым он жылдан кейін қандай болады деп елестетер едіңіз?»

«Алтын ұя мектебің он жылдан кейін қандай болады деп ойлайсыз?»



#### 7. Сабақты қорытындылау «Шығу билеті» әдісі

**Ұйымдастыру:** ұжыммен жұмыс.

**Мақсаты:** Оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту

**Сипаттамасы:** топтан бір қатысушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң «Шығу билеті» арқылы сабаққа рефлексия жасайды. Барлық қатысушы кері байланыс беріп, шығып кетеді.

#### 8. Кері байланыс. (Мұғалімдермен жүргізу)

**Ұйымдастыру:** ұжыммен жұмыс.

**Мақсаты:** Тақырыптың түйінді идеяларын ой елегінен өткізуге және рефлексиялық ойлауды дамытуға арналған

**Сипаттамасы:** Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды. «Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын» дегендер қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. «Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер қолдың

бас бармағын жанына қарай жантайғады. «Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер қолды бұлғайды.

Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

**Қорытынды:**

Өткізілген шеберлік сабағының қатысушыларға берер тәлімі мол болды. Сабақтарды өткізу барысында Қазақстан Республикасындағы жаңартылған білім мазмұнын оқыту ауқымында ең жаңа әдістер қолданылды. Жаңартылған білім беру жағдайында сабақты түрлендіре отырып өткізу мақсатында қолданылған инновациялық әдіс – тәсілдер қатысушыларға өте ұнады. Сабақ барысында топтық, жұптық жұмыстар, жеке тапсырмалар орындау, АКТ пайдалану әдістері белсенді жүргізілді. Оның нәтижесі сабақ соңындағы кері байланыс кезінде анық көрінді.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА КРЕАТИВТІК ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Сатқынова А.Т.**  
Төле би атындағы орта мектебі

<b>Күні:</b>	<b>Мектеп: Төле би атындағы орта мектеп</b> <b>Мұғалімнің аты-жөні: Сатқынова А.Т.</b>
<b>Тақырыбы</b>	Оқушылардың бойында креативтік ойлау дағдысын дамыту жолдары
<b>Мақсаты</b>	Әріптестер арасында осы тақырып аясында тәжірибе алмасу, оқушылардың сабаққа белсенділігін, креативті ойлауын, білім сапасын көтеруді арттыруда қолданылатын ұтымды, тиімді әдістерді ұсыну, бөлісу және кәсіби дамуына ықпал ету.
<b>Сілтеме</b>	жаңартылған тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығы
<b>Күтілетін нәтижесі</b>	ұстаздарға ұсынылған әдіс-тәсілдер сабақта қолдануға тиімді, қолайлы. Тәжірибе алмасу кезінде, креативті ойлауды дамытудың жолдарын анықтайды.
<b>Түйінді идеялары:</b>	Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру арқылы креативті ойлауын, білім сапасын көтеруге қол жеткізу.
<b>Қолданылатын жабдықтар мен материалдар</b>	кесте, стикер, А4 парақтары, маркер, портрет, интерактивті тақта, СТО суреттер, фигуралар
<b>Әдіс - тәсілдері</b>	Әдіс - тәсілдері: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, топтық жұмыс, жеке жұмыс
<b>Тақырыптың өзектілігі:</b>	Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Технологияларды өз дәрежесінде пайдалану – оқушының шығармашылық қабілеттерін арттырады, қалыптастырады, өз бетімен білім алуға, ойын айта білуге, әрі жеке тұлғаны жан - жақты дамытуға жетелейді. Білім берудің ең негізгі өзекті мәселесі - адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру. Бүгінгі таңдағы жаңа нұсқасы, өз бетімен мәселені анықтап, шешім қабылдауға үйрету десе де болады.

<p>Сабақтың басы</p> <p>2 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>Шебер сынып барысы</p> <p>1. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал</p> <p><b>«Күн шуағы» жаттығуы</b></p> <p>Мақсаты: позитивті көңіл-күй орнату.</p> <p>Барысы: әрбір қатысушыға алдынала күннің бейнесі дайындалған. Күннің ішіне және сәулесіне қатысушылар өздерінің жақсы қасиеттерін жазып шығады, оны оқып береді.</p> <p>Қошемет көрсету. Ендеше, осындай жақсы көңіл-күймен шебер-сыныбымды бастауға рұқсат етіңіздер</p> <p>«Пазл» әдісі. Топқа бөлу (ұялы телефон, ноутбук, компьютер).</p> <p>Сурет арқылы болжам жасау.</p> <p><b>Болжау.</b> Бұл суреттер қандай ой салады? Креативті ойлау деген не?</p>
<p><b>Ортасы</b></p> <p><b>5 минут</b></p> <p><b>20 минут</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p>III. Негізгі бөлім: тәжірибелік кезең</p> <p><b>«Екі жақты күнделік» әдісі.</b> Қандай да бір мәтін, әңгіме оқыған кезде оқушылар дәптерлерінің ортасынан вертикаль сызық жүргізеді. Мәтінді оқу барысында олар сызықтың бір жағына әсер еткен тұстар мен үзінділерін жазса, екінші жағына пікірін, яғни, нені еске түсіретінін, себеп салдарын жазады. Барлық оқушы тапсырманы орындап болған соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады.</p> <p>Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады.</p> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-үзінді, пікір, себеп салдарын жазады, талқылайды;</li> <li>сұраққа жауап береді.</li> </ul> <p>Қ/Б: <b>«Қол соғу»</b> әдісі</p> <p><b>«Фишбоун» әдісі</b></p> <p>Мақсаты: <u>Жаңа мәліметті</u>, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау.</p> <p>Тиімділігі: Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.</p> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-сұрақ қояды, талқылайды;</li> <li>қорытынды ой айтады.</li> </ul> <p>Қ/Б: <b>«Екі жұлдыз, бір тілек»</b> әдісі.</p> <p><b>Жұппен жұмыс. «Геометриялық фигуралар» стратегиясы.</b></p> <p>Жұптарға бірнеше геометриялық пішіндер берілді, осы пішіндермен байланыстырып мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасаңдар. Кейіпкерлер мен түрлі фигуралардың сипатына қарай ұқсастығын табыңдар.</p> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-кейіпкерлердің мінез-құлқына сипаттама бере алады;</li> <li>-сыни пікір айта алады;</li> <li>-кейіпкерлер мен түрлі фигуралардың сипатына қарай ұқсастығын таба алады.</li> </ul> <p>Қ/Б: <b>«Бас бармақ»</b> әдісі.</p>

<p><b>Соңы 5 минут</b></p>	<p><b>Рефлексия.</b></p> <p>Кері байланыс: <b>«3-2-1» стратегиясы</b></p> <p>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;</p> <p>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспектi;</p> <p>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.</p>
--------------------------------	--

## АКТИВНАЯ РАБОТА УЧАЩИХСЯ НА ПРИМЕРЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГРАФИЧЕСКИХ ОРГАНАЙЗЕРОВ

**Садуова Зауреш Сапарбековна**  
Школа-гимназия Сарыкемер, Байзаксий район Жамбылская область



**Конкурс  
«Лучший мастер-класс»**

Активная работа учащихся на примере использования графических органайзеров



**Садуова Зауреш Сапарбековна,**  
учитель русского языка и литературы школы-гимназии Сарыкемер Байзакского района села Сарыкемер

**До применения графических органайзеров у обучающихся**

Работа с текстом	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Затруднения при пересказе,</li> <li>• при составлении вопросов</li> </ul>
Интерес к предмету	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Низкая мотивация</li> </ul>
Качество знаний	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Низкая успеваемость</li> </ul>

**Как совершенствовать современный урок, находить новые подходы в обучении учащихся, позволяющие повышать познавательный интерес к изучаемому предмету и качество знаний учащихся.**

**Наличие инновационной идеи и ее актуальность в том, что графические представления информации и их роль в учебном процессе очень важна и огромна**



Активация W



## ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ К ПРЕДМЕТУ

Тусипова Жанылсын Сейдилдаевна  
СШ №6, г.Тараз

*То, что я слышу, забываю.  
То, что я вижу, помню.  
То, что я делаю, понимаю.*

Конфуций



## Применение интерактивных методов обучения на уроках русского языка и литературы как способ повышения мотивации обучающихся к предмету



## КАКИМ ДОЛЖНО БЫТЬ СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ?

Главная задача современного образования — не просто дать обучающемуся фундаментальные знания, а обеспечить для него все необходимые условия для дальнейшей социальной адаптации, развить склонность к самообразованию.



## Пирамида Громовой

1. О чём книга, произведение? (Одно слово, имя главного героя)
2. Характер книги, героя (Два слова)
3. Место и время действия (Три слова)
4. Главные события в книге, произведении (Четыре слова)
5. Главные герои, какие они (Пять слов)
6. Что вы чувствовали, когда читали начало, середину и конец книги, произведения? (Шесть слов)
7. О чём эта книга, произведение? (Дополните первую строку семью словами)



## ПОПС формула

### Система ПОПС:

- П** — позиция (я считаю, что...; мне кажется, что... и т.д.);
- О** — обоснование (предположим, что...; считается, что... и т.д.);
- П** — примеры (рассмотрим пример(-ы)...; приведу пример(-ы)...; во-первых...; во-вторых... и т.д.);
- С** — следствие (можно сделать вывод, что...; таким образом...; значит...; итак... и т.д.).



В.Н.Просвиркин  
«Будущее не за горами»

**Сегодня «идти в ногу со временем» – это значит отставать. Его надо опережать, увидеть себя в будущем. Если увидели – постройте его.**



## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ БАРЫСЫНДА АРТ-ТЕРАПИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Чонтыбаева Сауле Абдиджалилқызы  
Алғабас орта мектебі, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

### АННОТАЦИЯ

Средствами искусства: мелодией, звуком, линией, цветом человек может не только выразить себя, но и больше узнать о других людях. Знак, появившийся на бумаге, рассказывает о человеке, его создавшем. Цвет, характер линии, выбор сюжета, детали, размер и расположение объектов на листе, выбор и использование художественных материалов свидетельствуют о сознаваемых и неосознаваемых чувствах творца. Арт-терапия имеет широкие, большие возможности в работе с детьми, у которых присутствуют различные эмоциональные проблемы, трудности в общении, негативные поведенческие реакции.

## АННОТАЦИЯ

Қазіргі уақытта психотерапияның маңызды салаларының бірі - арт-терапия болып саналады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапия әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Алғашқыда арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, кейін келе оның қолданыс шеңбері кеңейді. Бұл дегеніміз арт-терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды деген сөз. Мұнда адамның шығармашылық әрекетіндегі әсемдігі емес, сол кезеңдегі басынан өткен сезімдерді, қобалжуларды бейне арқылы жеткізу болып табылады. Өнер қуаныш әкеледі, бұл ешқандай жағдайға тәуелсіз (өзінен-өзі маңызды), бұл қуаныш біздің санамыздан тыс пайда болады ма, болмаса ол саналы әрекеттің нәтижесі ма ол әлі күнге дейін бізге белгісіз.

Психология ғылымы - адамтану жайындағы пәндердің арасындағы жетекші ғылым. Қазіргі нарықтық қоғамда оқушылар арасындағы ұлғайып кеткен тәртіп бұзушылық пен бұзақылықтың алдын қалай алуға болады деген мың сан сұрақтар, проблемалар туындап отыр. Бұлардың бәріне шешім табу, оқушылардың әр жас деңгейіндегі психикалық даму мүмкіндіктерін анықтау, белгілеу және дер кезінде көмек көрсету мектеп психологының ең негізгі міндеттерінің бірі. [1]

Қарап отырсақ, бәрімізге психологтар жәрдемі ауадай қажет. Мәселен, отбасында, ата-анасы балаға орынсыз жиі-жиі зекіп ұрса берсе, ол бала ешкімнен сүйеніш таба алмаған соң өмірден түңіледі. Өзін ешкімге керексіз санайды. Егер бала қатты күйзеліп, қалаған кезде оған ұстазы да оның ішкі жан дүниесін түсінбей тағы да ұрсатын болса... Мұндай кезде жүйкесі әлсіз бала өзінен-өзі қол жұмсауы да мүмкін. Психолог әр баланың жан дүниесін ұғынуға, оған жәрдем беруге ұмтылады.

Мен психолог-маман ретінде коррекция бағыты бойынша әр тренингтерді, психологиялық сабақтарды шығармашылыққа толы, қызықты өткізу үшін арт-терапияның элементерін пайдаланып отырамын.

Психокоррекциялық жұмыста «коррекция» терминінің кең қолданымға ену XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталды, тура аудармасы «түзету» деген мағынаны береді. Р.С.Немовтың пікірінше «психокоррекция» ерекшелігі-психикасы сау адамның мінез-құлқын реттеуге әсер ету және оның жетіспейтін тұстарын жетілдіруге психологтың қолданатын психологиялық тәсілдерінің жиынтығы. Психокоррекцияның мақсаты: дамудағы ауытқу мен бұзылысты ескеріп, қиындықтарды жою. [2]

«Арт-терапия» деген термині XX ғасырдың 40 жылдары пайда болды, бірақ әліде оған нақты түсініктеме жоқ. Сондықтан қазір көптеген атауларды кездестіруге болады: арт-терапия, өнер терапиясы, креатив терапиясы, арт-педагогика. [3]

Арт-терапия-ол адам жанын өнер арқылы емдеу. Сурет салып, қол өнерін қолданып, әдеби-көркем шығарма арқылы өз ойыңды, көңіл-күйіңді білдіресің. Сонымен қатар арт-терапия өзінді-өзі түсінуді ғана емес, өзіңе деген сенімділікті, ой-өрісін де арттырады. Арт-терапия барлық бағытында қолданады-педагогикада, бизнесте, қоғам жұмысында. Әрбір адам өзінің көңіл-күйін, өз ойын қимылымен, дыбыспен, сурет салумен, музыкамен жеткізеді. Кейбір адамдар үшін бұл бір ғана мүмкіндік, өзінді-өзі танытуға, дарынын білдіруге болып табылады. Арт-терапияның мақсаты осындай адамдарға көмектесу, өзін басқалар алдында төмендетпеуге, ұялмауға. Арт-терапияны психодиагностикада, психокоррекцияда қолданады. [4]

Қазіргі уақытта психотерапияның маңызды салаларының бірі ол арт-терапия болып саналады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапияның әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Қазақстанда арт-терапия өзінің қалыптасу кезеңінде. Бұл сала Қазақстанда әлі де болса толығымен зерттелмеген деп айтуға толық негіз бар, себебі осы салада елімізде ғылыми жұмысты айтпағанның өзінде бітіру жұмысы да жоқ екендігі дәлел. Сонымен қатар арт-терапия түсінігі біздің елімізде әлі толығымен қалыптаспаған. [5]

Арт-терапиямен айналысуы үлкен профессионалды дайындықты, психотерапия аймағында іргелі білімді талап ететін қиын іс-әрекет болып есептеледі. Қазіргі кезде мұндай мамандар жоқтың қасы. Осыған қарамастан арт-терапияны қолдауға деген қызығушылық өте жоғары.

«Арт-терапия» терминін алғаш рет 1938 жылы қолданысқа енгізген Адриан Хилл болатын. Осы уақыттан бастап кең қолданысқа енгізіле бастады. Арт-терапияның педагогикалық сипатында



тұлғаның, топтың, ұжымның психологиялық саулығы мен эмоциялық аумағын көркем-өнер әрекетінің құралдары арқылы дамытуды көздейді. [2]

Арт-терапияны қандай аумақтарда қолдануға болады:

1. «Мен-тұжырымдамасының» жағымсыздығы, дисгармония жағдайлары, өзін-өзі бағалаудың дұрыс еместігі, өзін-өзі қабылдаудың төмен деңгейі.
2. Эмоциялық дамудағы қиындықтар, импульсивтілік, шамадан тыс мазасыздық, үрей, агрессивтілік.
3. Эмоциялық тұрғыда қабылданбау, жалғыздық, стресстік күйлер, депрессиялар.
4. Адекватты емес мінез-құлық, жақын адамдармен қарым-қатынастың бұзылуы, тұлғааралық жанжалдар, отбасылық жағдайларға көңілдің толмауы, қызғаныш, айналасындағыларға жаугершілікпен қарау.

Арт-терапиялық жаттығулар бейімдеушіліктің бұзылуында, оқу процесіне үлгеруде қиындық туындайтын оқушыларға психологиялық тұрғыда көмектесуде таптырмайтын құрал. [6]

Арт-терапия түрлеріне тоқталу

Қазіргі таңда арт-терапияның түрлі әдістер балалар психотерапиясында және арнайы коррекциялық педагогикада кеңінен қолданылады. Олар - құм-терапия, ертегі-терапия, бетперде-терапия, арома-терапия, драма-терапия, құыршақ-терапия, күлкі-терапия, тамшы-терапия, би-терапия, түрлі-түсті-терапия, саусақ-терапия, гештальт-терапия, сурет-терапия, мандала, ермексаз-терапия т.с.с.

Бұл әдістер туралы қысқаша мәліметтер :

#### **Бетперде-терапия**

Мақсаты: Қатысушыларға бетперде-терапия туралы ұғым беру, маңыздылығын ашу. «Мен» бейнесінің өзгеруі және мазасыздануға қарым-қатынастың өзгеруі, өзінің ішкі дүниенді түсінудің алуан түрлі мүмкіндіктерін көрсету.

Қажетті құралдар: жәй ұнамды музыка, гипстен жасалған бетперделер, су, қылқалам, түрлі-түсті қалам, фломастерлер, бояу, гуашь, ермексаз

Барысы: Әрқашанда адамды «Мен кімін?», «Мен қандаймын?» деп сұрақ мазалайды. Бүгінгі жұмысымыздың аты «Автопортрет». Автопортрет жасай отырып, жақсы қасиеттеріңізді бейнеленіз. Бет-жүзіңіз махаббат, қуаныш, түсіністік білдірсін. Өз автопортретті жетілдіріңіз «Иә-бұл мен, бақытты жанмын» деген сөздермен тірілтіңіз. Мінез-құлқы қандай? Нені жақсы көреді? Арманы не?

Рефлексия: Бетперде сізге ұқсай ма? Бүгін өзіңнің ішкі дүниенді түсіндім деп айта аласыз ба?

#### **Тамшы- терапия «Өз үрейіңді бейнеле»**

Мақсаты: оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзіне деген сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.

Керекті материалдар: баяу музыка, А4 ақ парақ, түрлі-түсті тушь немесе гуашь, қыл қалам, фломастерлер, су, салфеткалар.

Барысы: Осы сабақта сіздермен сурет салудың жана да қызықты әрі қарапайым түрі тамшы-терапия туралы айтқым келеді. Бұл техниканы француз жазушы Виктор Гюго ойлап тапқан. Ол тек жазушы емес, суретші және өнер туындыларының коллекционері еді. Ал бұл сурет салу техникасын ойламаған жерден ашты. Дәптерге сия төгіп алды да, дәптерді жауып қайтадан ашқан кезде сияның таңбасы бір белгісіз бейнеге айналыпты. Виктор Гюго әлгі бейнені қосымша сызықтар арқылы ертегілерден кейіпкерлерге айландырды.

Сіз «ҰБТ» сөзді естігенде қандай сезімде боласыз? Әріне стресс, қобалжу, қорқыныш, үрей, сенімсіздік. Бүгін біз үрейіңізді салып көрейік. Қалай ойлайсыз, үрей мен қорқыныштың түсі қандай? Дұрыс, қара немесе қоңыр. Үрей жай ғана кетіп қалатын сезім емес, емтихан тапсыруға көмектеспейді. Тамшы- терапия арқылы үрейді біз жағымды эмоцияларға айналдырамыз. [7]

Сонымен бастаймыз- ақ парақты екіге бүктейміз, парақты ашып, жартысына бояуды жағамыз. Кейін парақты қайтадан бүктейміз де қолмен үстінен жүргіземіз, ашып не болғанын көреміз. Сонан соң қосымша сызықтар арқылы бейне шығаруға болады. Бояу тамшыларын ағызып, ары қарай суретшінің қиялымен салынады.

Оқушылар өз суреті туралы әңгімелейді. (Қара түсті үрейді қандай түспен бояды)

Талдау:

Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңыздар?

Өзіңізге қандай жаңалық аштыңыздар?

Нені болашақта қолданар едіңіздер?

### **Сурет-терапия**

Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты- баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

Сурет салу- ешқандай ересек адамның көмегінен ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Өзінің ішкі сезімі мен өзін теңестіруді көрсетуіне жол ашады. Балалардың сезімін сурет салу арқылы бейнелеу әдістері шектеусіз. Балалар бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды жақсы көреді. Бала бояу түрін өзінің жай күйіне байланысты тандайды. Бояудың түстері сезімнің жағдайына тең келеді.

Саусақ живописі- ешқандай құралдың көмегінен тек саусақпен бейнелеу. Ол үшін баланың әрбір саусағын әр түске матыру арқылы парақ бетіне әртүрлі сызықтар, нүктелер, саусақ ұшы таңбасының, алақанның көмегімен бейнелеу. Бұл әдіс артпедагогика мен арттерапияда белсенді қолданылады. Себебі баланың қателік жасаудың алдында, сәтсіздікке ұшырау алдындағы қорқынышты жеңу үшін қолданылады.

Бейнелеу терапиясының түрлері:

- 1.Поролон бөліктерімен сурет салу.
- 2.Сабынмен сурет салу.
- 3.Щеткамен сурет салу.
- 4.Майшаммен сурет салу.

Сурет салу өнері бірде бір қажетті әдіс болып табылады. Ол тақырып бойынша табиғат көрінісі, бояу, еркін оймен салу. Ең бастысы осы істен жан рахатын табу, қызығу. Адам өз көңіл-күйін осы сурет арқылы білдіреді. Мысалы, бойын қорқыныш билесе, соны сурет арқылы қағазға түсіріп, оның ешқандай зияны жоқ екенін көру. Жұмыс бабында келеңсіздіктер болса да, түрлі-түсті қаламмен өз қолыңды еркіне жіберіп сызғылай бер. Бір сәттен соң көңіл-жайың тынышталып бір қалыпқа түсесің. Сурет салып отырып өміріңнің қызықты сәттерін ойыңа түсір, немесе жарқырап тұрған күн, жасыл шөптер, ұйықтап жатқан мысық... т.с.с.

«Талдарды саламыз»

Барысы: Балаға еркін түрде тал салуды ұсынады. Талдау барысында төмендегідей сұрақтар қойылады:

- 1 Өз суретің туралы әңгімеле
- 2Өз талыңның қайда өскенін қалар едің: жағалауда ма, әлде талдармен бірге ме?
- 3 Оның достары мен жаулары бар ма?
- 4 Бір нәрседен қорқама?
- 5 Оған қауіп төніп тұр ма?
- 6 Оның көңіл-күйі қалай?
- 7 Бұл тал бақытты ма, бақытсыз ба?
- 8 Талдың орнына адам болса, ол қандай болар еді?
- 9 Оны адамдар не үшін жақсы көреді?
- 10 Ол тал түсінде не көреді?
- 11 Қандай сыйлық қуантар еді?
- 12 Тал ауырып қалса, қалай көмектесуге болады?
13. Сол тал саған ұқсай ма? [8]

### **Арома-терапия**

Бұл ертеден келе жатқан әдіс. Қазір оны жандандырып отыр. Әртүрлі иістің адамға әсері зор. Ертеде әртүрлі май иістерін, гүл, шөп иістерін адамды емдеу үшін қолданған. Өмірде 3000 шөптің түрі бар.

Бұл әдіс адамды жайсыз жағдайда, қатты ашуланғанда пайдасы тиеді. Өзіңнің бойыңдағы сезімдерді тежеу үшін өзің ұнататын иісті қолдан. Оның көмегі орасан.

### **Күлкі-терапия**

Күлкі адамның денсаулығына пайдасы көп. Ол адамды аурудан айықтырады, иммунитет көтереді, қиындықты жеңуді көмектеседі. Қазір біз күлкіге зәруміз. Мысалы, 6 жасар бала күніне 300 мәрте күлсе, үлкендер- 15. Күлкісіз адам өмірі қызықсыз, бір сарынға айланады. Сондықтан адам көбірек күлуге, қуаныға үйрену керек. Бұл әдісті Индия дәрігері Мадан Катариа 70 жылдары ойлап тапқан. Күлкі-терапияны Батыста «гелотология» деп атайды. Неге адамға күлкі қажет? Біріншіден-денсаулыққа пайдалы. Күлген кезде бұлшық еттер қызметте болады, адамның жүрек соғысы күшееді. Қанда оттегі көбейеді. Күнделікті өмірде күлкіні әртүрлі жағдайда пайдалануға

болады. Мысалы, сіздің балаңыз өте қымбат құмыраны сындырды. Түсінді суытып «Ол құмыраны сындырды!» деп айқайла да, бір аяғыңмен секір. Сол кезде күлкі қысады да күліп жібересің.

Немесе қызықты анекдоттар, әңгімелер, мультфильдер, белгілі адамдардың өміріндегі қызықты оқиғаларды жазып алып, көңілсіз болғанда оқыңыз. Күлкі – адамды жақсартады, бақыт етеді «Күлкісіне қарап, мінезін таны» деп айтады. Бәріміз күлеміз. Тағдырдың тәлкегіне түскен, небір азаптарды, қайғы-мұнды бастан кешкен адамдардың да армансыз күліп алатын кездері бар. Өйткені адам болмысын зерттеушілердің пайымдауынша, адамның 70 пайызы күлкілі оқиғаға бейім тұрады екен. Ал күліп отырып, біз неше түрлі қимыл жасаймыз. Осыларды сырттай жігі бақылаған адам сіздің кім және қандай екеніңізге қаныға түседі. Сонымен:

1. Күліп отырып, езуін шынашығымен басатын болса, онда сұлулықты ұнататын жан. Ол жұрт назарына, мақтауына іліккенді қалайды.
  2. Ауызын алақанымен қалқалап күлсе - өзіне сенімсіздеу болғаны. Өзін жасырын ұстағанды ұнатады.
  3. Басын шалқайтып күлетіндер - өте сенгіш, адал жан. Сезімнің жетегінде кателесіп те жатады.
  4. Бетін басып, басын ұстап күлетіндер - қиялға бай адам. Әдетте өзін шын бақытты сезінеді.
  5. Күлгенде мұрнын жиыра түседі – сезімі тұрақсыз, көзқарасы өзгеріп тұрады. Қырсықтығымен өзіне де өзгелерге де қиыншылықтар туғызады.
  6. Ауызын ашып, айқайлап күледі – темпераментті, елгезек жан. Ішкі сырын жасырмай, айналасына ашық көңілмен қарайды.
  7. Басын бұғып, жай жымиятындар - ортаға тез бейімделгіш, өзін-өзі сырттай сынап жүретін жан.
  8. Иегін ұстап отырып күлетін жан – қанша жасқа келсе де жаны жас, көңілі пәк. Соңын ойлай бермейтін ақкөңіл адам.
  9. Қабағы жиырылып, қасы түйісіп кететін болса – саналы, іскер адам. Өз дегеніне жету үшін аянбайды.
  10. Әр кезде әр түрлі күле беретін адамдар – жеке басын ойлайтындар. Өз қамын басқадан артық қоя білуімен де олар барлық жағынан озық тұруы мүмкін.
- Осылайша әрқайсысымыз әр түрлі күлкімізбен жүріп – ақ мынау өмірді жеңілдетеміз. Сондықтан да күліп жүрейікші.

### **Ертегі-терапия**

«Өміріндегі сказкатерапияның рөлі»

XX – ғасырдың аяғынан бастап адамдар өзінің психологиялық мәселелерін психолог арқылы шешілетін болды. Ал ертеректе адамдар осындай мәселелерін сиқыршы, емші, көріпкел арқылы шешіп жүрді. Мынау орыс халқының ертегісі «Оқытылған су» да сол туралы.

Шал мен кемпір өмір сүріпті. Жас кездерінде өте тату болыпты, ал қартайғанда өзгеріп ұрса беретін болыпты. Қалай шал ұйқыдан тұрып, пештің үстінен түссе – болды кемпір екеуі ұрса бастайды. Бір-бірімен қалыспай, біреуі екі сөз айтса, екіншісі төрт сөз етіп қайтарады.

Бір күні екеуінің ұрысқанын көріп көрші кемпір:

-Маремьянушка, сен неге шалыңмен ұрса бересің, сен ауылдың шетінде туратын емші кемпірге барып көрші. Суды оқып береді. Елге көмектесіп жатыр, саған да көмегі тиер – дейді. Содан кемпір емшіге барып жағдайын айтады. Ол су әкеліп көзінше оқып береді:

-Үйге барған соң, шалың ұрса басталғанда аузыңа толтырып суды аласың да түкірмей, төкпей аузыңда ұстап тұрасың.

Үйге келсе шалы ұрсып ала жөнеледі, ал кемпір болса аузына суды толтырып төкпей ұстап тұрады. Шалы ары ұрсып, бері ұрсып, кемпір сөз қайтармаған соң шаршап қояды. Екінші рет ұрысқанда да кемпір жаңағы әдісті қайталайды. Кемпірі сөйлемеген соң шал да қоя қояды.

Содан бастап шал мен кемпір қайтадан тату-тәтті өмір сүре бастапты. Міне «оқытылғын» судың қасиеті осындай екен. [8]

### **Қуыршақ-терапия**

Невропатолог Малколм Райт 1929 ж. бастап қуыршақ театрын құрған. Қуыршақ – терапия әртүрлі бағытта пайдаланады-психодрама, ойын-терапия, ертегі-терапия, арт-терапия.

Тоқу жіптен жасалған қуыршақтар.

Жіптің екі ұшын байлап ортасына жалғастыр. Қуыршақтың басын жасап, байла. Ұзын жіпті 4 – ке бөліп, 2 бөлігін қызыл жіппен байла-бұл қолдары. Ортасын байласаң-белі болады. Бұл көйлек, ал ер балаға екіге бөліп шалбар ету керек.

Марионетки

Бұл баланың қолында тірі жанға айланатын қуыршақтар.  
Бұл қуыршақтың басы мен көйлегі бар, қолына жалғастырылған.  
Жіп арқылы қолын, басын қозғалтады.

### **Мандала әдісі**

Мандала әдісі «шеңбер, дөңгелек» деген ұғымды білдіреді.  
Керекті құрал-жабдықтар: жәй музыка, А4 парақ, гуашь, бояу, су.

Мандаланы бояу кезіндегі жұмыстың мақсаты:

- шығармашылықты дамыту
- ырықты мінез-құлықты дамыту
- ішкі қысымды төмендету
- ұсақ қол қимылдарын дамыту
- ұқыптылыққа тәрбиелеу
- бейсананы белсенді ету.

Мандаланы бояу адамға қуаныш сыйлайды. Басты ереже: балаға жұмысты мәжбүрлемей істету. Егер бала мандаланы өзі таңдаса, онда мандаланы бояудың мағынасы болады. Мандаланы бояу кезінде, түске бағыт-бағдарлар берілмейді. Бұл сәтте қандай түс қажет екенін тек сол шешеді.

Баланың қалауы бойынша жұмыс соңында төмендегілерді жасауға болады: оған ат қою, фон таңдау, мандаланы қиып, қабырғаға ілу.

Бала неғұрлым мандаламен көп жұмыс жасаса, соғырлым мінез-құлқында қиындық болмайды және шығармашылығы дамиды.

### **Құм-терапия**

Құм терапиясы- адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жан тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі.

Құм терапиясы- клиенттің немесе емделушінің мәселелерін жөндеуге және бала кезінде негізгі қарама-қайшы тәртіп түрлері оған қауіпсіз түрдегі рольдік қимыл-әрекеттің түрі, бйнеleme(символика)әлемге жолдауды қолдану арқылы анықтауға көмек көрсетеді.

Бұның басты мақсаты балалардың ой-өрісін кеңейту. Балалар құммен қуанып ойнайды. Құмды елейді, құмнан әртүрлі қамалдар жасайды. Бұл әдісті ұлы жазушы Герберт Уэллс ойлап тапқан. Балаларын тәрбиелей отырырып осы ойынның маңызды екенін білді. Осы ойынды бақылай отырып «Игры на полу» атты кітабын жазды. Сол сияқты осы әдісті қолдануды Карл Густав Юнг дұрыс деп тапты. Оны әрі қарай педиатр және психолог Маргарет Левенфельд дамытты, ол балаларды өз кабинетінде құммен ойнауды рұқсат етті. Құм балалардың жаман энергиясын жойып, тазартады. Құм деген табиғи байлық, адамға жаңа энергия сыйлайды. Ол өте жұмсақ, одан әртүрлі ойлаған нәрселер жасауға болады. Адамның ой-өрісін, қиялын дамытады.

Тренинг барысында әртүрлі тақырыптағы майда ойыншықтар, су, құмы бар ыдыс керек болады.

### **Ермексаз немесе балшықпен жұмыс істеу**

Балалар үшін түрлі-түсті пластилин дұрыс, ал үлкендер үшін балшық. Балшық ұнтақ түрінде сатылады, оны түсі ақ немесе көгілдір болады. Балшықтан өзінің ойындағы, қалаған нәрсені соғуға болады. Бұл әдісте адам өзінің реңжіген адамын, ауруын, көңіл-күйін соғады. Балалар ата-анасымен бірге отырып қызықты творчестволық нәрселер жасайды. Ол үшін ата-аналары қағазға сурет сұлбаларын салады, ал балалар пластилинмен әзірлейді. Бұған арнайы сурет – кітаптар сатылады.

### **Драма-терапия** Жаттығу «Рольдік жаттығулар» В.Леви

#### **1. Бір сөзді, мысалы «оқушы» айтыңыз**

- Жәй
- Дауыстап
- Созылып
- Таңқалып
- Қатты жаураған адам сияқты
- Ауызыңызда ыстық картоп бар сияқты
- 10 минуттан кейін өлетін сияқты
- Робот сияқты
- 5 жасар қыз сияқты

#### **2. Орындықта отыр ...сияқта**

- Емтиханның төрағасы

- Ара гүлдің үстінде
- Келін тойында
- Ұшқыш скафандр киген
- Қылмыскер сотта
- Таяқ жиген ит

### **3. Жүрісті көрсетіңіз**

- Жанадан жүріп үйренген бала
- Мас адам
- Қарт
- Балет әртісі
- Горилла
- Ромео

### **4. Жымыңыз**

- Леді Макбет
- Өте сыпайы жапон
- Ит өзінің қожайынына
- Күн сияқты
- Анасы баласына[9]

## **Музыкалық терапия**

Музыка терапиясы – бұл психотерапевтикалық әдіс. Ол жағдайын емдеу арқылы музыка әсер етеді. Мұнда музыка емдік, дәрілік зат ретінде қолданылады.

Музыканың терапевтикалық әсері бұрынғы заманнан бері белгілі. Музыка терапиясының негізгі механизмдерінің әсері әдістің әр адамға ыңғайлы әрі қолайлылығын көрсетеді.

Біріншіден, ырғақ сақталған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі.

Екіншіден, әр музыканың өзіндік белгілері бар. Адамның белгілі бір жағдайы мен көңіл-күйімен байланыса отырып, бізге белгілі бір эмоцияның пайда болуына әсер етеді.

## **Ойын терапиясы**

Ойын терапиясы- арттерапияның түріне жатады. Бұл терапияның жүргізу үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатынасса емдеу әсерлі болады.

Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға, ересек өмірге дайындайды. Ойын балаларға белгілі дағдыларды меңгеру үшін, сонымен қатар қарым-қатынасты, өмірге деген құлшыныстарын арттырады, эмоционалды және физиологиялық жағдайын жақсартады. Ойын психологиялық күйзелістен шығу үшін емдеудің бір тәсілі ретінде қолданылады.

Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойыннан қуаныш рахатын көру керек. Балалардың ойын барысында эмоционалды әсерін мөлшерлеп, өзін қалай сезінетінін бақылаңыз.

1. Эмоциялық жаттығуларды қамтамасыз ету- жиналып қалған жүйкелік күшті алып және ата-аналармен балалардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру.
2. Күтпеген жерде болатын шабуылдан, жазалаудан, қараңғыдан, жалғыздықтан болатын қорқынышты азайту.
3. Тез шешім қабылдай білу қабілетін арттыру.
4. Топта өзін-өзі ұстау ережелерін меңгерту.
5. Ата-аналармен балалардың қарым-қатынасын жақсарту.
6. Қозғалыстағы бағыттарын және ептілікті дамыту

## **Шығармашылық тапсырма (коллаж)**

Музыка терапиясы мен бейнелеу терапиясының біріктіріліп өткізілуі.

Көңілді музыка қосылады. Әр топқа ватманмен маркер, бояулар, паралон бөліктері, сабын, майшам, щетка беріліп, тапсырманың тақырыбы баяндалады. Тақырыбы: «Менің бақытты балалық шағым». Берілетін уақыт музыка біткенше. Әр топтың жұмысы қорғалады.

## Релаксация

Релаксация – өте жеңіл әдіс. Оны игеру тіпті оңай. Бұл үшін білімнің де табиғи дарынның да керектігі жоқ. Релаксация жаттығулар үзбей жасағаннан адам үйреніп, қажет етіп кетеді. Оған төзімділік керек. Релаксациялық жаттығуларды оңаша жерде, жеке бөлмеде жасау керек.

### Жаттығу «Дыбыстық жаттығу»

Денені бос ұстап, тұзу тұру. Мұрын арқылы ауаны ішке жұтып, сыртқа шығарарда дыбыс арқылы ауаны шығару

А-бүкіл ағзаға жақсы әсер береді

Е-тамаққа әсер етеді

И-миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді

О-жүрекке, өкпеге әсер етеді

У-қарын бөлігіндегі органдарға әсер етеді

Я-бүкіл ағзаның қызметіне әсері бар

М-бүкіл денеге әсерлі

Х-ағзаны тазартады

ХА- адамның көңіл-күйін көтереді

### Жаттығу «Үйшік»

Бұл жаттығу адамның шаршағанын басып және стресс алғанда көмектеседі.

1. Жанға жайлы қалыпта болып, рақат күй кешу.

2. Саусақтарыңды айқастырып төбінде ұстап тұрып-демалу, дем шығармау, демді сыртқа шығару-дем шығармау.

### Жаттығу «Сурет ішіне саяхат»

4-6 адамнан топтарға бөлінеді. Әрбір топтың алдына табиғаттың суреті бар. Оқушы өзін сол суреттің ішінде жүргендей сезіну керек-табиғаттың әдемілігін, ауа температурасын, иісін, дыбыстарын т.с.с. туралы айту қажет. [10]

Қорыта келгенде арт-терапия жөніндегі білімді елімізде дәл қазіргі күнде тек қана психологтарға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға, әлеуметтік жұмыскерлерге қарт адамдар, жасөспірімдер психикалық ауру адамдарға тағы басқа көптеген жерлерде қолдану маңызды және қажет екендігі дәлелденуде.

Алғашқыда арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат ауру немесе демалыс үйіндегі емдеушілерге ғана қолданған болса, кейін келе оның қолданыс шеңбері кеңейеді. Бұл дегеніміз арт-терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігі түсініп ашуға да жағдай жасайды деген сөз. Мұнда адамның шығармашылық әрекетіндегі әсемдігі емес, сол кезеңдегі басынан өткен сезімдерді, қобалжуларды бейне арқылы жеткізі болып табылады. Түс көрген адамның сөзі мен мұны сезініп тұрмын бірақ қалай айтарымды және бейнелерімді білмеймін. Психоаналитикалық бағыттың негізін салушы З.Фрейд айтқанда бұл барлық уақытта оңай емес. Яғни бұдан шығатын қорытынды толығымен сезімдерді жеткізе білгенде ғана, сол кезде арт-терапия өз мақсатына жетіп, эффективті болары сөзсіз. Осы еңбекте арт-терапия жаттығуларының оқушыларының агрессия, мазасыздану көрсеткіштерін төмендету тәсілі ретінде қолдандым.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Харизм» газеті №2, №5 2009ж.
2. «Школьный психолог» №13 2005ж. (1 сентября)
3. Классный руководитель №5 2003ж.
4. «Как удвоить свои возможности» И.И. Власенко 2005ж.
5. «Халық тәлімі» газеті 2006ж.
6. «Восприятие комического дошкольниками» Е.Бондаренко 1968ж.
7. «Как научиться говорить комплименты» Ю. Тамберг 2005ж.
8. «Мектептегі психология» журналы №6 2009ж.
9. «Практикум по арт-терапии» А.И. Копытин СПб 2000ж.
10. «Психология бессознательного» З.Фрейд М. 1996ж.

# «ҮЗДІК ПОСТЕР»

## «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕРДІ СИПАТТАУ

Абитаева Эльвира Ешенкуловна

Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы







## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ «АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ» ПОВЕСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Абылхасова Райса Джексенбековна

Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

### Табысты мектеп-ұжымдық жұмыстың нәтижесі (коучинг)



## Ой қозғау

«Конверт» әдісі. (Конвертте суреттің қиындысы болады. Оны құрастыру арықылы сұрақтар анықтайды.)



## «Табысты мектепке қалай айналамыз?»

### 1-топ: «Фиш-боун» әдісі



### 2-топ: SWOT талдау



### 3-топ: «DEAL» әдісі

**D – Describe** – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

**E – Explain** – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

**A – Analyse** – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

**L – Links** – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

## Қорытынды



Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек.

Мұхтар Әуезов



Адам ісі туралы

# ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Алимсейітова Сандуғаш Төлеманқызы

№23 Тескентоған орта мектебі, Меркі ауданы Жамбыл облысы



# КАК ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РАЗЛИЧНЫХ ПРИЕМОВ ОБУЧЕНИЯ УЛУЧШИТЬ МОНОЛОГИЧЕСКОЕ ВЫСКАЗЫВАНИЕ УЧАЩИХСЯ КАК ПРОДУКТА РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ?


Алпысбаева Назым Умыралиевна  
Ғ. Мұратбаев гимназиясы, Тараз қ.

**Тема:** «Как через использование различных приемов обучения улучшить монологическое высказывание учащихся как продукта речевой деятельности?»

Алпысбаева Н.У. учитель начальных классов гимназии имени Гани Муратбаева Байзакского района Жамбылской области  
87771701074 – mail: nazym\_alpysbaeva@mail.ru

## Цель:

•выяснить, какие приемы и методы будут способствовать улучшению монологической речи учащихся.



## Вопросы исследования


- Как развить монолог?
- Как правильно оценивать работу?
- Какие приемы улучшают монологическое высказывание ?

## Методы, способствующие улучшению обучения

1. Кубик Блума
2. Пирамида
3. Веселая карусель
4. Метод 6 шляп
5. Синквейн



## Результаты анкетирования



## Достижения в процессе исследования

излагает материал логично и последовательно;  
➤ строит высказывания в определенном стиле в зависимости от цели и ситуации общения;  
➤ отвечает достаточно громко, четко, уверенно;  
➤ может обосновать свои суждения;  
➤ умеет применять знания на практике;  
➤ умеет приводить самостоятельно составленные примеры из жизни



## Чему мы научились

1. Наблюдать, акцентируя особое внимание на обучении и развитии исследуемых учащихся;
2. Анализировать, чтобы лучше понять важность и успешность в проведении уроков;
3. Планировать совместный урок и творчески подходить к составлению заданий для эффективного развития учащихся.




# Holiday destinations and activities in Kazakhstan

Бейсеитова Фарида Ескендіровна  
 Наршабекова Назгүл Шынарбековна  
 Берікқара орта мектебі, Байзақ ауданы Жамбыл облысы

The lesson title: **Holiday destinations and activities in Kazakhstan**

Students' quality of knowledge- 64%

Teachers: Beiseitova F.E.  
 Narshabekova N.Sh.  
 Berikkara Secondary School



Learning objective	5.R2 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics 5.S2 ask simple questions to get information about a limited range of general topics 5.U10 use present continuous forms with present and future meaning on a limited range of familiar general and curricular topics		
Assessment criteria	-identify specific information and detail on topic -ask simple questions to get information by using Present Continuous forms		
Level of thinking skills	Knowledge and understand, application	Task for reading	Read to the text. Functional literacy for reading-(scanning) Find TRUE or FALSE sentences.

### Differentiated task for less-able student

Learning objective	5.R2 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics
Task for reading	Read to the text. Find TRUE or FALSE sentences with easy form.
Task for speaking	Choose one card for speaking with easy form

Task for speaking	Choose one card for speaking by using Present Continuous forms
-------------------	--

### Functional literacy of reading Understanding

Source-single
Organization and navigation- static
Format-continuous
Type -information

For my lesson plan I choose 5<sup>th</sup> grade. Unite Holiday. The theme of the lesson:

**Holiday destinations and activities in Kazakhs tan.**

Students' quality of knowledge consist 64%

28 percent are high motivated students

### **36 percent are middle and low motivated students**

**I choose this grade that I want to raise the low motivated students to middle level that why I want work with them.**

**For reading.....**

**For speaking...**

**For UE....**

**My learning objectives taken from subject program for secondary school and correspond to course plan.**

Lesson objectives related to learning objectives

My lesson objectives are smart.

**Specific** because my students will read and identify specific information in short text, Ask simple questions using Present Continuous about 'Holiday destinations and activities in Kazakhstan'

**Measurable** because I can measure my students achieving lesson objectives do to task assessment criteria.

